

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH NATIONAL AGRARIAN UNIVERSITY

**«XXI ҒАСЫРДЫҢ ЗИЯЛЫЛЫҚ ӘЛУЕТІ: АГРАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ»
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
**«ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ XXI ВЕКА: ВКЛАД
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ В РАЗВИТИЕ АГРАРНОЙ НАУКИ»**

PROCEEDINGS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE OF
YOUNG SCIENTISTS
**«THE INTELLECTUAL POTENTIAL OF THE XXI CENTURY: THE
CONTRIBUTION OF YOUNG SCIENTISTS TO THE DEVELOPMENT
OF AGRICULTURAL SCIENCE»**

III ТОМ

Алматы, 4-5 желтоқсан 2015 жыл

ӘОЖ 631.1(063)
КБЖ 40
Ж 66

Жалпы редакциясын басқарған – Есполов Т.И.

Редакциялық ұжым: Қалиасқаров М.Қ., Кіркiмбаева Ж.С., Сыдықов Ш.К.,
Байболов А.Е., Мусоев А.М., Қорғанова Н.Т., Сыздықов Б.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 85 жылдық мерейтойына арналған «XXI ғасырдың зиялылық әлуеті: аграрлық ғылымның дамуына жас ғалымдардың үлесі» атты жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы, (4-5 желтоқсан 2015 жыл). – Алматы: ҚазҰАУ, – 332 бет.

Бұл жинақта Қазақстан және жақын шетел жас ғалымдарының ізденістерінің нәтижелері келесі бағыттар бойынша келтірілген: өсімдік шаруашылығы технологиясы; ветеринария; өнімдерді өндіру және өңдеу технологиясы; орман, жер және су ресурстары; агроинженерлік мәселелер; энергия үнемдеу және энерго тиімді технологиялар; аграрлық экономика және бизнес.

ISBN 978-601-241-590-2

© ҚазҰАУ, 2015.

© «Айтұмар» баспасы, 2015.

Под общей редакцией – Есполова Т.И.

Редакционная коллегия: Калиасқаров М.Қ., Киркимбаева Ж.С., Сыдықов Ш.К.,
Байболов А.Е., Мусоев А.М., Корганова Н.Т., Сыздықов Б.М.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «Интеллектуальный потенциал XXI века: вклад молодых ученых в развитие аграрной науки», посвященной 85-летию Казахского национального аграрного университета (4-5 декабря 2015 года). – Алматы: КазНАУ, - 332 стр.

В сборнике приведены результаты исследований молодых ученых Казахстана и стран ближнего зарубежья по следующим направлениям: технология растениеводства; ветеринария; технология производства и переработки продукции; лесные, земельные и водные ресурсы; агроинженерные проблемы, энергосбережения и энергоэффективные технологии; аграрная экономика и бизнес.

УДК 631.1(063)

ББК 40

Ж 66

ISBN 978-601-241-590-2

© КазНАУ, 2015.

© Издательство «Айтұмар», 2015.

ТЕХНОЛОГИЯ РАСТЕНИЕВОДСТВА

ӘОЖ 633.15

Абдрахманов Қ., Узбекиков Б.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖҮГЕРІ ДАҚЫЛЫНЫҢ ТАНАБЫНЫҢ АРАМШӨПТЕРМЕН ЛАСТАНУЫНА ҚАТАРАРАЛЫҚ КУЛЬТИВАЦИЯЛАУ ӘДЕСТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының «Агроуниверситет» ОТШ жағдайында жүгері танабының қатараралық культивациялау әдістерінің арамшөптерді жоюға тигізетін әсері келтірілген.

Кілтті сөздер: жүгері дақылы, культивация, арамшөптер, өнімділік.

Кіріспе

Дүние жүзілік жиналатын жүгері дәні өнімінің 20-25%-ға азық-түлік ретінде қолданылады. Жүгері дәнімен ұн, жарма, барлығы 250-ден астам тағам түр-түрі дайындалады. Жүгері дәнінің құрамында 9-12% ақуыз, 65-70% азотсыз экстракты заттар (АЭЗ), 4-6% май, 1,8-2,2% клетчатка, 1,2-1,5% күлді заттар, 12-14% су болады. АЭЗ құрамына 90% крахмал, 10% тростник қанты кіреді. Жүгерінің агротехникалық маңызы зор. Отамалы дақыл болғандықтан, өзінен кейін егістік жер таза қопсыған, арамшөптерден тазарған және тамыр, сабақ қалдықтары түрінде органикалық заттармен молайтылған күйде қалады. Сондықтан жүгері басқа дақылдар үшін жақсы алғы дақыл.

Жүгері тамыры топырақтың борпас болуын және терең жыртылуын қалайды. Сондықтан оны себуге арналған жер күз айларында алғы дақылдар орылып алынғаннан кейін ПДГ-10 немесе БДТ-4,0 құралдарымен 6-8 см тереңдікте қопсытылады, сонан кейін 25-27 см-ге, ал механикалық құрамы ауыр, сазды, батпақты жерлер 27-30 см тереңдікте жыртылады. Жүгеріні жаңа қор үнемдеу әдістерімен, гербицидтерді тиімді қолданылып өсіргенде, барлық аймақтарда да қатараралықты өңдеудің қысқартылуына байланысты, арамшөптерді тегіс құру, топырақ ылғалын мол сақтау негізгі жыртыудың сапасымен тығыз байланысты. Топырақты көктемгі өңдеу ылғал сақтауға, ұсақ түйіртпекті борпас топырақ қабатын қалыптастыруға бағытталуы керек. Ол ерте көктемгі тырмалау, 2-3 рет қопсытумен бірге қосымша тырмалаудан тұрады.

Жүгері егісін күтіп- баптау негізінен арамшөптермен күресуге және топырақтың физикалық жағдайын жақсартуға бағытталады. Тұқымды сепкеннен кейін 3-4 күн өткеннен соң, жеңіл немесе орташа тырмаларымен топырақ бетіндегі қабыршықтарды және өсіп келе жатқан арамшөптерді жою мақсатында себу қатарларына көлденең тырмалау жүргізіледі. Осындай өңдеуді жүгері өсімдігі көктеп шыққаннан соң 2-3 топырақ кезеңінде қайталайды. Әрі қарай жүгеріні күтіп- баптаудағы маңызды шара-қатараралықтарды қопсыту және үстеп қоректендіру, суару және т.б.

Зерттеудің мақсаты

Алматы облысы тау бөктері аймағында жүгеріні көктемгі- жазғы күтіп баптау мерзімінде жүргізілетін агротехникалық жұмыстардың танаптың арамшөптермен ластануына және жүгерінің өніп-өсуіне әсерін анықтау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің "Агроуниверситет" оқу тәжірибе шаруашылығында "Будан" ауыл шаруашылық кооперативі жүргізіп жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарына қатынасып жүргізілді.

Зерттеу үлгісі

1. Қатараралықты 3 рет культивациялау: (бақылау)

1 рет 4-5 см тереңдікте, 4-5 жапырақ фазасында

2 рет 6-8 см бірінші культивациядан 10-12 күн өткенде

3 рет 12-14 см екінші культивациядан 10-12 күн өткенде

1. Қатараралықты 2 рет культивациялау:

1 рет 6-8 см тереңдікте, 4-5 жапырақ фазасында

2 рет 12-14 см тереңдікте, бірінші культивациядан 10-12 күн өткенде

2. Қатараралықты 1 рет культивациялау 1 рет гербицидпен өңдеу

1 рет 6-8 см тереңдікте, 4-5 жапырақ фазасында культивациялау, гербицид шашу бірінші культивациядан 10-12 күн өткенде.

1. Қатараралықты 2 рет культивациялау 1 рет гербицидпен өңдеу:

1 рет 6-8 см тереңдікте, 4-5 жапырақ фазасында культивациялау, гербицид шашу, бірінші культивациядан 10-12 күн өткенде.

2 рет 12-14 см тереңдікте гербицид шашылғаннан кейін 10-12 күн өткенде.

Мөлдектің жалпы ауданы 588 м^2 , есебі -386 м^2 . Қайталымы 3 рет, мөлдектердің орналасуы бір ярусты. Бақылау нысаны, шаруашылықтарда кеңінен қолданылып келген қатараралықты 3 рет қопсыту.

Зерттеу жұмыстары жүгері дақылын өсіру агротехникасының әдістемелік нұсқаулары негізінде орындалды. Жүгері өсіру агротехникасы - жалпыға бірдей қабылданған.

Жүргізілген агротехникалық шаралар

- Танапты күзде майбұршақ дақылы жиналғаннан кейін ЛДГ-10 құралымен 6-8 см тереңдікте дискілеу;

- 2 аптадан кейін арамшөптер өсуін жалғастырғанда 12-14 см тереңдікте БДТ-4,0 құралымен дискілеу;

- 2-3 апта мерзім өткенде ПН-5-35 соқасымен 25-27 см тереңдікте танапты жырту;

- Ерте көктемде тырмалау-топырақтың физикалық пісу мезгілі жеткенде 3-4 см тереңдікте ЗБСС-1,0 тырмасымен, топырақ түйіршіктерін майдалау, ылғалдың булануын тоқтату және арамшөптердің жас өскіндерін жою үшін тырмалау;

- Ерте көктемдегі тырмалау жұмыстарынан 2-3 апта мерзім өткенде КГП-2,2 құралымен 12-14 см тереңдікте культивациялау;

- 4-5 см тереңдікте топырақ жылулығы $14-16^{\circ}\text{C}$ жеткенде қатар аралықтарын 70 см тұқым себу;

- Тұқым себілгеннен кейін 4-5 күн өткенде тұқым себілген қатарға көлденеңінен, жеңіл тырмамен 3-4 см тереңдікте, топырақ қабыршақтарын және арамшөптерді жою үшін тырмалау;

- Жүгерінің 4-5 жапырақтар фазасында 4-5 см тереңдікте КРН-4,2 құралымен қатараралықты қопсыту;

- Бірінші қатараралық қопсыту жұмыстарынан 10-12 күн өткенде, 6-8 см тереңдікте 2-ші культивациялау (КРН-4,2);

- Екінші қатараралық қопсыту жұмыстары жүргізілгеннен кейін 10-12 күн өткенде 12-14 см тереңдікте 3 рет культивациялау (КРІ 1-4,2);

- Бір рет үстеме коректендіру $N_{40-60}P$ - кг/га мөлшерде;

- Вегетация мерзімінде 4 рет суғару $300-400 \text{ м}^3$ га мөлшерінде

Жүгері егісіндегі арамшөптердің жақсы өніп-өсуіне қажетті барлық факторлардың жеткіліктілігі белгілі. Осыған байланысты арамшөптермен күресудің маңызы өте жоғары. Арамшөптер табиғи ерекшеліктеріне байланысты өте тез өсіп-дамып жүгерінің өсуін күннен күнге тежей бастайды. Сонымен қатар жүгері дақылы 8-10 жапырақтар фазасына

дейін өте баяу өсіп, арамшөптер әсеріне өте сезімтал келеді. Міне осы мерзім арасында жүргізілетін күтіп-баптау жұмыстары келешек өнімнің мөлшері мен сапасын анықтайды.

Зерттеу жұмысындағы жүгері дақылының күтіп-баптау әдістеріне байланысты 2-ші қатараралық культивациядан кейінгі арамшөптермен ластануы 1 кестеде келтірілген.

Жүгерінің 4-5 жапырақтар фазасында 4-5 см тереңдікке жүргізілген (қатараралық культивациядан 10-12 күн өткенде жүргізілген 2 культивациядан кейінгі арамшөптердің саны 1 зерттеу нысаны бойынша (3 рет культивациялау бақылау) 1 м² барлығы 41 дана арамшөптер кездесетіні анықталды. Оның 23 данасы біржылдықтар, 18 данасы көпжылдықтар тобына жатады.

Кесте 1 – Жүгері дақылының күтіп баптау әдістеріне байланысты арамшөптермен ластануы (2-ші қатараралық культивациядан кейін)

Қатараралықты өңдеу әдістері	Арамшөптер саны 1 м ²			Арамшөптердің ылғалды салмағы 1 м ² /г		Кептірілген арамшөптердің салмағы	
	барлығы	оның ішінде		біржылдықтар	көпжылдықтар	г	%
		біржылдықтар	көпжылдықтар				
Қатараралықты 3 рет культивациялау (бақылау)	41	23	18	563	846	225	100
Қатараралықты 2 рет культивациялау	42	24	18	570	845	222	98
Қатараралықты 1 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	37	21	16	498	720	195	87
Қатараралықты 2 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	38	20	16	490	715	193	86

Арамшөптердің ылғалды салмағы бойынша 563 г/м² біржылдықтар және 846 г/м² көпжылдықтар болып шықты. Ал кептірілген жалпы салмағы 225 г/м². Қатараралықты 2 рет культивациялау жоспарланған 2 зерттеу нысаны бойынша арамшөптердің жалпы саны 42 дана/м², оның 24 данасы біржылдықтар және 18 данасы көпжылдықтарға тән екендігі анықталынды. Арамшөптердің жалпы санын бақылау нысанымен салыстырғанда айырмашылық байқалмады. Келесі 3-ші зерттеу нысаны бойынша 1-ші қатараралық культивациядан 10-12 күн мерзім өткенде 2-ші қатараралық культивацияның орнына арамшөптерге қарсы гербицид қолданылды. Осы зерттеу нысанындағы 1 м² жалпы арамшөптердің саны 37 дана, оның 21 данасы біржылдықтар және 16 данасы көпжылдықтар тобына жатады. Яғни бақылау нысанымен салыстырғанда жалпы арамшөптердің саны 1 м² 4 данаға азайды. Осындай айырмашылықтар 4-ші зерттеу нысанында орындалды. Арамшөптердің ылғалды және кептірілген салмақтары бойынша аздаған айырмашылықтар байқалды. Оның басты себептері арамшөптерге гербицидтің әсері деп есептеуге болады.

Жүгері танабы арамшөптердің өсіп-жетілуіне өте қолайлы болғандықтан, оған қарсы жүргізілген қатараралық қопсыту жұмыстары, гербицидтер қолдану оның өсіп-жетілуіне өте үлкен әсерін тигізетіндігін көптеген ғылыми - зерттеу жұмыстарында қарастырылып

келеді жәнеде қазіргі заман талабына сай оның тиімді жолдарын қарастыру қажеттігі жүгері өнімі мен сапасының күрт төмендеуіне байланысты.

Қатар аралық қопсыту жұмыстары тек арамшөптерді жойып қоймай, топырақтың тығыздығын реттеуге,ылғалдықтың булануын төмендеуге өте қажет күтіп-баптау мерзіміндегі агротехникалық шара болып есептелінеді. Сонымен қатар қатараралық қопсыту жұмыстарының саны топырақтың шамадан тыс тығыздалуына, оның өңдеу тереңдігі мен саны мәдени өсімдіктің тамырларының механикалық зақымдануына (25-30%) себепті.Сондықтан қатараралық қопсыту агротехникалық шараларының жүргізу мерзімі,саны,тереңдігі,оны гербицидтер қолдану арқылы ауыстыру біздің зерттеу жұмысымыздың өзекті мәселесі. Осыған орай жүгері танабының қатараралықтарын қопсыту және оның әдістеріне байланысты (3 рет культивациялау) арамшөптермен ластану деңгейінің көрсеткіштері кестеде келтірілген.

2 Кестеде келтірілген анықтамалар бойынша зерттеу үлгісіндегі нысандарда 3 рет қатараралық қопсыту жұмыстары жүргізілгеннен кейінгі танаптың арамшөптермен ластануы бойынша бақылау нысанында 1м² арамшөптердің жалпы саны 47 дана оның 26 данасы біржылдықтар, 21 данасы көпжылдықтар тобына жатады. Олардың жалпы ылғалды салмағы 1687 грамм, кептірілгеннен кейінгі салмағы 270 грамды құрайды.

Кесте 2 – Жүгері дақылының күтіп-баптауына байланысты арамшөптермен ластануы (3-ші қатараралық культивациядан кейін)

Қатараралықты өңдеу әдістері	Арамшөптер саны 1 м ²			Арамшөптердің ылғалды салмағы 1 м ² /г		Кептірілген арамшөптердің саны	
	Барлығы	оның ішінде		Біржылдықтар	Көпжылдықтар	г	%
		Біржылдықтар	Көпжылдықтар				
Қатараралықты 3 рет культивациялау (бақылау)	47	26	21	702	985	270	100
Қатараралықты 2 рет культивациялау	59	33	26	871	1235	337	125
Қатараралықты 1 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	48	27	21	699	962	265	98
Қатараралықты 2 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	30	18	12	486	549	165	61

Қатараралықты 2 рет культивациялау жүргізілген нысанда,яғни 3 рет қатараралық қопсыту жұмыстарын жүргізбеген жағдайда 1м² арамшөптердің жалпы саны 59 дана, оның 33 данасы біржылдықтар және 26 данасы көпжылдықтар тобына жатады. Жалпы ылғалды салмағы 2106 грамм,кептірілген салмағы 337 граммға тең. Яғни жүгері танабында 2 рет қатараралық қопсыту жұмыстарын жүргізу бақылау (3 рет қопсыту) нысанымен салыстырғанда 1м² арамшөптердің жалпы санын 12 данаға немесе 25% арттырады.Келесі зерттеу нысаны қатараралықты 1 рет культивациялау және 1 рет гербицид қолданғанда танаптағы 1 м²арамшөптің жалпы саны 48 дана,оның 27 данасы біржылдықтар және 21

данасы көпжылдықтар, жалпы ылғалды салмағы 1661 грамм. Арамшөптердің 1м² жалпы саны бақылау нысанымен салыстырғанда 2% азаяды.

Соңғы зерттеу нысаны, қатараралықты 2 рет культивациялап 1 рет гербицид қолданылған жағдайда 1 м² арамшөптердің жалпы саны 30 дана, бақылау нысанымен салыстырғанда арамшөптер саны 17 дана/м², оның ішінде бір жылдықтары 8 данаға, көпжылдықтары 9 дана/м² азайған. Жалпы ылғалды салмақтары 1035 грамм немесе 652 грамға бақылау нысанымен, 1071 грамға 2 рет культивация жүргізілген нысандармен салыстырғанда азайғандығы дәлелденген.

Қорыта келе, жүгері танабындағы, жүгерінің өсу биіктігіне байланысты жүргізуге мүмкін 3 дүркін қатараралық жұмыстарды (культивациялау) 2 рет культивациялау және 1 рет гербицид шашу танаптың арамшөптермен ластануын шаруашылықтарда қолданылып келген (3 рет культивациялау) агрогехникалық шараға қарағанда арамшөптерді отауда (жоюда) тиімді екендігін дәлелдейді. Бақылау нысанымен салыстырғанда арамшөптердің жалпы саны 40% дейін азаяды. Зерттеу жұмыстарының негізгі көрсеткіштерінің бірі ол өсімдіктің өнімділігі. Ал зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты зерттеуге алынған дақылдың өнімділігі мен сапасын жақсарту болып табылады.

Өнімнің мөлшері мен сапасына танаптың арамшөптермен ластану деңгейі өте үлкен әсерін тигізеді. Біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылған арамшөптерге қарсы жүргізілген күрес шараларының оның өнімділігіне тигізген әсері келесі кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Жүгері танабының қатараралықтарын өңдеу тәсілдеріне байланысты өнімділігі

№	Нұсқалардың мазмұны				Өнімділігі, ц/га	Бақылауға +, -, ц/га
	қатараралықты культивацияның саны	өңдеу тереңдігі, см				
		1	2	3		
1	Қатараралықты 3 рет культивациялау	4-5	6-8	12-14	55.3	-
2	Қатараралықты 2 рет культивациялау	6-8	12-14	-	54.1	-1.2
3	Қатараралықты 1 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	6-8	гербицид	-	53.5	-1.8
4	Қатараралықты 2 рет культивациялау 1 рет гербицид шашу	6-8	гербицид	12-14	59.7	+4.4

3 кестеде қатараралықты 3 рет он күн сайын 4-5 см, 6-8 см, және 12-14 см тереңдікте қопсыту жүргізілген жағдайда жүгерінің өнімділігі 55,3 ц/га болды. Қатараралықты 2 рет культивациялау (6-8 см, 12-14 см) жүргізілген нысандағы анықталынған өнім мөлшері 54,1 ц/га немесе бақылау нысанымен салыстырғанда 1,2 ц/га аз өнім жиналынды. Қатараралықты 1 рет культивациялап (6-8 см) 1 рет гербицид қолданылған нысанда -53,5 ц/га бақылау нысанымен салыстырғанда 1,8 ц/га өнім төмен, қатараралықты 2 рет культивацияланған нысаннан 0,6 ц/га өнім төмендегендігі анықталынды. Зерттеу нысанындағы ең жоғарғы өнімге қол жеткізілген нысан- қатараралықты бірінші рет 6-8 см тереңдікте қопсыту, одан кейін гербицид шашып 10-12 күндей мерзім өткенде қатараралықты 12-14 см тереңдікте қопсыту жүргізу арқылы өнім мөлшерін 59,7 ц/га немесе бақылаумен салыстырғанда 4,4 ц/га өнімді жоғарлатуға мүмкіндік туады.

Қорыта келгенде жүгері танабындағы қалыптасқан қатараралықты 3 рет қопсыту жұмыстарын 2 рет қопсыту және 1 рет гербицид шашумен алмастыру осы агротехникалық жұмысты орындауға жұмсалынатын энергетикалық шағын мөлшерін азайтып қана қоймай, жүгерінің оңтайлы өсіп-өнуіне жағдайлар туғызып оның өнім мөлшерінің көрсеткішін 59,7 ц/га дейін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Әльдеков Н., Балғабаев Ә., Есіркепбаев Т. Жүгері дақылын өсірудің тиімді технологиясы.- Алматы: 2010.-160 б.
2. Ерлеспесов М. Культура кукурузы в Казахстане.- Алма-Ата: Сельхоз издат, 1964.-288 с.
3. Юмагулова Г.А. Кукуруза индустриальная технология возделывания.- Алма-ата: Кайнар, 1987.-187 с.
4. Петренко П.В., Юмагулова Г.А. Интенсивная технология возделывания кукурузы в Казахстане в условиях неорошаемого земледелия,- Алма-ата: Кайнар, 1987.-121 с.
5. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серекпаев Н.А., Истакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы.- Алматы: 2011.-359 б.
6. Циков В.С., Матюхова Л.А., Интенсивная технология возделывания кукурузы" М. 1989. 245 е.
7. Ефимов И.Т. Орошаемая кукуруза.- М: Колос, 1974.-С 220.
8. Турешев О.Т., Сыдыков Д.А., Сулейменова М.Ш. Влияние агротехнических условий на фотосинтетическую деятельность и продуктивность кукурузы. // Вестник с.-х. Науки Казахстана. 1992. №7-8. С.64- 67.
9. Сулейменов М.К., Кирягин А.Ф. Рекомендация по интенсивной технологии возделывания кукурузы на силос в Северном Казахстане. г. Целиноград: 1988.- 30с.
10. Сухимов Е.О. Влияние сроков посева и густоты стояния на урожай зеленой массы кукурузы // Вестник сельскохозяйственных науки Казахстана. №8. 1975.-10-11 с.

Абдрахманов К., Узбеков Б.М.

ЗАСОРЕННОСТЬ ПОСЕВОВ КУКУРУЗЫ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ВЕСЕННЕ- ЛЕТНЕГО УХОДА В УСЛОВИЯХ ПРЕДГОРНОЙ ЗОНЫ АЛМАТИСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье проведены влияние методами культивации междурядий кукурузы для ликвидации сорняков в Алматиской области в условиях «Агроуниверситет» ППХ.

Abdrakhmanov K., Uzbekov B.

WEEDINESS SOWINGES OF CORN DEPENDING ON SPRING- SUMMER MERSING IN THE CONDITIONS OF A FOOTHILL ZONE ALMATY REGION

The article describes the impact of the methods of cultivation between the rows of corn to eliminate weeds in the Almaty region under «Agrouniversitet» PPF.

Абибуллаев Д.С., Узбеков Б.М.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАУ БӨКТЕРІ АЙМАҒЫНДА ТҰҚЫМ СЕБЕР АЛДЫНДАҒЫ
ТОПЫРАҚТЫ ӨНДЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ АРПА ЕГІСТІГІНІҢ АРАМШӨПТЕРМЕН
ЛАСТАНУЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының тау бөктері аймағында арпа тұқымын себер алдындағы топырақ өңдеу әдістернің арпа егістігінің арамшөптермен ластануына тигізетін әсері келтірілген.

Кілт сөздер: арпа дақылы, топырақ өңдеу, арамшөптер, өнімділік.

Кіріспе

Алматы облысының тау бөктері тау бөктері аймағында мал шаруашылығы жақсы даму алууда. Малды жем-шөппен қамтамасыздандыру және мал азығының сапалық көрсеткіштерін жақсарту бүгінгі күннің мал шаруашылығындағы өзекті мәселелерінің бірі деп есептелінеді. Арпа дәні және сабаны мал түрінің бәріне құнды жем-шөп. Осыған байланысты арпа өнімін арттыру фермерлердің басты міндеттерінің бірі болуда.

Ауыл шаруашылық дақылдардың жақсы өніп-өсуіне топырақты негізгі өңдеу жеткіліксіз. Себебі күзде топырақты негізгі өңдегеннен кейін келер дақылды сепкенге дейін қардың, ауылшаруашылық машиналар мен құралдарының, трактордың салмағынан топырақ тығыздалады, сондықтан оны себер алдында өңдеп, қопсыту қажет.

Егін себер алдында топырақ өңдеудің алдына мынадай талаптар қойылады:

-танапты өсімдік қалдықтарынан, арамшөптерден, зиянды жәндіктер мен ауру қоздырғыштардан тазарту.

-себілген тұқымдардан жылдам және біркелкі көктеп шығу үшін қолайлы жағдай жасау.

Егін себер алдындағы топырақ өңдеу жүйесі көптеген жағдайларға, оның ішінде топырақтың гранулометриялық құрамына, құрылымына, құрылысына, негізгі өңдеу тәсіліне, дақылдардың биологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағында жерді соқамен жыртықаннан кейін ерте көктемде жер өңдеу, топырақты тырмалаудан басталады. Тырмалаудан кейін егін себер алдындағы топырақ өңдеу жүйесі келесі дақылдың себілу мерзіміне байланысты. Ерте себілетін дақылдарға ылғал жабысқаннан кейін топырақты тұқым сіңіру тереңдігіне культивациялайды.

Оның негізгі мақсаты – қыстап және көктемде өсіп шыққан арамшөптерді жою, топырақтың беткі тұқым сіңірілетін қабатын қопсыту. Культивациямен бір мезгілде танап тырмаланады. Гранулометриялық құрамы ауыр топырақтарда және арамшөптері басым жерлерде культивациялау тереңірек жүргізіледі.

Зерттеудің мақсаты

Алматы облысының тау бөктері аймағында тұқым себер алдындағы топырақты өңдеу әдістерінің арпа дақылының өніп-өсуіне, арамшөптермен ластануына және топырақтың агрофизикалық қасиеттеріне тигізетін әсерлерін анықтау.

Зерттеу объектісі «Агрономия» кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізетін танабында арпаның «Арпа» сорты.

Зерттеу үлгісі

I Күзде 20-22 см тереңдікте (ПН- 5-35) жыртылған танап

1.Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте култивациялау(КРН-4.2) +тұқым себілгеннен кейін бастыру

2.Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту (БДТ-4.0)+тырмалау, тұқым себілгеннен кейін бастыру (прикатывание)(бақылау)

3.Тұқым себер алдында 8-10 см тереңдікте дискілеу (ЛДГ-10) +тырмалау, тұқым себілгеннен кейін бастыру

4.Тұқым себер алдында тырмалау (ЗИГ-ЗАГ), тұқым себілгеннен кейін бастыру

II Күзде өңделмеген танап

1.Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте култивациялау (КРН-4.2)+тырмалау (бақылау)

2. тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту (БДТ-4.0)+тырмалау

3. Тұқым себер алдында 8-10 см тереңдікте дискілеу(ЛДГ-10)+тырмалау

4.Тұқым себер алдында 6-8 см тереңдікте дискілеу (ЛДГ-10)+тырмалау

Қайталанымы 4 рет, мөлдектердің жалпы ауданы $7,2 \times 20 = 144 \text{ м}^2$, есепті ауданы-100 м^2 . Ауыспалы егістіктің үлгісіне сәйкес алғы дақыл күздік бидайдан кейінгі егілген аралық дақыл сүрлемдік жүгері жиналып алғаннан кейінгі танапты ЛДГ-10 агрегатымен 6-8 см тереңдікке сыдыра жырту жұмыстары жүргізілді.

Зябь жырту жұмыстарының алдында бірінші агрофонның барлық мөлдектеріне фосфор 60 кг/га мөлшерінде топырақ бетіне шашылып ізінше 20-22 см тереңдікте ПН-5-35 агрегатымен жырту жұмыстары жүргізілді.

Екінші агрофондағы (зябь жыртылмаған) барлық мөлдектерде күзде фосфор тыңайтқышы шашылмады.

Зябь жыртумен бірге тырмалау жұмыстары жүргізілді. Зерттеуге арпаның Алматы облысының тау бөктерінде аудандастырылған арпа сорты Арна алынды. Тұқым сапасы I репродукция талаптарына сай тұқым себу СЗ-3.6 тұқым сепкішімен 120 кг/га мөлшерінде жүргізілді.Көктемде топырақтың физикалық пісу мерзімінде күзде аударылып жыртылған агрофондағы мөлдектерде ылғал жабу мақсатымен тырмалау жұмыстары жүргізілді. Тұқым себердің алдындағы топырақты өңдеу әдістері зерттеу үлгісіне сәйкес орындалды. Көктемгі тұқым себердің алдындағы топырақты өңдеуден бұрын әр зерттеу мөлдектеріне 20 кг/га азот тыңайтқышы (қолмен) шашылды. Арпаның түптену фазасында арамшөптерге қарсы 2.4 Д амин тұзы қол гербицид бүркігішпен 1,8 кг/га мөлшерінде. Суғару жұмыстары масақтану фазасында 1 рет жаппай суғару әдісімен жүргізілді (мөлшері 300-400 $\text{м}^3/\text{га}$). Өнімді жинау әр мөлдектен 1 м^2 (брет қайталаным) анықталынып, жаппай «Енисей» комбайнымен орып жиналынды. Қандай да дақыл болмасын оның өнімінің сапасы мен мөлшері танаптың арамшөптермен ластануына тікелей байланысты. Арамшөптердің сыртқы ортаға бейімділігі мәдени дақылдан біршама жоғары болғандықтан олармен күрес шарасын уақытылы жүргізілмеген жағдайда жақсы нәтижелерге қол жеткізу мүмкін емес. Әсіресе арамшөптермен күрес мәдени дақылды күтіп-баптау мерзімінде өте тиянақты және әсерлі болуы керек

Көп жағдайда шаруашылықта дұрыс ұйымдастырылмаған және ғылыми негізінде дәлелденген арамшөптермен күрестің жоқтығы өте қиын жағдайларға алып келеді.

Күзде танап 20-22 см тереңдікте аударылып жыртылған агрофонда, көктемде тұқым себер алдында танапты 10-12 см тереңдікте култивация жүргізілген зерттеу нысанында арпаның түптену фазасында 1 м^2 23.1 дана арамшөптер болғандығы анықталынды, ал танапты БДТ-4.0 құралымен 10-12 қопсытылған зерттеу нысанында-20.1 дана/ м^2 немесе бақылау нысанымен салыстырғанда 3.1 данаға (13%) төмен. Танапты ЛДГ-10 құралымен 8-10 см дискілеу жүргізілген зерттеу нысанындағы арамшөптер саны култивациямен салыстырғанда 1 м^2 - 4.1 данаға, БДТ-4.0 қопсытқанда – 6.9 данаға артық болғандығы көрінеді. Тырмалау жұмыстары орындалған нысандағы арамшөптердің саны 1 м-30.5

данаға жетті. Яғни алғы зерттеу нысандарымен салыстырғанда 1 м² танапта культивациядан (бақылау) 7.4, қопсытудан -10.4, дискілеуден-3.3 данаға жоғары.

Кесте 1 - Тұқым себер алдындағы топырақты өңдеу әдістерінің арпа танабының арамшөптерімен ластануына әсері, 2015 ж.

Зерттеу нысандары	Түптену		Сабақтану		Масақтану		Өнімді жинар алдында	
	дана/м ²	г/м ²	дана/м ²	г/м ²	дана/м ²	г/м ²	дана/м ²	г/м ²
Күзде 20-22 см тереңдікте аудартып жыртылған танап Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте культивациялау + тырмалау, тұқым себілгеннен кейін бастыру (бақылау)	23,1	1,7	31,3	33,4	37,8	45,4	35,4	68,4
Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту + тырмалау тұқым себілгеннен кейін бастыру	20,1	1,5	26,7	30,1	31,4	40,2	31,2	60,7
Тұқым себер алдында 8-10 см тереңдікте дискілеу + тырмалау, тұқым себілгеннен кейін бастыру	27,2	2,3	33,8	35,3	38,1	46,1	37,4	67,3
Тұқым себер алдында тырмалау, тұқым себілгеннен кейін бастыру	30,5	2,8	38,4	39,7	40,7	49,2	39,0	69,1
Күзде өңделмеген танап Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте култивациялау + тырмалау (бақылау)	40,1	3,1	51,7	48,2	61,4	61,0	58,1	80,1
Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту + тырмалау	35,3	2,9	47,5	45,1	50,3	58,1	55,3	78,2
Тұқым себер алдында 8-10 см дискілеу+тырмалау	44,2	3,7	53,1	49,8	64,2	64,2	60,1	83,0
Тұқым себер алдында 6-8 см тереңдікте дискілеу+тырмалау	45,1	3,9	55,2	51,7	66,1	66,7	61,0	85,1

Күзде танапты өңдемеген агрофондағы зерттеу нысандарындағы арамшөптердің саны, күзде өңделген агрофонмен салыстырғанда екі есеге дейін жоғарылайтындығы анықталынды. Нақты айтқанда тұқым себер алдында культивация жүргізілген зерттеу нысанында 1 м - 40.1 дана, қопсыту жүргізілген нысанда – 35.3 дана дискіленген (8-10 см) – 44.2 дана және (6-8 см) 45.1 дана арамшөптер түрі анықталынды. Арпаның келесі өсу фазасы сабақтануда анықталынған барлық зерттеу нысандарында көрсеткіштер 1 м² жерде арамшөптердің санының 8-10 дана түрлерінің артқандығын көрсетеді. Арпаның түптену фазасында (50-60%) арамшөптерге қарсы барлық зерттеу нысандарында бірдей мөлшерде 2.4 Д амин тұзы қолданылды. Осыған байланысты арамшөптердің саны мен өсу динамикасы біршамаға әлсіреді. Қолданылған гербицид арамшөптерді толық дәрежеде (70-80%) жоя алмады. Оның басты себебі гербицид қолданылғаннан кейінгі күндердегі жауын-шашынның ықпалы деп есептеуге болады. Өнімді жинар алдында арамшөптердің барлық зерттеу нысандарында күннен күнге өсу қарқынының жоғарылауын байқауға болады. Сондықтан арпаны ору жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу қажет деп есептейміз. Әрбір орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты ауылшаруашылық дақылынан сапалы және арзан өнім алу болып табылады. Өнімнің мөлшері мен сапалылығы өсірілетін дақылға оның өніп-өсу талаптарына сай жағдайлар қалыптасқан жағдайда қол жеткізуге болады. Біздің зерттеу нысанындағы арпа егістігіндегі тұқым себердің алдында орындалатын топырақты өңдеу әдістерінің оның өсіп-дамуына тигізген әсерлерін алдағы жарияландырымдарда баяндалды. Осы алынған мәліметтердің арпа өнімінің құрылымы мен сапасына әсері болуы қажет. Осы көрсеткіштер біздің төмендегі кестеде көрсетілген арпаның өнімділігінде байқалады.

Кесте – 2 Тұқым себер алдында топырақты өңдеу әдістерінің арпа дақылының өнімділігіне әсері, 2015 ж.

№	Зерттеу нысандары	Өнімділігі, ц/га
I		
1	Күзде 20-22см тереңдікте аудартып жыртылған танап	19,2
2	Тұқым себер алдында 10-12см тереңдікте культивациялау +тырмалау,тұқым себілгеннен кейін бастыру(бақылау)	21,3
3	Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту+тырмалау тұқым себілгеннен кейін бастыру	18,1
4	Тұқым себер алдында 8-10 см тереңдікте дискілеу + тырмалау ,тұқым себілгеннен кейін бастыру	18,0
II		
1	Күзде өңделмеген танап	18,1
2	Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте култивациялау +тырмалау(бақылау)	19,2
3	Тұқым себер алдында 10-12 см тереңдікте қопсыту +тырмалау	17,3
4	Тұқым себер алдында 8-10 см дискілеу+тырмалау	17,0
	Тұқым себер алдында 6-8 см тереңдікте дискілеу+тырмалау	

Кестеден зерттеу үлгісінің екі агрофонындағы арпа өнімділігі бірдей болмағанын көруге болады. Ең жоғарғы арпа өнімі 21.3 ц/га күзде танапты 20-22 см тереңдікте

аударып жыртып, көктемде тұқым себер алдында БДТ-4.0 құралымен танапты 10-12 см тереңдікте қопсытып, тырмалап, тұқым себілгеннен кейін бастыру жұмыстары жүргізілген зерттеу нысанында болды. Қалыптасқан технологиямен (бақылау) салыстырғанда өнім мөлшері 2.1 ц/га артық. Тұқым себер алдында танапты ЛДГ-10 агрегатымен 8-10 см тереңдікте дискілеу және тырмалау жүргізілген зерттеу нысандарында өнім мөлшері 18.1 және 18.0 ц/га немесе бақылау нысанымен салыстырғанда 1.1 және 1.2 ц/га төмен мөлшерде өнім қалыптасады. Күзде танапта өңдеу жүргізілмеген агрофондағы зерттеу нысандарының өнім мөлшері культивациялау (бақылау) жүргізілген жағдайда – 18.1 ц/га. БДТ-4.0 құралымен қопсытылғанда – 19.2 ц/га, ал ЛДГ-10 құралымен 8-10 және 6-8 тереңдікте дискілеу жүргізілген нысандарда 17.3 және 17.0 ц/га өнім жинауға мүмкіндік туады.

Қорыта келгенде белгілі себептермен күз айы мезгілінде зябь жыртыу жұмыстары жүргізілмей қалған жылдары көктемде тұқым себердің алдында танапты БДТ-4.0 құралымен 10-12 см тереңдікте қопсытып тырмалап тұқым себу арқылы Алматы облысының тау бөктері аймағында арпадан 19.2 ц/га өнім жинауға мүмкіндік туады деп есептеуге болады.

Әдебиеттер

1. Әрінов Өсімдік шаруашылығы Алматы 2012.
2. Әуезов Ә.Ә., Атақұлов Т.А., Сүлейменова Н.Ш., Жаңабаев Қ.Ш. Егіншілік, оқулық, Алматы 2005.
3. Иванников А.В., Шрамко Н.В., Мұқажанов К.М. Солтүстік Қазақстан егіншілігі, Астана 2004.
4. Әуезов Ә.Ә., Сүлейменова Н.Ш., Оразымбетова Қ.Н. Егіншілік практикумы, Алматы, 2006.
5. Әуезов Ә.Ә. және т.б. Егіншілік анықтама-сөздігі, Алматы 2004.
6. Жаңабаев Қ.Ш., Қазақстанда жиі кездесетін арамшөптер және олармен күрес. Алматы, 1994
7. Баранов М.С., Жуховицкая З.Р. Агротехника и гербициды против сорняков, Алма-Ата, 1962.- С. 18-35
8. Дмитриев В.С. О так называемых формул и борьбе с засорением овсюгом //, 1995.- С. 34-56 .
9. Рекомендации Ресурсосберегающие технологии возделывания сельскохозяйственных культур Чаглы, 2010
10. Ахметов К.А., Вольская Н.А., Канафин Б.К. Состояние засоренности посевов в севооборотах. В кн.: Технологии возделывания зерновых и кормовых культур в почвозащитном земледелии. Сборник научных трудов//КазНИИЗХ им.А.И.Бараева. - Алматы: изд. Казахской академии сельскохозяйственных наук, 1994.- С. 28-38

Абибуллаев Даурен Серикович, Узбеков Бекжумаш Мамаевич

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИЕМОВ ПРЕДПОСЕВНОЙ ОБРОБОТКИ ПОЧВЫ В БОРЬБЕ С ЗАСОРЕННОСТЬЮ ПОСЕВОВ ЯЧМЕНЯ В УСЛОВИЯХ ПРЕДГОРНОЙ ЗОНЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены результаты исследований, влияние предпосевной обработки почвы на засоренность посевов ячменя в условиях в предгорной зоне в Алматинской области

Abibullaev Dauren, Uzbekov Bekzhumash

EFFICIENCY OF METHODS PRESEEDING PROCESSING OF THE SOIL IN FIGHT AGAINST THE CONTAMINATION SEEDING OF BARLEY IN THE CONDITIONS OF THE FOOTHILL ZONE OF ALMATY REGION

The article presents the results of research, the impact of tillage on weed infestation of crops of barley in the conditions of a foothill zone in Almaty region

ӘОЖ 633:631.6

Абилдаева Д., Ержанова К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТАМШЫЛАТЫП СУҒАРУДЫҢ КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Андатпа

Мақалада Алматы облысы жағдайында тамшылатып суғарудың күздік бидайдың өнімділігіне әсері келтірілген

Кілт сөздер: күздік бидай, тамшылатып суғару, өнімділік

Кіріспе

Алматы облысы жағдайында дәнді дақылдардың ішінде күздік бидай дақылы ең негізгілерінің бірі болып саналады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын қазіргі заман талабына сай нарықтық экономикалық бәсекеге байланысты шығынды аз жұмсап, өнімді жоғарылату бүгінгі ғылымның басты бағытына ие [1].

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі дүние жүзіндегі 50 бәсекеге қабілетті елдің қатарына кіру негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында аграрлық саланы жедел дамыту жөнінде арнайы тапсырмалар беріп, бағдарын анықтады. Нақтылай түссек, оның біріншісі – еңбек өнімділігін арттыру, екіншісі – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, үшіншісі – елдің экспорттық әлеуетін іске асыру. Міне, осы міндеттерді жүзеге асыру Қазақ мемлекетінің әрбір азаматына парыз екені сөзсіз.

Сумен қамтамасыз ете алмау экономиканың дамуына орасан кедергісін келтіреді. Бұл негізінен су қорына деген күннен күнге артып отырған су дефицитімен тікелей байланысты, сонымен бірге мемлекет аралық суды жүйелеу, су қолданудағы қатаң лимиттер, аудандағы өзен суларының ағысының өзгеруі, суармалы егістіктердің сорлануы осы және тағы да басқа мәселелердің пайда болуымен қалыптасып отыр.

Сондықтан суды тиімді және үнемді пайдаланатын, ылғал үнемдейтін технологияларды өндіріске енгізу үлкен бір өзекті мәселенің бірі.

Ауылшаруашылығында дәнді дақылдардың өнімділігін арттыруда әртүрлі суару тәсілдерінің биологиялық ерекшеліктерінің атқаратын орны маңызды. Соңғы жылдары суармалы егіншілік жағдайында күздік бидайдың өсіру технологиясын жетілдіру жеделдетіп үстінде болғандықтан өнімділігі жоғары көрсеткіштерді көрсетуде [2, 3].

Зерттеу нәтижелері

Тамшылатып суару Қазақстанда әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында алғаш рет күздік бидайды тамшылатып суару

технологиясы зерттеліп жатыр. Тәжірибелік жұмыс күздік бидайды тамшылатып суарудың өнімділігіне әсерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Күздік бидайдың өнімі олардың өнім құрылымына тікелей байланысты болады. Өнім құрылымының негізгі көрсеткіштері: бидай дәнінің пісу кезеңіндегі сақталған өсімдіктер саны, бір өсімдіктегі өнімді сабақтар саны, бір өсімдіктегі дәндер саны мен оның салмағы және 1000 дәннің салмағы (кесте).


Кесте – Суғару тәсілдерінің күздік бидайдың өнім құрылымына әсері

Суару тәсілдері	Өнімді түптілігі, дана	Негізгі масақтың ұзындығы, см	Негізгі масақтағы дән саны, дана	Негізгі масақтағы дәннің салмағы, гр	Бір түптегі жалпы дәннің салмағы, гр
Дәстүрлі (бақылау)	4	10	53	2,5	8,0
Тамшылатып суғару	5	11,2	58	3,1	10,0

Аталған көрсеткіштерді анықтағанымызда бір шаршы метр жердегі орташа есеппен алғандағы негізгі масақтың ұзындығы бақылау нұсқасында – 10 см; тамшылатып суару нұсқасында – 11,2 см болды.

Негізгі сабақтағы дән саны мен салмағы бойынша бақылау нұсқасында - 53 дана, 2,5 г.; сәйкесінше тамшылатып суару нұсқасында – 58 дана, 3,1 г. болды.

1000 дәннің салмағы күздік бидайдың өнімділігіне тікелей әсер ететін өнім құрылымы болып есептелетінін белгілі, тәжірибеде 1000 дәннің салмағы бойынша бақылау нұсқасында - 48,56 г.; тамшылатып суару нұсқасында – 50,51 г болды (сурет).



Сурет – Суару тәсілдеріне байланысты салыстырмалы 1000 дәннің салмағы, гр

Күздік бидайдың өнім құрылым ерекшеліктерін анықтай келе, алынған өнімді есептегенімізде ең жоғарғы өнімділік тамшылатып суару нұсқасынан алынды (55,4 ц/га) болды бақылау нұсқасымен салыстырғанда 13,1 ц/га артық өнім алынды.

Әдебиеттер

1. Сыдық Д.А. және т.б. Күздік бидай сорттарының егілу әдістемелігіне байланысты өнімділігі. ж.Жаршы, 2008, №12, 53-55 б.
2. Оспанбаев Ж.О., Жапаев Р.Қ. Күздік бидайдың сорттарының себу тәсілдерінің өсімдіктің фитосинтетикалық қызметіне әсері. ж.Жаршы, 2005, №12, 38-40 б.
3. Рекомендации по возделыванию сельскохозяйственных культур при капельном орошении / М.: ФГНУ «Ростформогртех», 2003. – с.46

Абилдаева Д., Ержанова К.

ВЛИЯНИЕ КАПЕЛЬНОГО ОРОШЕНИЯ НА УРОЖАЙНОСТЬ ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приводятся данные влияния капельного орошения на урожайность озимой пшеницы.

Ключевые слова: озимая пшеница, капельное орошение, урожайность

Abildaeva D., Erzhanova K.

INFLUENCE OF DRIP IRRIGATION OF PRODUCTIVITY OF WINTER WHEAT IN THE CONDITIONS OF ALMATY REGION

The article presents data on the influence of drip irrigation on the yield of winter wheat

Keywords: winter wheat, drip irrigation, yields

УДК: 632.954: 635.64 (574.51)

Амиркулова А.Ж., Утарбаева А.Ш., Чебоненко О.В.

РГП «Институт молекулярной биологии и биохимии имени М.А. Айтхожина»

РОЛЬ КАТАЛАЗЫ И ПЕРОКСИДАЗЫ В РАСТИТЕЛЬНОМ ОРГАНИЗМЕ

Аннотация

В работе изучались активность фермента каталазы и пероксидазы. Было исследовано активность окислительных ферментов при создании инфекционного фона и при протравливании протравителем сертикор.

Ключевые слова: Фунгицид, Fusarium, сертикор, пероксидаза, каталаза, активность фермента, патогены, пшеница, активные формы кислорода (АФК), побеги.

Введение

Живые организмы подвержены воздействию неблагоприятных факторов окружающей среды. Растения, в силу своего прикрепленного образа жизни, особенно

сильно зависят от воздействия стрессоров. Одним из наиболее распространенных неблагоприятных факторов среды является кислородная недостаточность, а также возникающий при возвращении в нормальные условия азрации окислительный стресс.

Последние эксперименты показали, что в клетках растений в условиях реазрации и при гипоксии накапливаются активные формы кислорода (АФК), аккумулируясь в районе клеточных стенок и в апопласте. У растений, произрастающих в условиях недостатка кислорода, накопление АФК в клетках выражено слабее. По-видимому, подобный эффект связан с работой антиоксидантной системы, в частности с ферментом каталазой, осуществляющей распад молекул H_2O_2 [1].

Содержание АФК находится под многоуровневым контролем ферментов антиоксидантной системы. Вызвать окислительный стресс, характеризующийся повышением концентрации АФК, помимо патогенов и разнообразных абиотических и биотических факторов, могут также соединения, являющиеся внутриклеточными мессенджерами. В растительных клетках к таким эффектам может приводить, например, фунгициды и патогены. Разные абиотические и биотические стрессоры способны изменять про – антиоксидантное равновесие в результате активации пероксидаз и каталазы, ответственных за стресс – индуцируемое образование АФК [2].

Материалы и методы

Объектами исследования являлись 25 - дневные побеги и корни яровой пшеницы в фазе середины кущения. Протравливание и создание инфекционного фона производили перед посевом пшеницы. Затем образцы брали в фазе кущения по Задоксу (Z-25 дней). В опыте было 4 вариантов.

- 1) Контроль (без обработки);
- 2) Протравитель сертикор (1л/т);
- 3) Фузариум *graminearum*
- 4) Фузариум *graminearum*+сертикор;

Активность КАТ определяли спектрофотометрически по распаду H_2O_2 при 240 нм в Na^+ -фосфатном буфере (рН 6,5). Реакционная смесь содержала 2мл 0,1М Na^+ -фосфатного буфера (рН 6,5), 100 мкл H_2O_2 (финальная концентрация 12,5 мМ), 50 мкл растительного экстракта [3]. Активность ПО отмечали по начальной скорости окисления о-дианизидина при комнатной температуре при 460 нм. Скорость реакции определяли по тангенсу угла наклона начальных участков кинетических прямых изменения оптической плотности во времени [4].

Результаты и обсуждения

Образование АФК и активация антиоксидантных ферментов является результатом быстрых сигнальных реакций растений на стрессовые факторы окружающей среды. Активность каталазы было исследовано в побегах яровой пшеницы. Результаты приведены в рисунке №1.




Рисунок 1 – Активность каталазы в побегах яровой пшеницы при протравливании протравителем сертикор и при создании инфекционного фона (сорт Казахстанская 10)

Активность каталазы в варианте с протравителем было на 254,2% выше контроля. В варианте с фузариумом активность фермента в побегах было 120,8% выше контроля. Тогда как, в опытном варианте, где было фунгицид и гриб активность каталазы было на 60% ниже контроля.




Рисунок 2 – Активность растворимой пероксидазы в побегах и корнях яровой пшеницы при протравливании протравителем сертикор и при создании инфекционного фона (сорт Казахстанская 10)

Активность растворимой пероксидазы в побегах было 0,23% ниже контроля. Активность фермента в побегах в варианте с грибом было 42,4% выше контроля. В варианте с грибом и фунгицидом активность растворимой пероксидазы было 93,3% выше контроля. Активность растворимой пероксидазы было выше в корнях чем в побегах. Активность ПО в корнях с фунгицидом было на 41,7% выше контроля. Тогда как, в варианте с грибом активность фермента было 35,3% выше контроля. Вариант с грибом и протравителем было на 24,3% ниже контроля.




Рисунок 3 – Активность связанной пероксидазы в побегах и корнях яровой пшеницы при протравливании протравителем сертикор и при создании инфекционного фона (сорт Казахстанская 10)

Активность связанной пероксидазы в побегах с протравителем было 1,34% ниже контроля. Активность фермента в побегах в варианте с грибом было 30,9 % выше контроля. В варианте с грибом и фунгицидом активность связанной пероксидазы было 70,6% выше относительно контроля. Активность ферментов связанной и в растворимой форме было выше в корнях чем в побегах. Активность связанной пероксидазы в корнях с фунгицидом было на 121,9 % выше контроля. Тогда как, в варианте с грибом активность фермента было 213,8% выше контроля. Вариант с грибом и протравителем было на 20,3% выше относительно контрольного варианта.

По литературным данным сопротивление растений на патоген и различные стрессовые факторы первым условием является повышение антиоксидантных ферментов. Связанная с клеточной оболочкой пероксидаза образует лигнин. Лигнин в свою очередь препятствует проникновению патогена в растение. Тем самым проявляет защитную реакцию растений на различные стрессоры.

Выводы

По результатам наших исследований можно сделать вывод что, повышение активности каталазы в побегах в варианте с грибом и фунгицидом определяет этот фермент – как одна из важнейших окислительных ферментов, которую играет большую роль в ответных реакциях на различные стрессовые факторы окружающей среды.

Активность пероксидазы в побегах и корнях пшеницы проявлялась по разному. Активность пероксидазы в связанной и растворимой форме было выше в корнях по сравнению с побегами. По нашим исследованиям можно заметить, что протравливание семян и создание инфекционного фона значительно влияет на активность окислительных ферментов.

Исследованные ферменты участвуют в образовании лигнина, в обеспечение клеток растений энергией, в образовании активных форм кислорода которые приводят к гибели жизнедеятельности патогенов [5]. Активация окислительных ферментов не только повышает иммунитет растений, но и предотвращает развитие патогенных грибов. Это в свою очередь очень важно для получения хороших урожаев в сельском хозяйстве.

Литература

1. Ласточкин В.В. Роль антиоксидантной энзиматической системы в адаптации растений к условиям аноксии и постанксической реэрации. // Диссерт. На соиск. Уч. Ст. кандидата наук. 03.00.12. Санкт-Петербург, 2005. 129 с.
2. Чиркова Т.В. Пути адаптации растений к гипоксии и аноксии. - Л.: изд-во Ленингр. ун-та. -1988. -244 с.
3. Aebi H. Catalase in vitro // Methods Enzymology. – 1984. – Vol. 105. – P. 121-126.
4. Лебедева О.В., Угарова Н.Н., Березин И.В. Кинетическое изучение реакции окисления о-дианизидина H₂O₂ в присутствии пероксидазы хрена // Биохимия. – 1977. – Т. 42. – С. 1372-1379.
5. Граскова И.А., И.В., Антипина., О.Ю., Потапенко., В.К. Войников// Влияние патогена на динамику активности внеклеточной пероксидазы суспензионных клеток картофеля. Москва, 2001.-С.16-20.

Амиркулова А.Ж., Утарбаева А.Ш., Чебоненко О.В.

ӨСІМДІК ОРГАНИЗМІНДЕГІ КАТАЛАЗА ЖӘНЕ ПЕРОКСИДАЗАНЫҢ РӨЛІ

Өсімдіктердің патогендермен әртүрлі күйзелткіш әсерлерге қарсы тұруы антиоксидантты ферменттердің жоғарылауы арқылы байқалады. Жасуша қабықшасымен байланыста болатын пероксидаза легнинді түзеді. Лигнин өз кезегінде, өсімдікке патогеннің енуіне қарсы тұрады. Осылайша, өсімдіктердің әр түрлі күйзелткіш әсерлерге қарсы қорғаныс жауабын қайтарады. Осылайша, зат алмасудың қалыпты жағдайында және зат алмасу бұзылған жағдайларда, аталған ферменттер өсімдіктің тыныс алуымен байланысты процестерді жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн.

Amirkulova A., Utarbaeva A., Chernenko O.

ROLE OF CATALASE AND PEROXIDASE IN PLANTS

The resistance of plants to pathogens and various stress factors first condition is to increase the antioxidant enzymes. Associated with the cell membrane forms a lignin peroxidase. Lignin, in turn, prevents the penetration of a pathogen into the plant. Thus showing a protective reaction of plants to different stressors. Thus, in the normal course of metabolism, and in its disorders mentioned enzymes play an important role in the processes associated with the breath of a plant organism.

Асылбек А., Рахимова Е., Сулейменова С., Красавин В., Ертаева Б.,
Мошняков А., Койбагаров Е.

Казахский Национальный Аграрный Университет
РГП «Институт ботаники и фитоинтродукции» КН МОН РК
Казахский НИИ картофелеводства и овощеводства, ТОО

К ИДЕНТИФИКАЦИИ ВОЗБУДИТЕЛЯ АЛЬТЕРНАРИОЗА КАРТОФЕЛЯ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Альтернариоз – одна из наиболее вредоносных болезней листьев картофеля (*Solanum tuberosum* L.), распространенное на всей территории его возделывания. Для идентификации возбудителя альтернариоза на юго-востоке Казахстана проанализированы образцы пораженных листьев картофеля с 20 сортов и одного гибрида. Согласно полученным данным, возбудитель альтернариоза картофеля на собранных нами образцах относится к мелкоспоровым видам и, следовательно, не может являться *Alternaria solani*. На основании морфологических признаков возбудитель альтернариоза картофеля можно отнести к комплексу видов '*Alternaria alternata*' или секции рода '*Alternata*'.

Ключевые слова: альтернариоз, болезнь, картофель, мелкоспоровые виды, комплекс видов.

Введение

Альтернариоз – одна из наиболее вредоносных болезней листьев картофеля (*Solanum tuberosum* L.), распространенное на всей территории его возделывания. В литературных источниках можно встретить как разные варианты названия этой болезни: ранняя сухая пятнистость, макроспориоз, сухая концентрическая пятнистость, бурая пятнистость и т.д., так и различные грибы в качестве возбудителей: *Alternaria alternata* (Fr.) Keissl., *A. solani* Sorauer, *A. tenuissima* (Kunze) Wiltshire, *Macrosporium solani* Ellis & G. Martin [1, 2]. В настоящее время *A. solani* и *M. solani* считаются синонимами [3]. Сравнительно недавно как возбудители альтернариоза картофеля зарегистрированы *Alternaria brousseauetiae* T.Y. Zhang, W.Q. Chen & M.X. Gao, *A. destruens* E.G. Simmons, *A. dumosa* E.G. Simmons, *A. interrupta* E.G. Simmons, *A. rhadina* E.G. Simmons, *A. soliaegyptiaca* E.G. Simmons [4].

Листья картофеля инфицируются главным образом через устьица или раны, не исключается возможность и прямого проникновения возбудителя альтернариоза через кутикулу и наружную стенку эпидермы. Симптомы поражения альтернариозом появляются обычно вначале на стареющих листьях [5]. Пятна поражения вначале мелкие, неправильные, темно-коричневые или черные, отмершие (высохшие), варьирующие в размерах от булавочной головки до 2 см в диаметре. По мере увеличения пятен в размерах в них может наблюдаться концентрическая зональность. Клубни картофеля поражаются при уборке урожая, когда конидии из почвы попадают в поврежденные клубни через раны.

Материалы и методы

Сбор листьев растений картофеля, пораженных альтернариозом, осуществляли в 2015 году на опытных полях Института картофелеводства и овощеводства. Были собраны и проанализированы образцы с 20 сортов и одного гибрида.

Непосредственное микроскопирование гербаризованных образцов эффекта не давало, поэтому листья помещали во влажную камеру на 5-7 суток при температуре 20-25°C для стимуляции спороношения. Перед помещением листьев во влажную камеру их

промывали проточной водой и дезинфицировали слабым раствором (1%) перманганата калия.

Микроскопирование и фотосъемку образцов проводили с помощью фотомикроскопа Polyvar с интерференционной оптикой Номарского. При микроскопировании учитывали следующие параметры: длина и ширина конидий, наличие и длина апикального выроста, форма конидий, количество поперечных и продольных перегородок, наличие и выраженность перетяжек, наличие вторичных перегородок, цвет конидии.

Результаты и обсуждение

На листьях различных сортов картофеля обнаружено конидиальное спороношение представителя рода *Alternaria*. Конидии в длинных простых или ветвящихся цепочках. Конидии мелкие, обратно-булавовидные, яйцевидные или узко-эллипсоидальные, коричневые, серо-коричневые или оливково-коричневые. Размеры конидий (14,4-104,5 x 6,1-20,5) мкм, варьируют в зависимости от сорта (таблица 1).

Таблица 1 – Размеры конидий возбудителя альтернариоза картофеля в зависимости от сорта хозяина, мкм

Название сорта картофеля	Длина конидии		Ширина конидии	
	min-max	M±m	min-max	M±m
Акжар	20,5-83,1	36,7±10,09	8,2-16,4	12,2±1,93
Алатау	32,8-69,7	47,1±11,3	12,3-16,4	14,3±1,03
Алена	22,6-40,1	29,4±5,36	10,2-16,4	13,1±1,41
Аксор	14,4-47,1	29,3±6,16	8,2-16,4	12,6±1,91
Бирлик	20,5-104,5	48,5±28,1	12,3-14,4	13,3±1,05
Беркут	20,5-53,1	34,3±8,80	8,2-16,4	11,6±1,28
Никитка	16,4-40,1	29,1±7,89	6,2-14,4	11,1±2,79
Нур Алем	14,4-32,8	24,6±3,44	8,2-14,4	10,6±1,36
Памяти Боброва	22,6-51,2	36,5±5,36	12,3-20,5	14,1±1,60
Памяти Кунаева	24,6-81,1	42,2±10,1	10,2-16,4	12,7±1,67
Памяти Лигай	30,8-65,6	50,2±8,03	10,2-18,5	14,1±1,41
Сеним	20,5-55,3	35,6±9,45	8,2-16,4	13,4±2,7
Тамаша	16,4-45,1	29,3±6,98	6,1-14,4	10,2±1,26
Тамыз	34,8-40,1	36,5±2,35	8,2-12,3	10,2±1,37
Тохтар	16,4-51,2	31,1±7,95	8,2-14,4	11,0±1,83
Тянь-Шань	16,4-42,1	26,1±4,95	6,2-14,4	11,3±1,88
Удовицкий	26,7-59,4	38,3±7,86	8,2-18,5	13,6±2,56
Урал I	20,5-42,1	29,1±5,84	8,2-14,4	10,5±1,35
Фабула	22,6-51,2	34,8±8,68	10,2-14,4	12,3±1,09
Федор	18,5-45,1	27,8±6,25	8,2-14,4	10,4±1,05
21.02.02.гибрид	20,5-104,4	41,9±12,01	8,2-16,4	12,1±1,34

Наиболее крупными конидиями характеризуется возбудитель альтернариоза на сортах Памяти Лигай и Алатау. Очень длинные конидии (до 104,5 мкм) отмечены на сортах Бирлик, Памяти Кунаева и гибриде 21.02.02. У сортов Памяти Боброва, Памяти Лигай, Удовицкий обнаружены наиболее толстые конидии (до 20,5 мкм).

Поперечных перегородок в конидиях 3-7 (рисунки 1-4), неполных продольных – 1-2, (обычно только в центральных клетках). У некоторых конидий встречаются достаточно

длинные (до 70-75 мкм) акрогенные выросты (рисунок 5, стрелка). Могут наблюдаться вторичные конидиеносцы, как латеральные, так и апикальные (рисунок 6, стрелки). Цепочки конидий при микроскопировании обычно рассыпались, но на некоторых сортах (Сеним, Тохтар, Удовицкий) сохранялись довольно хорошо (Рисунок 7).



Рисунок 1 - Конидии возбудителя альтернариоза картофеля на сорте Аксор, шкала 20 мкм




Рисунок 2 - Конидии возбудителя альтернариоза картофеля на сорте Памяти Боброва, шкала 25 мкм




Рисунок 3 - Конидии возбудителя альтернариоза картофеля на сорте Тамаша, шкала 20 мкм




Рисунок 4 - Конидии возбудителя альтернариоза картофеля на сорте Памяти Лигай, шкала 25 мкм




Рисунок 5 - Конидия на сорте Бирлик с длинным акрогенным выростом (стрелка), шкала 24 мкм




Рисунок 6 - Конидии на сорте Беркут с апикальным и латеральными вторичными конидиеносцами (стрелки), шкала 12 мкм




Рисунок 7 - Цепочка конидий на сорте Сеним, шкала 20 мкм

Согласно полученным данным возбудитель альтернариоза картофеля на собранных нами образцах относится к мелкоспоровым видам и, следовательно, не может являться *Alternaria solani*. Для последнего вида характерны булавовидные или булавовидно-удлиненные конидии размерами (75-350x 20-30) мкм, с 6-19 поперечными перегородками и 0-8 продольными, от бледного до оливково-коричневого цвета, в коротких цепочках (таблица 2).

Таблица 2 - Сравнительные морфологические признаки конидий и конидиеносцев *Alternaria solani* и комплекса видов '*Alternaria alternata*'

Структуры гриба	<i>Alternaria solani</i>	Комплекс видов ' <i>Alternaria alternata</i> '
Конидии	Многоклеточные	Многоклеточные
	Поперечных перегородок 6-19	Поперечных перегородок 3-7
	Продольных перегородок 0-8	Продольных перегородок 1-2
	Размеры (75-350 x 20-30) мкм	Размеры (14,4-104,5 x 6,1-20,5) мкм
	Окрашенные (от бледного до оливково-коричневого цвета)	Окрашенные (коричневые, серо-коричневые или оливково-коричневые)
Конидиеносцы	Септированные	Септированные
	Конидии продуцируются по одной на конидиеносце	Конидии в цепочках
	Окрашенные	Окрашенные

На основании вышеперечисленных морфологических признаков возбудитель альтернариоза картофеля можно отнести к комплексу видов '*Alternaria alternata*', куда входит как собственно *Alternaria alternata*, так и *A. tenuissima*, *A. arborescens* E.G. Simmons, *A. destruens*, *A. longipes* (Ellis & Everh.) или секции '*Alternata*', выделенной на основании последовательности нуклеотидов 18S nrДНК, 28S nrДНК, ITS, GAPDH, RPB2 и TEF1-alpha gene regions. В секции насчитывается 21 вид: *Alternaria alternata*, *A. angustiovoidea* E.G. Simmons, *A. arborescens*, *A. burnsii* Uppal, Patel & Kamat, *A. cerealis* E.G. Simmons & C.F. Hill, *A. citriarbusi* E.G. Simmons, *A. citrimacularis* E.G. Simmons, *A. colombiana* E.G. Simmons, *A. daucifollii* E.G. Simmons, *A. destruens*, *A. dumosa* E.G. Simmons, *A. gaisen* Nagano ex Hara, *A. herbiphorbicola* E.G. Simmons, *A. limoniasperae* E.G. Simmons, *A. longipes*, *A. perangusta* E.G. Simmons, *A. postmessia* E.G. Simmons, *A. tangelonis* E.G. Simmons, *A. tenuissima*, *A. toxicogenica* E.G. Simmons, *A. turkisafria* E.G. Simmons.

В отличие от наших данных, на территории Ленинградской области чаще других обнаруживался вид *Alternaria tenuissima*, представители комплекса видов '*A. infectoria*', *A. alternata* и *A. avenicola* (Kosiak & Kwaśna) P.M. Kirk были представлены единичными находками [1]. Крупноспоровый вид *A. solani* выявлен на листьях картофеля в Хабаровском и Приморском краях [1] и в Южной Африке [2]. В Эфиопии возбудителями альтернариоза картофеля являются два вида рода *Alternaria* (*A. solani* и *A. alternata*). Девять видов рода *Alternaria*: *A. alternata*, *A. solani*, *A. tenuissima*, *A. broussonetiae*, *A. destruens*, *A. dumosa*, *A. interrupta*, *A. rhadina*, *A. soliaegyptiaca* отмечены в качестве возбудителей альтернариоза картофеля в Иране (провинция Западный Азербайджан) [4].

Выводы

На основании морфологических признаков возбудитель альтернариоза картофеля на юго-востоке Казахстана отнесен нами к комплексу видов '*Alternaria alternata*' или секции рода '*Alternata*'.

Литература

1. Ганнибал Ф.Б. Видовой состав, таксономия и номенклатура возбудителей альтернариоза листьев картофеля // Лаборатория микологии и фитопатологии им. А.А.Ячевского ВИЗР. История и современность. Под ред. А.П.Дмитриева. - СПб: ВИЗР, 2007. - С. 142-148.
2. Van der Waals J.E., Korsten L., Aveling T.A.S. A review of early blight of potatoes // African Plant Protection. – 2001, 7(2). –Р. 1-12. Ганнибал Ф.Б. Мониторинг альтернариозов сельскохозяйственных культур и идентификация грибов рода *Alternaria* (Методическое пособие) – СПб: ВИЗР, 2011. – 70 с.
3. Ellis M.B. Dematiaceous Hyphomycetes. - Kew: Commonwealth Mycological Institute, 1971. - 608 p.
4. Hajipour Jarchelou Z., Ghosta Y., Rezaee S. Identification and pathogenicity study of *Alternaria* spp. On potato in West Azerbaijan province (1) // Iran. J.Plant Path. -2013. - Vol. 49, No. 3. - P. 101-104.
5. Tsedaley B. Review on early blight (*Alternaria* spp.) of potato disease and its management options // Journal of biology, agriculture and healthcare. –2014. - Vol.4, No.27.–P. 191-198.

Асылбек А.М., Рахимова Е.В., Сүлейменова С.Е., Красавин В.Ф., Ертаева Б.А.,
Мошняков А.Н., Қойбағаров Е.С.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАРТОП ДАҚЫЛЫНЫҢ АЛЬТЕРНАРИОЗ ҚОЗДЫРУШЫСЫН БІРЕГЕЙЛЕУ

Альтернариоз – картоп жапырақтарың ең зиянды қоздырушыларының (*Solanum tuberosum* L.) бірі, оны өсіретін барлық аймақтарда кеңінен таралған. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы альтернариоз қоздырушысын бірегейлеуде картоп жапырағының зақымдалған 20 сортүлгілерінен және бір буданнан талданды. Алынған мәліметтер бойынша біздің жинаған үлгілер картоптың альтернариоз қоздырушысы ұсақ споралы түрге жатады және *Alternaria solani* саңырауқұлағы бола алмайды. Картоптың альтернариоз қоздырушысының морфологиялық белгілері негізінде '*Alternaria alternata*' немесе '*Alternata*' туысы секциясының кешенді түріне жатқызуға болады.

Кілт сөздер: альтернариоз, қоздырғыш, картоп дақылы, ұсақспоралы түрлер, кешенді түрлер.

Assylbek A.M., Rakhimova E.V., Suleymenova S.Y., Krasavin V. F., Yertaeva B.A.,
Moshnyakov A.N., Koybagarov Y.S.

FOR IDENTIFICATION A PATHOGEN CAUSING EARLY BLIGHT DISEASE OF POTATOES ON THE SOUTHEAST OF KAZAKHSTAN

Alternaria - one of the most harmful diseases of leaves of potato (*Solanum tuberosum* L.), common throughout the territory of its cultivation. To identify the causative agent of early blight in the south-east of Kazakhstan samples of infected potato leaves with 20 varieties and one hybrid were analyzed. According to our data potato early blight pathogen on samples, witch we collected, relates to species with small spores and there fore cannot be *Alternariasolani*. On the basis of morphological features of potato early blight pathogen can be attributed to a complex of species '*Alternariaalternata*' or section of genus '*Alternata*'.

Keywords: early blight, disease, potatoes, species with small spores, complex of species.

Бакирова К.Ш., Сейлхан А.С.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа

Аталған мақалада халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды экологиялық пәндерді оқыту әдістемесі қарастырылған. Атап айтқанда: «Су жүйелерінің экологиясы», «Адам экологиясы», «Экологияның құқықтық негіздері» атты пәндерді оқыту формалары мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: Экологиялық білім, экологиялық қауіпсіздік, әдістемелік кешен, экологиялық кешен, экологиялық кешен.

Кіріспе

Аталған мақалада халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кейбір экологиялық пәндердің әдістемелік кешендері қарастырылады. Өскелең ұрпақтың бойындағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруда мұғалімнің рөлі басым. Дәл, мұғалімнің міндетіне оқушылар бойындағы экологиялық білім мен дағдыны қалыптастыру, соның ішінде қазіргі замандағы алпауыт қатерлердің біріне жататын экологиялық апаттардың алдын алу мен экологиялық маңызы бар ғылыми жүйелерді әрі құндылықтарды сіңіре білу керек.

Табиғатты қорғау қызметін меңгерген тұлға, экологиялық білім мен дағдыларды толық игеріп арнайы оқытудың нәтижесінде алынатын білімге ие болады. Бұндай ірі экологиялық білім жүйесін меңгеруімен беру барысында мұғалімнің рөлі айрықша. Дәл, экологиялық біліммен қамданған мұғалім, бастауыш сыныптан-ақ өзінің Жаратылыстану-ғылыми мамандыруларды (химия, биология, география) пәндерінен барынша хабардар болуы керек, сол жағдайда ғана ол оқушы табиғатты қорғау дағдыларына қажетті ақпарат бере алады. Алайда, бүгінде педагогикалық практиканың нәтижесі көрсетіп, отырғандай мұғалімдердің көпшілігі табиғатты қорғау дағдыларын әрі ластанудан қорғану жолдарын жан-жақты меңгермеген. Қазірде экологиялық білімді жүзеге асыруда теоретика-әдістемелік кешеннің жеткіліксіздігімен экологиялық мәдениеттің цикл аралық және пән аралық негізде ғана жүргізілуі бүгіндегі экологиялық мәдениеттің әлсізденуіне әкелуде. Барлығымыздың ортақ мақсатқа жетуіміздің негізгі қайнар көзі жоғары мектеп педагогтарының үлесінде, себебі: болашақта орта мектеп мұғалімдерін дайындау міндетті дәл сол тұлғалардың тікелей мақсатына жатады. Аталған контекстте зерттеудің негізгі мақсатына адам өміріндегі экологиялық қауіпсіздікпен байланысты мектеп пен ЖОО-ның оқытушылары және жалпыға білім беретін мектеп мұғалімдерінің қызметіне экологиялық мәдениетті кеңінен зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бүгінгі таңдағы «Пайдалы қазбаларды барынша үнемдеу» стратегиялық ғылыми және саяси тұрғыда сауатсыз, әрі әлеуметтік және экономикалық тұрғыда қауіпті, ал өскелең ұрпақ алдында рухани және құқықтық жауапкершілікті сезіну бір мәселесі өзекті болып қала бермек.

Бұған қоса, қажетті ғылыми жүйені қамтамасыз етпеген жағдайда, саясаткерлермен дипломанттар экологиялық қауіпсіздік мәселесінің қаншалықты өткір, әрі көкейісті мәселелердің қатарында жатқандығын аңғармайтында болар, алайда дәрігерің ауруды

емдеу мүмкін болмаса, дәл солай мұғалімсіз оқушыны тұрақты экологиялық дүниетанымымен тәрбиелеп, әрі мықты тұлға ретінде қалыптастыру мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз үшін ең алдымен елдің тұрақты даму үрдісінде сауатты әрі сапалы ұрпақ тәрбиелегенде ғана еліміздің іргелі дамуына ықпал етеміз. Сол жағдай ғана қазірде экологиялық апаттардан зардап шеккендерге төленетін салықтың мөлшерін керісінше табиғатты қорғау және залалардан жоюға бағыттар еді.

Су ресурстарының сапасы Қазақстанның тұрақты дамуында іргелі орын алатыны мәлім. Елімізде әсіресе, тұщы су ірі проблемалардың қатарына жатады. Бұндай проблеманың туындау бірнеше себебі табиғи факторлардың (көктем мезгіліндегі өзен тасуының нәтижесі); көршілес жатқан мемлекеттердің территориясында су сағысының көп бөлігінің қалыптасуы; ең бастысы қуатты антропогенді күштердің әсері (адамдардың қажеттілігіне ие жерлердің шектеусіз тұтынылуы). Бұл жердегі экологиялық қауіпсіздік мәселесіне бірден шешуші міндеттерге адам денсаулығына әрі өміріне қауіпсіз сумен қамту, әрі гидросфераны қорғау, әрі кепілдендіру. Сонымен қатар, «Су жүйелерінің экологиясы» пәні бойынша орыс және қазақ тілдерінде оқыту-әдістемелік нұсқаулық пен оқыту бағдарламасы өңделіп 1999ж Халықаралық Сорос-Қазақстан қорының грантын ұтып алған болатын [1,2,3]. Аталған бағдарлама жаңа оқыту әдісі мен формасына қарай ерекшеленеді. Мысалы, студенттердің семинар сабақтарында ескірген реферат қорғау әдісінен қарағанда, студент өздігінен жеке шығармашылық жұмыс етінде өзінің туған жерінің, қаласының ауданы немесе ауласының су жүйелеріндегі экологиялық проблемасы жайында видеосюжет дайындауға мүмкіндік алады. Оған қосымша Люк Бэссонның, Жав Ив Кустоттың, Джордано Клейннің, Роберш Скоттың (Power sport International geograp videoe, Best Hollywood), «Теңіздер, мұхиттардың су асты әлемі», «Антарктина мен Атланттардың, гидросферадағы өзекті проблемалары», «Адам табиғатқа қарсы» және т.б. жоғары кәсіби тұрғыда түсірілген видеобаспалары өтетін сабақтарға үлкен септігін тигізеді. Бүгінде студенттер «Жасыл қорғау», «Айсар», «XXI-ғасырдың экологтары» атты қозғалыстардың, қоғамдық акциялар мен семиналарға белсенді қатысады. Бұндай әдістер әсіресе, дәріктік және семинарлық сабақтардың аясын кеңінен ашып қоршаған орта экологиясының көптеген проблемаларының танымдық жақтарын кеңейте түседі. Әрбір бөлім бойынша студентке арналған жұмыс дәптерінде әртүрлі формадағы тапсырмалар мен арнайы дайындалған бақылау жұмыстары берілген. Әр тақырып бойынша студенттердің білімін пысықтау мақсатында компьютерлік бағдарламалар өңделген. Аталған пәндер бойынша оқыту процессінде қажет тесттік формада және ресей ғалымы п.ғ.д., профессор В.В Аванесованың әдісімен бақылау тапсырмалары өңделген. Оқыту процессіндегі әдістердің әртүрлілігімен формасы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Бүгінде «Адам экологиясы» атты пән бойынша оқытудың модулдік бағдарламасы орыс және қазақ тілдерінде шығарылып өз кезегінде халықаралық ақпараттық-әдістемелік орталықтың «Экология және табиғатты пайдалану» тақырыбының аясында 2000 ж. Сорос-Қазақстанның Халықаралық қорының грантын ұтып алған болатын. Аталған бағдарламаның жаңалығы, ол модулдерден құрылып, әрбір модулдің мазмұнында дәрістің қысқаша ақпараты, бақылау сұрақтары, тесттік тапсырмалар, қажетті әдебиеттердің тізімі, интернеттегі сайт адресі [4]. Оқытушы барлық модулдар бойынша электронды базаға ие бола отырып, бұл пәнді сырттай және қашықтықтан оқитын студенттердің пәнді өз бетінше меңгеруіне мүмкіндік береді. «Экологияның құқықтың негіздері» пәні бойынша бағдарлама өңделген. Бұл пәнді оқыту әдістемесіндегі тиімділікті әсіресе, кесте мен таблицаларда көрсетілген білім ақпараттардан әрі халықтың экологиялық қауіпсіздіктің бұзылуындағы себеп-салдардың нәтижесін байқауға болады. Бұндай білімді меңгерген студенттің ойында «экологиялық моралды кодекстің» ережелері мен бірге күрделі материалдардың қысқаша әрі нақты

тезисі ұсынылады. Бұл әдістерді енгізбес бұрын экологиялық құқықтану бағдарламаларын түбегейлі зерттеп әрі жан-жақты саралап шықтық. Аталмыш пәннің барысында экологиялық қауіпсіздік әлемнің бір тұтастылығымен таза қоршаған ортада өмір сүруге, демалуға әрбір адамның құқылы екенін қарастырылған.

Қорытынды

Зерттеу барысында анықталған және енгізілген толықтырулар мен ескетулердің нәтижесі келесідегі шешімдерде тізбелік ұсынды. Білімнің экологияландырылуы студент бойындағы экологиялық білім мен дағдыны қалыптастыру, оған қоса тұлға қалыптастыруында экологиялық сананың кең мағынадағы қолданысқа енуі және табиғатты қорғау тәртібі, экологиялық қорғау әрі қауіпсіздікті ендірудегі әдістердің ұтымды технологиясын пайдалану. Жоғарыда аталған экологиялық парадигма барлық оқу орындарының пәндерінде қатысты, әрі тиіс. Қазіргі таңда, экология мәселесін, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық, психологиялық, әр әдістемелік тұрғыда өзектілендіру қажеттілігі басты мәселелердің қатарына енгендей.

Әдебиеттер

1. Бакирова К.Ш. Учебная программа курса «Экология водных систем» // Сборник экспериментальных программ и спецкурсов по экологии. Фонд-Сорос-Казахстан. Алматы.1999. С.64-79.
2. Бакирова К.Ш Сейітов Н.С. «Сулы жүйелер экологиясы» арнайы курсының типтік бағдарламасы; «География-экология» мамандығы студенттеріне арналған. Халықаралық «Сорос-Казахстан Көры». 2000.12б.
3. Модульная программа по дисциплине «Экология человека». Сорос-Казакстан. 2001. 34с.

Бакирова К.Ш., Сейлхан А.С.

ПРЕПОДОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ДИСЦИПЛИНЫ НА ДИДАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ

В статье рассматривается методология преподавания ряда экологических дисциплин, которые обеспечивают экологическую безопасность населения. В частности приводятся специфика и особенности методов и форм преподавания дисциплин: «Экология водных систем», «Экология человека», «Правовые основы экологии».

Bakirova K.S , Seylhan A.S.

ENVIRONMENTAL OF TEACHING DISCIPLINE DIDACTIC BASES

In article the methodology of teaching of some ecological disciplines which provide ecological safety of the population is considered examined. In particular are resulted specificity and features of methods and forms of teaching of disciplines: «Ecology of water systems», «Ecology of the person», «Legal bases of ecology».

Бейсен Г., Ысқақ С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АГРОМЕТЕРОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ АЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИТАЛИЯЛЫҚ ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ ФЕНОЛОГИЯЛЫҚ ФАЗАЛАРЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Қазақстанда зиянкес шегірткелердің 270-ден астам түрлері тіркелген. Олардың ішінде тек 15-20 түрлері ғана ауыл шаруашылығы дақылдары мен ауыл шаруашылығына жарамды жерлерде өсетін табиғи шөптерге, жайылымдықтарға, шабындықтарға зиянын тигізеді. Олар үйірлі және саяқ топтарына бөлінеді. Зиянкес шегірткелердің үйірлі түрлері өте зиянды болып келеді. Үйірлі шегірткелерге 3 түр – азиялық, мароккалық және италиялық шегірткелер жатады. Азиялық шегіртке популяциясы Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарын мекендесе, италиялық шегірткенің ірі ошақтары Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында орналасқан. Мақалада Алматы облысындағы Алакөл ауданындағы Балқаш-Алакөл ұяшығын мекендейтін азиялық және италиялық шегірткелердің дамуына агрометеорологиялық факторлардың әсері баяндалады.

Кілт сөздер: Зиянкес шегірткелер, биология, агрометеорологиялық факторлар, предиктор, ылғалдылық, ауа температурасы, тиімді температуралар жиынтығы, гидротермиялық коэффициент, фитосанитарлық диагностика, болжау, вегетациялық кезең.

Кіріспе

Азиялық және италиялық шегірткелер ауыл шаруашылығы дақылдарына үлкен зиян келтіреді. Үйірлі шегірткелердің ішінде еліміздің барлық дерлік аумағында тіршілік етіп, ауыл шаруашылығына елеулі қауіп келтіретін италиялық шегіртке. Оның зиян келтіретін ареалы шығыс, орталық, солтүстік батыс өңірлерді алып жатыр. Кейінгі жылдары азиялық және италиялық шегірткелердің Қазақстанның оңтүстік-шығысында ауыл шаруашылығына жарамды жерлерде кеңінен таралуы мен дамуына қарсы қорғау шараларын уақытылы жүргізбеу себеп болды. Жаппай өсіп-өніп көбейген жылдары шегірткелер осы жерлерден ондаған, жүздеген километр қашықтықта орналасқан егін – жайларға, пішендікке, мал жайылымдарына ұшып барып орасан зор зиян келтіреді.

Осыған байланысты азиялық және италиялық шегірткенің Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында дамуын болжаудың агрометеорологиялық предикторларын анықтап, оларға қарсы жүргізілетін жою шараларының мерзімін белгілеу маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Шегірткелердің әрбір түрінің өзіндік өсіп-даму заңдылықтары, популяция құрылымының өзгеруі, тәуліктік және маусымдық белсенділігі, мекен-жайларына орналасуы, қоректенуі және тағы да басқа ерекшеліктері болады. Шегірткелер популяциясының сан динамикасын білу үшін зиянкестердің систематикалық түрін нақты білу жеткіліксіз. Осыған орай шегірткелердің қандай жерді мекендейтінін және қандай шөптер түрлерімен қоректенетінін жете білу қажет. Сонымен қатар зиянкес шегірткелердің бір орында тұрып қалмай, алыс жерлерге орын ауыстыратын «миграциялық» қасиетін де естен шығармау абзал.

Жалпы шегірткелердің мекен-жайларын анықтау жұмыстары, олардың санын, олар жайлаған территорияның көлемін білу үшін және қажеттілігі туа қалған жағдайда оларға қарсы жою шараларын дайындау үшін жүргізіледі.

Шегірткелердің түр құрамдарын зерттеу жұмыстары көптеген ғалымдардың әдістемелеріне сай жүргізіледі.

Белгілі бір кезеңдегі ауа температурасының орташа көрсеткіші төмендегі формула бойынша анықталды:

$$T = \frac{t_1 + t_2 + t_3 + \dots + t_n}{n}$$

мұнда, $t_1 + t_2 + t_3 + \dots + t_n$ - әр бір жеке күннің орташа температурасы, $^{\circ}\text{C}$; n - кезеңнің ұзақтығы, күндер.

Егер де онкүндіктің температура көрсеткіштері тұтастай пайдаланылатын болса, онда ол онкүндіктің орташа көрсеткішін 10 немесе 11-ге көбейтеді. Ал онкүндіктен аз күндер болса, онда сол күндер санына көбейтеді.

Тиімді температуралар жиынтығы (ГТЖ) төмендегі формула бойынша анықталды:

$$\text{ГТЖ} = (T - T_0) \times n,$$

мұнда, T_0 - шегірткенің дамуының төменгі температуралық көрсеткіші.

Ауа температурасы мен ылғалдың біріккен әрекетін анықтайтын көрсеткішті ГТК - гидротермиялық коэффициент дейді. Бұл көрсеткіш ауа температурасының 10°C жоғары болған мерзімдерін ғана сипаттай алады. Ол төмендегі формула бойынша анықталады:

$$\text{ГТК} = \frac{(r_1 + r_2 + r_3 + \dots + r_n) \cdot 10}{(t_1 + t_2 + t_3 + \dots + t_n)}$$

мұнда, r^1 - бір кезеңнің жекелеген тәуліктері бойынша түскен жауын мөлшері.

Зерттеу нәтижелері

2015 жылы маусым және қыркүйек айларында ғылыми-зерттеу практикасы Алматы облысы Алакөл ауданы аумағында жүргізілді. Алакөл аудандық аумақтық инспекция мен аудандық фитосанитарлық диагностика және болжау мекемесі қызметкерлерімен бірге зерттеу жұмыстары Арқарлы ауылдық округінің (италиялық шегірткенің жусан және жабайы шөптер өскен стациясы - Орысбай учаскесі) және Алакөл, Сасықкөл көлдерінің жағалауындағы (азиялық шегірткенің Бесағаш ауылдық округіндегі Башық, Қасқыр жота Қынашбай, Жағатал ауылдық округіндегі Бесағаш, Есімбек ұяшықтары) аумағында вегетациялық кезең бойы жүргізілді. Наурыз бен қыркүйек айлары аралығындағы ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері, ауа ылғалдығының көрсеткіштері есепке алынды (Кесте 1).

Кесте 1 - Алматы облысы Алакөл ауданы бойынша абиотикалық факторлардың (ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері, ауа ылғалдығы) 2015 жылғы вегетациялық кезеңдегі көрсеткіштері

Айлар	Жауын-шашын мөлшері, мм			Күндік орташа температура, t°			Ауа ылғалдылығы, %		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Наурыз	0,9	0	1,52	-3,6	-1,0	-3,9	80,5	78,8	82,7
Сәуір	0,3	1,8	2,8	4,7	12,2	16,85	63,5	54,4	48,8
Мамыр	2,9	4,0	5,3	20,8	19,4	17,9	45,8	52,9	60,3
Маусым	6,4	8,2	8,2	22,7	22,0	25,1	47,9	50,9	41,8
Шілде	9,1	9,1	8,7	20,8	26,0	29,9	49,8	44,3	44,5
Тамыз	9,5	8,5	11,6	22,9	22,01	19,6	39,95	52,1	54,3
Қыркүйек	13,8	14,1	17,4	16,7	15,6	9,0	56,9	55,9	60,8
Қазан	12,8	12,1	15,4	14,1	9,5	5,0	46,7	73,9	66,0

Наурыз айы бойы ауа температурасы бірқалыпты деңгейді көрсетті, күн ашық, жел әртүрлі бағытта соқты. Апта соңында ауа-райы күрт бұзылды, 11-ші күнінде қар жауды,

оңтүстік-шығыстан аздаған жел соқты. 3-шы онкүндігінде күндік орташа температура - 3,9°C-ға дейінгі суықтықты көрсетті. Ауа –райының құбылмалы, салқын, суық желдің жиі соғуына байланысты аса қауіпті және зиянды организмдердің шығуы байқалған жоқ.

Сәуір айының соңғы күндерінде және апта ішінде ауа температурасының күндізгі уақыттарда көтерілгені байқалды, түнгі уақыттарда төменгі деңгейде болды, жел әртүрлі бағытта соқты. Апта соңында күн бұлтты болып, аздаған жаңбыр жауды, солтүстік-батыстан салқын жел соқты. 2-ші онкүндікте жауын-шашын мөлшері 1,8 мм көрсетті.

Мамыр айының соңғы күндерінде және апта ішінде ауа-райы құбылмалы болды, 22-ші жұлдызында сіркіреген жаңбыр жауды, 26-шы жұлдызында тәулік бойы толассыз жаңбыр жауды, 3/13 м/сек деңгейінде үздіксіз жел соқты. Апта соңында күн ашылды, күндік орташа ауа температурасы +20,8°C болды.

Маусым айының соңғы күндерінде ауа температурасы бірқалыпты деңгейді көрсетті, күн ашық, оңтүстік-шығыстан аңызақ ыстық жел соқты. Апта ішінде ауа-райы күрт өзгерді, күн бұлтты болып, 15-ші және 16-шы күндерінде толассыз жаңбыр жауды, солтүстік-батыстан 3/13 м/сек деңгейінде үздіксіз салқын жел қатты соқты. Апта соңында күндік орташа температурасы +25,1°C болды.

Шілде айында аптаның соңғы күндерінде және апта ішінде ауа температурасы ең жоғары көрсеткіш деңгейін көрсетіп тұрды, күн ашық, оңтүстік-шығыстан аптап ыстық жел соқты. Апта соңында ауа-райы құбылмалы болды, күн бұлтты болып, оңтүстік-шығыстан аздаған жел соқты, күндік орташа температурасы + 29,9°C болды. Ауа ылғалдығы 49,8%-ті көрсетті.

Тамыз айында аптаның соңғы күндерінде ауа-райы күрт өзгерді, күн бұлтты болып, 21-ші тамызда жаңбыр жауды, оңтүстік-шығыстан аздаған жел соқты. Апта ішінде ауа температурасы бірқалыпты деңгейді көрсетті, күн ашық, жел әртүрлі бағытта соқты. Апта соңында ауа-райы қайта өзгерді, күн бұлттанып, 26-шы тамызда өткінші жаңбыр жауды, солтүстік-батыстан 4/19 м/сек деңгейінде үздіксіз жел соқты. 3-ші онкүндікте жауын-шашын мөлшері 11,6 мм ды құраса, күндік орташа температурасы +19,6°C болды.

Қыркүйек айының соңғы күндерінде және апта ішінде ауа-райы құбылмалы, бұлтты болды, 19-шы және 21-ші, 22-ші күндерінде толассыз жаңбыр жауды, оңтүстік-шығыстан 3/10 м/сек, 4/13 м/сек, 9/20 м/сек деңгейінде жел қатты соқты. Апта соңында күн ашылды, оңтүстік-шығыстан аздаған жел соқты. Ауа ылғалдылығы 55,9 % ті көрсетті.

Қазан айының соңғы күндерінде ауа-райы күрт өзгерді, күн бұлтты болып, 23-ші және 24-ші күндерінде сіркіреп жаңбыр жауды, аздаған қар ұшқындады, солтүстік-батыстан 4/10 м/сек деңгейінде үздіксіз жел соқты. Апта ішінде және апта соңында ауа температурасы бірқалыпты деңгейде болды, күн ашық, оңтүстік-шығыстан 3/11 м/сек деңгейінде жел соқты. Күндік орташа температурасы 3-ші онкүндікте +5,0°C болды.

Нәтижелерді талдау

Италиялық шегірткенің алғашқы дернәсілдерінің жер бетіне шыққан кезі мамыр айының 22-ші жұлдызында Арқарлы ауылдық округі, Шілікті аймағында анықталды, ал популяцияның жаппай дамуы ауа-райының құбылмалы, үздіксіз салқын желдің жиі соғуынан 1 онкүндікке кешікті. Ал азиялық шегірткенің дернәсілдердің жер бетіне шығуы мамыр айының 16-шы жұлдызында Бескөл, Ақтүбек ауылдық округтері, Бесқасқа, Шұбартүбек аймақтарында анықталды, ал жаппай жер бетіне шығуы 19-шы мамырда Қамысқала, Бескөл ауылдық округтері, Ұялы, Алеш, Бесқасқа аймақтарында тіркелді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты биылғы жылы италиялық шегіртке дернәсілдерінің дамуы 30-40 күнге, ал азиялық шегірткенің дамуы 45-60 күнге дейін созылды.

Италиялық шегірткенің қанаттануы 30-шы маусымда Теректі ауылдық округінде, Шілікті аймағында, ал азиялық шегірткенің қанаттануы шілде айының 8-ші жұлдызында басталуы анықталды.

Италиялық шегірткенің шағылысуы шілде айының 17-ші күні, жұмыртқа салуы 31-ші шілдеде анықталды. Азиялық шегірткенің шағылысуы 22-ші шілдеде, ал жұмыртқалауы 21-ші тамызда Қамысқала ауылдық округі, Уялы аймағында басталуы тіркелді. Мониторинг жұмыстарының нәтижесінде белгілі болғаны, келесі жылы азиялық шегіртке популяциясының санының күрт өсу динамикасы байқалады.

Италиялық шегірткенің күбіршектері аз мөлшерде байқалды, күбіршектің паразиттер және энтомофагтармен зақымдануы 7-9 пайыз болса, күбіршектегі жұмыртқалардың саны 42-46 дананы құрады.

Азиялық шегірткенің қоныстану тығыздығының басымдылығы Бескөл ауылдық округі, Алеш аймағында байқалды және оның күбіршектерінің зақымдануы 2-4 пайызды құрады. Күбіршектегі жұмыртқаның саны 72-95 данаға жетті. Италиялық шегіртке ересектерінің өле бастауы қыркүйек айының 3-ші онкүндігінде, ал азиялық шегірткенің өле бастауы 3-ші онкүндігінде тіркелді.

Италиялық шегіртке дернәсілдерінің саны 5-26 экз./м² болса, ал азиялық шегірткенің саны 8-52 экз./м² дейін жетті. Италиялық шегірткенің қанаттанған дарақтарының саны 1 шаршы метр жерге 30-50 данадан, ал азиялық шегіртке ересектерінің саны 80-90 экз./м² болды.

Италиялық шегіртке дернәсілдерінің дамуы үшін 3855 °С, азиялық шегіртке дернәсілдері үшін 2368°С тиімді температуралар жиынтығы қажет (ТТЖ). Азиялық және италиялық шегіртке дернәсілдерінің алғашқы жер бетіне шығуы, тиісінше 2015 жылғы 16 және 30 мамырға тұспа тұс келді. Алматы облысы Алакөл ауданы аумағындағы италиялық және азиялық шегірткелер тіршілік ететін аймақтың гидротермиялық коэффициенті (ГТК) тиісінше 1,9 – 1,6 көрсеткішімен сипатталады.

Италиялық шегірткенің 2-жастағы дернәсілдеріне қарсы 10 маусымнан бастап, ал азиялық шегірткеге қарсы мамыр айының 3-ші онкүндігінде химиялық күрес шараларын жүргізе бастауға болады.

Қорытынды

Италиялық және азиялық шегірткелердің фенологиялық фазаларына агрометеорологиялық факторлардың (ауа температурасы, ылғалдылық) әсері анықталды. Италиялық шегірткенің алғашқы дернәсілдерінің жер бетіне шыққан кезі мамырдың 22, ал азиялық шегірткенің дернәсілдері 16 мамырда шықты. Олардың қанаттануы тиісінше 30 маусым және 8 шілдеде болды.

Әдебиеттер

1. Фасулати К.К. Полевое изучение наземных беспозвоночных. -М.:Высшая школа, 1971. – 474 с.
2. Цыпленков Е.П. Вредные саранчовые насекомые в СССР. -Л.: Колос, 1970. – 272 с.
3. Бунин Л.Д., Курдюков В.В. Вредоносность итальянского пруса // Защита растений. -1983, №11. – С. 40-41.
4. Поляков И.Я., Персов М.П., Смирнов В.А. Прогноз развития вредителей и болезней сельскохозяйственных культур (с практикумом). – Л.: Колос, 1984. – 318 с.
5. Старостин С.П., Попов Г.А., Камбулин В.Е., Федосимов О.Ф., Кадыров А., Гасанов С.Г. Обследование земель на заселенность азиатской саранчой и меры борьбы с ней (рекомендации). – Алма-Ата: Кайнар, 1988. – 15 с.

Бейсен Г., Ыскақ С.

ВЛИЯНИЕ АГРОМЕТЕОРОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТЬ ФЕНОЛОГИЮ РАЗВИТИЯ АЗИАТСКОЙ И ИТАЛЬЯНСКОЙ САРАНЧИ

В статье приводятся результаты магистерских научных исследований по изучению влияния агрометеорологических факторов окружающей среды на биологию 2 видов стадных саранчовых – азиатской и итальянской саранчи, обитающие на юго-востоке Казахстана. Исследованием установлено сумма эффективных температур для развития яиц, личинок и имаго саранчовых вредителей в весенний, летний периоды 2015 года. Также определены ГТК – гидротермический коэффициент для условий Алакольского района Алматинской области. Даются предварительные прогнозы сроков начала проведения защитных мероприятий против личинок азиатской и итальянской саранчи для условий Алакольского района Алматинской области.

Beisen G., Yskak S.

THE IMPACT OF AGRO-METEOROLOGICAL FACTORS ON THE DURATION OF THE ASIAN AND ITALIAN LOCUSTSPHENOLOGICAL PHASES

In the article the results of masters research on the impact of agrometeorological factors of the environment on the biology of two species of gregarious locusts Asian, Italian locusts, living in the southeast of Kazakhstan. The study found the amount of effective temperatures for development of eggs, larvae and adults of locusts pests in the spring, summer periods in 2015. Also identified hydrothermal coefficient for the conditions of Alakol district of Almaty region. Given the preliminary forecasts. Of the protective measures against the larvae of Asian and Italian locusts of Alakol district of Almaty region.

УДК:551.4:502(574)

Берсембаева А.Е., Анарбекова Г.Д.

Казахский национальный аграрный университет

ВЛИЯНИЕ АНТРОПОГЕННОГО ФАКТОРА НА ЗАГРЯЗНЕНИЕ РЕК БОЛЬШОЙ И МАЛОЙ АЛМАТИНКИ

Аннотация

Статья посвящена 85-летию Казахского национального аграрного университета, где проводится качественная подготовка специалистов для аграрного сектора экономики, повышение конкурентоспособности и рейтинга Вуза как на республиканском, так и на международном уровне.

Ключевые слова: загрязнение, методы очистки сточных вод

Введение

В современное время экологические факторы, особенно антропогенный фактор оказывают сильное воздействия на поверхностные воды, к которым относятся: реки, озёра и моря. Из года в год увеличиваются выбросы загрязнённых промышленных, сельскохозяйственных и бытовых сточных вод приводящие к изменению качества воды.

Источниками загрязнения являются различные сбросы промышленных производств, бытовых вод, нарушение структуры водоемов при механическом перемешивании слоёв воды, а также нарушение термического режима. Под влиянием этих факторов приводят не только к различным изменениям в водных экосистемах, но и отражается на общем состоянии природы и на здоровье человечества.




Рисунок 1 - Виды загрязнения

Наша страна ограничена водными ресурсами и соответственно дорожит каждым водным объектом. Дефицит пресной воды является наиболее острой экологической проблемой не только в Казахстане, но и во всем мире.

За экологическим состоянием рек регулярно следит РГП «Казгидромет» департамента экологического мониторинга МООС. Специалисты этого центра дежурят на станциях и постах возле водных объектов, берут пробы воды и исследуют ее в лабораториях. Лаборанты оценивают уровень загрязнения поверхностных и морских вод по величине индекса загрязненности воды (ИЗВ).

Экологический мониторинг включает комплексные наблюдения за состоянием окружающей среды, в том числе компонентов природной среды, естественных экологических систем, за происходящими в них процессами, явлениями, оценка и прогноз изменений состояния окружающей среды.

Общие водные ресурсы рек в средний по водности год составляют 100,5 км³, возможные к использованию - 46 км³. Остальной объем воды затрачивается на экологические, рыбохозяйственные, санитарные (29 куб. км), транспортные и энергетические (9,0 куб. км) нужды, на фильтрационные и другие виды потерь (12%)

Изучены закономерности накопления тяжелых металлов поверхностных водах города Алматы. Более 50% суммарных водных ресурсов – основного источника питания горных рек формируется в высокогорном поясе Северного Тянь-Шаня. По оценкам экспертов за последние 30-35 лет оледенение Тянь-Шаня сократилось почти на треть, что отрицательно отразилось на условиях формирования и режиме стока. Малые реки имеют важное значение для города и для всей Алматинской области, широко используются в рекреационных целях, интенсивно разбираются на орошение, используются для

получения электроэнергии, в технических целях, с помощью запруд созданы искусственные водоемы, русла некоторых из них забетонированы. Образование водохранилищ и прудов ведет за собой увеличение объема и естественное отстаивание воды, а места перепадов способствуют ее аэрации, вместе с тем, уменьшение проточности водоемов может отрицательно сказываться на интенсивности процессов самоочищения и ухудшить разбавление загрязнений.

Таблица 1- Классификация и методы очистки сточных вод

Тип вредных веществ	Методы очистки сточных вод
Нерастворимые в воде загрязнения – взвешенные вещества, эмульсии и суспензии образуют с водой гетерогенные кинетически неустойчивые соединения (I группа)	Методы, основанные на использовании сил гравитации
Вещества коллоидной степени дисперсности ($R \sim 0,1$ мкм), образующие с водой гидрофобные и гидрофильные системы (II группа)	Электрофлотация + коагуляция
	Флотация + коагуляция
	Фильтрация
	Отстаивание (седиментация)
Вещества молекулярной степени дисперсности ($R < 0,01$ мкм). Растворимые органические соединения (III группа)	Сорбция на активированном угле
	Нанофильтрация
Ионные растворы ($R < 0,001$ мкм). Растворы солей, кислот, щелочей, ионы металлов – электролиты (IV группа)	Реагентный метод – перевод ионов в малорастворимые соединения
	Мембранные технологии обессоливания

Превышение допустимых концентрации некоторых загрязняющих веществ отрицательно влияет как на человека, так и на биоценозы в водном объекте. Так как, при сбросе сточных вод после производственных процессов требуется очищать от вредных веществ и достичь установленной предельно допустимой концентрации ПДК сточных вод.

Для характеристики загрязненности сточных вод используют т.н. суммарные или групповые показатели. Эти показатели характеризуют определенные свойства воды без идентификации отдельных веществ. Химические соединения, находящиеся в сточной воде, можно разделить на неорганические и органические и классифицировать по их фазовому состоянию. Более часто используемая характеристика сточных вод, предложенная академиком Кульским Л.А.

При обработке сточных вод различного типа используют разные группы методов. Применяя разделение по фазовому состоянию веществ в растворе, можно сгруппировать методы очистки сточных вод.

По территории города Алматы, который является одним из значимых городов в Казахстане протекает множество различных рек. Также искусственные каналы и водоемы. Всего не менее 22 реки и 4 русловых водоема искусственного происхождения. Общая протяженность русел рек – 220,8 км. Общая площадь зеркал водного фонда – 1116 га. Наиболее крупные реки: Большая Алматинка в западной части города (29 км), Малая

Алматинка в восточной части города (28 км) и Есентай в центральной части города (25 км).

Река Большая Алматинка

Река Большая Алматинка (29 км) правый приток реки Каскелен. Общая длина 96 км, площадь водосбора 425 км². Образуется слиянием трех потоков, вытекающих из-под морены двух ледников Заилийского Алатау. Селеопасна. Время добегания селевого потока по руслу от начала селевого очага до озера Сайран (длина пути 30,8 км) – 1 час 24 минуты.



Рисунок 1 - Река Большая Алматинка

Малая Алматинка

Малая Алматинка (28 км) правый приток реки Каскелен. Общая длина 125 км, площадь водосбора 710 км². Берет начало из Туюксуских ледников Заилийского Алатау. Селеопасная. Время добегания селевого потока по руслу от моренных озер до Дворца Республики (длина пути 20,1 км) – 1 час 22 минуты.



Рисунок 2 - Малая Алматинка

Протекающие реки через город имеют огромное значение для человека, биоценозов и популяции, как в водной среде так и на поверхностной части земли.

При загрязнении водных ресурсов выбор наилучших доступных технологий очистки воды является для проектировщиков достаточно сложной задачей, обусловленной разнообразием загрязняющих веществ в сточной воде и высокими требованиями, предъявляемыми к качеству ее очистки.

Загрязненные воды снижают качества воды и оказывает отрицательную роль на здоровье людей, негативно влияет на биологическую продуктивность водоемов.

Литература

1. «Шкаликов Ф.В. Речная сеть Казахстана // Труды Каз НИГМИ – 1959. – Вып. «1. – С. 90-95.
2. Тепляков И.Н., Лаврентьев П.Ф., Абдильдин С.А. Водные ресурсы Казахстана и их использование. – Алма-Ата: «КазНИИНТИ», 1978. – 78 с.
3. Жданова И.С., Иванова Л.В., Раткович Д.Я. Об изменчивости годовых величин стока и осадков // Водные ресурсы. – 1973. – № 1. – С. 95-105.
4. Калинин Г.П. Проблемы глобальной гидрологии. – Л.: .
5. Проблемы изучения и использования водных ресурсов. – М.: «Наука», 1972. – С. 50-83.
6. Быков В.Д., Васильев А.В. Гидрология. – Л.: «Гидрометеиздат», 1972. – 447 с., 1977. – 447 с.
7. Гиррилович Н.А. Гидрометрия. – М.-Л.: «ОНТИ НТКП СССР», 1937. – 328 с.
8. Городская Программа «Реки г. Алматы». – Алматы, 2007
9. Михайлов В.Н., Добровольский А.Д. Общая гидрология, М.; «Высшая школа» 1991»
10. Богословский Б.Б., Самохин А.А., Иванов К.Е., Соколов Д.П. Общая гидрология, Л.; 1984
11. Давыдов Л.К., Дмитриева А.А., Конкина М.Г. Общая гидрология, Л.; 1973

Берсембаева А.Е., Анарбекова Г.Д.

ҮЛКЕН ЖӘНЕ КІШІ АЛМАТЫ ӨЗЕНДЕРІНІҢ ЛАСТАНУЫНА АНТРОПОГЕНДІК ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ

Мақалада экологиялық факторлардың әсерінің нәтижесінде пайда болатын ластағыш көздері және ағынды сулардың тазалау әдістері қарастырылған.

Bersembaeva A.E., Anarbekova G.D.

THE ANTROPOGENICAL FACTORS IMPACT OF POLLUTION OF BIG AND SMALL ALMATINKA RIVERS

The article describes the sources of pollution occurring under the influence of environmental factors and methods of wastewater treatment

Дуйсенова Г., Жоламанов Қ.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ БӨКТЕРІНІҢ ОҢТҮСТІК – ШЫҒЫСЫНЫҢ СУАРМАЛЫ
ЖЕРІНДЕ ЕГІС АЛДЫНДАҒЫ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ СУДАН
ШӨБІНІҢ АРАМШӨПТЕРМЕН ЛАСТАНУЫ МЕН ТОПЫРАҚТЫҢ АГРОФИЗИКАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысының тау бөктерінің суғармалы егісінде судан шөбінің агрофизикалық көрсеткіштері мен егіс алдындағы топырақ өңдеудің арамшөптерге әсері зерттеліп мәліметтеркелтірілген.

Кілт сөздер: судан шөбі, арамшөп, гербицид, топырақ өңдеу.

Кіріспе

Қазіргі таңда елімізде алға қойып отырған өзекті мәселелердің бірі ауыл шаруашылығы саласы. Мал азығын өндіру ауыл шаруашылық өндірісінің негізгі бір саласы. Саланың маңызы, қазіргі жағдайы және қарқындануы жылдан-жылға кеңінен етек алып, өркендеп келе жатыр десек артық айтпаған болар едік. Мал азығының қорын нығайтуға, әсіресе оның сапасын көтеруде егістік мал азығын өндіру саласының маңызы айтарлықтай ерекше десек артық айтпаған болар едік[1].

Зерттеуімізге алып отырған мал азықтық дақылымыз яғни, судан шөбінің құнарлығы өте жоғары болып отыр. Сонымен қатар судан шөбі құрғақшылыққа өте төзімді болып келеді және басқа дақылдармен салыстырғанда ылғалды өзінде жақсы сақтайды. Судан шөбінің көк балауса мен пішені малдарға жұғымды қоректік заттарға бай. Оның көк шөбінде 12,3% протеин және 2,4% май бар, ал пішеніндегі осы көрсеткіштер 12,5% протеин, 2,8% майға тең. Судан шөбінің 100 кг көк жемінде 17, пішенінде – 52, сүрлемінде – 228 мал азықтық өлшем болады[2].

Міне, осы қасиеттеріне қарай судан шөбі бір жылдық астық тұқымдастарына жататын мал азықтық дақылдардың ішіндегі құндысы. Оны пішен, сүрлем және көк балауса алу үшін өсіреді. Сонымен қатар, ол таптырмайтын мал жайылымдық шөп, өйткені малдар таптап кеткеннен кейін тез қалпына келіп, бір айдың шамасында қайтадан жайылым ретінде пайдалануға жарамды[3].

Судан шөбінің ерекшелігі – ол жоғары өнімді өсімдік. Оның әр гектар егістігінен 100-120 центнерге дейін пішен, 250-350 центнер көк шөп, 8-14 центнерге дейін тұқым алуға болады.

Судан шөбінің тамыр жүйесі нәзік, оның жер бетіне шыққан көгінің өнімі көп болады, жерден қоректі заттарды мол алады. Сонымен қатар, ол топырақ талғамайды. Судан шөбін өсру көптеген қазіргі дала ауыспалы егісіндегі бар қиын мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты

Қазақстанның тау бөктерінің оңтүстік – шығысының аумағында судан шөбін егер алдындағы агротехникалық жұмыстардың судан шөбінің арамшөптермен ластануын азайту.

Зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:

1. Дақылдың жақсы өсіп-дамуына қолайлы жағдай тудыру;
2. Дақылдың арамшөптермен ластануын төмендету;
3. Дақылдың егіс алдынағы агротехникалық жұмыстарын одан әрі дамыту;
4. Дақылдың экономикалық тиімділігін арттыру;

Жаңалығы

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері барысында судан шөбінің егіс алдындағы агротехникалық жұмыстарының судан шөбінің арамшөптермен ластануын төмендету.

Зерттеуде жүргізілген тәжірибе нұсқалары төмендегідей нұсқалардан тұрады:

1. Қарапайым өңдеу
2. Қопсыту 1 рет+тырмалау+таптау
3. Қопсыту 2 рет+тырмалау+таптау
4. Дискілеу 1 рет+қопсыту 1 рет+тырмалау+таптау

Тәжірибе жүргізілген топырақ жамылғысы - топырақтар шалғындық қоңыр топырақтарға жатады.

Зерттеу кезінде судан шөбінің танаптарында көптеген арамшөптер кездесті. Атап айтар болсақ: егістік қаулен, меңдуана, гүлтәжі, кәдімгі сурепка, тауық тары, алабота, жусан жапырақты ойраншөп. Судан шөбі көктем суық болса көп кешігіп, өте баяу өсіп арамшөптерге қарсы күресе алмайды, сондықтан егіс егуден бұрында, егіс көктеген кезде арамшөпті құртуға ерекше көңіл бөлінуі керек. Судан шөбі егісінің көбінесе нашар өсуі, оны жас кезінде арамшөп басып кетуден болады, өйткені ол тез жетіліп, судан шөбін өсірмей тұншықтырып тастайды. Көктеп шыққанына 10 – 15 күн өткен соң арамшөптерге қарсы күрес жүргізу үшін егіс даласының қатар аралығына көлденеңінен тырма тартады. Тырмалауды судан шөбінің толық түтік шығыра бастағанға дейін қайталай беру керек. Бұл тәсіл тек арамшөптерді ғана жоқ етумен тынбайды, сонымен қатар топырақ ауаны ақсы өткізеді, сөйтіп өсімдіктің тез өсуіне көмектеседі.

Кейде судан шөбін сеуіп болғаннан кейін күтпеген жерден суық болады, мұның салдарынан оның көктеуі кешеуілдейді, сөйтіп егіс даласын арамшөп қаптап кетеді. Мұндай жағдайда көктеп шығуын күтпей-ақ тезінен егістің қатараралығына көлденең немесе ең қолайлысы егіс даласына диагоналды тырмалау қажет.

Арамшөптерге қарсы 2,4 диалиен гербициді судан шөбінің түптену фазасында шашылды. Кестеде көрсетілгендей егіс алдындағы судан шөбінің топырағын өңдеудің әсерінен арамшөптердің азаюына көптеп септігін тигізіп отырғаны көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 – Егіс алдындағы топырақты өңдеудің арамшөптерге әсері (арамшөп саны мен салмағы

	Тәжірибелік нұсқалар	Арамшөптердің саны (шт/м ²) мен салмағы(г/м ²)			
		20.05-25.05		25.08-30.08	
		шт/м ²	г/м ²	шт/м ²	г/м ²
1	Қарапайым өңдеу	38,3	70,5	52,1	255,6
2	Қопсыту 1 рет+тырмалау+таптау	35,2	68,7	50,5	256,8
3	Қопсыту 2 рет+тырмалау+таптау	31,3	65,2	49,9	244,6
4	Дискілеу 1 рет+қопсыту 1 рет+тырмалау+таптау	31,0	53,8	34,9	134,7

Біздің тәжірибелік зерттеуімізде алып отырған ең ұтымды нұсқамыз ол төртінші яғни, дискілеу 1 рет+қопсыту 1 рет,+тырмалау+таптау нұсқасы өзінің ең жақсы нәтижесін беріп отыр. Бұл жерде байқап тұрғандарыңыздай арамшөптерді көктеу және дәннің пісуі кездерінде 5 күн аралығында арамшөптердің саны мен салмағы әрбір шаршы метрден алынып зерттелді.

Кесте 2 – Судан шөбінің фенофазасы (егілгеннен бастап пісіп жетілгенге дейін кезеңі) 2014-2015 жж.

№	Тәжірибелік нұсқалар	Себілген уақыты	Көктеуі		Түптенуі		Сабактануы		Бас тарта бастауы		Гүл шығаруы		Дәнінің пісуі	
			уақыты	Себілгеніне қанша күн	уақыты	Көктеуіне неше күн өтті	Уақыты	Көктеуіне неше күн өтті	Уақыты	Көктеуіне неше күн өтті	Уақыты	Егілгеніне неше күн өтті	уақыты	Көктеуіне неше күн өтті
1	Қарапайым өңдеу	24.04	13.05	19	04.06	22	26.06	51	30.06	55	06.07	74	25.08	122
2	Қопсыту 1рет+тырмалау+таптау	24.04	10.05	16	26.05	16	21.06	42	25.06	46	05.07	73	10.08	107
3	Қопсыту 2рет+тырмалау+таптау	24.04	11.05	17	27.05	17	22.06	42	27.06	47	03.07	71	05.08	102
4	Дискілеу 1рет+қопсыту 1рет+тырмалау+таптау	24.04	02.05	7	15.05	15	01.06	30	11.06	40	01.07	69	02.08	100

Сонымен қатар осы тәжірибелік нұсқамыздың әсері судан шөбінің фенологиясына да айтарлықтай әсері тигізіп отыр. Судан шөбінің көктеп шыққанынан бастап дәнінің толысып пісу аралықтарында да ең жақсы нәтиже көрсетіп, толық дән 100 күнде пісті. Ал қалған нұсқаларда дәннің пісуі біраз күнге кешеуіледі (кесте 3).

Кесте 3 – Судан шөбінің 2014-2015 жж орташа өнімділік

№	Тәжірибелік нұсқалар	Судан шөбінің биіктігі	Жапырақ саны	Жапырақ ұзындығы	Өнімділік	
					ц/га	%
1	Қарапайым өңдеу	136	6	20	265.4	80
2	Қопсыту 1рет+тырмалау+таптау	148	7	23	295.2	82
3	Қопсыту 2рет+тырмалау+таптау	151	9	25	302.5	86
4	Дискілеу 1рет+қопсыту 1рет+тырмалау+таптау	152	10	27	316.3	100

Қорытынды

Судан шөбінің өнімділігі, өсімдіктің биіктігі, жапырақ саны және жапырақ ұзындығы да атап өткен нұсқамызда ең жақсы көрсеткішті көрсетіп отыр. Өнімділік 100%-ға алынды. Қорытындылай келгенде судан шөбінің егіс алдындағы топырақ өңдеу жұмыстарының болашағы зор, ауыл шаруашылығына көптеп үлесінің тиетіндігі белгілі болып отыр.

Әдебиеттер

1. Муржанов И.Т. Почвозащитное земледелие на каштановых супесчаных почвах Казахстана – Алматы, 1995. – 89 л.
2. Конопьянов К.Е., Цекурено Л.Н. Продуктивность кормовых культур в зависимости от различных предшественников – Павлодарский ЦНТ, 1992. – 15 л.
3. Свешников А.М., Свешникова Н.Н. Возделывание суданской травы на севере Казахстана – 1985. – 13 л.
4. Тютюнников В.Н. Суданская трава – Алматы, 1978. – 75 л.

Дуйсенова Г., Жоламанов Қ.

ВЛИЯНИЕ ПРЕДПОСЕВНОЙ ОБРАБОТКИ ПОЧВЫ НА ЗАСОРЕННОСТЬ ПОСЕВОВ СУДАНКИ И НА АГРОФИЗИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ПОЧВЫ В УСЛОВИЯХ ОРОШЕНИЯ ПРЕДГОРНОЙ ЗОНЫ ЮГО – ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

В статье приведены исследования предпосевной обработки почвы на засоренность суданки и на агрофизические показатели почвы в условиях орошения предгорной зоны юго – востока Казахстана.

Duisenova G., Zholamanov Kh.

INFLUENCE PRESOWING CULTIVATION OF THE SOIL ON A WEEDINESS SOWING SUDAN – GRASS AND ON AGROPHYSICAL INDICATORS OF THE SOIL IN THE CONDITIONS OF AN IRRIGATION A FOOTHILL ZONE SOUTH – EAST PAST OF KAZAKHSTAN

In the article resulted researches of preseed treatment of soil on the impurity of Sudanese and on the agrophysical indexes of soil in a foothill zone of South – east past of Kazakstan.

ӘОЖ 633.71;631.5;633.37

Елтай М.Б., Әубәкіров Қ.Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК – ШЫҒЫС АЙМАҒЫНЫҢ ТАУ БӨКТЕРІНДЕ БҰРШАҚТЫ – АСТЫҚТЫ ШӨП ҚОСПАЛАРЫНЫҢ ҰЗАҚЖЫЛДЫҚ ӨНІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның оңтүстік – шығыс аймағының тау бөктерінің суармалы жерінде күрделі бұршақты – астықты шөп қоспаларының ұзақ жыл бойы өнімін қалыптастыруды және 6- жылы азот тыңайтқышымен (N35) қоректендірудің тиімділігін зерттеп мәдени жайылымдар жасауға перспективалы үлгісі ұсынылған.

Кілт сөздер: мәдени жайылым, шөп қоспалары, бұршақ, астық тұқымдас шөптер.

Кіріспе

Бұршақты – астықты шөп қоспаларын мәдени жайылымдар жасауға пайдаланудың маңызы көптеген ғылыми әдебиеттерден белгілі: (1-3). Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында мал шаруашылығының қарқынды дамуында сармалы мәдени жайылымдар жасап пайдаланудың маңызы зор. Көптеген Еуропа және Балтық жағалауындағы елдерде қазіргі кезде мұндай технология кеңінен қолданылып сүт өнімдерінің көлемін және сапасын арттыруда орны ерекше болып отыр.

Ресейдің әртүрлі аймақтарында жүргізілген тәжірибелерге сүйене отырып, жалпы мәдени жайылымдарды мал шаруашылығын интенсификациялауға пайдалана отырып, келешекте әр шаруашылықтың кешенінде мәдени, экономикалық және экологиялық тәртіптерді қатаң сақтауға болатынын теориялық және практикалық негізде көрсетті [1].

Ғалымдардың зерттеулері бойынша әртүрлі аймақтарда қалыптаасқан топырақ-климат жағдайына, бағылатын мал түрі мен асыл тұқымдығына және алынатын мал өніміне байланысты мәдени жайылымдарды жасудың, оны пайдаланудың технологиясы өзгеріп отыратыны анықталды. Ең бастысы мәдени жайылымдарға себілетін шөп түрлерін, қоспадағы арақатынасын ғылыми тұрғыда анықтап өндіріске ұсыну.

Қазақтың ұлттық аграрлық университетінің оқу тәжірибе шаруашылығында 2009 жылдан бастап күрделі шөп қоспалары зерттелуде [4].

Зерттеу нәтижелері

8. Wilkins D.S. The measurement of to edaphic factors by means of root grown. 2002.№2. P 118-123

Джарылкасынова Г.Ш., Махамедова Б.Я.

ВЛИЯНИЕ ЗАГРЯЗНЕННЫЕ ВОДЫ С ТЯЖЕЛЫМИ МЕТАЛЛАМИ НА ВОДНОГО РАСТЕНИЯ

В статье рассматривается влияние загрязненные воды с тяжелыми металлами на физиологию водного растения.

Dzharylkasynova G. Sh., Makhamedova B.Zh.

THE IMPACT OF WATER CONTAMINATED WITH HEAVY METALS ON AQUATIC PLANTS

The article examines the impact of polluted water with heavy metals on the physiology of aquatic plants.

ӘОЖ 633.63 (574.51)

Жинсанова С.Ж., Жаңабаев Қ.Ш.

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА РАТНИК ГЕРБИЦИДІН ҚОЛДАНУ МӨЛШЕРІНІҢ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ЕГІСІНІҢ АРАМШӨПТЕНУІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы жағдайында суармалы егістікте қант қызылшасы дақылының арамшөптенуіне қарсы қолданылған гербицидтер зерттеліп, нәтижелері келтірілді.

Кілт сөздер: қант қызылшасы, арамшөп, гербицид, тәжірибе, алқап, топырақты өңдеу.

Кіріспе

Қант қызылша егісінде, әсіресе қатарларда арамшөптердің көп шығуы прогрестік технолгоияны қолдануға бөгет жасайды. Арамшөптерге қарсы химиялық тәсілді қолдану оның өсуін 4-5 есе, егісті күтуге жұмсалатын қол күшін 2-2,5 есе қысқартады және қызылшаның өнімі жоғары болады. Гербицидтерді қолдануға байланысты қант қызылшасын өсіру технологиясы да өзгереді. Егістікті арамшөптерден сақтау және егіншілік мәдениетін жақсарту, өсімдіктің қажетті жиілігін қалыптастыру үшін қызылша тұқымын аз нормамен себуге жағдай жасайды, арамшөптерді жою мақсатымен қатараралықтарын сирету, бірнеше рет қопсытудың қажеті болмай қалады.

Қант қызылшасының бірден-бір бағалы қасиеті – онда көмірсуларының, оның ішінде сахарозаның көптеп кездесуі. Құрғақ затының мөлшері 11–12% болса, оның 6–7% көмірсулар болып келеді. Қызылшаның құрамында көмірсулардан басқа калий, фосфор, магний, темір, мырыш, С, В, РР, Е дәрумендері бар. Осы пайдалы заттардың арқасында қызылша адамның ағзасын тазалайды, шаршағанды басады, қаназдықтың алдын алады, сонымен қатар, қатерлі ісіктен қорғайды [1].

Қант қызылшасы – құнарлы мал азықтық дақыл. Оның пәлегін (жапырағы мен сабағын) зауытта өндегеннен кейінгі қалған қалдықтардан сірне, сығынды мал азығы даярланады. Қант қызылшасы тамақ өнеркәсібінде қант алу үшін пайдаланылады, өйткені

оның тамыр жемісінде 17 – 19%-дай қант болады. Оны қант зауыттарында өңдеген кезде тәтті түбірдің әр центнерінен 12-15 кг қант, 85 кг сығынды және 4 – 6 кг сірне, яғни өңдегеннен кейін қалдықтар алынады [2].

Қант қызылшасының жоғары және тұрақты өнімділігін қамтамасыз ететін маңызды резерв - агротехникалық және химиялық әдістер арқылы арамшөптермен тиімді күрес жүргізу. Өйткені қант қызылшасы егістігі арамшөптерге өте сезімтал. Оларды уақтылы жоймаса, өнімділік әжептеуір төмендейді, кейде оның деңгейі 50-60% құрайды. Арамшөптер қант қызылшасымен қатар қоректік заттарды, ылғалды және жарықты пайдалануға бәсекелестік көрсетеді. Гербицидтерді қант қызылшасының 3 - 4 жапырақ көктеу фазасы бойынша және себу алдында пайдалану, экологиялық таза өнімді алуға негізделген және оңтайлы түсімділікті қамтамасыз ететін, қол еңбегін ең аз шығынданатын, қант қызылшасының өңдеу технологиясын жетілдіре түсуге мүмкіндік береді. Сондықтан, арамшөптермен кешенді күресуде агротехникалық тәсілдермен қатар гербицидтерге де үлкен орын беріледі [3].

Гербицидтер әсер ету қасиеттеріне байланысты жаппай және ішінара әсер ететін гербицидтер болып екіге бөлінеді. Өсімдіктердің барлық түріне жаппай әсер ететін гербицидтер, ал ішінара әсер ететін гербицидтер өсімдіктердің тек бір түріне ғана әсер етіп, қалған түрлеріне зиян келтірмейді.

Сонымен қатар, өсімдіктерге әсері және қолдану әдісіне байланысты тікелей жойғыш және жүйелік болып бөлінеді. Тікелей жойғыш гербицидтер – өсімдік тіндерін тікелей уландырады, өсімдік тез солып, құрайды. Жүйелік гербицидтер – өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтары арқылы бүкіл өн бойына тарап уландырады, бұл гербицидтер тамыры ұзын және көп жылдық арамшөптерге қарсы қолданылады. Тікелей жойғыш және жүйелік гербицидтердің ерітінділерін, эмульсияларын өсімдіктің сабағына бүркеді.

Гербицидтер ретінде органикалық және анорганикалық заттар қолданылады, кейде бірнеше гербицидтерді араластырып қолдану арамшөптердің әр түрлерін жою үшін тиімді. Қазір гербицидтік қасиеттері бар 1000-нан аса қосылыстар белгілі. Гербицидтерді ерітінділер, ерігіш ұнтақ, паста, жұқкыш ұнтақ, концентратты эмульсия түрінде дайындайды.

Зерттеудің мақсаты арамшөптерді жоюда гербицидтердің қолдану мөлшерінің қант қызылшасы егісінің арамшөптенуіне әсерін тексеріп, олардың тиімділігін анықтау.

Зерттеудің міндеті қант қызылшасы егістігінің арамшөптеріне гербицидті сынап, қолдану мөлшерін анықтап, оның қызылшаның өнімділігіне және қанттылығына әсерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері тәжірибе алаңында төмендегідей жүргізілді:

Фенологиялық бақылау - қант қызылшасының төмендегідей өсу кезеңдері анықталды: өркеннің шыға бастауы (өркеннің 10 – пайызы шыққан кезде), өркеннің толық көктеп шығуы (өркеннің 75 – пайызы шыққанда), бірінші және үшінші жапырақтың шығуы; жапырақтардың жүйектің бойында және қатараралықта бір – бірімен қосылуы; қатараралықта жапырақтардың сола бастауы;

Өркеннің жиілігі - өркен жер бетіне толық шыққаннан кейін үлгі 2 м аралықтан 10 жерден екі қайталымнан алынады.

100 өркеннің салмағы және тамыржегі ауруы- қызылшаны сиретердің алдында жалпы бекітілген әдістеме бойынша 100 өсімдіктің салмағы өлшеніп тамыржегі ауруы анықталады.

Арамшөптің есебі- арамшөптер түріне қарай 20x125 см яғни 0,25м² рамада анықталады. Рама жүйектің бойына 5-10 жерге қойылады. Есеп екі қайталымнан алынады.

Өнімділігі - тәжірибе алаңындағы қызылшадан түгел алынып өлшенеді.

Қанттылық - 20 тамыр жемістен алынып рефрактометрмен анықталады.

Экономикалық тиімділігі - тәжірибенің тиімділігі бойынша жалпы жұмысқа қорытынды беріледі.

Зерттеу нәтижелері тәжірибе алаңының негізгі топырақ жамылғысы – ашық қара - қоңыр топырақ.

Тәжірибе алаңында 23 түрлі арамшөптер кездесті. Олардың негізгілері: жаздық арамшөптер (тауық тары, көгілдір мысық құйрық), алабота, кәдімгі гүлтәжі, ісінген бөрітарақ және тағы басқалар, көгентамырлылар (жатаған бидайық, құмай), атпатамырлылар (сары және қызғылт қалуендер, егістік шырмауық) жатады.

Гербицидті қант қызылшасы егісінде төмендегі нұсқа бойынша зерттелді:

1. Гербицидсіз (бақылау)
2. Қызылшаның вегетация мезгілінде арасы 8-15 күннен кейін арамшөптің шығуына байланысты мөлшері 1,0 л/га Ратник гербицидімен бүрку.
3. Егін себер алдында топырақты Дуал Голд гербицидімен 2л/га + арамшөптің 2 – 4 жапырағы пайда болғанда мөлшері 1,5 л/га Ратникпен арасы 8-15 күннен кейін өңдеу.
4. Егін себер алдында топырақты Дуал Голд гербицидімен 2л/га + қызылшаның нағыз 4 жапырағы пайда болғанда, Ратникпен 3,0 л/га арамшөптің ерте өсу фазасында өңдеу.

Зерттелген гербицидтер өздерінің техникалық тиімділігі бойынша әр түрлі. Мысалы, Дуал Голд гербицидін бөлшектеп топырақ өңдегенге дейін қолдану керек болса, ал ратник гербицидін қант қызылшасының вегетациясы кезінде қолданады.

Биологиялық және экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, арамшөптердің бастапқы өсу кезінде гербицидті үш мезгілде қолдану ең жақсы нәтиже береді. Біздің бақылауымыз бойынша Дуал Голд гербицидін әр гектарға 2 литр, ал Ратникті 1,5 литр мөлшерінде бергенде олардың арамшөптерді жоюдағы әсері жоғары болатынын көрсетті (кесте 1).

Кесте 1 - Қант қызылшасы егісінде гербицид қолданудың арамшөптерге әсері, 2015 ж.

Нұсқалар	Арамшөп саны, дана/м ²				Өнім, ц/га	Қанттылығы, %
	Бастапқы		Гербицид пайдаланғаннан кейін			
	саны	арамшөптердің жойылуы, %	саны	Арамшөптердің жойылуы, %		
Бақылау(гербицидсіз)	120	-	27	75	303	14,5
Қызылшаның вегетация мезгілінде арасы 8-15 күннен кейін арамшөптің шығуына байланысты мөлшері 1,0 л/га Ратник гербицидімен бүрку.	120	-	21	83,2	305	14,8

Егін себер алдында топырақты Дуал Голд гербицидімен 2л/га + арамшөптің 2 – 4 жапырағы пайда болғанда, 1,5 л/га Ратникпен арасы 8 -15 күннен кейін өңдеу.	115	45	17	87,7	312	15,3
Егін себер алдында топырақты Дуал Голд гербицидімен 2л/га + қызылшаның нағыз 4 жапырағы пайда болғанда, Ратникпен 3,0 л/га арамшөптің ерте өсу фазасында өңдеу.	110	33	19	85,3	308	14,7

Қызылшаның вегетация мезгілінде арасы 8-15 күннен кейін арамшөптің шығуына байланысты мөлшері 1,0 л/га Ратник гербицидімен бүркудің нәтижесінде арамшөптер 83,2 пайызға жойылды. Тура осыған сәйкес көрсеткіштер Ратник гербицидін қант қызылшасы өсімдігінің вегетациясы кезінде бөлшектеп беру оң нәтиже берді.

Сондай-ақ Ратник гербицидін әр гектарға 1,5 литр+ Дуал Голд гербицидін 2 литр мөлшерінде егін себір алдындағы культивациялау мезгілінде берген ең жақсы нәтиже көрсетті, өйткені арамшөптердің жойылуы 87,7 пайызды құрады.

Ал, қант қызылшасы егісін Ратник гербицидімен әр гектарға 1,0 литр мөлшерінде 3 рет бөлшектеп қолданғаннан бір айдан кейін арамшөптер 85,3 пайызға дейін жойылады.

Сөйтіп, Алматы облысының суармалы егіншілігі жағдайында Дуал Голд гербициді (2 л/га) + Ратникті (1,5л/га) қолданғанда ең жақсы нәтиже алатындығын біздің тәжірибеміз көрсетіп отыр.

Гербицидтерді қолдану қызылшаның қанттылығына кері әсер етпейді, себебі ол гербицидсіз және гербицид қолданғанда ешқандай айырмашылық байқалмады, ол екі жағдайда бірдей болды.

Қорытынды

Осы мақалада келтірілген материалды сараптай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады. Арамшөптерді жою үшін қант қызылшасы егісінде гербицид қолданғанда оның егісіндегі арамшөптер 83,2-87,7 пайызға дейін жойылды. Қант қызылшасы егісінде гербицид қолданғанда оның өнімділігі 300-312 ц/га болып, қанттылығы 15,3 пайызды көрсетті.

Әдебиеттер

1. Эльдеков Н.А., Балғабаев Ә.М., Есіркепбаев Т.Б. Ауыл шаруашылық дақылдарының биологиялық ерекшеліктері мен агротехникасы. – Алматы, 2013. – 154 б.
2. Әрінов Қ. К., Мұсынов Қ. М., Апушев А. Қ., Серекпаев Н.А., Шестакова Н. А., Арыстанғұлов С. С. Өсімдік шаруашылығы. – Алматы, 2011. - 424 б.
3. Эльдеков Н.А., Балғабаев Ә.М., Есіркепбаев Т.Б. Қант қызылшасын өндіруді ұлғайту негіздері. – Алматы, 2009. – 101 б.
4. Әуезов Ә.Ә., Атақұлов Т.А., Сүлейменова Н.Ш., Жанабаев Қ.Ш. Егіншілік оқулық. – Алматы, 2005. – 146 б.

Жинсанова С.Ж., Жаңабаев К.Ш.

ВЛИЯНИЕ ДОЗЫ ВНЕСЕНИЯ ГЕРБИЦИДА РАТНИКА НА ЗАСОРЕННОСТЬ ПОСЕВОВ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены результаты исследований гербицидов, применяющихся против сорняков на посевах сахарной свеклы в условиях Алматинской области.

Zhinsanova S.ZH., Zhanabaev K.Sh.

INFLUENCE OF A DOSE HERBICIDE RATNIK ON A WEEDNESS SOWINGS OF SUGAR BEET IN THE CONDITIONS OF ALMATY REGION

The results of researches of herbicides, are driven being used against weeds on sowing of sugar beet in the conditions of Almaty region.

ӘОЖ 633.18:633.26/29:631.8(574)

**Жуматаева Ж., Тоқтамысов Ә., Елеуова Э., Календерова Ж.,
Бимағанбетов Б., Назаров Е.**

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті

*Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті*

ТҮЙЕЖОҢЫШҚА ДАҚЫЛЫН КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНДЕ ЖАСЫЛ ТЫҢАЙТҚЫШҚА ПАЙДАЛАНУ – ТАЗА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨНІМ АЛУДЫҢ КЕПІЛІ

Андатпа

Күріш ауыспалы егiсiндегi түйежoңышқа дақылын жасыл тыңайтқышқа тиiмдi пайдалану жолдарын зерттеп таза экологиялық өнiм алу мүмкiндiгiн қарастыру болып табылады.

Кiлт сөздер: түйе жоңышқа, гидроморф, жасыл тыңайтқыш, күріш.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасында жаңа экологиялық қауіпсіз технологияларды өсімдік шаруашылығына енгізіп пайдалану арқылы ел экономикасын арттыру және ішкі нарықтағы тамақ өнімдерінің сапасын бақылауды күшейтуге ерекше көңіл бөлу қажеттілігі айтылған.

Соған байланысты егіншілік саласына балама экологиялық таза технологияны қолдану арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарына минералды тыңайтқыштар мен пестицидтер аз қолданып өсіруге және экологиялық таза өнімдерді өндіретін саланы дамытуға баса назар аударылуы қажет.

Бұл, өз кезегінде, ғылыми- тәжірибелік жұмыстардың құндылығын арттырып, зерттеу тақырыбы мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми-зерттеу жұмыстары ауылшаруашылығы экологиясына қатысты теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін алға қойған мақсатқа байланысты Қазақтың Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қарауылтөбе

тәжірибе шаруашылығында арнайы салынып, игерілген күріш ауыспалы егіс танаптарында жүргізілді.

Өңірдің ауа-райы – континентальды, жазы-ыстық, әрі-күрғақ, қысы-суық, қарсыз, жылдың жалпы орташа температурасы 8,4-8,9⁰С. Сырдария атырабының топырақ түрлері аллювийлік шөгінділерден пайда болған. Мұнда топырақ құрылу процесі гидрологиялық режимнің ықпалымен жүреді. Осы өңірге тән климат, өсімдік, гидрология және гидрогеология жағдайында пайда болған әртүрлі топырақтар екі үлкен топқа жатады: атыраулық ылғалды (гидроморф) және шөлейт бөлігінде (субареал) қуаң топырақтар.

Өлкенің топырақтары көп түрлі болғанымен құмды және таудың топырағын қоспағанда, бәріне тән ортақ белгілері бар: құрамында корбанат көп (10-25%) топырақ профилі қабаттасып жатады, топырақта макроқұрылым жоқ, бірақ суға тез езілмейтін микроқұрылым бар. Егіншілікке пайдаланатын негізінен гидроморф (ылғалды) топырақтар.

Жүргізілген жұмыстың мақсаты – күріш ауыспалы егісіндегі түйежоңышқа дақылын жасыл тыңайтқышқа тиімді пайдалану жолдарын зерттеп таза экологиялық өнім алу мүмкіндігін қарастыру болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Түйежоңышқа дақылы жасыл тыңайтқышқа өсіру технологиясының ерекшелігі. Негізгі дақыл жинап алынғаннан кейін сүдігер 23-25 см тереңдікте жүргізіледі. Келесі жылы көктем айында ылғал сақтау мақсатында (М-6) мала жүргіземіз. Одан кейін тыңайтқыш беріп дискілеп, тырмалап тұқым СН-16 тұқым сепкішімен 10-12 кг/га себу нормасы бойынша қатарлы әдіспен себілді. Тұқым топырақтың 3-4 см тереңдігіне сіңіріледі. Түйежоңышқа бірінші жылы өсу кезеңінде арамшөптер тұқым шашпауы үшін 1-2 рет орып алынды. Келесі жылы түйежоңышқа биік болып өседі. Одан әрі жасыл тыңайтқышқа пайдалану үшін, мамыр айында түйежоңышқаны перпендикуляр бағытында БДТ-7 дискімен дискілеп 10-12 см тереңдікке енгізіледі.

Кесте 1 - Тәжірибеде күріш ауыспалы егісінде түйе жоңышқаны жасыл тыңайтқыш есебінде пайдалану және оның күріш өнімділігіне әсері зерттелді

Тәжірибе нұсқалары	2015	
	Фон	Өнімі, ц/га
2 жылдық түйежоңышқа шымы	Тыңайтқышсыз	38.9
	N ₆₀ P ₆₀	59.6
1 жылдық түйежоңышқа шымы	Тыңайтқышсыз	35.7
	N ₆₀ P ₆₀	54.1
Түйежоңышқаның сидерат аударма шымы	Тыңайтқышсыз	34.9
	N ₉₀ P ₆₀	51.8
Үздіксіз (34 жыл) күріш егісі (бақылау)	Тыңайтқышсыз	12.8
	N ₆₀ P ₆₀	34.7

2015 жылы жүргізілген далалық тәжірибе бақылау нұсқасында күріш дақылы 34 жыл ауысымсыз егіліп, онан басқа үш нұсқада түйежоңышқаның шымы, аударма шымы және сидерат шымына күріш егілді.

Бақылау нұсқасында тыңайтқыш берілмеген егістің өнімі 12,8 ц/га болғанда, осында тыңайтқыш берілген егістің өнімі 34,7 ц/га болды. Ал түйежоңышқаның шымына күріш дақылын егіп оған аз мөлшерде тыңайтқыш берген жағдайда (N₆₀P₆₀кг/га ә.е.з) өнім 59,6 ц/га болды, ал сидерат шымына күріш дақылын екенде, өнім түйежоңышқа шымына екен күріштен аз болды (54,1 ц/га) ал аударма шымға егілген күріштің өнімі, тыңайтқыш (N₆₀P₆₀кг/га ә.е.з.) бергеннің өзінде 51,8 ц/га болды.

Қорытынды

Сондықтан да күріш дақылынан экологиялық таза әрі мол өнім алу үшін түйежоңышқа дақылын күріш ауыспалы егістігінде екі жыл ұстап шымын толық пайдалану өте тиімді.

Әдебиеттер

1 ҚР президентінің 2006 жылғы 14.XI №216 жарлығымен мақұлданған ҚР 2017-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы//Егемен Қазақстан газеті-№270-2006ж.

2 Алтынбеков А. «Күріштік ауыспалы егістіктер және тыңайтқыштарды пайдалану. Қазақстандағы жерлерді мелиорациялау және күріш егуді дамыту». А.Қайнар, 1975 ж.

3 Воробьев С.А., Буров Д.И., Туликов А.М. «Егін шаруашылығы» М.Колос, 1997 ж.

Жуматаева Ж.Б., Токтамысов А.М., Елеуова Э.Ш., Календерова Ж.,
Бимаганбетов Б., Назаров Е.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РАСТЕНИЯ ДОННИК В КАЧЕСТВЕ ЗЕЛЕННОГО УДОБРЕНИЯ СЕВООБОРОТЕ РИСА – ГАРАНТИЯ ПОЛИЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОЙ ПРОДУКЦИИ

Возделывание донника в рисовом севообороте на зеленое удобрение повышает плодородия почвы, а также при выращивании риса после донника за счет агротехнических и биологических приемов получаем экологически чистый растениеводческий продукт.

Zhumataeva Zh.B., Toktamisov A.M., Eleyova E.Sh., Kalendarova Zh.,
Bimaganbetov B., Nazarov E.

USING PLANT CLOVER AS GREEN MANURE IN THE ROTATION RICE – A DUARANTEE OF OBTAINING ENVIRONMENTALLY FRIENDLY PRODUCTS

The cultivation of clover in a rice crop rotation for green manure improves soil fertility, as well as in rice after clover due to agronomic and biological methods of crop produced an environmentally friendly product.

ӘОЖ: 633; 632. 95

Ибаш Н., Уразымбетова Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

МАЙБҰРШАҚ ЕГІСІНДЕ ЖАҢА ГЕРБИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Алматы облысы тау бөктері суармалы аймағында майбұршақ егісіндегі арамшөптермен химиялық күресті одан әрі жетілдіру. Бұрыннан қолданылып келе жатқан гербицидтердің орнына берілетін мөлшері аз, қоршаған ортаға тигізетін әсері төмен және Қазақстанның оңтүстік-шығыс таубөктері аймағы жағдайында майбұршақ өсірудің

рационалды қорунемдеу технологиясының тәсілдерінегізінде айқындау болып табылады. Агроэкожүйесінде табиғатпайдалану ресурстарын сақтаудың тиімді мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәсілдерді, экофитосанитарлық жағдайын тұрақтандыратын, өнімді жоғарлататын және дақылды өсіруде гербицидтерді дұрыс пайдалану негізінде энергия сақтауды зерттеу және анықтау.

Кілт сөздер: Майбұршақ, ресурс үнемдеу технологиясы, культивация, күтіп-баптау, топырақ тығыздығы, гербицид, арамшөп, өнімділік

Кіріспе

Майбұршақ дақылын өсіруде Қазақстанның оңтүстік-шығысының табиғи-климаттық жағдайлары оңтайлы болып саналады. Соңғы жылдары егіс алқабының 54 мың га жоғарылағанын байқалды. Алайда орташа өнімділік бар жоғы 11-12 ц/га құрап отыр, негізінен майбұршақ дақылының ең тиімді көрсеткіші 30-30 ц/га болуы қажет.

Шаруашылық жағдайының өзгеруіне байланысты топырақ құнарлығын сақтап қалатын, экологиялық таза дақыл және өнімнің жоғарылауына әсер ететін (қазіргі ғылыми жетістіктерді ескеретін) жаңа технология қажет. Сондай-ақ ескеретін негізгі мәселелердің бірі дақылды екенде тұрақты өндіріс құру және ол бәсекелестікке сай болуы.

Қазақстанда майбұршақтың өнімділігін жоғарлатудың маңыздылығы практикаға өсімдікті ауыру, зиянкес және арамшөптерден қорғау бойынша жаңа жетістіктерді енгізу болып табылады.

Елімізде ауыру, зиянкес және арамшөптерден өнімнің жалпы өнімнен потенциалды төмендеуі 26% құрайды. Қазақстанның оңтүстік шығыс таубөктері жағдайында майбұршақ өнімінің төмендеуі үлкен көлемге жетіп отыр. Ғалымдардың жүргізген зерттеулерінің мәліметтері бойынша: ауырулардан 15-20%, зиянкестерден 20-30%, ал кейде 50% дейін жетеді, арамшөптерден 80% [1]. Суармалы жағдайда оңтайлы микроклимат болғандықтан егістіктің арамшөппен ластануы тәлімі жермен салыстырғанда 10-20% жоғарлайды, тіпті кей жылдары оның жеткен сондай мөлшері өнімді жинап алуға мүмкіндік бермейді.

Өсімдікті қорғауда агротехникалық, химиялық, биологиялық, физикалық және басқа да әдістер қолданылады. Осылардың ішінде ең тиімдісі химиялық күрес, яғни топырақ өңдеуді минимализациялай отырып, гербицид қолданудың үлкен тәжірибелері бар [2].

Өсімдік қорғаудың химиялық әдісі осы уақытқа дейін ең тиімдісі болып келеді. Сонымен, гербицид қолдану АҚШ-да жұмыс қолына қажеттілікті 30-50%, Жапонияда 42 % қысқартқан, ал еңбек өнімділігі 20% артқан [3].

Гербицидтердің түрлері ұдайы өзгеріп отырады, белгілі қолданып жүрген кең тараған Базагран, зенкор, пивот сияқты гербицидтердің орнына жаңа экологиялық қауіпсіз әсері бар, берілу мөлшері минималды гербицидтер келіп отыр [4].

Соңғы жылдары майбұршақ егісінде арамшөптермен күресуде пивот (0,8-1,0 кг/га) қолданылып келеді, оның оңтайлы жағымен қоса біраз мәнді кемшіліктері де бар. Ең алдымен оның ыдырау кезеңі ұзақ, яғни 28 айға созылады: препараттың әсерлі затының 60% бірінші жылы қоданылады, 20% - екінші жылы, ал қалғаны үшінші жылы. Майбұршаққа топырақ гербициді ретінде пивотты бергенде, ол тұқымның өнгіштігін төмендетіп, өскіннің сиректенуіне, 10-14 күндей өсімдіктің өніп-өсуін тежеп, әлсіретеді. Кейіннен ол кері әсері жойылады, бірақ вегетация кезеңінің созылуына және өнімділікке әсері болады.

Пивотты топыраққа енгізетін гербицид ретінде қолданудың кейінгі әсерінің болуына қарай, ол ауыспалы егісте көптеген дақылдарды өсіруді қысқартады: бұршақ тұқымдастарды және астық тұқымдас көп жылдық шөптерді. Осындай жағдайлар басқа әсерлі гербицидтер іздеуге мәжбүр етеді. Қолданылып жүрген хармони + зеллек суппер майбұршаққа оңтайлы әсер етеді. Мұндағы атап өтетін жағдай, селектің жалғыз өзін беру астық тұқымдас арамшөптерді толық жойғанымен танаптың жусан жапырақты ойраншөппен ластануына мүмкіндік туғызады. Бұның себебі астық тұқымдас

арамшөптерден бос жерге жусан жапырақты ойраншөп тұқымдарының шығуына қолайлы жағдай тууында және де жүргізілген бақылаулар арамшөптермен тек майбұршақ егісінде ғана емес, оның алдындағы дақылдарында да химиялық күрестің қажеттілігі бар екенін көрсетеді. Сондықтан біздің жүргізген тәжірибе жұмысының мақсаты қорунемдеу технологиясы бойынша топырақ өңдеуді минимализациялай отырып, қоршаған ортаға зиянсыз жаңа гербицидтердің түрлері мен мөлшерін зерттеу болып отыр.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу жұмысы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қазақ Ұлттық аграрлық университеттің «Агроуниверситет» оқу тәжірибе шаруашылығында өтті. Зерттеу жұмысы «Қазақстанның оңтүстік шығысының суармалы аймағы жағдайында майбұршақ және рапс өсірудің ресурснөмдеу технологиясын жасау» тапсырмасы бойынша жүргізілген тәжірибелерде қолданып жүрген нұсқаларға байланысты орындалды:

- майбұршақты өсірудегі ресурснөмдеу технологиясы бойынша қолданылатын гербицидтердің түрі мен мөлшерін айқындау(кесте 1).

Кесте 1- Тәжірибе нобайы

Рет саны	Қорунемдеу технологиясы		Гербицидтер
	Негізгі	Қатараралық	
1	Топырақты 14-16 см сыдыра жырту	6-8см культивациялау	Гербицидсіз (бақылау)
2			Пивот 0,8 л/га (эталон)
3			Ессентапир 0,5 л/га
4			Ессентапир 0,75 л/га
5			Ессентапир 1,0 л/га
6			Фабиан 0,1 л/га

Зерттеуге майбұршақ дақылының “Мисула - 1092” сорты алынды: П.Ф. Тамаровский атындағы селекция совхозының сорты, ҚҒЗИ және Талғар сельхозтехникумында гибрид әдісімен алынған. Бұтағының биіктігі 120-130 см; 1000 дәнінің салмағы 130-150 г; құрамында 43,7% ақуыз, 22,1% май болады; орташа ерте пісетін; вегетациялық кезеңі 105-115 күн; тұқымның орташа өнімділігі, Мем.сортсынау мәліметі бойынша 41 ц/га, ең жоғарысы – 43 ц/га.

Майбұршақ өзінің биологиялық ерекшелігіне байланысты, мейлінше арамшөптерден таза танапта, әсіресе алғашқы өніп-өсу кезінде жақсы өскін бермесе, онда ол дамуы бойынша арамшөптерден қалып және құрап кетуі әбден мүмкін.

Сондықтан, майбұршақ егісін арамшөптерден қорғауды қамтамасыз ету үшін тиімді шараларды жасау, ауылшаруашылығында ең маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеуде майбұршақ дақылының өсіру технологиясын жетілдіре отырып, ресурснөмдеу технологиясына сәйкесінше қатар аралық өңдеуді және оны гербицид қолданумен ауыстырып оңтайлы нұсқасын белгілеп, оны ары қарай өндірісте пайдалану. Сол арқылы егістің агрофитоценозын, фитосанитарлық жағдайын жақсартып отырып, энергетикалық, экономиялық тұрғыдан тиімді технология енгізу болып табылады.

Зерттеу танабында майбұршақ танабының арамшөптермен ластануын сандық әдіс арқылы, 1 м²-ғы арамшөптердің түрі жалпы массасы, алғашқы қатараралық қопсыту және егін жинар алдында есептелінді, яғни майбұршақтың вегетациялық кезеңіндегі өніп шыққаннан гүлдеуге дейін және бұршақ салғаннан өнім жинағанға дейінгі мерзімінде арамшөптердің саны мен салмақ үлесі бақылауға алынды (кесте 2). Гербицид ретінде қосжарнақты біржылдық, көпжылдық астық тұқымдас арамшөптерге және ойранжапырақты жусан жапыраққа қарсыЕссентапир мен фабиан препараттары, ал

эталонды гебицид ретінде пивот қолданылды. Гербицид шашқан соң 21 күннен кейін ғана бақылау жүргізілді.

Зерттеу жұмысының әдістемесіне сәйкес майбұршақтың тұқымын себер алдында топырақ өңдеу 10-12см культивациялау және күтіп-баптау мерзіміндегі қатараралықты қопсыту бірдей нұсқалармен жүргізілді.

Кесте 2 - Гербицидтердің майбұршақ егісіндегі арамшөптерге әсері, 2015 ж.

Рет саны	Тәжірибе нұсқалары	Арамшөп саны, дана/м ²	Арамшөп салмағы, г/м ²	21 күннен кейін		Жойылуы,%
				саны, дана/м ²	салмағы,г/м ²	
1	Гербицидсіз (бақылау)	73	854	88	1335	-
2	Пивот 0,8 л/га (эталон)	70	1050	35	525	50
3	Ессентапир 0,5 л/га	60	900	15	225	75
4	Ессентапир 0,75 л/га	53	735	13	150	86
5	Ессентапир 1,0 л/га	45	755	9	136	87
6	Фабиан 1,0 л/га	52	800	11	138	89

Гербицид қолданылмаған бақылау нұсқасында майбұршақ егісінің арамшөптермен ластануы шаршы метрдегі саны 73 болса, биомассасы 854 г құрған, кейіннен арамшөптердің санының өсуі жаздық кеш пісетіндермен толықтырылып биомассасы 1335 г жеткенін көруге болады. Эталонды нұсқада өніп шыққаннан гүлдеуге дейінгі мерзімдегі арамшөптер саны 70 дана/м², ал салмағы 1050 грамм, бірінші гербицид енгізгенде оның саны 35 дана, салмағы 525 г төмендеген, жойылуы 50% болса, ал Ессентапир 0,5 л/га гербицидін енгізгенде саны 15 дана, салмағы 225 г, жойылуы 75% болған. Ессентапир гербицидін 0,5-0,7 л/га мөлшерімен енгізгенде жойылуының арасында айырмашылық аз ғана болды. Ең жоғарғы көрсеткіш фабиан гербицидін 0,1 л/га мөлшерімен бергенде арамшөптердің жойылуы 89% жетті.

Кесте 3 - Гербицидтердің майбұршақ өнімділігіне әсері, 2015 ж.

Рет саны	Нұсқалар	Орташа өнім, ц/га	Бақылаудан ауытқу, ц/га
1	Гербицидсіз (бақылау)	19,3	-
2	Пивот 0,8 л/га (эталон)	23,8	+4,5
3	Ессентапир 0,5 л/га	26,3	+6,5
4	Ессентапир 0,75 л/га	27,6	+7,8
5	Ессентапир 1,0 л/га	26,9	+7,1
6	Фабиан 0,1 л/га	26,5	+6,7
	ЕАЕА ₀₅	0,67 ц/га	

Тәжірибе мәліметтеріне қарағанда гербицид қолданылған нұсқаларда бақылау нұсқасымен салыстырғанда майбұршақ өнімділігі 4,5-7,8 ц/га жоғары болған, яғни қолданылған гербицидтердің барлығы дерлік өнімнің қалыптасуына оңтайлы әсерін тигізгенін 3 кесте мәліметтерінен көруге болады. Ессентапир гербицидін 0,75 л/га мөлшерімен, ал фабианды ұсынылған 0,1 л/га мөлшерімен берілген нұсқалардағы өнімділіктің айырмашылығы бар жоғы 0,6 ц/га болған. Ессентапир біржылдық және көпжылдық астық тұқымдастар және карантинді арамшөптерді жоюда тиімділік көрсетті.

Қорытынды

Сонымен арамшөптермен күресуде бұрыннан қолданылып келе жатқан пивот гербицидіне қарағанда Эссентапир мен фабиан гербицидтерінің әсері жоғары болды.

Эссентапир гербицидін 0,75 л/га мөлшерімен, ал фабианды ұсынылған 0,1 л/га мөлшерімен берілген нұсқалардағы өнімділіктің айырмашылығы бар жоғы 0,6 ц/га болған.

Әдебиеттер

1. Сулейменова Н.Ш., Жаппарова А.А. Приемы ресурсосберегающей технологии возделывания сои в условиях Алматинской области. Ж.Поиск, №2(2) /2012.- С.248-252

2. Сулейменова Н.Ш., Жаппарова А.А. Ресурсосберегающая экологически безопасная технология возделывания сои – залог высокой урожайности и качества продукции. Материалы Междунар.научно-прак. конф.к 100-летиюпроф. М.А.Гендельмана «Иновации-путь к новому этапу развития АПК», Том-1, Астана 2013. - С 353-356.

3. Моисеенко А.А.. Сое нужны «щадящие» гербициды. Ж. «Поля Августа» № 3 за 2004 г.

4. 11. Б.М.Узбеков, Д.Ж.Сейдахметов Ресурс үнемдеу технологисының майбұршақ танабының арамшөптермен ластануына әсері Ж. ИЗВЕСТИЯ, НАН РК.- № 1, 2013. -С. 58-62

Ибаш Н., Уразымбетова К.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ НОВЫХ ГЕРБИЦИДОВ НА ПОСЕВАХ СОИ

В статье приводятся данные о продуктивности сои в зависимости применения гербицидов. Результаты исследований показали, что наибольшей продуктивности растения сои достигли - 27,6 ц/га при применении гербицида Эссентапир в норме 0,75 л/га.

Ibаш N., Urazymbetova K.

EFFICIENCY USE OF NEW HERBICIDES ON SOYBEAN SEEDING

In article data on efficiency of soybean are provided in dependence use of herbicides. Results of researches showed that the greatest efficiency of a plant of soy reached - 27,6 c/hectare at use of herbicide Essentapir in norm of 0,75 l/hectare.

ӘОЖ 633.85 (574.51)

Исабекова Ж.О., Есенбаева Г.Л.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУ БӨКТЕРІ СУАРМАЛЫ ЖАҒДАЙДА МАЙБҰРШАҚ
СОРТТАРЫНЫҢ СОРТТЫҚ АГРОТЕХНИКАСЫ**

Аңдатпа

Алматы облысы тау бөктерінің суармалы жерлерінде ерте, орташа және кеш пісетін

майбұршағының сорттық агротехникасын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде кеш пісетін, яғни Жансая сорты, қатараралықтарын 30 см етіп себу әдісін пайдаланған жағдайда өнімділіктің ең жоғарғы 30,78 ц/га нәтижесін көрсетті.

Кілт сөздер: Майбұршақ, сорт, себу әдісі, өнімділік, суармалы жағдай.

Кіріспе

Қазақстан ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге жарамды жер көлемі бойынша, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті аграрлы мемлекеттер қатарына кіреді.

Ауыл шаруашылығы саласы еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейі елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды [1].

Еліміздегі егіншілік саласының негізгі және стратегиялық тұрғыдан маңызды бағыты – дәнді бұршақ дақылдарын өндіру болып табылады. Ауыл шаруашылығы егіншілігінде дәнді бұршақ дақылдарының негізгі үш басты мәселелерді шешуде алатын орны ерекше, олар: астық өндірісі, өсімдік белогі мен топырақ құнарлылығы.

Дәнді бұршақ дақылдарының ішінде майбұршақ дақылы жоғары тағамдық және мал азықтық құндылығымен сипатталады. Себебі оның дәнінде 30-52% ақуыз, 20% шамасында көмірсулар мен 17-27% майлар бар. Етпен салыстырғанда майбұршақтың ақуызында қышқыл екі есе, минералдық тұздар төрт есе көп. Бұл дақыл организмге сіңімді және жеңіл қорытылады, сондықтан ол тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Майбұршақтан лецитин, желатин және кондитер тағамдары дайындалады. Майбұршақтың 1 тонна дәнінен 113 кг май алуға болады. Сүзілген майы тағам ретінде пайдаланылады [2].

Майбұршақ — бағалы мал азықтық дақыл. Оның шөбі дәмді, құрамында 36,4% шикі протеин, 6,47% май, 32,4% азотсыз заттар, 5,24% клетчатка және 5,64% күл болады [3].

Алматы облысының тау бөктері жағдайында ауыл шаруашылығын көтерудің негізгі бағыты – майбұршақ егіншілігін интенсивті дамыту болып табылады. Бірақ, аталған аймақта қазіргі таңда майбұршақтың әртүрлі сорт нұсқаларын орналастыру, сонымен қатар олардың сорттық агротехникасын анықтау жүйелі жүргізілмегендіктен, дақылды өндіру мүмкіндігі шектелуде.

Мақалада Алматы облысы тау бөктерінің суармалы жерінде ерте, орташа және кеш пісетін майбұршағының сорттық агротехникасын анықтау үшін жүргізілген зерттеулер нәтижесі беріліп отыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеулер Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің «Агроуниверситет» оқу-тәжірибе шаруашылығы жағдайында майбұршағының ерте пісетін Перизат, орташа пісетін Ласточка және кеш пісетін Жансая сорттарының тиімді себу әдісінің тағайындау мақсатында, қатар аралықтары 30, 45, 60 және 60x15 см етіп, гектарына 60 мың өңгіш дән есебінде себілген мөлдектерде жүргізілді. Дақылды танапта орналастыру үдірісі 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Майбұршақ сорттарын танапта себу әдісі

р /с	Майбұршақ сорттары	Себу әдісі
1	Ерте пісетін (Перизат сорты)	Қатар аралығы 30 см
		Қатар аралығы 45 см
		Қатар аралығы 60 см
		Қатар аралығы 60/15 см
2	Орташа пісетін (Ласточка сорты)	Қатар аралығы 30 см
		Қатар аралығы 45 см
		Қатар аралығы 60 см
		Қатар аралығы 60/15 см

3	Кеш пісетін (Жансая сорты)	Қатар аралығы 30 см
		Қатар аралығы 45 см
		Қатар аралығы 60 см
		Қатар аралығы 60/15 см

Зерттеу нәтижелерін талдау

Майбұршақ сорттарын сипаттайтын бірден-бір көрсеткіші, оның белгілі бір аймақтағы вегетациялық кезеңінің ұзақтығы. Бұл көрсеткіш дақыл өнімділігі және оның құрғақшылыққа, ауруларға, зиянкестерге төзімділігі, химиялық құрамы сияқты қасиеттерімен тығыз байланысты. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Алматы облысы тау бөктері жағдайында майбұршағының Перизат сортының вегетациялық кезеңінің ұзақтығы – 112, Ласточка сортыныңкі – 120, ал Жансая сортыныңкі - 131 тәулікті құрады.

Себу әдісіне байланысты май бұршақ сорттарының өсімдік биіктігі (см) мен төменгі бұршақ бекітілу биіктігі (см) өлшемдерінің біраз ерекшелінгені байқалды. Өсімдік биіктігінің жоғарғы көрсеткіші кеш пісетін Жансая сортында – 61,4-70,8 см, біршама төмен – орташа пісетін Ласточка сортында (53,1-61,3 см), ең төменгі көрсеткіші – ерте пісетін Перизат сортында болды (54,3-58,4 см). (2 кесте).

Кесте 2 – Майбұршақ сорттарының өсімдік биіктігі мен төменгі бұршақ бекітілу биіктігі, см

р /с	Майбұршақ сорттары	Қатар аралықтар, см	Өсімдік биіктігі, см	Төменгі бұршақ бекітілу биіктігі, см
1	Ерте пісетін (Перизат сорты)	30 см	58,4	8,4
		45 см	55,2	7,8
		60 см	54,3	7,4
		60/15 см	55,8	7,7
2	Орташа пісетін (Ласточка сорты)	30 см	61,3	9,25
		45 см	57,5	9,0
		60 см	53,1	8,8
		60/15 см	57,1	9,1
3	Кеш пісетін (Жансая сорты)	30 см	70,8	15,2
		45 см	66,5	12,5
		60 см	61,4	10,6
		60/15 см	64,5	11,8

Өнім жинау барысында болуы мүмкін ысыраптырды азайту мақсатында, май бұршағының төменгі бұршақ беку биіктігін анықтау маңызды өлшемдердің бірі. Кестеде көрсетілгендей, зерттелген сорттардың ішінде төменгі бұршақ беку биіктігінің ең жоғары көрсеткіші, кеш пісетін Жансая сортында – 15,2-10,6 см, орташа көрсеткіші орташа пісетін Ласточка сортында – 9,25-8,8 см, ал төменгі көрсеткіші ерте пісетін Перизат сортында – 8,4-7,4 см болды.

Жақсы дамыған өсімдік мол өнім алудың кепілі екендігі ежелден келе жатқан ұғым. Жапырақ көлемі неғұрлым жоғары, өсімдік неғұрлым биік, жапырақтануы жақсы болса, соған орай өсімдік құрылымы элементтерінің жақсы дамып мол өнім кепілі болатындығы сөзсіз.

Майбұршақ сорттарының себу әдісіне байланысты негізгі құрылымдық элементтеріне сараптама жүргізу барысында, дақылдың даму кезеңінің ұзақтығы мен танапта орналасу жағдайына байланысты өсімдіктің құрылымдық элементтерінің біраз

өзгеріске ұшырағаны байқалды. Бір өсімдіктен алынған бұршақ саны, кеш пісетін Жансая сортында 12-16 дана, орташа пісетін Ласточка сортында 8-14 дана, ал ерте пісетін Перизат сортында 7-11 дана болды, демек сорттардың даму кезеңінің ұзақтығы артқан сайын өсімдікте жеміс байлану көрсеткіші артып отырды. Сондай-ақ, бір өсімдіктегі дән саны кеш пісетін Жансая сортында 25-30 дана, орташа пісетін Ласточка сортында 19-25 дана, ал ерте пісетін Перизат сортында 18-21 дананы көрсетті. Бір өсімдіктен алынған дән салмағы (14% стандарт ылғалдылыққа есептелген) кеш пісетін Жансая сортында 4,2-5,4 г, орташа пісетін Ласточка сортында 3,9-4,7 г, ал ерте пісетін Перизат сортында 3,3-3,9 г болды. Себу әдісі бойынша талдау жүргізу нәтижесінде, қатар аралықтары артқан сайын, өсімдіктердің қатардағы өсу жиілігі артып отырғанын, сол себепті дақылдардың қоректік алаңының төмендеп, өз-ара бәсекелестігінің артуы туғанын айта кету керек. Себудің ленталы 60x15 см әдісінің, қатараралығы 60 см мөлдекпен салыстырғандағы артықшылығы байқалғанын көруге болады (3 кесте).

Кесте 3 – Майбұршақ сорттарының өсімдік құрылымы

р /с	Майбұршақ сорттары	Қатар аралықтар, см	Бір өсімдіктегі бұршақ саны, дана	Бір өсімдіктегі дән саны, дана	14% ылғалдылыққа есептелген бір өсімдіктегі дән салмағы, г
1	Ерте пісетін (Перизат сорты)	30 см	11	21	3,9
		45 см	10	19	3,7
		60 см	7	18	3,3
		60/15 см	9	19	3,5
2	Орташа пісетін (Ласточка сорты)	30 см	14	25	4,7
		45 см	10	23	4,5
		60 см	8	19	3,9
		60/15 см	12	22	4,3
3	Кеш пісетін (Жансая сорты)	30 см	16	30	5,4
		45 см	14	28	5,2
		60 см	12	25	4,2
		60/15 см	15	27	4,9

Алынған мәліметтерді пайдалана отырып, дақылдың биологиялық өнімділігі анықталды. Өнімділік көрсеткіші бойынша ең жоғарғы нәтиже көрсетіп тұрған кеш пісетін – Жансая сорты. Оның өнімділік көрсеткіші 30,78-25,65 ц/га болды. Одан кейін орташа пісетін – Ласточка сортының өнімділігі 25,1-21,2 ц/га, ал ерте пісетін – Перизат сортында 21,8-17,4 ц/га болды. (4 кесте).

Кесте 4 – Майбұршақ сорттарының өнімділігі

р /с	Майбұршақ сорттары	Қатар аралықтар, см	Дақылдың өнімділігі, ц/га
1	Ерте пісетін (Перизат сорты)	30 см	21,8
		45 см	19,02
		60 см	17,4
		60/15 см	18,5
2	Орташа пісетін (Ласточка сорты)	30 см	25,1
		45 см	23,4
		60 см	21,2
		60/15 см	23,2

3	Кеш пісетін (Жансая сорты)	30 см	30,78
		45 см	27,6
		60 см	25,65
		60/15 см	26,9

Қорытынды

Алматы облысы тау бөктері суармалы жерлерінде кеш пісетін Жансая сортының 30 см қатараралықтағы себу әдісімен отырғызу ең жоғарғы нәтиже (30,78 ц/га) көрсетті.

Демек, Алматы облысының тау бөктері жағдайында май бұршағының кеш пісетін сорттарын, гектарына 60 мың өнгіш дән есебінде қатараралығын 30 см етіп сепкен жағдайда, гектарынан 30 центнер шамасында дән өнімін алуды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, ҚазАқпарат.

2. Беседин Н.В., Соколова И.А.. Значение зернобобовых культур на примере сои в современных системах земледелия. Вестник Алтайского государственного аграрного университета № 8 (70), 2010. - С. 16-19.

3. Бойко А.Т., Карягин Ю.Г. Соя высокобелковая культура. – Алматы, 2004. – 22 с.

Исабекова Ж.О., Есенбаева Г.Л.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУ БӨКТЕРІ СУАРМАЛЫ ЖЕРІНДЕ МАЙБҰРШАҚ СОРТТАРЫНЫҢ СОРТТЫҚ АГРОТЕХНИКАСЫ

Результаты проведенных исследований по изучению ранне-, средне- и позднеспелых сортов сои в условиях орошения предгорной зоны Алматинской области показал, что наивысший урожай зерна (30,78 ц/га) обеспечил позднеспелый сорт Жансая с междурядием 30 см.

Isabekova Zh., Yesenbaeva G.

THE VARIETY AGROTECHNIQUE SOYABEANS IN THE CJNDITIONS IRRIGATED LANDS FOOTHILLS OF ALMATY REGION

The results of the research on early-, mid- and late- maturing varieties of soybeans under the irrigation in a foothill zone of Almaty region has shown that the highest grain yield (30.78 t/ha) provided the late-ripening varieties Zhansaya with aisles of 30 cm.

Исмагулова Э.С., Альжанова Л.А.

Казахский Национальный Аграрный Университет, Алматы

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ КАЧЕСТВА ПИТЬЕВОЙ ВОДЫ ГОРОДА АЛМАТЫ

Аннотация

Статья посвящена получению общей характеристики качества питьевой воды г. Алматы. Был проведен экологический мониторинг качества питьевой воды г. Алматы путем обработки официальной статистической информации и проведения лабораторного анализа содержания ионов тяжелых металлов в пробах питьевой воды районов города методом атомно-эмиссионной спектрометрии с индуктивно связанной плазмой.

Ключевые слова: качество питьевой воды, показатели качества питьевой воды, нормы качества, предельно-допустимая концентрация, тяжелые металлы, метод атомно-эмиссионной спектрометрии с индуктивно связанной плазмой.

Введение

Обеспечение устойчивого развития человеческого общества невозможно без стабильного состояния природной среды. Вода является необходимой частью среды существования, и оказывает существенное влияние на здоровье человека. Особенно это относится к той ее части, которая представляет собой питьевое водоснабжение. В последние годы наблюдается снижение качества воды поверхностных источников водоснабжения, что обостряет проблему чистой питьевой воды. В первую очередь, это связано с тем, что масштабы антропогенного воздействия стали соизмеримы со способностью гидросферы к самовосстановлению. Поэтому, экологический мониторинг качества питьевой воды приобретает всю большую актуальность.

Современное состояние решаемой научной проблемы качества питьевой воды, затрагивает очень многие стороны жизни человеческого общества в течение всей истории его существования. В настоящее время питьевая вода - это проблема социальная, политическая, медицинская, географическая, экологическая, а также инженерная и экономическая.

В связи с вышесказанным, был проведен экологический мониторинг качества питьевой воды г. Алматы. Для проведения анализа, подготовка пробы проходила согласно СТ РК ГОСТ Р 51592 – 2003 [1]. Целью отбора проб являлось - получение дискретной пробы, отражающей качество исследуемой воды. Место отбора проб и периодичность отбора устанавливали в соответствии с программой исследования в зависимости от водного объекта.

Пробы отбирались в 6 районах города Алматы, а именно: Иссык, Медеуский район, Бостандыкский район, Алмалинский район, Жетысусский район (Дорожник), Алатауский район. Объем взятой пробы соответствует установленному в НД на метод определения конкретного показателя с учетом количества определяемых показателей и возможности проведения повторного исследования в размере 0,5 л.

Материалы и методы

Пробы воды отбирались вручную без применения специальных приспособлений и без применения автоматизированного оборудования, так как для анализа использовалась водопроводная вода, и набиралась из крана непосредственно в емкость. В связи с этим, емкости для проб легко вынимались и собирались. Кроме того, возможна регулировка,

при необходимости, скорости жидкости для предотвращения разделения фаз. Также имеется возможность повторных поступлений проб в отдельные емкости для отбора проб.

Определение содержания тяжелых металлов методом атомно-эмиссионной спектроскопии с индуктивно связанной плазмой (АЭС-ИСП) является одним из двух методов определения согласно СТ РК ГОСТ 51309-2003 [2]. Для нашего исследования были использованы следующие элементы: Fe, Cu, Zn, As, Cd, Pb.

Метод основан на измерении интенсивности излучения атомов определяемых элементов, возникающего при распылении анализируемой пробы в аргоновую плазму, индуктивно возбуждаемую радиочастотным электромагнитным полем. Метод может применяться для определения более высоких концентраций элементов после разбавления анализируемой пробы воды, но не более чем в сто раз [3].

Атомно-эмиссионный спектрометр подготавливали к работе в соответствии с руководством (инструкцией) по эксплуатации.

Коррекцию фона при возникновении матричных эффектов и учет взаимного влияния измеряемых элементов за счет спектральных наложений проводят при помощи программного обеспечения. Спектральных наложений избегают выбором альтернативной длины волны излучения элемента. Исследование эффекта интерференции и расчет необходимых поправок, проводят на стандартных образцах водных растворов элементов со значениями массовых концентраций элементов не менее 100 мг/дм. Выбор точек коррекции фона проводят на наиболее типичных рабочих пробах воды и (или) градуировочных растворах смеси элементов путем измерения интенсивности фонового сигнала с одной или с двух сторон измеряемого спектрального пика элемента. Следует избегать выбора точек коррекции фона для определяемого элемента в области, в которой возможно появление спектральных линий других интерферирующих элементов.

Измерение массовой концентрации элементов проводят при нормальных климатических условиях испытаний с учетом требований руководства (инструкции) по эксплуатации спектрометра. Устанавливают оптимальные режимы измерений. Ввод в спектрометр подготовленной пробы и измерение атомного излучения элементов в анализируемой пробе проводят в соответствии с руководством по эксплуатации спектрометра. Интенсивность излучения после прохождения света через дифракционную решетку монохроматора или полихроматора регистрируется одним или несколькими фоточувствительными устройствами, фототок которых измеряется и обрабатывается компьютерной системой спектрометра.

Аналитические сигналы обрабатываются при помощи программного обеспечения спектрометра с использованием градуировочной зависимости, в том числе проводятся коррекция фона, при необходимости учет взаимного влияния измеряемых элементов, и рассчитывается массовая концентрация определяемого элемента.

За результат определения принимают среднее арифметическое результатов двух параллельных измерений анализируемого элемента. Если исходную анализируемую пробу разбавляли, то полученный результат умножают на кратность проведенного разбавления исходной пробы.

Пробы воды для анализа отбирались в нескольких точках города Алматы и Алматинской области, показанных на рисунке 1. А именно:

1. Иссык
2. Медеуский район
3. Бостандыкский район
4. Алмалинский район
5. Жетысусский район (Дорожник)
6. Алатауский район




Рисунок 1 - Места отбора проб воды

Результаты исследований и их обсуждение

Из данных, полученных в ходе исследования (таблица 1), выявлено, что в пробах воды, взятых из нескольких районов города Алматы, содержание тяжелых металлов, а именно следующих элементов: Fe, Cu, Zn, As, Cd, Pb, не превышает нормы.

Таблица 1 - Статистический анализ качества питьевой воды

Результаты исследования, мг/дм ³									
№ пробы	Элемент	Норматив согласно СанПиН 2.1.4.559-96	Норматив согласно ГОСТ 2874-82	Фактическое содержание в 1 пробе	во 2	в 3 пробе	в 4 пробе	в 5	в 6
					пробе				
1	Fe	0,3	0,3	0,121	0,247	0,272	0,181	0,128	0,149
2	Cu	1	1	0,002	0,002	0,005	0,002	0,002	0,002
3	Zn	5	5	0,012	0,0008	0,003	0,0009	0,001	0,037
4	As	0,05	0,05	0,0032	0,002	0,002	0,002	0,003	0,002
5	Cd	0,001	0,001	0	0	0	0	0	0
6	Pb	0,03	0,03	0,005	0,005	0,005	0,005	0,005	0,005

Однако, содержание некоторых из них приближается к отметке предельно допустимой концентрации, что видно из таблицы 2. Если концентрация этих элементов в питьевой воде, поставляемой к потребителю, будет расти, то при ежедневном потреблении эти элементы, поступая в организм человека, будут вызывать нарушения функционирования отдельных органов, их систем и организма в целом, тем самым провоцируя возникновение тяжелых заболеваний, вплоть до летального исхода [4].

Содержание элементов указанных в таблице 2, может варьировать в зависимости от различных факторов, в том числе от состояния источников водоснабжения, санитарных зон, соответствия технологии водоподготовки качеству исходной воды, а также от санитарно-технического состояния водопроводных сетей.

Таблица 2 - Содержание тяжелых металлов в пробах воды

№ пробы	Fe	Cu	Zn	As	Cd	Pb
1	0,121	0,002	0,012	0,0032	0,000	0,005
2	0,247	0,002	0,0008	0,002	0,000	0,005
3	0,272	0,005	0,003	0,002	0,000	0,005
4	0,181	0,002	0,0009	0,002	0,000	0,005
5	0,128	0,002	0,001	0,003	0,000	0,005
6	0,149	0,002	0,037	0,002	0,000	0,005

Согласно статистическим данным город Алматы: по санитарно-химическим показателям водопроводной воды, загрязненность составляет меньше 2%; по микробиологическим показателям водопроводной воды, загрязненность составляет меньше 2%; по состоянию качества поверхностных вод относится к 3 классу (умеренно загрязненная); забор воды из природных источников на душу населения составляет 0,5 тыс. куб. м ежегодно; использование свежей воды на производственные нужды не превышает 60 млн. куб. м ежегодно; использование свежей воды на хозяйственно-питьевые нужды в среднем составляет 175 млн. куб. м ежегодно; использование свежей воды на орошение, обводнение и сельскохозяйственное водоснабжение не превышает 2 млн. куб. м ежегодно; сброс загрязненных сточных вод в поверхностные водные объекты не превышает 2 млн. куб. м ежегодно.

Исходя из результатов проведенного исследования, очевидно, что проблема снабжения населения качественной питьевой водой, отвечающей всем требованиям, является на сегодняшний день актуальной. Именно поэтому поставщикам питьевой воды, а также потребителям необходимо обратить внимание на ряд мероприятий, проведение которых, является неотъемлемой частью поддержания состояния источников водоснабжения на высоком уровне, а так же непрерывного снабжения населения качественной питьевой водой, не оказывающей негативного воздействия на его здоровье.

Выводы

Проведя исследование, можно заметить, что качество питьевой воды, а именно содержание тяжелых металлов в ней, в отдельных районах города Алматы близко к отметке «норма». Однако, мы не можем с уверенностью сказать, что во всех оставшихся районах состояние питьевой воды на таком же уровне. Кроме того, от влияния различных факторов, и, в первую очередь, из-за неразумного использования чистой питьевой воды населением, качество питьевой воды будет ухудшаться. Решению этой проблемы стоит уделить намного больше внимания и сил, постараться устранить проблему настолько, насколько это возможно. Ведь вода - это великая ценность для человечества, и в век информационных технологий, развитой промышленности и постоянного роста численности населения не пора ли задуматься о том, что все природные блага мы не получаем в наследство от своих предков, а берем займы у своих потомков. И от качества той питьевой воды, которая течет из-под крана, напрямую зависит здоровье нас и наших детей. В решении данной проблемы должен принять участие каждый гражданин страны, ведь эта проблема имеет общегосударственное значение.

Литература

1. СТ РК ГОСТ Р 51592 – 2003.
2. СТ РК ГОСТ Р 51309-2003.
3. Алексеев Л.С. Контроль качества воды. – М.: ИНФРА-М, 2013. – 159 с.
4. Статья Г.Г. Онищенко, Первого заместителя Министра здравоохранения РФ, главный государственный санитарный врач РФ// на электронном ресурсе <http://www.rosminzdrav.ru/>
5. Периодическое издание: Яковлев П.И. Беззащитная вода // Экология и жизнь. - 2007. - №8.

Исмагулова Э.С., Альжанова Л.А.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУЫЗ СУ САПАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГІ

Мақалада Алматы қаласының ауыз су сапасының жалпы сипаттамасы корсетілген. Статистикалық ақпаратты өңдеу және қаланың ауыз су үлгілеріндегі ауыр металдардың мазмұндағы зертханалық талдау арқылы Алматы қаласында ауыз судың сапасының экологиялық мониторингі өткізілген.

Ismagulova E.S., Alzhanova L.A.

ECOLOGICAL MONITORING OF DRINKING WATER QUALITY IN ALMATY

The results: a general overview of drinking water quality in Almaty. Objective: Conduct environmental monitoring of drinking water quality in Almaty and Almaty region by processing of statistical information, and laboratory analysis of the content of heavy metals in samples of drinking water of the city.

УДК 633/635:631.52; 633.1

**Казкеев Д.Т., Рысбекова А.Б., Усенбеков Б.Н., Жанбырбаев Е.А.,
Сартбаева И.А., Беркимбай Х.А.**

*Казахский национальный аграрный университет
Институт биологии и биотехнологии растений*

ПРИМЕНЕНИЕ ГАПЛОИДНОЙ БИОТЕХНОЛОГИИ В СЕЛЕКЦИИ РИСА С ОКРАШЕННЫМ ПЕРИКАРПОМ

Аннотация

Бұршақ шөптерінің (суыр жоңышқа – *Onobrychis arenaria*) және беденің (*Trifolicum pretense*) біз талдап шыққан түбірлерін хромосомалар саны бойынша анықтау қиынға соқты. Хромосомалар зерттеліп отырған үлгілерде және түбірлердегі хромосомалар саны мозаикалы, көмескі болды, зерттеліп отырған өсімдіктердегі көмескілікке қарамастан, хромосомалардың саны 11 бастап 29 дейін өзгерді, 20 – 29 хромосомалы түбірлер жиі кезікті.



Сурет 3 - Сиыр жоңышқаның жабайы үлгісіндегі (*Onobrichisarenaria*) картотип

Бидайықтың және сиыр жоңышқаның жабайы түрлерінің цитологиялық ерекшеліктерін зерттеу олардың 28 жуық хромосомалар саны бар, хромосомалар саны бойынша әр алуандырақ екендігін көрсетті. Зерттеу жұмыстары әрі қарай жалғасуда. Зерттеулер Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша табиғи ландшафттарда өсетін бұршақ тектес шөптердің жабайы түрлерін экотип деңгейінде экспедиция ұйымдастыру арқылы жинау және жиналған үлгілердің тұқымы ажыратылып, далалық егістік жағдайында 2016 жылдан бастап күнтүзбелік жоспарға және жұмыстың жалпы бағытына сәйкес зерттеулер жүргізу көзделді. Жабайы үлгілердің қай түрге жататынын нақтылы анықтау мақсатында кариологиялық зерттеулер атқарыла бастады.

Қорытынды

Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облысы жер көлемінде экспедиция жүргізіліп, 100 ден аса жабайы үлгі жиналды, оның ішінде жоңышқа 64, түйе жоңышқа 10, сиыр жоңышқа 5, беде 3, мүйізді лотус 1 және басқалары. Түрлерді нақтылы анықтау үшін кейбір үлгілерге кариологиялық зерттеулер жүргізілді.

Әдебиеттер

1. Конвенция о биологическом разнообразии. The Interim Secretariat for the Convention. - Geneva Executive Center, 1992. – 34 с.
2. Уразалиев Р.А., Алимгазинова Б.Ш., Кененбаев С.Б., Есимбекова М.А., Мукин К.Б. Второй Национальный отчет о состоянии Генетических Ресурсов Растений для Продовольствия и Сельского Хозяйства в Казахстане. – Алматы: Асыл Кітап, 2007. –106 с.
3. Meyrman G.T., Yerzhanova S.T. The formation and study in the culture of genetic resources of forage crops by the expeditionary collection of wild forms from natural landscape of Kazakhstan//Ekin Journal of Crop Breeding and Genetics. July, 2015, Vol.1, №2. –P. 70-77 (импакт-фактор).
4. Meyrman G. Biodiversity of the species of alfalfa in the flora of Kazakhstan and their usage for breeding on drought tolerance// The International Symposium of Forage Breeding. 2015, 18 – 23 October. -Buenos-Aires. –P.23.

Нуралиев С.К., Токтарбекова С.Т., Кенебаев А.Т.

ФОРМИРОВАНИЯ ГЕНЕТИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ ПУТЁМ СБОРА ДИКОРАСТУЩИХ ВИДОВ СЕМЕЙСТВА БОБОВЫХ РАСТЕНИЙ ПРОИЗРАСТАЮЩИХ В ЕСТЕСТВЕННОЙ СРЕДЕ

Сбор дикорастущих экотипов кормовых трав по природным ландшафтам Казахстана, их изучение в культуре для расширения генофонда и использования в рекуррентной селекции для усиления адаптационных признаков создаваемых сортов по жаро-, засухоустойчивости, устойчивости к болезням, солеустойчивости.

Nuraliyev S.K., Toktarbekova S.T., Kenebaev A.T.

FORMATION OF GENETIC RESOURCES BY COLLECTING WILD SPECIES OF THE LEGUME FAMILY PLANT GROWS IN A NATURAL ENVIRONMENT

Collection of wild ecotypes of forage grasses on natural landscapes of Kazakhstan, in the culture of their study for the expansion of the gene pool and use recurrent selection for enhancing adaptive signs of heat-generated varieties, drought resistance, disease resistance, salt tolerance.

ӘОЖ: 653.526.32

Нұрбаева М.Б., Атақұлов Т.А.

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІНДЕ СОРТАҢДАЛҒАН ТОПЫРАҚТА ЖҮГЕРІНІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ФОСФОГИПСТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада сортаңданған суғармалы жерлерде фосфогипс пайдаланып, оның оңтайлы мөлшерлерінің жүгері дақылының өнімділігіне және экономикалық тиімділігіне әсері келтірілген.

Кілт сөздер: фосфогипс, себу, енгізу, мелиорант, сортаңдалған, технология.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері» атты Жолдауында алдымызда оңжылдықта республикамыздың агроөнеркәсіптік кешенің дамыту үшін үш бағыт бойынша журу керектігі ерекше атап көрсетілген. Ол біріншіден еңбек өнімділігін арттыру, екіншіден елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттық әлументті іске асыру [1].

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру бірінші кезеңде жерді тиімді пайдалануға байланысты. Бұған топырақ құнарлылығын арттыру, өндіріске озық технологияны енгізу, жерді химияландыру, яғни тыңайтқыштарды кеңінен пайдалану егістік жерлердің құрылымын жақсарту ауылшаруашылығы дақылдары өнімін молайту арқылы қол жеткіземіз. Сортаңдалған топырақтардың кері әсерлерін жою әдістерінің бірі фосфогипсті химиялық мелиорант ретінде енгізу. Фосфогипсті суармалы жерлерде химиялық мелиорант ретінде пайдаланудың тиімділігі оның химиялық құрамына тікелей байланысты. Себебі, оның құрамында кальцидің мөлшері 25,67-27,53% аралығында өзгереді. Сонымен қатар, фосфогипстің құрамында фосфор, кальций, өсімдікке қажетті микроэлементтер бар және оның ортасы қышқылды орта болып саналады. Сондықтан фосфогипстің құрамындағы фосфор топыраққа жылдам ауысып оның құнарлылығын арттырады [2].

Зерттеулер материалдары және әдістемелері

Қазақстанда ең тиімді және арзан химиялық мелиорант фосфогипс болып саналады. Қазіргі кезде «Қазфосфат» ЖШС фосфор тыңайтқыштарын өндіретін зауыттарының маңында 8 млн тоннадай фосфогипс бар. Сондықтан фосфогипсті сортаңдалған жерлерге мелиорант ретінде пайдалану үшін өндірістік тәжірбие зерттеулерімізді, Аса-Талас өзендерінің алабында жүргіздік. Арнайы тәжірбиелер Қазақ Су шаруашылығы ғылыми

зерттеу институтының ғалымдарымен бірлесе отырып, мына нұсқалар бойынша жүргізілді:

1. Фосфогипс енгізілмеген (бақылау нұсқасы);
2. Фосфогипс 3,5 т/га мөлшерде енгізу;
3. Фосфогипс 7 т/га мөлшерде енгізу.

Зерттеулер нәтижелері

Фосфогипс енгізу мөлшері оның ылғалдылығына байланысты болады. Сортаң топырақты фосфогипс енгізу арқылы мелиорациялау тиімділігі, оның құрамындағы гипс үлесіне тікелей байланысты. Таза гипс мөлшерін фосфогипске айналдыру, оның ылғалдылығын ескеріп есептеуді қажет етеді. Мысалы, фосфогипс ылғалдылығы 8% болғанда 0,92, 20% - 0,8, ал 25% - 0,75 коэффициенттері қолданылады. Сондықтан топырақ қабаты артқан сайын енгізілетін фосфогипс мөлшерінің өсуі керек екені анықталды.

Фосфогипс суғармалы жерде күзде енгізіледі. Ал көктемде фосфогипс енгізілген танабына дәндік жүгері егіледі. Жүгері суару кезінде топыраққа судың біркелкі тарап сінуі үшін фосфогипс енгізілген жерді, егін егер алдында тегістеп, қопсыту жұмыстары жүргізіледі. Жыртып болған соң, жаппай жауын-шашын жауар алдында есептелген мөлшер бойынша фосфогипс енгізіледі. Оны топырақ бетіне біркелкі енгізу үшін РУМ-5 немесе 1-РМГ-4 арнайы сепкіштері қолданылады. Жүгері себер алдында фосфогипстің топырақтың ылғалдылығына әсері бар екені дәлелдеді. Мысалы, фосфогипс енгізілмеген бақылау нұсқасында топырақтың 0-20 см қабатындағы ылғалдылық өте төмен 7,9% немесе 201 м³/га болды. Фосфогипс енгізілген нұсқаларда топырақ ылғалдылығының артқаны анықталды.

Енгізілген фосфогипс мөлшері 3,5 т/га болған нұсқада топырақтың үстіңгі 0-20 см қабатында топырақ ылғалдылығы 12,1% немесе 307 м³/га болды. Фосфогипс мөлшерінің 7,0 т/га жетуі, топырақтың үстіңгі қабатындағы ылғал қорын 17,7% дейін өсіріп, 373 м³/га жеткізді. Жүгерінің өсіп-дамуын бақылау, топыраққа фосфогипс енгізілген нұсқаларда олардың тез дамуының орын алатындығын көрсетті. Сондықтан 2 және 3 нұсқаларда жүгері биіктігі 280-300 см аралығында болды. Фосфогипс 3,5 т/га мөлшерде қолданылған нұсқада жүгерінің өсуі төмендеп, оладың биіктігі 220-250 см аралығында болды. Топырақтың сортаңдануы жүгерінің өсіп-дамуынан қатар, оның өнімділігіне де әсерін тигізеді. Мысалы бақылау нұсқасында жүгері дәнінің өнімділігі гектарына 5,80 тонна болса, фосфогипс енгізілген нұсқаларда өнім 7,70-10,4 т/га аралығында болды. Дәндік жүгерінің, енгізілген фосфогипс мөлшерінде байланысты өнімділігінің өзгеруі, олардан түсетін таза пайда мөлшеріне де әсерін тигізді (1-кесте).

Кесте 1 – Сортаңдалған топыраққа фосфогипс енгізудің жүгері дақылының өнімділігіне және экономикалық тиімділігіне әсері

Көрсеткіштер	Нұсқалар		
	Фосфогипс енгізілмеген, бақылау	Фосфогипс, 3,5т/га	Фосфогипс, 7т/га
Топырақты мелиорациялау мен жүгері өндіруге кеткен жалпы шығын, тг/га	42000	45200	53400
Жүгері дәнінің өнімділігі, т/га	5,80	7,70	10,4
Жүгері дәнінің құны, тг/га	134200	184800	249600
Жүгері дәнінен түскен таза пайда, тг/га	97200	139600	196200
Фосфогипс енгізуден түскен қосымша таза пайда, тг/га	----	42400	99000

Кестеде келтірілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сортаңдалған топырақ құнарлылығын арттыру үшін фосфогипс пайдалану, жүгері дақылдарының өнімділігін арттырумен қатар, шаруа қожалықтарының суғармалы жерден табатын таза пайдасын да арттыратынын байқауға болады. Сонымен қатар, фосфогипстің Тараз қаласымен оның айналасында орналасқан елді мекендердің экологиясына кері әсерін азайтады.

Қорытындылар

1. Топыраққа фосфогипс енгізу мөлшері оның ылғалдылығына байланысты. Оның ылғалдылығы артқан сайын енгізу мөлшері көбейеді;

2. Топыраққа фосфогипс енгізу мөлшері 7 т/га дейін артқанда жүгері дақылының өнімділігі жоғары – 10,4 т/га болды;

3. Фосфогипс енгізудің экономикалық тиімділігін анықтау үшін жүргізілген есептеулердің көрсеткіші бойынша ең тиімді фосфогипс енгізу мөлшері 7 т/га болды, өйкені ең жоғары таза пайда 99900 тт/га осы нұсқада болды.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Халыққа жолдауы ,Егемен Қазақстан, 2010 ж.

2. Ибатуллин С.Р., Бекбаев Р.К. Рекомендации по совершенствованию технологии применения химмелиорантов для повышения урожайности сельхозкультур на слитных почвах (щелочных солонцеватых).–Тараз 2007.-22с.

Нурбаева М.Б., Атакулов Т.А

ВЛИЯНИЕ ФОСФОГИПСА НА УРОЖАЙНОСТЬ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ КУКУРУЗЫ НА ЗАСОЛЕННЫХ ПОЧВАХ ЮЖНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА

В статье рассматриваются нормы внесения фосфогипса на засоленных орошаемых почвах, влияние на урожайность кукурузы на зерно и экономическая эффективность.

Nurbaeva M., Atakulov T.,

INFLUENCE OF PHOSPHOGYPSUM ON PRODUCTIVITY AND EFFICIENCY CULTIVATION ON CORN ON THE SALINE SOILS OF THE SOUTHERN REGION OF KAZAKHSTAN

The article deals with application rates of phosphogypsum on saline irrigated soils, the impact on productivity of corn and economic efficiency.

Оңлабекова А.М., Жаңабаев Қ.Ш.

Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АЛҒЫ ЕГІСТЕРДІҢ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ САПАСЫНА ЖӘНЕ ӨНІМІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы жағдайында әр түрлі алғы егістердің қант қызылшасының сапасына, қанттылығына мен өніміне әсері зерттелген.

Кілт сөздер: қант қызылшасы, алғы дақылдар, ауыспалы егіс, дара дақыл.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік - шығыс аймағында техникалық бағалы қант қызылшасы өсіріледі. Аталған дақылөсіретін Алматы және Жамбыл облыстарының ауа райы оны өсіруге қолайлы келеді. Осы облыстарда қант қызылшасы суармалы жерлерде орта есеппен әр гектардан 300-350 ц және одан да жоғары өнім береді.

Қант қызылшасының егілетін сорттарына байланысты түбірінің қанттылығы 13-20% шамасында болады [1].

Қант қызылшасы себілетін аймақтарда климат жағдайларын ескере отырып, оны жақсы алғы егістерден кейін себу арқылы дақылдың өнімін арттыруға болады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының, оның ішінде қант қызылшасының өнімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық шаралардың бірі - осы күнгі талаптарға сай келетін оның алғы егісін таңдай білу. Қант қызылшасы алғы егісті талғағыш, сондықтан ауыспалы егісте оған қолайлы орын табу қажет. Бұрынрақта қант қызылшасының ауыспалы егісі ұзақ айналымды, яғни 7-8 танапты болып келетін. Ауыл шаруашылығында болған өзгерістерге, яғни жердің ұзақ мерзімге жалға берілуі, кейінгі кездерде оның сатылуына байланысты бұл қағида өзгерді [2].

Шаруашылықты ғылыми негізде өркендетуде ауыспалы егістің маңызы өте зор. Агротехника ережелеріне сәйкес дақылдарды ауыстырып отырмайынша егіншілік мәдениетін жақсартып, қызылшаның өнімін арттыру мүмкін емес.

Сондықтан кейбір агротехникалық шараларды қайта зерттеп, экономикалық әлеуметтік өзгерістерге байланысты шаруа қожалықтарына тиімді, өндірілген өнім сұраныс пен қатар көп пайда түсіретін ауыспалы егіс түрлері ұсынылуы керек [3].

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық өндірісін одан әрі қарқынды дамыту көзделіп отыр. Соның ішінде, техникалық дақылдардың, әсіресе қант қызылшасының, өнімділігін және қанттылығын арттыруға үлкен мән берілуде. Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы халыққа жолдауына байланысты қабылданған шешімдерге сәйкес, елімізде қызылшадан қант өндіруді 2 – 3 есе арттыру белгіленіп отыр. Бұл міндеттерді орындау үшін, қызылша өсіретін өңірдің топырақ – климат жағдайларын ескере отырып, оның өнімділігін және қанттылығын арттыратын, аймақтық өсіру технологиясын жетілдіру қажет. Соның бірі - қант қызылшасының алғы егістерін дұрыс таңдай білу.

Соңғы жылдары өсімдік шаруашылығын әртараптандыру мақсатында жаңа дақылдарды өсіру қолға алына бастады. Сондықтан қант қызылшасын жақсы алғы дақылдардан кейін орналастырудың маңызы зор. Қант қызылшасын өсіру туралы жүргізілген бұрынғы көптеген тәжірибелер болғанымен, аталған дақылдың алғы егісінің проблемасын толық шешті деп айту қиын. Себебі бұл мәселе жөніндегі

ғылыми және өндірістік деректері толық тұжырымдандырылмаған, зерттеушілердің пікірлерінде, көптеген қайшылықтар бар. Кезінде әрбір қызылша өсіруші ауданына, жергілікті топырақ - климат жағдайларын ескере отырып, өндіріске оның алғы дақылдары ұсынылған болатын. Бірақ ұжымшарлар мен кеңшарлардың тарап кетуіне байланысты ұсынылған егіс көлемдерінің құрылымдары мен ауыспалы егістердің нобайлары жойылған. Сондықтан аталған дақылдың алғы егістерін зерттеудің өндірістік мәні бар. Жаңалығы өсімдік шаруашылығының әртараптаруына байланысты қант қызылшасының алғы егісін қайтадан зерттеп өндіріске ұсыну.

Зерттеудің мақсатықысқа айналымды ауыспалы егістерде алғы дақылдарды дұрыс таңдап алу және шаруа қожалықтарына экономикалық жағынан тиімді ұсыныстар жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері жүргізілді:

Фенологиялық бақылау - қант қызылшасының төмендегідей өсу кезеңдері анықталды: өркеннің шыға бастауы (өркеннің 10 – пайызы шыққан кезде), өркеннің толық көктеп шығуы (өркеннің 75 – пайызы шыққанда), бірінші және үшінші жапырақтың шығуы; жапырақтардың жүйектің бойында және қатараралықта бір – бірімен қосылуы; қатараралықта жапырақтардың сола бастауы;

Арамшөптің есебі - арамшөптер түріне қарай 20x125 см яғни 0,25 м² рамада анықталады. Рама жүйектің бойына 5-10 жерге қойылады. Есеп екі қайталымнан алынады.

Қанттылық - 20 тамыр жемістен алынып рефрактометрмен анықталады.

Өнімділігі - тәжірибе алаңын бөліктерге бөліп, алынған тамыржемістерді таразымен өлшеу арқылы есептелінеді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығында төмендегідейқысқа айналымды ауыспалы егіс зерттелуде:

Тәжірибе нұсқасы:

1. Майбұршақ
2. Күздік бидай
3. Қант қызылшасы
4. Үзіліссіз себілген қант қызылшасы (бақылау)

Шаруашылықта жүргізілген тәжірибелер нәтижелеріне қарасақ, қысқа айналымды ауыспалы егісте қант қызылшасын өсіру ұсақ фермерлер үшін пайдалы. Сондықтан, республиканың оңтүстік- шығыс өңірінің құнарлылығы төмен сұр топырақты жерлерінің 3-4 танапты ауыспалы егістігінде қызылшаға алғы дақыл ретінде отамалы дақыл – майбұршақты ұсыну қажет.

Қант қызылшаның алғы егістері оның өнімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар танаптың фитосанитарлық жағдайын да жақсартады. Қысқа айналымды ауыспалы егісте өсірілген қант қызылшасының қанттылығы жоғарылап, гектардан алынатын қант көлемі артады, яғни қызылшаны өсіру экономикалық жағынан тиімді болады.

Қант қызылшасының алғы дақылын дұрыс таңдап алмаса, егістікті арамшөп басып кетеді(кесте 1).

Кесте 1 – Қант қызылшасы егістігінің ластануының алғы дақылдарға байланыстылығы

Алғы Дақыл	Барлық арамшөптің саны дана\м ²	Оныңішінде		Арамшөптер салмағы (г\м ²)		Бірарамшөп Салмағы (г)	
		біржыл-дық	көпжыл-дық	көктей	Құрғақ	көктей	құрғақ
Майбұршақ	25	22	3	66	13	2,6	0,5

Күздік бидай	33	24	9	96	19	2,9	0,6
Қызылша	37	33	4	121	24	3,0	0,6
Үзіліссіз қызылша	65	55	10	212	42	3,3	0,7

Осыған орай қант қызылшаны танапты арамшөптерден тазартатын дақылдардан кейін себу тиімді. Мұндай алғы дақылға майбұршақ жатады. Бұл дақылдан кейін танапта 25 дана/м² арамшөп кездескен. Ал үзіліссіз қант қызылшасынан кейін арамшөп саны 65 дана/м² болған. Тәжірибе танабында ең жақсы алғы дақылдар - майбұршақ, күздік бидай екені анықталды.

Қант қызылшасының алғы егісі күздік бидай болғанда әр гектардан алынатын өнім 305 центнерге жетсе, ал майбұршақтан кейін егілген қант қызылшасынан 312 центнер гектарына алынды.

Қорытынды жоғарыда жазылған пікірді сараптай келетөмендегідей қорытындылар жасауға болады.

1. Қант қызылшасының әр гектарынан алатын өнімін арттыру үшін оның өсіру технологиясын, соның ішінде алғы дақылдарындұрыс тандай білудің өндірістік маңызы зор.

2. Қант қызылшасының жақсы алғы егісі болып майбұршақ пен күздік бидай есептеледі, себебі олардан кейін себілгенде ең жоғарғы өнім алынады және қанттылығы жоғарылайды.

3. Қант қызылшасын бір орынға қайталап себуге болмайды, өйткені оның аурулары, зиянкестері, арамшөптері көбейіп, өнімі мен қанттылығы төмендейді.

Әдебиеттер

1. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.К., Серекпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы. – Алматы, 2011.- 424 б.

2. Альдеков Н.А., Нурпейсов И., Бастаубаева Ш.О. Возрождение сахарной свеклы в Казахстане // Вестник с-х науки Казахстана- 2012.- №8.- С.20-25.

3. Байоразов Ә.О., Шардарбаев Т.К., Қысқа ротациялық егістегі алғы дақылдардың қант қызылшасы өніміне әсері // Жаршы, № 2, 2007ж.

Онлабекова А.М., Жанабаев К.Ш.

ВЛИЯНИЕ ПРЕДШЕСТВЕННИКОВ НА КАЧЕСТВО И УРОЖАЙНОСТЬ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены результаты исследования разных предшественников на урожайность, сахарность и качество сахарной свеклы в условиях Алматинской области.

Onlabekova A.M., Zhanabaev K.Sh.

INFLUENCE OF DIFFERENT PREDECESSORS ON QUALITY AND PRODUCTIVITY OF SUGAR BEET IN THE CONDITIONS OF ALMATY REGION

The results of researches of different predecessors on productivity, sugar and quality of sugar beet in the conditions of Almaty region.

Отарбаева Б.Т., Исаев С.И.

*Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институты*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТЕКТІК ҚОРЫНДАҒЫ АҚҚАУДАНДЫ
ҚЫРЫҚҚАБАТТЫҢ ТОПТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖАҢА СОРТТАРЫ

Андатпа Аққауданды қырыққабат қырыққабат тұқымдасына жататын айқас тозданданатын екіжылдық өсімдік. Қырыққабат сорттары мен түрлері өзара оңай тозданданатын болғандықтан, селекциялық жұмыстар жүргізілу кезінде арнайы оқшаулағыштар пайдаланылады.

Кілт сөздер: қырыққабат, селекция, сорт, поликросс, популяция, үлгі, будандастыру

Кіріспе Қырыққабаттың тағамдық қасиеті өте жоғары болып келеді. Қырыққабат қайнатылған, маринадталған, тұздалған, бұға пісірілген күйде кеңінен пайдаланылады. Одан әр түрлі салаттар мен тағамдар жасалады [1].

Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында көкөніс-бақша дақылдарының тектік қоры 1995 жылдан бастап қалыптаса бастады. Қазіргі таңда көкөніс-бақша дақылдарының тектік қоры әлемнің 97 елінен әкелінген 11000-ға жуық үлгіні құрайды. Институтымыздың көкөніс-бақша дақылдарының тектік қорында қырыққабаттың 12 түрі тіркелген. Олар: брокколи қырыққабаты, аққауданды қырыққабат, қызылқауданды қырыққабат, брюссель қырыққабаты, декоративтік қырыққабат, қытай қырыққабаты, кольраби, жапырақты қырыққабат, пекин қырыққабаты, савой қырыққабаты, гүлді қырыққабат және жапон қырыққабаты.

Аққауданды қырыққабаттың көкөністік дақылдарының арасында алар орны ерекше. Ол көптеген дәрумендердің қайнар көзі. Аққауданды қырыққабаттың құрамында С, К, В, В₁, В₂, В₃, Д сияқты адам ағзасына керекті дәрумендер көптеп кездеседі. Әсіресе, ең көп мөлшерді аскорбин қышқылы (С дәрумені) құрайды-30-100мг%

Сонымен қатар, қырыққабат көптеген емдік қасиеттерге ие. Оның қант диабеті, май басу, асқазан және сәулелі ауруларды емдеп жазуда пайдасы зор [2].

ҚазККШҒЗИ–ның тектік қоры аққауданды қырыққабат топтамасына бай. Олар әлемнің әр түрлі елдерінен жиналып, институтымыздың тектік қоры журналына тіркелген.

1-кесте ҚазККШҒЗИ тектік қорындағы аққауданды қырыққабат үлгілерінің шыққан жері

№	Елдер	Жалпы үлгілер саны	%	Елдер саны	Үлгілердің көбірек санын құрайтын елдер
1	Ресей	73	32,4	1	
2	Қазақстан	40	17,7	1	
3	ТМД (Ресей мен Қазақстаннан басқа)	18	8	6	Белорусь, Украина, Грузия, Түркменстан, Өзбекстан, Тәжікстан
4	Еуропа	77	34,2	10	Нидерланды, Болгария, Сербия, Германия, Румыния, Финляндия, Югославия, Польша, Дания, Италия
5	Азия	17	7,5	3	Китай, Япония, Корея
	Барлығы	225	100,0	21	

Кестеде берілген мәліметтер әлемдегі ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми зерттеу орталықтарымен тығыз байланыста екеніміздің дәлелі. ҚазККШҒЗИ–ның тектік қорында әлемнің 21 елінен әкелінген аққаданды қырыққабаттың 225 үлгісі тіркелген. Оның ішінде: 74- сорт, 88- F₁, 9- F₂, 1-F₃, 31- селекциялық үлгі, 2- сұрыпталған үлгі, 2- популяция ,18-отандық сорт. Тектік қордағы аталған үлгілерді еліміздің ғылыми-зерттеу институттары селекциялық жұмыстарда кеңінен пайдалануда. Институтымыздың қырыққабат селекциясы бөлімінде тектік қордағы аққаданды қырыққабат үлгілерін бастапқы материал ретінде пайдаланып, селекциялық жұмыстар кеңінен жүргізілуде. Оған институтымыздың селекцилық жетістіктерін айта кетуге болады. Аққаданды қырыққабаттың үлгілерін пайдалана отырып, Белоснежка мен Завадовская сорттарын будандастыру нәтижесінде сұрыптау әдісімен жаңа сорт алынды. 2012 жылы жаңа сорт Мемлекеттік сортсынақтан өтіп, оған Надюша (селекциялық нөмірі Гибрид №2) атауы берілді. 2013 жылы Надюша сорты Алматы облысында аудандастырылды. Сонымен қатар, 2013 жылы Неженка сорты Мемлекеттік сортсынаққа берілді. Аққаданды қырыққабаттың бұл жаңа сорты сұрыптау әдісімен Завадовская сортынан алынған. Селекциялық нөмірі 1-12.

Надюша сортының қысқаша сипаттамасы

Кеш пісетін сорт.Топырақ пен ауаның ылғалдылығын қажет етеді, бірақ көп мөлшердегі ылғалдылық пен топырақтың қатты тығыздығын көтере алмайды. Қаудандары қысқа мерзімде сақтауға және тұздауға арналған. Бір қауданның орташа салмағы 2,44 кг, қаудан ұзындығы 16,0 см, қауданның диаметрі 17,2 см, қауданның тығыздығы 4,4 балл, қауданның сыртқы бояуы-ашық-жасыл түсті, қауданның кескендегі ішкі бояуы-ақ түсті, ішкі қабығының ұзындығы 7,7см, ал ені 2,8-3,2см, өнімділігі 45,0 т/га. Тұқымдықтың орташа салмағы 2,8 кг, 1 өсімдіктің тұқым беру өнімділігі 59,4 г, 1000 тұқымның салмағы 4,9 г.



1-сурет. Аққаданды қырыққабаттың Надюша сорты

Неженка сортының қысқаша сипаттамасы

Кеш пісетін сорт. Пісу мерзіміне қарай кеш пісетін топқа жатады. Жергілікті климаттық жағдайға бейімделген, құрғақшылыққа, ауаның жоғарғы температурасы мен суыққа төзімді сорт. Үлкен өсімдіктері -8⁰-10⁰-қа дейінгі суыққа төтеп береді Бір қауданның орташа салмағы 2,44 кг, қаудан ұзындығы 17,5 см, қауданның тығыздығы орташа, қауданның сыртқы бояуы-ашық-жасыл түсті, қауданның кескендегі ішкі бояуы-ақ

түсті, ішкі қабығының ұзындығы 7,1см, ал ені 4,5-6,5см. Өнімділігі 36,5-38,5т/га. Аққаданды қырыққабаттың жаңа сорты Неженка тұздауға арналған.



2-сурет. Аққаданды қырыққабаттың Неженка сорты

Қорытындылай келсек, институтымыздың тектік қорына аққаданды қырыққабаттың жыл сайын жаңа үлгілері әкелініп тіркелуде және ғылыми жұмыстарда кеңінен пайдаланылуда. Осы қарқынмен болашақта өнімділігі жоғары, ауруларға төзімді, сақтау қабілеті жоғары сорттар шығарылып, еліміздің ғылыми жұмыстарына қосар үлесіміз мол боларына сенеміз.

ҚазККШҒЗИ тектік қорында әлемнің 20 елінен әкелінген аққаданды қырыққабаттың 191 үлгісі тіркелген.

2013 жылы Алматы облысы бойынша аққаданды қырыққабаттың жаңа Надюша сорты аудандастырылды.

2013 жылы тұздауға арналған аққаданды қырыққабаттың жаңа Неженка сорты Мемлекеттік сортсынаққа берілді.

Әдебиеттер

- 1.Лизгунова Т.В. Капуста.-Л,1965. 384б.
2. Амиров Б.М., Лукьянец В.Н., Курганская Н.В., Киселева Н.А. Методические рекомендации по первичному и элитному семеноводству поздних сортов белокочанной капусты.- с.Кайнар, 2005.30б
3. Китаева И. Е., Орлова В. И. Белокочанная капуста.-М.,1980. 46б.

В генофонде КазНИИКО коллекция белокочанной капусты насчитывает 191 образец из 20 стран мира.

В 2013 году по Алматинской области районирован первый сорт белокочанной капусты Надюша селекции КазНИИКО.

В 2013 году передан на Государственное сортоиспытание новый сорт белокочанной капусты Неженка, предназначенный для употребления в свежем виде и квашения.

In the gene pool of KazNIKO collection of white cabbage counts 191 sample from 20 countries of the world.

In 2013, in Almaty region zoned first grade cabbage Nadia KazNIKO selection.

In 2013, transferred to the state variety testing a new variety of cabbage Nezhenka intended for fresh consumption and fermentation.

ӘОЖ 633.2/3:631.529

Райымбеков Б.А., Сеиткаримов А., Оразбаев С.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚУАҢШЫЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМ ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУДА ЖУСАН ӨСІМДІГІНІҢ РӨЛІ

Кілт сөздер: ғылыми-техникалық прогресс (ҒТП), жайылым экологиясы, жусан, қуаңшылық, шөлейттену.

Кіріспе

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) қарқынды дамуы мен халық санының өсуіне байланысты қоғамның табиғатпен етене араласуы жиілей түсуде. Қоғамның және жеке адамдардың табиғи қорларды пайдаланудағы басты мақсаты аз уақыт ішінде мол табысқа қол жеткізу болып табылады. Осы себепті кейінгі жылдары жерді тиімсіз пайдаланудың салдарынан топырақтың құнарлығы күнен-күнге нашарлап барады. Егістік жерлер және мал жайылымдарын дұрыс пайдалана алмағандықтан, су және жер эрозияларының әсерлерінен барлық жердің 60 пайызы немесе 180 млн гектарға жуық жер қуаң шөл далаға айналған. Ондай жерлердің топырағы құнарсыз, көп жерлері сортаң, тұзды келеді. Табиғатты пайдаланудағы бүтіндей теріс іс-әрекет себептерінің нәтижесінде нәзік және жеңіл жараланатын жайылымдық экология жүйелері құлдырауға душар болады. Олардың қалпына келуі баяу өтетінін есте сақтау керек [1].

Құмды шөлдік өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды отынға және жүйесіз мал жаю сияқты бақылаусыз жолмен талан-таражға салып пайдалану зиянды. Бұл көгалдардың, құдықтар айналасы мен елді мекеннің тозуына, құмдардың желмен қарқынды ұшуына, шөл алаңдарының шамадан тыс кеңеюіне әкеліп соқтырады. Қозғалысқа ұшыраған құмдар егістік жерлерді көбіне көміп тастайды. Осы құбылыс нәтижесінде шөлдену процесі одан әрі күшейеді. Қуаңшылық пен шөлейттену – қоршаған ортаның ең маңызды әрі ең қауіпті мәселелерінің бірі [2].

Қазақстанның оңтүстік өңірінде малға қажетті жемшөптің көзін суармалы және тәлімі жерлердегі біржылдық және көпжылдық екпе дақылдар (арпа, сұлы, жүгері, жоңышқа), шалғындық және табиғи жайылымдар құрайды. Өсімдік жамылғысы әр алуан және шөбі құнарлы болып келетін табиғи жайылымдар қуаңшылық аймақтың жемшөп шаруашылығында басты орын алады. Дегенмен, олардың басым бөлігі шөл және шөлейт аймақтарда жатқандықтан шығымдылығы төмен, маусымды және жылма-жыл тұрақты болмайды. Соңғы жылдары бұл аймақтардың экологиялық жағдайларына мән берілмей жүйесіз пайдалану етек алды, сонымен қатар нарықты дамытудың кезеңінде материалдық-техникалық және экономикалық қамтылуы бірдей емес көптеген ұсақ меншік түрлерінің қалыптасуына байланысты елді мекендердің, су көздері айналасындағы жайылымдардың шектен тыс пайдалануы күрт өсті, нәтижесінде бұл алқаптардағы өсімдік байлығы жүдеп, тоза бастады. Сондай-ақ, улы және зиянды арамшөптер басуда, топырақ құрамының нашарлап, қарашірік мөлшерінің төмендеуіне әкеліп соғуда [3]. Белгілі

болғандай Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тозған жайылымдардың көлемі 1,3 млн, Қызылорда облысында 2,0 млн, Жамбыл облысында 1,2 млн гектарды құрап отыр [4].

3.Ш. Шамсутдинов шөл аймақта жайылымдарды жақсартудың нәтижелері болуы өсірілетін өсімдік түрлерінің биологиялық және жақсартылатын алқаптың табиғи жағдайын ескере отырып тиімді агротехнологиялық тәсілдер жүйесін дұрыс пайдалану деп көрсеткен болатын [5].

Оңтүстік Қазақстанның қуаңшылық аймағы үшін құрамында ақуызға бай, дәрумені мол құнарлы қуаңшылық өсімдік түрлерін өсірудің маңызы өте ерекше. Жайылымды түбегейлі жақсарту мақсатында сол қуаңшылық аймақтың аптап ыстығы мен қысы қатал аязына экологиялық төзімді, мол өнімді бағалы түрлер мен үлгілерді іріктеп, оларды екпе дақылға айналдыру, көбейту және шаруашылыққа кеңінен енгізу бағытында зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Сондықтан да, жайылымдардың азып–тозуын тоқтату, олардың шығымдылығын көтеру мәселелерін шешудің оңтайлы жолдарының бірі құнарлылығы жоғары, жергілікті жердің ортасына бейімделген мал азықтық дақылдарды және шөп қоспаларын өсіру болып табылады. Қуаңшылық аймақтың мал азығы құрылымындағы маңызы зор көпжылдық өсімдіктердің біріне жусан туысының түрлері жатады.

Жусан (*Artemisia*) –күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер тегі, көбіне шала бұта.

Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Олардың арасында көптеген түрлері бағалы мал азықтық қатарына жатады. Жусанның биіктігі 10 – 60 см, кейде 1,5 – 2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиікті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Жемісі – тұқымша. Тамыз-қыркүйек айларының аралығында гүлдейді. Дегенмен, жусан түрлерінің көп пайдалы қасиеттеріне қарамастан оңтүстік өңірдің түрлі экологиялық жағдайында оның егістігі әлі кеңінен таралмай отыр. Оның басты себебі жусан мен оның басқа дақылдармен аралас егістерін егіп өсіруде агротехникалық тәсілдер жеткілікті зерттелмеген.

Қазақстанның оңтүстік қуаңшылық аймағының Қызылқұм алқабында тамыр жусан *Artemisia terrae-albae*, құм жиегінде тұран *Artemisia turanica*, Сырдария маңы жазығының сортаңды жерлерінде сораң *Artemisia salsoloides*, сұр топырақта дермене *Artemisia sina*, басты *Artemisia diffusa*, тау бөктеріне қарай жырық *Artemisia tenuisecta* жусаны өседі. Кейінгі кездері байқалған келеңсіз антропогендік, техногендік әрекеттердің, яғни Сырдариямаңы жазығындағы көшпелі көкөніс өсіру үшін жусанды алқаптарды айдау, елді мекен айналасындағы оның табиғи жайылымдарын үздіксіз пайдалану, отынға немесе қысқы сақтық қорға пішен ретінде шауып алу, сондай-ақ жиі қайталанып жатқан өрттер салдарынан жусандық жайылымдар тозып, жел эрозиясына ұшырауда. Сондықтан жусанның табиғи қауымдастығын сақтау және қалпына келтіру шаралары өзекті мәселе болып табылады[6].

Жусан түрлерін мал азықтық дақыл ретінде Орта Азия мен Қазақстан аумағында алғашқы зерттеген Л.П. Сильковский болды [7]. Ол Тәжікстанның қуаңшылық аймағында өткен ғасырдың 50–ші жылдарынан бастап жусанның үш түрін зерттеп, екі түрін өндіріске енгізуге ұсынған.

Өзбекстанда жусанды дақылдандыру жұмысы 1982 жылы бұрынғы Бүкілодақтың қаракөл ғылыми–зерттеу институтында жүргізіле бастаған. Ащы жусанның биологиясы, экологиясы және азықтық құндылығы зерттелген. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сор жердегі жайылымдарды жақсартуға болатыны анықталып, кейбір өсіру тәсілдері ұсынылған [8]. Жусанды–раңды жайылымдардың өнімділігін көтеру мақсатында басты жусан түрін басқа қуаңшылыққа төзімді сексеуіл, шоған, изень, күйреуік, қоңырбас

өсімдіктерімен араластырып, күзгі–қысқы және жыл бойына пайдаланатын жайылымдар түрін жасау технологиясы зерттелген [9].

Қазақстанда жүргізілген жұмыстардың негізгі бағыты жусан түрлерін жерсіндіруге арналған. Шөлді–таулы аймақтарында жусанның өсіп–дамуы, азықтық құндылығы және өнімділігі анықталып, бағалы түрлерін жерсіндіру мәселелерін зерттеу жүргізілген [10,11,12,13]. Көпжылдық зерттеулер нәтижесінде бірінші рет боз жусанның Ақжелкен түрі шығарылған [14].

Оңтүстік Қазақстан өңірінде жусанды дақылдандыру жұмысы өткен ғасырдың 70 жылдарының ортасында басталған. Жазық шөл жағдайында бөлшекті, тұран, басты, ермен, жырық түрлерін зерттеу нәтижесі соңғы екі түрдің жергілікті топырақ–климат жағдайына бейімді емес екенін көрсеткен [15]. Кейінгі жылдары Қаратау, ащы түрлерімен қоса Сириядан алынған боз жусанды жерсіндіру жұмысына қамтылып отыр. Сонымен қатар, жусанның көптеген түрлерімен сорт шығару бағытында жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде Ырысты және жусанның 74 сортүлгілері шығарылып, Мемлекеттік сортсынаққа тапсырылған. Бүгінде бұл сорттарды өндіріске кеңінен енгізу мәселесі оларды егіп–өсірудің тиімді тәсілдерін анықтауды қажет етіп отыр.

Қорыта айтқанда, Оңтүстік Қазақстанның қуаңшылық аймағында жусанның бағалы түрі мен оның басқа шөптермен аралас егістерін мал азығы үшін өсірудің тәсілдерін зерттеп, өндіріске тиімді технологиясын ұсыну өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиетер

1. Біріккен Ұлттар Ұйымынаң жердің құмдануына қарсы күрес жөніндегі конвенциясы. - Алматы, 1996. - 60 б.

2. Өрісбаев Қ. Ауыл шаруашылығының басты мәселелері //Атамекен. -2003 -10 қаңтар. – Б. 2-3.

3. Төреханов А. Қазақстанның табиғи мал азығына арналған жерлері: проблемалары мен шешімдері // Жаршы. – 2005. –№ 3. – Б. 52–54.

4. Төреханов А., Алимаев Н.Н., Оразбаев С. Лугопастбищное кормопроизводство. Учебник, –Алматы: Ғылым, 2008. – 446 с.

5. Шамсутдинов З.Ш. Пути улучшения пустынных и полупустынных пастбищ средней Азии. «Технология производства продукции каракулеводства». Сб.науч. трудов ВАСХИИЛ, -М. 1974. –С.177-187.

6. Сеиткәрімов Ә., Кушербаева С., Сүрімбаева К. Оңтүстік Қазақстанның қуаңшылық аймағында малазығындық өсімдіктерді жерсіндіру ерекшеліктері// Жаршы. - №3.-2011.- Б. 19-28.

7. Сильковский Л.П. Полыни из подрода Seriphidium как кормовые растения и опыт введения их в культуру в Средней Азии // Труды Института животноводства и ветеринарии. –Душанбе, 1959. – Т.3. –170 с.

8. Сальманов Н. Эрман – шуваз – ценное кормовое растение // Луга и пастбища. – 1971. –№ 4. –С. 37– 38.

9. Шамсутдинов З.Ш., Ибрагимов Н.О. Долголетние пастбищные агрофитоценозы в аридной зоне Узбекистана. – Ташкент: ИЗД–во «Фан» Узбекской ССР, 1983. – 176 с.

10. Егеубаева Р.А., Гармс Э.Н., Алимаев Н.Н. К культуре Artemisia terrae – albae Krasch в пустыне Южного Прибалхашья // Проблемы освоения пустынь. –1984. – № 1. – С. 69– 70

11. Нурбаев О.Н. Интродукция дикорастущих видов полыни // Селекция и интродукция кормовых растений / Сборник научных трудов – Алматы: КазАСХИ, –1993. – № 1.– С. 113–119

12. Иванов А.Н., Сосков Ю.Д., Бухтеева А.В. Ресурсы многолетних кормовых растений Казахстана. – Алма-ата: Кайнар, 1986. – 220 с.

13. Тогузбаева Г.А. О культивирование некоторых видов полыни // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – 1993.– № 11–12. –С. 39–43

14. Садуақасов С.С., Ахметов К.А. Ақжелкен – боз жусанның алғашқы сорты // Жаршы. – 2005. – № 1. – Б. 52–53.

15. Сеиткаримов А. Қазақстанның оңтүстік шөл аймағында мал азықтық өсімдіктерді жерсіндірудің ғылыми негіздері және практикалық нәтижелері // Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық автореферат. – Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006. – 45 б.

УДК 57.045

Райымбекова И. К., Сыбанбаева М. А.

Казахский национальный аграрный университет

РОЛЬ АБИОТИЧЕСКОГО ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ФАКТОРА В ФОРМИРОВАНИИ АГРОЭКОСИСТЕМЫ СОИ

Аннотация

Изучена роль температурного режима при прохождении жизненного цикла культуры сои сорта Букурия, Эврика 357 и Вилана от начала вегетации до созревания и его влияние на продолжительность вегетационного периода.

Ключевые слова: агроэкосистема, соя, экологические факторы, абиотические факторы, температурный режим

Введение Для формирования определенной агроэкосистемы необходимо оптимальная среда и условия существования растительного сообщества. Среда каждого организма складывается из множества элементов органической и неорганической природы и элементов, приносимых человеком и его производственной деятельностью. Важнейшее значение для нормального функционирования агроэкосистем и обеспечения их высокой продуктивности имеют как абиотические, так и биотические группы экологических факторов. Приспосабливаясь к абиотическим факторам среды и вступая в определенные биотические связи друг с другом, растений формируют многообразные экосистемы. Для обоснования особенности формирования конкретного агрофитоценоза в условиях изучаемой агроэкосистемы рассмотрим ее с экологических позиций.

Общеизвестно, что при системном анализе имеем дело с природной системой трех уровней, состоящей из следующих крупных подсистем: атмосферы, почвы и растений. Растения в природных условиях являются регуляторами экосистемы и увязывают все уровни, балансируя их. В сельскохозяйственном производстве к ним предъявляются требования гарантированного урожая. Поэтому, агротехника является одним из регуляторов агроэкосистемы. Ее основу составляют водные и температурные режимы агроэкосистем, которые образуют связи как внутри подсистем, так и между ними. Они базируются на законе перехода количества в качество. Тогда, каждому состоянию соответствуют количественные характеристики, и, следовательно, и определенный режим.

Для установления особенности формирования и установления конкурентной ситуации компонентов агрофитоценоза сои нами изучены влияния температурного режима.

Материалы и методы проведения исследований

Экспериментальные исследования проводились в учебно-опытной станции «Агроуниверситет» Казахского национального аграрного университета, расположенной в северо-западной части Енбекшиказахского района Алматинской области.

Для характеристики метеорологических условий в годы исследований нами использованы данные метеостанции г. Иссык, расположенной в 18 км от учебно-опытной станции.

Полевые опыты проводились на лугово-каштановой почве тяжелого механического состава, которая является характерным типом предгорной сазовой полосы. Лугово-каштановые почвы опытного участка сформированы на лессовидных суглинках третичных и четвертичных отложений и имеют полноразвитый профиль. Эти почвы практически все распаханы. На них возделываются зерновые, технические и овощные культуры.

Экспериментальные исследования проводились по общепринятой методике проведения научных исследований. Опыты заложены в 4-кратной повторности в двух севооборотах. Расположение вариантов в опыте - рендомизированное. Размер делянки 100,8 м² (14,0 м x 7,2 м). Учетная площадь делянки 52 м². Заложенные опыты методически выдержаны и обоснованы для решения поставленных задач.

Определение температуры почвы – путем измерения температуры на глубине заделки семян от посева до появления всходов ежедневно в 7, 13 и 19 часов.

Определение влажности почвы термостатно-весовым методом послойно через каждые 10 см на глубину до 60 см перед каждым сроком сева, в середине и конце вегетации, а также перед и после полива.

Полевая всхожесть определяется наложением квадратного метра по диагонали ряда и подсчитывается количество взошедших растений. Определение полевой всхожести осуществляется в трех местах делянки по 4 повторности.

Высота растений определяет в 20-30 местах делянки в каждой повторности опыта путем проведения по диагонали измерения длины растений (расстояние от поверхности почвы до верхушки вытянутого стебля). Определение ведется по основным фазам вегетации.

Отбор растительных образцов перед уборкой

Отбор почвенных образцов - по горизонтам: 0-10 см; 10-20 см; 20-30 см (ГОСТ 28168-89).

Определение агрохимической характеристики почв за ротацию севооборота и в течение вегетации: - гумус - по И.В.Тюрину (ГОСТ 26213-91); - валовые формы азота, фосфора, калия из одной навески по Гинзбург и Щегловой с дальнейшим определением азота по Кьельдалю, фосфора колориметрически, калия на пламенном фотометре (ГОСТ 17.4.4.01-84, ГОСТ 26107-84); - подвижные формы N,P,K: -нитратный азот (N-NO₃) дисульфо-феноловой кислотой по Гранваль - Ляжу; - аммиачный азот с реактивом Несслера на глубину: 0-20, 20-40, 40-60, 60-80 см; - подвижный фосфор - в 1%-углеаммонийной вытяжке по методу Мачигина Б.А.(ГОСТ 26205-91);

Обработка данных полевых опытов проводится методом дисперсионного анализа по Б.А. Доспехову (1985).

Биометрические исследования проводилась по наступлению фенологических фаз растений для установления динамики развития в зависимости от влияния приемов ресурсосберегающей технологии возделывания. Поделяночный учет урожая, структурный анализ проведен в вариантах полевых и производственных опытов по наступлению полной спелости.

Результаты исследований и обсуждение результатов

Для установления влияния абиотического фактора - температурного режима на формирования агрофитоценоза сои на территории орошаемой зоны юго-востока

Казахстана использованы показатели: среднемноголетняя и среднесуточная температура воздуха, а также температура почвы за вегетационный период.

Соя теплолюбивое растение. Минимальная температура для прорастания семян составляет в пределах 6 и 8°C. Восходы могут переносить кратковременные заморозки до 3-4°C [1,2].

Вегетационный период культуры определяется общим количеством тепла, полученным за период их развития, т.е. без достаточного числа теплых дней и накопления соответствующих сумм температур невозможно их возделывание. Сумма активных температур для нормального ее развития в зависимости от сорта колеблется в пределах 1700...3200°C. По литературным данным известно, что для возделывания культур – раннеспелых сортов необходима сумма активных температур в пределах 1700 и 2500°C, и среднеранних – среднеспелых – 2500 - 3000 и позднеспелых – 3000 - 3200 °C [2,3,4].

На основании анализа погодно-климатических условий юго-востока Казахстана для изучения ресурсосберегающей технологии возделывания сои нами подобраны районированные сорта Букурия (среднепозднеспелый), Эврика 357 (среднеспелый) и новый сорт Вилана (среднераннеспелый).

Среднемноголетняя суточная температура воздуха года исследуемого района характеризуется данными двух метеостанции, которые находится друг от друга в 40-50 километрах. Метеорологические данные этих станции отличаются между собой в зависимости от их расположения с учетом вертикальной зональности горной зоны. Поэтому, нам пришлось провести статистическую обработку среднемноголетних данных суточной температуры достаточным высоким доверительным интервалом, где среднемноголетняя суточная температура воздуха за вегетационный период сои в условиях УОС «Агроуниверситет» составляет $19,1 \pm 0,13^\circ\text{C}$.

В обосновании температурного режима сои за вегетационный период представлены результаты статистической обработки данных среднесуточной температуры воздуха за вегетационные периоды.

Среднее значение среднесуточной температуры воздуха за короткий вегетационный период составило $20,3^\circ\text{C}$, минимальное температура - $14,2^\circ\text{C}$, максимальное значение достигло $28,2^\circ\text{C}$, а интервал колебания – $2,0^\circ\text{C}$.

За длинный период вегетации сои среднее значение составляет – $19,9^\circ\text{C}$, минимальное – $14,1^\circ\text{C}$, максимальное – $25,3^\circ\text{C}$, с интервалом колебания – $1,6^\circ\text{C}$. Средняя среднесуточная температура воздуха короткого вегетационного периода выше чем длинного периода $0,4^\circ\text{C}$, также минимальное значение выше за короткий период - на $0,1^\circ\text{C}$.

Длинный вегетационный период имеет несколько больший размах колебаний, хотя очень точно повторяют динамику температур за короткий период. Среднесуточная температура воздуха за исследуемый промежуток времени, т.е. за вегетационный период сои, имела 4 аномальных всплеска температур (высокие) в 2011 году и 2 - в 2010 году.

Полученные данные свидетельствуют об увеличении среднесуточной температуры с $18,3^\circ\text{C}$ до $19,9^\circ\text{C}$ за длинный период и с $18,5^\circ\text{C}$, до $20,3^\circ\text{C}$ за короткий период.

Таким образом, вегетационные периоды сои стали теплее на $1,6$ и $1,8^\circ\text{C}$ соответственно, что показывает в будущем воздействие динамики температурного режима скажется на агроэкосистемах связанной с сокращением продолжительности вегетационного периода культуры.

Наряду со среднесуточной температурой для оценки теплового режима вегетационного периода сои нами определена сумма эффективных температур, которая показывает общее количество тепла, получаемого растениями для завершения вегетационного периода или для прохождения жизненного цикла культуры от начала вегетации до созревания. Величина суммы эффективных температур была получена суммированием ежедневных превышений среднесуточной температуры воздуха над

определенной её величиной, соответствующей температурному порогу развития (таблица 1).

Пороговой среднесуточной температурой для начала вегетации сои в соответствии с требованием растений нами приняты температура воздуха между 5 и 10°C, по следующие периоды вегетации более - 10°C.

Требовательность сои к теплу определяется суммой активных температур, необходимой для нормального развития растений сои, которая тесно связана с продолжительностью вегетационного периода различных сортов. По данным литературных источников, все сорта сои по длине вегетационного периода можно разделить на 7 групп: очень позднеспелые – 160 и более дней; позднеспелые - 140...159; среднеспелые - 120...139; среднеранние –110...119; раннеспелые - 100...109; очень раннеспелые - 80...99; ультрараннеспелые – менее 80 дней [5, 6, 7].

Таблица 1 -Температурный режим в различные фазы роста и развития сои в условиях юго-востока Казахстана (средние за 2009-2011гг)

Фаза развития растений	Сумма активной температуры воздуха, °С по сортам сои		
	Вилана (среднераннеспелый 110-119 дн)	Эврика (среднеспелые 114-123дн)	Букурия (среднепозднеспелые 123-134 дн)
Посев-всходы	339,2	338,2	382,1
Всходы – ветвление	417,9	426,5	519,5
Ветвление - цветение	745,6	760,0	790,8
Цветение – бобообразование	270,2	255,8	298,6
Бобообразование – созревание	592,3	613,8	583,8
Посев - созревание	2365,2	2394,27	2574,8

Величина сумма активных температур служит для определения теплообеспеченности в начальные фазы развития онтогенеза сои, что позволяет планировать эффективные мероприятия по уходу за посевом и обосновать влияние абиотических факторов на рост и развитие культуры. В годы исследования сумма активной температуры воздуха, в зависимости от сорта сои в начальные фазы развития (посев-всходы) колебалась в пределах 338,6°C и 382°C. Максимальной суммой активной температуры воздуха 432,4°C в этот период отличилась 2009 год.

В следующий период развития сои (всходы – ветвление) сумма активной температуры воздуха по сортам колебалась в больших пределах. В этот период сумма активной температуры сорта Букурия наибольшая и составляет 519,5°C, что на 101,6 °C больше, чем сорт Вилана (417,9 °C). В период цветение-бобообразование наибольшую сумму активных температур (298,6°C) потребляет среднепозднеспелый сорт – Букурия, только в фазу бобообразование – созревание снижается потребность этого сорта к тепловому режиму. Потребности среднеспелого сорта Эврика 357 и среднераннеспелого сорта Вилана в тепловом режиме близки между собой, в начальные фазы сумма активных температур меньше и к фазе ветвление-цветение увеличивается.

В условиях наших исследований в эти периоды роста и развития сои, сумма активных температур воздуха находится в максимальном значении.

Таким образом установлено, что в фазу ветвление – цветение в зависимости от продолжительности вегетационного периода сумма активной температуры по годам составляет в пределах 745,6 и 790,8°C, в фазу цветение – бобообразование - 255,8-298,6°C

и в фазу бобообразование – созревание – 583,8-613,8°C. Поэтому общая сумма активных температур полного вегетационного периода в зависимости от сортов в годы исследований колеблется в пределах 2365,2 и 2574,7°C, что обеспечивает оптимальные экологические условия для формирования агроэкосистемы сои.

В заключении нужно отметить, что наиболее характерным показателем потребности сои в тепле, является сумма активных температур за вегетационный период. Оптимальное развитие и созревание сои наблюдается при обеспечении накоплении достаточной для нее суммы температур за отдельные периоды и полной вегетации. Поэтому, возможность возделывания и получение высокого урожая культуры сои по результатам наших исследований, определяют термические абиотические факторы вегетационного периода, находящейся в оптимальных значениях и складывающейся в пределах определенной экологической среде агроэкосистемы. Таким образом, температурный режим формирования агрофитоценоза сои оказывает на весь ход биохимических процессов в растении и почве, в конечном итоге, выход биологической продукции.

Выводы

1. В условиях юго-востока Казахстана для нормального функционирования агроэкосистемы и получения гарантированного урожая немаловажную роль играют абиотические экологические факторы, которые характеризуются большой неравномерностью распределения влаги и тепла и сильной изменчивостью их в течение года и по годам, что лимитирует продуктивность агрофитоценоза сои. В этих условиях продуктивность сои зависит от технологии возделывания, обеспечивающей потребность культуры к экологическим факторам теплового, водного, светового и пищевого режимов.

2. Выявлено, что показатели абиотических факторов агроэкосистемы сои в условиях юго-востока Казахстана, такие как температура воздуха и почвы, водный режим характеризуются ярко выраженной сезонной динамикой в период вегетации сои, что обуславливает особенность формирования агрофитоценоза.

Литература

1. Муха Д.В., Оксененко И.А. Экологически чистая технология возделывания сои: учебное пособие. - Курск: Изд-во КГСХА, 2001. - 47 с.
2. Енкен В.Б. Соя. – М.: Сельхозгиз, 1959. - 622 с.
3. Ауезов А.А., Лукашов В.Н., Бочарников А.П. Возделывание сои в Казахстане. - Алма-Ата: КазНИИНТИ, 1990. – 60 с.
4. Куст Г.С., Розов С.Ю., Кутузова Н.Д., Большеева Т.Н., Стома Г.В., Макаров И.Б., Цейц М.А., Девин Б.А., Андреева О.В., Марчук Е.В. Под общей научной редакцией д.б.н. Г.С. Куста. Почвенно-экологические и агротехнологические особенности выращивания сои на черноземах в Краснодарском крае: доклады по экологическому почвоведению. – Краснодар, 2008. - № 2, вып. 9. - С. 1-527.
5. Каюмов М.К. Использование солнечной энергии полевыми культурами. - М.,1981. - 52 с.
6. Захаренко В.А. Агротехника возделывания сои на зерно в различных почвенно-климатических зонах Алматинской области. – Алматы. - 2012. – 42 с.
7. Балакай Г.Т., Безуглова О.С. Соя: экология, агротехника, переработка / Серия «Подворье». – Ростов н/Д: Феникс, 2003. - 160 с.

Райымбекова И.К., Сыбанбаева М.А.

МАЙБҰРШАҚ АГРОЭКОЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА АБИОТИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ РӨЛІ

Майбұршақ дақылының Букурия, Эврика 357 және Вилана сорттарының тіршілік циклін өту барысында (вегетацияның басынан пісіп-жетілгенге дейін) температуралық режимнің рөлі және оның вегетациялық кезеңнің ұзақтығына әсері зерттелген.

Raiymbekova I.K., Sybanbaeva M.A.

ROLE OF ABIOTIC ENVIRONMENTAL FACTORS IN THE FORMATION OF SOYBEAN AGROECOSYSTEMS

The role of temperature during the passage of the life cycle (from the beginning of the growing season to mature) culture soybean varieties Bucuria, Evrika 357 and Vilana and its impact on the length of the growing season.

ӘОЖ:634.98

Сайкенов Б.Р., Аубакиров Н.П., Ерекеева С.Ж., Үсенова Г.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОРМАН РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Андатпа

Қазақстанның орман қорының көлемі 26,2 млн. га, сонымен қатар 12,4 млн. га жер орманмен жабылған.

Кілт сөздер: орман, сексеуіл, жолақты қарағайлы орман; жайылма ормандар; шөл ормандары; далалық шоқ ормандар; тоғайлы ормандар.

Кіріспе

Республиканың орманы сексеуілдер мен бұталарды қосқанда 4,6%, ал оларсыз 1,2%. Территория бойынша орман біркелкі орналаспаған, жекелеген облыстардың ормандары 0,1%-дан 16%-ға дейін ауытқиды. Су жағалауындағы шағын ормандарды есептемесек, онда Ақтөбе, Атырау, Қарағанды облыстарын ормансыз деп есептесе болғандай (1- кесте).

Зерттеу нәтижелері мен нәтижені талдау

Мемлекеттік орман қорының жерінде өскен барлық ормандар (ауыл шаруашылығына арналған жерлердегі агромелиоративті екпе ағаштардан басқа) мемлекет жекеменшігі болып табылады және мемлекеттік орман қорғау қызметімен қорғалады.

Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Семей, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарында қолдан отырғызылатын екпе ормандар 1,0 млн. га жерді алып жатыр.

Кесте 1 - Облыстардағы ормандар және олардың қоры

Облыстар	Орман шаруашылығы	Ағаштың жалпы қоры, млн. м ³	Орман, %
Ақмола	379,2	42,9	2,6
Ақтөбе	47,7	1,0	0,2
Алматы	1835,8	38,5	8,2

Атырау	16,4	0,4	0,1
Шығыс Қазақстан	1766,1	167,3	6,2
Жамбыл	2305,6	3,6	16,0
Батыс Қазақстан	101,0	8,01	0,7
Қарағанды	103,9	4,5	0,2
Қостанай	227,8	18,5	1,2
Қызылорда	3069,8	5,9	13,6
Маңғыстау	112,8	0,04	0,7
Павлодар	312,4	26,8	2,5
Солтүстік Қазақстан	539,5	55,1	5,5
Оңтүстік Қазақстан	1609,8	3,1	13,7
Қазақстан Республикасы	12427,8	375,6	4,6

Қазақстан Республикасының орман қорының құрамындағы орман өсіруді жоспарлау мәліметтеріне сәйкес жазықтықтың келесі ландшафтты орман бірлестіктері бөлінді:

- Жолақты қарағайлы орман;
- Жайылма ормандар;
- Шөл ормандары;
- Далалық шоқ ормандар;
- Тоғайлы ормандар.

Кесте 2 - Орман қорының орман шаруашылығы көлемін жазықтықтың ландшафт бірлестігі бойынша бөлуі

Облыстар	Орман шаруашылығы, га
Жолақты қарағайлы орман	
Павлодар	159470
Шығыс Қазақстан	320211
Барлығы:	479681
Жайылма ормандар	
Павлодар	28012
Ақтөбе	5712
Атырау	13200
Батыс Қазақстан	46900
Барлығы:	93824
Шөл ормандары	
Алматы	1295661
Оңтүстік Қазақстан	1498660
Жамбыл	2232101
Маңғыстау	112749
Қызылорда	2737919
Барлығы:	7877090
Далалық шоқ ормандар	
Солтүстік Қазақстан	385312
Павлодар	51504
Қарағанды	45575
Атырау	1191
Ақтөбе	16305
Қостанай	126813

Ақмола	180132
Батыс Қазақстан	20923
Шығыс Қазақстан	65212
Барлығы:	892967
Тоғайлы ормандар	
Алматы	44310
Қызылорда	27977
Оңтүстік Қазақстан	41790
Барлығы:	114077

Қарағайлы бітік өскен ағаштың сүрек қоры басым 60,8% (228,59 млн.м³), оның ішінде қарағайлар – 25,9% (97,45 млн.м³), сонымен қатар жұмсақ жапырақтылар – 34,3% (128,96 млн.м³), оның ішінде қайыңдар басым – 22,6% (85,05 млн.м³). Сексеуіл қорының үлесі небары 4,0% (15,14 млн.м³) [1, 2].

Ормандардың экологиялық жүйе ретіндегі өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, адамның әсерінен көп өзгеріске ұшырамаған, табиғи күйде сақталған экожүйелердің бірі; екіншіден, бұл жоғары өнімділікпен сипатталатын, ағаш, детрит, гумус түрінде органикалық зат шоғырланған ең қуатты жүйе; үшіншіден, ормандар тірі затқа тән функцияларды ашық көрсететін күшті орта түзуші және ортаны тұрақтандырушы фактор; төртіншіден, көптеген жануарлардың мекен ету ортасы; бесіншіден, орман – шаруашылықтың көптеген салалары үшін бағалы органикалық өнім мен шикізат көзі болып табылады [3].

Сонымен қатар, орманның санитарлық – гигиеналық, тынығу, стресс жағдайынан құтылуда, эстетикалық және экологиялық тәрбие берудегі маңызы зор. 1992 жылы Рио де Жанейродағы БҰҰ – ның конференциясында «Ормандарға қатысты мәлімдеме Принциптерінде» былай делінген: «Ормандар атмосфераға түсіп, парниктік эффектке әкелетін көміртегі мен сутегін сіңіретін қойма болып табылады» [4]. Дүниежүзілік форумда мұндай құжаттың қабылдануы ғаламдық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі ормандардың маңыздылығын көрсетеді (3 кесте).

Кесте 3 - Қоршаған орта жағдайын жақсарту бағыттары мен мақсаттарды

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттік органның қызметін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік-құқықтық актінің аталуы
1. Адам өміріне және денсаулығына, қолайлы ортаны қалыптастыру, экологиялық тұрақты даму негізімен қамтамсыз ету 1.1 Орман, су ресурстарын және жануарлар әлемін сақтау және тиімді пайдалануды қамтамсыз ету	Облыстың орман қорын қорғауды, күзетуді, орманды молайту және қалпына келтіру, орманды өрттен қорғау шараларын күшейту, оларды зиянкестер мен аурулардан қорғау және санитарлық жағдайын жақсартуды қамтамсыз ету. Заңсыз қоқыстар үйіндісін жою, алдағы уақытта жол бермеу, ластанған, қоқыс төгілген жерге қайта өңдеу,	2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 қазанда №958 қаулысымен бекітілген 2008-2010 жылдарға арналған Республикалық «Жасыл Ел» бағдарламасы 2007 жылғы 9

1.2. Ластану қарқынын төмендету және қоршаған ортаны тұрақтандыру	құнарландыру жұмыстарын жүргізу. Қалдық сақтағыш және істен шыққан шахталарды өңдеу	қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі
---	---	---

Дүние жүзіндегі ормандардың жалпы ауданы 4 млрд. га-дан астам. Жалпы ормандардың ішінен таза ормандарды жеке бөледі. Оған орманды алаңқайлар, жолдар мен шалғындықтар кірмейді. Таза ормандар шамамен 3 млрд. гектарды алып жатыр. Бір адамға шаққанда жалпы ормандық жерлер шамамен 0,8 га – дан келеді.

Құрлықтың жалпы ауданына қатысты ормандар алып жатқан территориялардың пайызбен көрсетілген шамасын ормандылық деп атайды. Дүние жүзі бойынша бұл көрсеткіш – 32%-ға тең (кейбір мәліметтер бойынша 25% деп көрсетілген). Өзінің тарихында адам шамамен 2/3 орманды аудандардағы ормандарды жойған. Мұның нәтижесінде ормандылық бастапқы 75%-дан қазір 25-30%-ға дейін кеміген. Орманды аудандардың кему процесі қазір де жалғасуда. Бұл процесс тропиктік ормандар үшін өте қауіпті болып отыр.

Соңғы кезде, әсіресе, шаруашылық қызметтің әсері тимеген немесе әлсіз болған ормандарды есепке алу мен қорғауға көп көңіл бөлінуде.

Аталған территориялардың дүние жүзілік шамасы 20%. Кейбір елдерде бұл шама жоққа дерлік болса, Еуропа үшін жалпы ауданы бар болғаны 4%.

Ормандардың көміртегіне қатысты қызметі. Атмосферадағы көміртегінің артық мөлшерін шығару арқылы парниктік эффект мәселесін шешуде адамдар орман экожүйелерінен үміттенеді. 1 тонна өсімдік өнімі түзілуі үшін 1,5-1,8 тонна көмірқышқыл газы сіңіріліп, 1,1-1,3 тонна оттегінің бөлініп шығатыны белгілі. Өнімділігі орташа орманға есептесек, 1 га орман жылына 6-7 тонна көмірқышқыл газын сіңіріп, 5-6 тонна оттегін оттегін бөліп шығарады. Ормандардағы көмірқышқыл газының орасан көп мөлшерінің концентрациясы ағаштардың биомассасына ең үлкен болуына байланысты. Жер шарының өсімдіктерінде жиналған көміртегінің бүкіл массасының 92%-ы орман экожүйелерінде шоғырланған. Құрлықтың басқа жүйелерінде көміртегінің тек шамамен 7%-ы, ал мұхиттың өсімдік ағзаларында 1%-дан кемі шоғырланған. Көміртегінің көп мөлшері ормандардың өлі органикалық затында (детрит), топырақ гумусында және орманның торфты қабатында сақталған. Сондықтан көміртегінің байланыстыру процесін жылдамдату үшін ормандардың ауданын кеңейту мен өнімділігі арттыру шараларын қолға алу қажет [5-6].

Ормандардың ауа тазартудағы қызметі. Атмосферадағы көміртегі балансына әсер етумен қатар ормандар ауадағы басқа да бөгде заттарды жоюға қабілетті. Ауаны ластаушы заттардан тазарту – оларды сіңіру арқылы да (бірінші ретті), физикалық тұндыру (екінші ретті) арқылы да жүзеге асырылады.

Өсімдіктердің бірінші ретті қызметі ластаушы заттарды, соның ішінде улы заттарды (CO₂) денесінде жинауы арқылы көрінеді. Улы заттар кейін топыраққа түскен жапырақтармен немесе басқа жолмен ағзадан шығарылады. Мәліметтер бойынша 1 кг жапырақ маусымда 50-70 г күкіртті газ, 40-50 г хлор және 15-20 г қорғасынды сіңіреді. Азоттың қос тотығы және аммоний тұздары түріндегі қосылыстары аз мөлшерде сіңіріледі де, тамырдан тыс үстеме қоректендіру (жапырақ арқылы) факторы болып табылады. Бірақ, бұл заттардың артық мөлшері басқа да ластаушы заттар тәрізді өсімдіктердің тұрақтылығын төмендетіп, оларды уландырады. Екінші реттегі қызметі мен негізінен ауадағы бөлшектерді тұндыру байланысты. Бұл процесс құрғақ күйде де, ылғалды атмосфералық жауын-шашында немесе су буында еріген күйде де жүруі мүмкін.

Қорытынды

Орман алабында орманды емес жермен салыстырғанда ауаны тазарту интенсивтілігі 20-30 есе жоғары болады. Ауа жоғары дәрежеде шанданған кезде 1 га орман жылына 50-60 тонна шаңды сіңіріп, тұнбаға түсіре алады. Танап қорғайтын орман белдеуі ауаны топырақтық жел эрозиясының өнімдерінен тазартуында осы эффект қолданылады, орман шуды кемітеді, дыбыстың таралу қашықтығын төмендетеді. Өсімдіктердің ластаушыларды бейтараптандыруы мен олардың өсімдіктердің тіршілік қызметіне зиянды әсер етуі қатар жүреді.

Әдебиеттер

1. Биологиялық әртүрлілік Конвенциясы (1994 ж. 19 тамыз Министрлер Кабинеттің № 918 қаулысымен бекітілген)
2. Жойылып кету қаупі бар фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы Ковенциясы (СИТЕС) 1999 ж. 6 сәуірдегі қосылу туралы Заң.
3. Әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы ЮНЕСКО Конвенциясы (1994 ж. қол қойылды).
4. Иващенко А.А. Растительный мир Казахстана. -2004. -175 с.
5. Березюк И.Е. Природные районирование лесов Казахстана. – Лесное хозяйство, 1997, № 8.
6. Доклад Председателя Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК по проекту UNEP-GEF-WWF «Создание Эконет для долгосрочного сохранения биоразнообразия в экорайонах Центральной Азии». Алматы, 27-28 август 2004.

Сайкенов Б.Р., Аубакиров Н.П., Ерекеева С.Ж., Усенова Г.А.

КРИТЕРИЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЛЕСНЫХ РЕСУРСОВ

В статье описаны особенности лесных ресурсов в качестве экосистемы. Лесные массивы влияют на углеродный баланс в качестве нейтрализаторов чужеродных элементов.

Saykeonov B.R., Aubakirov N.P., Yerekeyeva S.Zh., Usenova G.A.

THE CRITERION OF USE OF FOREST RESOURCES

This article describes the features of forest resources as ecosystems. Forests affect the carbon balance, as converters alien elements.

Салыкова А.С., Кайрат Ш., Алдабергенова Р.

Казахский национальный аграрный университет

СОДЕРЖАНИЕ ПОДВИЖНЫХ ФОРМ ОСНОВНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ПИТАНИЯ В ЛУГОВО-КАШТАНОВОЙ ПОЧВЕ

Аннотация

В статье приводится содержание подвижных форм основных элементов питания по фазам вегетации кукурузы на зерно возделываемой в условиях орошения на лугово-каштановых почвах Алматинской области

Ключевые слова: удобрения, почва, кукуруза, нитратный азот, подвижный фосфор, обменный калий, зерно, способ внесения.

Введение

Изучение динамики содержания подвижных форм питательных элементов в почве и влияние связей между ними, динамикой накопления сухого вещества и урожайностью возделываемых культур имеет важное, как теоретическое, так и практическое значение.

Кукуруза – одна из основных культур современного мирового земледелия. Эта культура разностороннего использования и высокой урожайности.

Результаты исследований

Нашими исследованиями установлено, что содержание нитратного азота в лугово-каштановой почве на посевах кукурузы на зерно колебались в широких пределах в зависимости от норм и сочетаний минеральных удобрений, а также от способов их внесения.

Так в фазе 5-7 листьев кукурузы на зерно, при содержании нитратного азота на контрольном варианте в слое 0-30 см было в пределах 18,1 мг/кг почвы, внесение минеральных удобрений, особенно азотных содержание нитратного азота повышалось в 1,5-2 раза.

Наибольшее содержание нитратного азота в эту фазу обнаружено на вариантах с внесением $N_{150}P_{120}K_{90}$ как локально, так и вразброс (47,5-48,3 мг/кг), с уменьшением этих же доз на половину снижается и их содержание до уровня 28-33 мг/кг.

В фазу 10-12 листьев кукурузы в связи с потреблением азота нитратов оно несколько снижается, но усиливающийся процесс нитрификации оставляет уровень его содержания на достаточно высоком фоне для нормального азотного питания возделываемой кукурузы (22,7-43,1 мг/кг почвы) при содержании на контроле 17,9 мг/кг.

В дальнейшем в фазу выметывания метелки кукурузы происходит снижение нитратного азота по всем вариантам опыта, но оно остается довольно высоким на вариантах с внесением $N_{150}P_{120}K_{45}$, как при внесении вразброс (26,3-33,1), так и локально-ленточно (24,3-35,7) мг/кг почвы, так как в эту фазу развития кукурузы процессы потребления нитратов и их образование в процессе нитрификации идут параллельно и значительного их снижения не наблюдается, даже к фазе полной спелости зерна, по-видимому, с резким снижением потребления азота.

Содержание подвижного фосфора в почве характеризует её плодородие. Фосфорные удобрения действуют положительно на урожай сельскохозяйственных культур в год их внесения и обладают высоким последствием, которое иногда по эффективности превосходит их прямого действия.

Подвижность в почве фосфатов, внесенных фосфорных удобрений и коэффициент их использования растениями зависит не только от норм, но в основном от сроков и способов их внесения.

Наибольшее содержание подвижного фосфора 46,1 мг/кг отмечено при внесении $N_{150}P_{120}K_{90}$ - локально, тогда как эти же дозы, внесенные вразброс уступают в содержании подвижного фосфора на 8-9 мг/кг почвы.

Следует также отметить, что локализованное внесение P_{60} близка по содержанию подвижного фосфора (37 мг/кг) к варианту с внесением P_{120} – вразброс (39,7 мг/кг).

При внесении одинаковых доз фосфора различными способами: вразброс, локально и локализовано преимущество в подвижности было за последним (локализованным внесением фосфора) – содержание подвижного фосфора – 37,0, при локальном – 33,3 и при разбросном – 29,6 мг на 1 кг почвы.

Далее в фазу 10-12 листьев кукурузы, выметывания метелки содержание подвижного фосфора снижается значительно по всем вариантам опыта, но закономерность в их величине сохраняется и к концу вегетации кукурузы оно снижается: на контроле от 20,1 мг/кг до 15,7 мг/кг, а на удобренных вариантах от 29,6-46,1 мг/кг до 20,3-28,3 мг/кг почвы.

Таким образом, подвижность фосфатов, внесенных фосфорных удобрений было выше на вариантах с локальным и локализованным внесением удобрений, ниже при разбросном внесении. Поэтому внесение высоких доз фосфора вразброс не имеет преимуществ, перед локальным и тем более локализованными способами внесения фосфорных удобрений в обеспечении оптимального уровня фосфатного режима орошаемых лугово-каштановых почв в фосфорном питании кукурузы.

В минеральном питании растений, наряду с азотом и фосфором большое значение принадлежит калию, выполняющему большую роль в физиолого-биохимических превращениях.

Основным источником калия для питания растений является его обменная форма.

Определение содержания обменного калия в опытах с кукурузой показало, что изменялось не только от доз калийных удобрений, но и зависело от способов их внесения.

Так, в фазу 5-7 листьев кукурузы от внесения удобрений содержание обменного калия колебалось от 514 мг/кг почвы на контрольном варианте, до 540-582 мг/кг почвы. При этом, максимальное значение его было при внесении $N_{150}P_{120}K_{90}$ – локально – 582 мг/кг и эту же дозу – вразброс – 571 мг/кг почвы.

В процессе же питания и нарастания сухого вещества растения кукурузы в связи с их интенсивным потреблением, содержание обменного калия значительно снижается по всем вариантам опыта. Так, в фазу 10-12 листьев кукурузы на вариантах с максимальными дозами удобрений ($N_{150}P_{120}K_{90}$), внесенных как вразброс, так и локально – ленточным способами содержание обменного калия уменьшилось на 40-45 мг/кг почвы по сравнению с предыдущей фазой (5-7 листьев).

Анализ на содержание обменного калия в фазу выметывания метелки показывает, что на вариантах с внесением умеренных доз минеральных удобрений $N_{75}P_{60}K_{45}$ вразброс, локально-ленточно и локализованными способами потребление калия кукурузой повышается при последних способах и несколько ниже при разбросном внесении удобрений, на что указывает более высокое содержание обменного калия в последние две фазы на вариантах с внесением вразброс $N_{75}P_{60}K_{45}$ - 493 и 480 мг на 1 кг почвы, а на вариантах с локальным и локализованным внесением $N_{75}P_{60}K_{45}$ – содержание обменного калия ниже – 480 и 468 мг/кг почвы, соответственно в фазу выметывания метелки и полной спелости зерна.

Выводы

Таким образом, в отличие от динамики содержания нитратов в почве и подвижного фосфора, которые могут в течении вегетации вместе с их потреблением растением кукурузой и пополняется за счет минерализации органического вещества почвы, с обменным калием этого не происходит и его содержание в почве от начала вегетации до

её конца снижается и наиболее значительно это происходит при локальном и локализованном внесении удобрений.

Литература

1 Кубарева Л.С. Локальное внесение удобрений – один из путей повышения их эффективности. Бюл. НИИ удобрений и агропочвоведения им. Д.Н.Прянишникова. М., 1980. № 53, С. 3-7

2 Трапезников В.К., Тавильская Н.Г. и др. Физиологические особенности формирования урожая яровой пшеницы и кукурузы при разбросном и локальном внесении удобрений. Бюл. НИИ удобрений и агропочвоведения им. Д.Н.Прянишникова. М., 1980. № 53, С. 16

3 Соколов В.С., Гладыш О.Т., Кашеваров Н.И. Эффективность локального внесения минеральных удобрений под кукурузу в Западной Сибири. Бюл. НИИ удобрений и агропочвоведения им. Д.Н.Прянишникова. М., 1980. № 53, С. 50

Салыкова А.С., Кайрат Ш., Алдабергенова Р.

ШАЛҒЫНДЫ ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАҒЫ НЕГІЗГІ ҚОРЕКТІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ФОРМАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

Мақалада Алматы облысы суармалы шалғынды қара-қоңыр топырақтары жағдайында дәнге өсірілген жүгерінің вегетация фазалары бойынша негізгі қоректік элементтерінің жылжымалы формаларының мөлшері келтірілген.

Salykova A., Kairat Sh., Aldabergenova R.

CONTENT OF MOBILE FORMS MAIN ELEMENTS NUTRITION IN MEADOW-CHESTNUT SOILS

The article presents the content of mobile forms of basic elements of power on phases of vegetation corn cultivated under irrigation in the meadow-chestnut soils of the Almaty region.

Сейлхан А.С., Оразова А.Е., Куандыкова Ә.М.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университет*

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ТАСҚЫНСУЫ БАР АЙМАҚТАРЫНА БАҒА БЕРУ

Аңдатпа

Аталған мақалада Сырдария өзенінен жоғары орналасқан су қоймаларындағы су деңгейінің төмендеуі мезгілдік өзгерістерге тікелей байланысты әрі ол өз кезегінде су тапшылығына әкеледі бұл мәселелерді оңтайлы шешу жолдары аталған мақалада ұсынылып отыр.

Кілт сөздер: су тасқыны, су қоймасы, су режимі, су деңгейі, су басу қауіпі.

Кіріспе

Сырдария Орта Азиядағы ірі өзен Қарадария мен нарын өзендерінен Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастау алып, Арал теңізіне құяды. Ұзындығы Нарын өзенінен 2212 км, Қарадариядан 3019 км, су жинау алқабы 219 мың км². Жоғары бөлігіндегі суы Ферғана аңғарындағы егінді суғаруға көбірек пайдаланылады, сондықтан, көптеген салаларының суы басты арнаға жетпейді. Басты салалары: сол жағынан-Исфайрам, Шахмардан, Сох, Исфара, Қожабақырған, Ақсу; оң жағынан- Патша ата, Қасансай, Гавасай [1].


Арал теңізі алабы сирек шөл зонасында орналасқан. Қазақстан аумағы арқылы тек Сырдария өзені ағып өтеді. Сырдария өзені Қазақстан жерінен тыс Орталық Тянь – Шань тауларынан басталады. Жоғарғы ағысында Арыс және Келес өзендерінің салалары келіп, құяды, өзеннің жалпы ұзындығы 2212 км, оның 1400 км Қазақстан жерінде құмды аңғармен ағып өтеді.

Сырдария өзенінің алабы егістік алқаптарын жасанды суғарумен айналысатын, ылғалға тапшы аумақта орналасқан. Өзен алабындағы негізгі суды тұтынушы-жыл сайын суға деген сұранысы көбейіп келе жатқан суармалы егін шаруашылығы. Сонымен қатар, суға деген сұраныс өнеркәсіп, қызмет көрсету және балық шаруашылықтары жағынан да туындап отыр. Осыған байланысты төмендегі кестеде көрсетілген Арал-Сырдария алабының су шаруашылығы басқармасының (СШБ) 2004 жылғы зерттеулері бойынша алынған көрсеткіштерін мысалға алуға болады.

Сырдария өзенінің су деңгейіне гидрометриялық бақылау жасау Қазақстанда 1910 - 1913 жылдары төрт гидропосттан басталды: Төменарық, Қызылорда, Қараөзек, Қазалы. Қазіргі уақытта 8 тірек гидропосттар жұмыс істейді: Чиназ – Көкбұлақ, Шардара су қоймасы, Көктөбе, Төменарық, Тасбөгет, Қараөзек, Қазалы және Қаратерек [2].

2010-2011 жылдардағы су тасқыны кезіндегі су қоймасында жинақталған ағынның көлемі 2,2 млрд текше метрді құрады. Көктем мен жаз айларында Көксарайда тұрған судың артығын Сырдария арнасына және Кіші Аралды толтыру үшін жіберіп, Шардара суын кейін пайдалану мүмкіндігі туды. Бұл күріш өсіретін облыстардың суландыру жүйелерін қамтамасыз етуге және балықтың көбейуіне септігін тигізеді [3].

Сырдария су жинағышының орташа биіктігі Амудариядан әлдеқайда төмен, соның нәтижесінде мәңгі қарлар мен мұздар бұл жерде аз дамыған. Сырдария бассейнінің барлық ірі өзендері (Нарын, Қарадария, Шыршық және Сырдарияның өзі) қорегін қар мен мұздықтардан алады. Олардағы судың көп мөлшерде жұмсалуды әсіресе маусым айларында байқалады.



Сурет 1- Сырдария өзенінің тасқын суы бар аймақтарының Қазақстан картасынан көрінісі

Арал-Сырдария бассейнінің ауданы 345 мың км² жерді алып жатыр және ол екі әкімшілік облысты қамтиды. Олар: Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары. Бассейн маңындағы халықтың саны 2,6 млн-ға жуық (жалпы Республика халқының 17%), оның ішінде қала тұрғындары 1,2 млн адам (46% бассейні бойынша) және ауыл халқы 1,4 млн адам (54%).

Бассейннің негізін Сырдария өзені құрайды. Нарын бастауынан 3019 км жер. Өзен Қазақстан территориясы бойынша Шардара су қоймасынан Арал теңізіне дейін 1627 км-ге созылып жатыр. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында – 346 км, Қызылорда облысында -1281 км-ге созылған.

Арал-Сырдария су шаруашылық бассейнінде су қорларының сулылығы орта болған жылдары 17,92 км³/жыл, ал су аз жылдары 14,24 км³/жыл бағаланады. Мұндағы ағынның міндетті шығыны 5,82 км³/жыл-мен бағаланады. 2,8 км³/жыл көлемдегі ағын су өзен арналарының және су қоймалардағы судың беткі қабаттарының булануына, сондай-ақ өзен арналарының фильтрациясына жұмсалады. Арал теңізінің деңгейін көтеруге бағытталған экологиялық бос ағызу 3,1 км³/жыл құрайды. Сулылығы орта болатын жылдарда қолдануға арналған су қорлары 12,02 км³ –ді, ал 20 жылда бір қайталанатын құрғақшылық жылдары олар 9,3 км³/жылды құрайды [4].

Арал-Сырдария бассейні, су шаруашылығының қиын жағдайымен сипатталады. Әсіресе Сырдарияның төменгі аймағында өзеннің шынайы тоқтауы және өзен суының ластануының жоғарылауы табиғи ортаның Арал аймағындағы қоныс жағдайының төмендеуіне әкеледі. Өзен атырауы өзінің су басқару қабілетін толық жоғалтты. Шөлді аймаққа айналу процесі 2 млн га жерді қамтиды. Сырдарияға коллекторлы-дренаждық сулардың, елді мекендердің, өндіріс пен ауылшаруашылығының ағынды суларының Сырдария өзеніне келіп құйылуы, судың химиялық, бактериялық лайлануына әрі елді мекендердегі халықтың ауруға шалдығуына әкеп соғады. Аймақтағы су проблемасын шешудің басты қиыншылығы-жер үсті су қорларының толығымен ауылшаруашылығында қолданылуы.

Сырдария өзен бассейндерінің ауданы бастауынан Төмен-Арық теміржол бекетіне дейін 21900 км²-ді құрайды. Ағын қалыптасқан аймақта (бассейннің таулы бөлігінде) негізгі қоректену көзі-мезгілдік қар жамылғысының еріген сулары болып табылады. Оның

аз бөлігі “мәңгілік қар”, мұз және жаңбыр сулары. Сырдария өзен бассейнінің су қорлары орта есеппен алғанда 37,9 км² құрайды. Ағынның 70%-ын құрайтын негізгі көлемі бассейнінің жоғарғы жағында Ферғана жазықтығынан шығарға дейінгі жерде қалыптасқан. Шардара су қоймасынан жоғары орналасқан оң жақ жағалау салаларының ағыны Қазақстанға келетін жалпы су қорларының 21-23% құрайды. Арыс өзенінің және Қаратау жотасынан ағып жатқан басқа да өзен ағындарының Қазақстан жеріндегі еншісі 9-7%.

Сырдария өзен бассейнінің су қорлары орта есеппен алғанда 37,9 км² құрайды. Ағынның 70%-ын құрайтын негізгі көлемі бассейнінің жоғарғы жағында Ферғана жазықтығынан шығарға дейінгі жерде қалыптасқан. Шардара су қоймасынан жоғары орналасқан оң жақ жағалау салаларының ағыны Қазақстанға келетін жалпы су қорларының 21-23% құрайды. Арыс өзенінің және Қаратау жотасынан ағып жатқан басқа да өзен ағындарының Қазақстан жеріндегі еншісі 9-7%.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Тәжірибе жүрген жерде төмендегідей жүргізілді: Математикалық бақылау - бұл арна арқылы қажет болса, секундына 900 текше метр су жіберуге болады. Қызылорда облысының негізгі аграрлық бағыты – күріш өсіру. Облысымызда 1992 жылға дейін 280 мың гектар суармалы жер, оның 220 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілген болатын, ал қазіргі уақытта суармалы жер көлемі 218 мың га, оның 175 мың га инженерлік жүйеде, 60 мың гектардан астам жер түрлі себептермен егіс айналымынан шығып қалды.

Облыс көлемінде егілетін күріш дақылдарының 30% астамы Жаңақорған, Шиелі аудандарында орналасқан. Жаңақорған ауданындағы Түгіскен алқабын (30 мың га) сумен қамтамасыз ету мақсатында Келінтөбе магистралды каналы 1964 жылдары салынған. Қайта жаңғыртудан кейінгі каналдың ұзындығы – 88,5 км, су өткізгіштігі – 102 м³/сек. Сонымен қатар Шиелі ауданындағы Жаңақорған-Шиелі суармалы алқабын (28 мың га) сумен қамтамасыз етіп отырған Жаңа-Шиелі магистралды каналы 1950 жылы пайдалануға берілген, қайта жаңғыртудан кейінгі ұзындығы – 20,4 км, су өтімдігі – 120 м³/сек [5].

Зерттеу нәтижелері

Сырдария өзенінен жоғары орналасқан су қоймаларындағы су көлемі азайғанда, әсіресе шілде, тамыз айларында өзендегі су деңгейі түсіп жоғарыда аталған каналдарға су көлемі жетіспей су тапшылығы орын алады, нәтежиесінде екі ауданның бірнеше жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары судан қалып отырады.

Аталған екі ауданның егістік жерлерін суландыру Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тәуелді болғандықтан Шардара су қоймасы мен Көксарай су реттегіші жыл сайын тұрақты түрде маусым кезінде (сәуір-тамыз айларында) 600-750 м³/сек су көлемін жіберіп отырады, ал екі ауданда су тіреуіш бөгеті салынып пайдалануға берілген уақыттан бастап аталған қоймалардан маусым кезінде 550-650 м³/сек дейін азайту мүмкіндігіне қол жеткізіп 0,8-1,0 млрд м³ су көлемін үнемдеуге мүмкіндік болды [6].

Арал маңайындағы шаруашылықтың тиімсіз жүргізілуінен Арал теңізі бассейніндегі елді мекендерде әлеуметтік және экологиялық мәселелер ұлттық деңгейге көтерілді. Сырдария өзенінің төменгі сағасындағы су қорларының дефициті жылына 1, 2 - 3, 5 текше км-ге жетеді. Ол Сырдария дельталарындағы экосистемалардың азып-тозуына әкеп соқты.

Сырдария өзені Қызылорда және Оңтүстік қазақстан облыстарын сумен қамтамасыз етудегі - негізгі су қоры, ол Қырғыз Республикасының аумағында басталып, Өзбекстан және Тәжікстан Республикаларында қалыптасады. Өзен үш ірі су қоймаларымен реттелген.Сырдария өзені бассейнінің Қазақстандық бөлігінде жалпы 2,5 миллионнан астам халық тұрады (Оңтүстік Қазақстан облысында-1,998 млн, Қызылорда облысында – 0,601 млн). Мұндағы халықтың негізгі жұмыс саласы ауылшаруашылығы болып табылады. Әсіресе қысқы мерзімде тасталған жоғарғы өтімді су Қазақстан аумағында төтенше жағдайлар туындатып, үлкен аумақтарды су басуда. Нәтижесінде Сырдария өзенінің төменгі сағасына түсетін су көлемі 1994 -2000 жылдар аралығындаы 10 км³-те 5,

4 км³ке дейін азайды. Сонымен бірге Арал теңізіндегі судың көлемі 230 км³ аспай, тұздылығы 46 мг/л жетті [7].

Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы негізінен, территориялық-өнеркәсіптік кешендерде, облыстар және жеке қалаларда болсын, көпшілігінде елдің су қорларымен қамтамасыздығына тәуелді болады. Сырдария өзенінің жер бетіндегі су қоры орташа сулылықта 100,5 км³ құрайды, оның 56,5 км³ республиканың аумағында қалыптасады. Қалған 44, 0 км³ су көршілес мемлекеттерден түседі: Меншікті сумен қамтамасыздандыру 1 км² жерге 37 мың м³ және бір кісіге 6, 0 мың м³-ке тең. Шардара су қоймасының режимінде екі кезең айқын ерекшеленеді: қысқы – су жинау кезеңі және жазғы - көлемнің жұмыс кезеңі. Шардара су қоймасы өзеннің төменгі жағында орналасқан су тұтынушылардың суға деген қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Кесте 1- Сырдария өзен бассейнінде су қоймаларындағы су көлемдері, миллиард- м³

Су қоймасы	Ел	Өзен	Толық көлем	Пайдалы көлем
Тоқтағұл	Қырғызстан	Нарын	19,5	14,0
Шардара	Қазақстан	Сырдария	5,2	4,7
Кайраккум	Тәжікстан	Сырдария	3,4	2,5
Андижан	Өзбекстан	Қарадария	1,9	1,7
Шарвак	Өзбекстан	Шыршик	2,0	1,6
Басқалары			4,0	1,2
Барлығы			36,0	27,5

Шардара су қоймасына Арнасайдан реттелмейтін тасқындарды тастаудың шектелуі, артынан апаттық жағдайға әкелуі мүмкін жағдай жасалынған. Шардара су қоймасындағы барлық су жібергіш имараттар өткізгіштік қабілеті жобалықтан екі есе төмен және 2100-2200 м³/с құрайды, оның ішінде Сырдарияның арнасына тасталу мүмкіндігі 1500-1600 м³/с.

Қорытынды

Осы мақалада келтірілген Республиканың әртүрлі аймақтарындағы климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, су қорының 90% көктемдегі мерзімде өтеді. Сонымен қатар, жер беті сулары аумақ бойынша біркелкі орналаспаған, жылдар бойында және жылдың ішінде өзгеріп отырады.

Өзеннің су қорларын экономика салалардың мұқтаждықтары үшін толық қолдану мүмкін емес, Сырдария өзені бойынша экологиялық, балық шаруашылығы және санитарлық талаптарды қанағаттандыру үшін жылына берілетін судың жиынтық көлемі, 29, 0 км³ құрайды. Өзендердің су қоймасы және алаптарындағы булану және фильтрлеуге кететін шығындары 13, 5 км³ болатыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Bozhinski, A.N., Nazarov A.N., Chernous P.A. A probabilistic model of snow avalanche origin and motion //Материалы гляциологических исследований. 2002. Вып.
2. Осипов В.И. Оценка природного риска// Геоэкология, инженерная геология, гидрогеология, геокриология. 2004. № 6. С. 483 490.
3. Каталог селеопасных рек Казахстана, Средней Азии и Восточной Сибири. Алма-Ата. 1967. Т. 3.327 с.
4. Гостюшин А. В. Энциклопедия экстремальных ситуаций. 3-е изд.М.1996.
5. Гостюшин А.В. Человек в экстремальных ситуациях. М.: "Открытый мир", 1995.

6. Действия работников организаций и членов их семей в чрезвычайных ситуациях. М": №Ю России, 1999.

7. Райхард Г.М. Стихийные бедствия. М. "Слово", 1998. 9. Репин Ю.В., Шабунин Р.А", Середа В.А, Основы безопасности человека в экстремальных ситуациях. Пособие по курсу "Основы безопасности жизнедеятельности". Алматы: "ДЕМЕУ", 1994.

Сейлхан А.С., Оразова А.Е., Куандыкова Э.М.

ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ПАВОДКОВЫХ ВОД ЮЖНОГО РЕГИОНА В РЕКЕ СЫРДАРЬИ КАЗАХСТАНА

В водохранилищах находящейся на верхней реке Сырдарьи зимой и весной объем воды повышается, в июле и августе уровень воды в реке снижается и это отражается нехваткой воды в каналах. Выявилась причины разлива реки Сырдарье, наблюдалось работа водохранилищ, водоемов и структура контролирующих инструментов

Seilkhan A. Orazova A. Kyandikova E.

PROGNOSTICATION OF FLOOD WATER OF SOUTH REGIONS ON SYRDARYA RIVER IN KAZAKHSTAN

In the reserveoirlocated on the top of the Syrdarya river in the winter and spring of the water volume increases, in July and August, the water level in the riveris reduced and this is reflected in the lack of water in the canals. Identify the causes of the spill in the Syrdarya river, observed the work of reservoirs, ponds and structure of regulatory instruments.

ӘОЖ 635.9

Сейтбаев Қ.Ж., Абдибеков Б.Т.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

ЖЫЛЫЖАЙДА ЦИТРУС ДАҚЫЛЫН ӨСІРУ

Андатпа

Цитрус дақылдары ежелгі заманнан бері белгілі өсімдіктер. Пайда болу жағынан цитрус өсімдіктері субтропикалық дақылдарға жатады, олар қоңыржай белдеу өсімдіктері болып, жапырақтары күзде түсетін дақылдарға қарағанда жылуды талап етеді және аязға төзімсіз [1,2].

Кілт сөздер: Цитрус дақылы, субтропика, лимон, субстрат, жылыжай, траншеяда лимон өсіру, ұластыру арқылы көбейту, қаламшалау.

Кіріспе

Жер бетінде цитрус дақылдары 1,5 млн.га астам жерде өседі. Лимон жемістері адам ағзасына өте пайдалы саналады. Оның шипалы қасиеттері құрамында биологиялық белсенді заттардың жоғары мөлшері, аскорбин қышқылы - С витамині көп болуында. Субтропикалық жеміс өсімдік ретінде лимон қазіргі уақытта өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орынды алады.

Лимон – цитрустар тұқымдасына жататын көпжылдық мәңгі жасыл өсімдік. Отаны – Үндістан, Қытай және Тынық мұхитының тропикалық аралдары. Қазіргі кезде тропикалық аймақтарда ғана емес, сонымен қатар мәдени түрлері субтропикалық Кавказ, Орта Азия, Калифорния, Флорида, Жерорта теңізі аймақтарында да өсіріледі [2-3]. Лимон ағашының биіктігі 5-8 метр. Бұтақтарының инелері болады. Жапырағы жұмыртқа пішінді, ұшы сүйірленген. Жапырағындағы эфир майы әсерінен өсімдік жағымды иіс бөліп тұрады. Гүлі ақ түсті, хош иісті. Лимон ағашының жемісі жұмыртқа пішінді, кейбір сұрыптарында домалақ түрлері кездеседі. Жемісінің ұзындығы 7-12 см, диаметрі 8-10 см, салмағы 120 г. шамасында. Лимон жемісінің қабығының қалыңдығы 2-5 мм, сары түсті. Лимонның шырыны ақшыл-сарғыш түсті, дәмі ащы. Қазақстанда климаттық жағдайымызға байланысты бақшаға өсіре алмағанымызбен, жылыжайда өсіруге болады. Дұрыс күтіп баптаса, үй жағдайында да гүлдеп, жеміс береді. Үйде өсірілетін лимонның қабықтары жұқа, дәні майда, хош иісі көбірек болады. Дәнінен өсірген лимон 7-8 жылдан, кейде 15-20 жылдан кейін ғана жеміс береді. Бұл үдерісті тездету үшін, бір жылдық көшетті жеміс беретін ағаштың бұтағымен телу керек. Мұндай өсімдік 2-3 жылда гүлдей бастайды. Бір лимон жемісі толық жетілу үшін сабақ бойында кем дегенде 10-15 жапырақ болуы керек. Жарықты жақсы көреді, тек жаздың аптап ыстық күндерінде терезеден түскен күн сәулесінен қалқалау қажет. Қыста 12°C салқын жерге қою керек, егер осы температуралық жағдай туғызылмаса, өсімдік көктемде гүлдемей қояды. Оның себебі, салқын жерде өсімдік өсуін тоқтатып, «ұйқыға» кетеді де, көктемге дейін демалады. Дәл осы демалу кезеңінде гүл түйнегін қалай бастайды. Демалу кезеңінде тыңайтқыштармен қоректендіруге болмайды, ал басқа уақыттарда 10-15 күнде толық минералды немесе арнайы лимонға арналған тыңайтқыштармен қоректендіріп тұрған дұрыс. Су бүркіп ылғалдандырып, әрі шаң-тозаңнан тазартып тұрған абзал. Лимон гүлдей бастағаннан орнынан қозғап мазалауға болмайды, гүлін, түйінін тастап жібереді.

Бөлме лимонының өмір сүру уақыты жағымды жағдайда әжептәуір ұзақ болады. Мысалы, 35-45 жылға дейін өсіп тұруы мүмкін.

Оңтүстіктің өсімдігі болған соң, жақсы күтім жасап, барлық жағдайын жасаса, лимон ағаштары міндетті түрде жеміс салады. Жылылық пен жарықты аса қажет етеді. Жапырақтарының өсіп, лимон салуына ең қолайлы температура шамамен 17°C, ал жемісінің пісіп жетілуіне 21-22°C. Қатты ыстық температура лимонға өте зиянды. Ауаның ылғалдылығы төмен болып тұрып, бірден температураның көтерілуі көктемгі уақыт пен жаздың бас кезінде болады. Мұндай кезде түйін салған гүлдер түсіп қалады. Ал күз бен қыстағы температураның кенеттен түсіп кетуі жапырақтарының түсуіне әкеліп соғады.

Топырағының температурасы да ауаның температурасына сәйкес болу керек, егер топырақ температурасы кенеттен ауаның температурасына қарағанда түсіп кететін болса, өсімдікке зияны тиеді. Мұндай жағдай жаз бен күз ұзақ уақыт далада тұрып, күн суытқанда жылы бөлмеге ауыстырғанда байқалады. Бұны жапырағы түскенінен көруге болады.

Лимон жылыжайда ішіндегі ауа температурасының ауытқып тұрғанын көтере алмайды. Әсіресе түйін салып, гүл жарған кезде өте ыстық болса, бәрі түсіп қалады. Лимон күннің көп түсуін аса қажет етпейді. Ұзақ күн түсетін кездерде оның өсуі жеделдейді де, жеміс салуы тоқтайды. Терезенің оңтүстік пен шығыс жақ бетіне орналастырған жағымды. Жазда оңтүстік жақтан көп жарық алады, сондықтан қатты күннің шуағы түспес үшін терезеге дәкеден көлеңке жасау керек (әсіресе талтүсте).

Лимон жарықтың өзгерісіне және бір орыннан екінші орынға ауыстырғанды жақтырмайды. Дегенмен ағаш бір ғана жанына қарап өсетін болса, әрбір ай толған сайын ыдысын аздап бұрып отыру керек. Бұдан бойы мен жапырақтарының өсуі сәл кешеуілдегенімен, өсімдік дұрыс пішінге ие болады. Лимон ағашы жарықтың өзгеруіне

сезімтал келеді. Ондай кезде өсімталдығы азайып, жаңа шыққан жапырақтары үлкейіп кетеді.

Қыз кезінде лимонға күндізгі жарық артық етпейді. 5-6сағат күндізгі жарықты беретін электр шамдарын өсімдіктің үстіне 60-80 см биіктікте орналастырады. Мүмкіндігінше ең жарық жерге қойған дұрыс.

Лимон ағашын бір топырақта бірнеше жыл өсіреді. Сондықтан оған тыңайтқыштар мен субстраттарды дұрыс таңдау керек.

Жоғары өнімді қамтамасыз ету мен жетілген технологияларды кеңінен енгізу негізінде цитрус дақылдарынан өнеркәсіптік өңдеу бойынша жеміс консервілерін, цукат, ликер-арақ өнімдерін, шырындар мен балшырындарды қайта істеуде кеңінен қолданылады. Жабық қорғалған топырақта жеміс дақылдарын өсіру агротехникалық іс-шаралармен айқындалады, олардан алынған өнімнің өнімділігімен сапасы өндіру технологиясына байланысты болады.

Өсімдіктерді ашық топырақта және жылыжайда өсірудің айырмашылығы негізінде жылыжайдың микроклиматын реттеуге мүмкіншіліктің болуымен белгіленеді. Өсімдіктің әрбір түріне, оның өсуі мен дамуына ең қолайлы оңтайлы температура сәйкес келеді. Оған жарық, жылу, желдету жүйесінің жұмысын, көлеңкелеуді, жылуды жоғалтумен күресудің және т.б. іс-шаралар арқылы қол жеткізуге болады.

Өсімдіктердің кез келген тобының өсіп дамуы үшін - оңтайлы температураны қамтамасыз ету. Орташа температуралық режим – 15-25°C. Қыста жылытуы бір қалыпты жылыжайда ең төмен температура 4-5°C -тан төмен болмауы керек, жылытуы орташа болған жылыжайда – 10°C төмен, ал жылы жылыжайларда – 16°C төмен болмауы керек.

Жылыжайда лимонды өсіру үшін оның микроклиматын барынша субтропикалық жағдайларға жақындату қажет. Негізгі талаптардың бірі-жыл бойы өсімдікке қажетті температуралық режимді сақтау болып табылады[4].

Температуралық жағдай әр түрлі құрылғылармен бақыланады және жылыту жүйесімен реттеледі.

Жылыжайды жылыту үшін қыркүйектен мамырға дейін техникалық отынымен жылытылатын жерде, ауа мен топырақтың температурасын оңтайлы деңгейге дейін реттеуге мүмкіндік береді.

Температуралық режимге қоса, оңтайлы ылғалдылықты сақтаудың маңызы жоғары болып табылады. Жоғары ылғалдылықты жасау үшін жылыжайда жаңбырлатқыш қондырғылар пайдаланып, ауаның ылғалдылығы 80% құрауы керек.

Блокты жылыжайларда лимон өсімдігін өсіру үшін жыл бойы жоғары температурамен жартылай көлеңкелеу және ауаның жоғары ылғалдылығы қажет болады. Сол себептен жылыжайда үнемі жылыту жүйесі қосылып тұрады, ал жаздың ыстық күндерінде шатырды көлеңкелейді және жиі ылғалдайды. Жылыжайда, сонымен қатар, желдеткіш арқылы үнемі ауа жаңартылады немесе жылытудың құбыр жүйесі арқылы ылғалдау жүзеге асырылады.

Күзгі-қысқы уақытта жылыны сақтау үшін қосымша бүйір әйнек жабындарға қалыңдығы 150-200 мк полэтиленді үлдір тартылады. Оны көктемде алып тастайды.

Лимон дақылын траншеяларда өсіру

Цитрус өсімдіктерін өсіруге арналған траншеялар салқын булыжайлар болып олардың кәсіктері шыныланған күнгүрт баспана болып табылады. Булыжайда жылу тәртібі топырақтың жылу бергіштігі арқылы сақталынады. Жылуды беретін шек траншеяның қабырғалары мен ұлтаны болып табылады. Аяз қауіпті болатын аумақтарда траншейяның тереңдігін 1,5 м кеңдігін 8 м, ал ұзындығын 25 м етіп жасауға болады. Құрылысты салып болғаннан соң топырақты дақылдандырады, оған шіріген көң, және қажет болса, құм араластырады.

Цитрус өсімдігін траншеяға егуді келесі түрде өткізеді: өсімдіктерді 4 қатарға отырғызады, қатарлар арасы 2 м-ден қалдырады. Соңғы қатарларды қабырғадан бір метр арақашықтықта отырғызады. Көшетті көң төгілген шұңқырларға отырғызады. Егіп болғаннан соң көшетті жеткілікті суарады және 2- 3 аптаға көлеңкелейді. Топырақты үнемі қопсытып, қажет болған жағдайда суарады.

Цитрус өсімдіктерін траншеяда өсіруде күрделі қаржы жұмсалымды талап етпейді.

Лимон өсімдігін жылыжайда құмырыларда өсіру

Жабық қорғалған топырақ жағдайларында цитрус дақылдарын барлық аймақтарда, климаттық жағдайларға байланыссыз өсіруге мүмкіндіктер бар. Оранжерия (жылы жер, ыссы жақтың өсімдіктерін өсіретін жылы үй) мен бөлмелерде температураны, ауа мен топырақтың ылғалдылығын, сонымен қатар жарықтылықты оңай реттеуге болады. Цитрус өсімдіктерін құмыралық өсіру тәсілі бұрыннан белгілі. Цитрус өсімдіктерін өсірудің осы тәсілі тек қана сәндік мағынада тұрғын бөлмелерді жасылдандыру (көгаландыру) үшін ғана қолданылған.

Бөлме жағдайларда цитрус дақылдары жыл бойы хош иісті гүлдермен гүлденетін әдемі мәңгі жасыл сәндік өсімдік болып табылады.

Дұрыс күтім жасаған кезде лимон өсімдігін құмырыларда сәндік өсімдік ретінде емес, сонымен қатар олар жоғары сапалы жеміс беретін дақыл ретінде де өсіруге болады. Лимонның қыстауы үшін ауаның біркелкі ылғалдығында қажетті температура +15 -18°C. Жас өсімдіктерді бір-екі жылдан кейін басқа орынға отырғызуға болады, бес жылдық және одан да көп жасты лимон ағаштарын 3-4 жылдан кейін орнын ауыстырып отырғызуға болады.

Ал бүрлену үшін оңтайлы температура +14-17° С, жемістердің өсуі мен жемістенуі үшін +19-25° С қажет болады.

Лимондарды сәуір мен тамызға дейін екі аптада бір рет, ал қыста айына бір рет органикалық және минералды тыңайтқыштарымен азықтандыру керек.

Жылыжайларда лимон ағаштарын 2,5-3 м арақашықтықта қатарлап егеді.

Лимон ағашын көбейту

Қаламша арқылы өсіргенде лимонның бір жылдық сабақтарын кесіп алып, тамырландырады. Алынған сабақтың 12-15 см, кемінде 3-4 жапырағы болуы керек. Шым топырақ, шым тезек, құм қосылған қоспаны қаламше отырғызылатын ыдысқа салып бетіне 3 см таза құм төсейді. Сол құмға қаламшені отырғызып бетін полиэтиленмен немесе шынымен жабады. Құм қабатында тамырланған қаламше өсе келе астыңғы қабаттағы топырақтан нәр алып, өсе бастайды.

Лимондарды көбейтудің ең оңтайлы тәсілі - ұрықтар арқылы егу. Көптеген жеміс дақылдарына қарағанда лимон ұрық арқылы көбейткен кезде жақсы сапалы мәдени типті екпе көшетті береді. Ұрықтардан сау, төзімді, жергілікті жағдайларға бейімделген ағаштар өседі. Мұқият күтім болған кезде екпе көшеттерден, олардың алғашқы формаларынан да жақсы өсімдік алуға болады.

Ұрық арқылы көбейтудің жолы ұзақ. Ұрық арқылы көбейген өсімдіктер 5-6 жылдан кейін жемістене бастайды. Лимон өсімдігінің жемістену кезеңі екпе көшеттердің сұрыпына, оларға жасалған күтімге және көптеген басқа себептерге байланысты. Лимонның екпе көшеттерінің дамуы және олардың жемістенуі өте ақырын жүреді.

Ұрықтарды мол жемістенетін ағаштардан жақсы дамыған жемістен ғана алу керек. Ұрықтарды жемістен ала салысымен егу керек, әйтпесе олар көктеу қасиетінен тез айрылады. Топыраққа егуді қатарлармен жасайды және жүйекке, тереңдігі 2-3 см дейін, қатарда ұрықтардың арақашықтығы 10-15 см, ал қатарлар арасында - 20-25 см қалдырып егеді.

Екпе көшеттерді көшеттеу жәшіктерінде өсіріп, содан кейін құмыраларға отырғызуға болады. Ұрықтар өну үшін ең қолайлы температура шамамен +25° С. Суару

үшін су температурасы +25-27°C. Осындай жағдайларда ұрықтар 2-3 аптадан кейін өне бастайды.

Лимонның көктеулері өте нәзік. Оларды тік күннің сәулесінен көлеңкелеу қажет және суық сумен суаруға болмайды. Топырақты үнемі қопсытып, ылғалды күйде сақтау қажет. Жазда екпе көшеттерді 2-3 рет селитраның бір пайыздық ерітіндісімен және айына бір рет садырамен суарады.

Ұластыру арқылы көбейту

Цитрус дақылдарын ұластыру арқылы көбейтуінің ең таралған тәсілдері - копулировка (шыбықпен, саппен ұластыру) және бүршіктеу, көзсабақтау болып табылады.

Ұластырудың алдында екінші жазғы өсімнің қаламшаларын (саптарын) тармақтанудың 5-7 тәртібіндегі бұтақтардан дайындайды. Қаламшаларды астыңғы бұтақтан және өгей бұтақтардан алуға болмайды. Қаламшалардан жапырақ тілімшілерін алып тастайды және тек қана жапырақтардың қысқа шыбықтарын (саптарын) қалдырады, қаламшаларды ылғалды мүкте немесе құмда сақтайды.

Ұластыруға арналған екпе көшеттерді (екпе) алдына ала дайындайды. Екпе ретінде бөлме жағдайларда өсірілген жасы 1-2, ең болмағанда, 3 жылдық, тамырлардың түбі жағында діңінің қалыңдығы шамамен 5-7 мм қолданады, бүйір бұтақтарын жұлып тастайды, ал ұштарын шырпыйды.

Ұластыраудың алдында екпелердің діндерін суланған шүберекпен сүртіп алады. Содан кейін басында жерден 3-5 см биіктігінде өткір көзсабақтау пышақпен қабықты көлденең тіледі, ал одан астыға ұзындығы 2-3 м бойлық тілік жасайды, бұл жерде ағашқа зақым келтірмей, тек қана қабығын тіледі. Ұластыру үшін қаламшадағы көздің ортаншы жағынан алады, ол жерде көздер жақсы қалыптасқан. Кесіп алған көзшені екпедегі қабықтың Т-тәрізді тілігіне салады. Жеміс беретін ағаштан өркенін кіргізіп байлап тастайды. Ұластыру орнын жөке немесе рафиймен байлап қояды. Таңу материалы ретінде оқшаулағыш таспаны қолдануға болады.

Ұластыруды тез, мұқият, таза және өткір пышақпен жасайды. Бүршік өскен кезде (2-3 аптадан кейін), таңғышты босаңсытады, ал тағы 2-3 аптадан соң екпені ұластырған жерден 2-3 мм жоғары кесіп алады, жараны боямен немесе бақша қарамайымен сылап тастайды.

Қаламшалау арқылы көбейту

Қаламшалау- лимонды көбейтудің қарапайым және қол жетімді тәсілі болып табылады. Қаламшалардан (саптардан) өсірілген лимондар үшінші жылы жемістене бастайды. Лимон қаламшалары тамырларын тез жаяды. Бөлме жағдайларында жәшік және құмыраларға отырғызылған қаламшалар жазда маусым-шілде аралығында жақсы тамырланады.

Қаламша ретінде екпе көшеттерден өсірілген ең жақсы жеміс беретін қалыңдығы 4-5 мм жетілген жас бұтақтар алынады. Қаламшаның ұзындығы 8-12 см болып және әрқайсысында 3-5 бүршік болуы қажет. Қаламшаның үстіңгі тілігін бүршіктен 2-3 мм жоғары, ал астыңғысын бүршікке қарама қарсы немесе одан 2-3 мм төмен кеседі. Отырғызуға дайындаған қаламшалардың астыңғы жапырақтарын кесіп тастайды, ал үстіңгілерін олардың ұзындығынан буын аймағын төмендету үшін 2/3 қысқартады.

Көптеген әуесқойлар жапырақтарын кеспей және қысқартпай қаламшаларды отырғызады, бұл жағдайда қаламшада қоректі заттектердің қоры сақталады.

Ылғалдың артық булануын алдына алу үшін қаламшаларды әйнек ыдыстармен жауып қояды. Осындай жағдайда қаламшалардан қуатты тамырлар жүйесі пайда болып және жақсы дамиды.

Көшетханалар мен жылыжайларда қаламшаларды 15-20 см қабатпен төселген таза өзен құмына отырғызады, жәшіктер мен құмыраларға топырақпен құм қоспасын қосады. Қаламшаларды диаметрі 10-12 см болған құмыраға бірнеше данадан отырғызады.

Отырғызылған қаламшалар температураның кенет ауытқуларына және тік күн сәулелерінің әсеріне өте сезгіш болады. Сол себептен сақтандырушылық үшін жылыжайлардың әйнектерін ішінен әк немесе бор ерітіндісімен ағартады, ал қаламшалар тұрған құмыраларды көлеңкелейді. Сонымен қатар, қаламшаларды суық сумен суармайды.

Қаламшалар тамырлануы үшін оңтайлы температура +20-25 ° С, суару мен бүріктендіру үшін судың температурасы +22-27° С болуы керек.

Қолайлы жағдайларда тамырлар 3-4 аптадан кейін жайылып өсе бастайды, осыдан кейін температураны төмендетеді.

Лимон ағашына күтім жасау

Лимонның қыстауы үшін ауаның біркелкі ылғалдығында оңтайлы температура +15-18 ° С болып табылады. Осындай жағдайларда өсімдіктер жақсы өседі, жапырақтары сақталынады, жемістері піседі. Лимондар ылғалды температурада тым құрғақ ауаны өте нашар көтереді, әсіресе топырақта өсірілген көшеттер.

Оңтүстікте бөлме лимондарын терезелері оңтүстікке, оңтүстік-батысқа және оңтүстік-шығысқа қараған жақта өсіреді. Көктем – лимонға қараудың өте жауапты кезеңі. Бұл уақытта лимондарға басқа да өсімдіктер сияқты, өсу жолына түседі, бүрлену кезеңіне кіреді. Бітеугүлдер жақсы дамиды және пайдалы жатындарды температура +14-17° С болғанда береді.

Вегетация кезеңіне кірген лимон ағашын ең жарық жерге қою керек, әйтпесе бұтақтары ұзарып кетеді.

Жазда ағаштарды күту дегеніміз тыңайтқыштарды, суаруды дұрыс енгізу, өсімдікті дұрыс қию болып табылады, осының барлығы лимон ағашының бөрік басының қалыптасуына және өнім беруге қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Өсу мен жемістердің пісуі үшін оңтайлы температура +19-25° С. Одан артығырақ температура өсімдіктерге жағымсыз әсерін тигізеді.

Лимондарды жылыжайларда өсірудің ерекшеліктері

Лимонның жоғары және тұрақты өнімін алу агротехникалық іс-шаралар және жылыжайдағы ауаның температуралық-ылғалдылық режиміне байланысты.

Жылыжайларда жабынды топырақтың үстінен жылыту, минералды тыңайтқыштар ерітінділерін беру, терезе желдеткішті (желкөз) ашу мен жабу жоспарлы түрде жүргізіледі.

Мамыр мен тамыз айларында қалыпты температура және ылғалдылықты сақтау үшін, жылыжайды желдету арқылы ауасы желдетіледі, азанғы және кешкі сағаттарда жапырақтардың шаңын сүрту жұмыстары жүргізіледі.

Әдебиеттер

1. Витковский В.Л. и др. (ред.) Культурная флора. Цитрусовые культуры (лимон, апельсин, мандарин, грейпфрут, помпельмус, дикорастущие сородичи). ВНИИР, 1998. - 415 с.
2. Жуковский П. М., Культурные растения их сородичи, 3 изд., л., 1971.
3. Капцинель М. А. Выращивание цитрусовых культур в Ростовской области. Ростов-на-дону -1953, с 80
4. Кустовой В.А. Все о лимонах. Особенности выращивания цитрусовых культур 2006.

ҚОЗЫҚҰЙРЫҚТЫ ӨСІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Зерттеу жұмыстары далалық танаптық және зертханалық әдістермен жүргізді. Мөлтектердің көлемі: оның ішінде есептік - 40 м². Тәжірибе 4 қайталанып екі ярусқа салынды. Тәжірибеде алғы дақыл күздік бидай. Тәжірибе салуға тұқым Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының (Алмалыбақ) және Мал азығын өндіру ғылыми зерттеу институтынан алынды. Тұқымның зертханалық өңгіштігі анықталды. Бұршақ тұқымдас шөптердің өңгіштігі 54-62% астық тұқымдас шөптердің өңгіштігі 56-65% аралығында болды. Қоспаларда бұршақ және астық тұқымдас шөптерден әрқайсынан 50% алынды. Тәжірибеде бұршақты-астықты көпжылдық шөп қоспаларының топырақтың агрофизикалық қасиетіне және құнарлығына әсері зерттелуде. Біздің алғы дақыл ретінде қарастырып отырған бұршақты-астықты көпжылдық шөп қоспаларының танаптарының топырақ құрылымы мен көлемдік массасы төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Көпжылдық бұршақ - астықты шөп қоспалары егістігінің топырақ құрылымы және көлемдік массасы (0-30 см қабат)

Алғы дақыл	Топырақтың қатты фазасы %	Жалпы кеуектілігі %	Капиллярлық қуыстылығы	Капиллярлық емес қуыстылық	Топырақтың көлемдік массасы г/см ³
1 -ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+қылтықсыз арпабас+ жиматарғақ + біржылдық жайылымдық үйбидайық)	54,0	54,2	25,0	27,4	1,21
2-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+мүйізбас шөп+қылтықсыз арпабас +жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	54,4	54,0	26,0	28,2	1,27
3-ші шөп қоспасы (Эспарцет+мүйізбас шөп+қылтықсыз арпабас+жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	52,1	55,0	24,0	21,0	1,28
4-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+мүйізбасшөп+қылтықсыз арпабас+жиматарғақ+бір жылдық жайылымдық үйбидайық)	54,8	55	28	29,5	1,29

Кестеден көріп отырғанымыздай көпжылдық бұршақ - астықты шөп қоспалары топырақтың жырту қабатының құрылымына айтарлықтай әсер еткен топырақтың кеуектілігі және капиллярлық қуыстылығына оң әсерін тигізетіні анықталды. 1-ші және 2-ші шөп қоспалары бойынша танаптың топырағының көлемдік массасы 1,26-1,27 см³ болса, жалпы кеуектілік 54,0-54,2% көрсетті. Суармалы егістікте топырақ кеуектілігінің маңызы зор, өйткені топыраққа су сіңу тереңдігі осыған байланысты келеді.

Егіншілікте топырақтың құрылымының маңызы зор. Сол себепті көп жылдық бұршақты-астықты шөп қоспаларының топырақтың құрылымына әсерін анықтадық. Біздің зерттеуде 4-ші шөп қоспасынан кейін топырақтың макроқұрылымының өзгергенін көреміз.

Кесте 2 – Көпжылдық бұршақ - астықты шөп қоспалары егістігінің топырақ құрылымына әсері (2014-2015 орташа жж)

Алғы дақыл	Агрономиялық жағынан бағалы құрылым агрегаты %		Құрылым коэффициенті	Топырақтың құрылым агрегатын бағалау
	10-0,25 мм	Суға берік агрегаттау %		
1 -ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+кылтықсызарпабас+жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	68,4	49,2	2,17	Жақсы
2-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+мүйізбасшөп+ кылтықсызарпабас+жиматарғақ+бір жылдық жайылымдық үйбидайық)	72,3	52,7	2,65	Жақсы
3-ші шөп қоспасы (Эспарцет+мүйізбасшөп+кылтықсызарпабас+жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	61,6	40,2	1,6	Жақсы
4-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+мүйізбас шөп+кылтықсыз арпабас+ жиматарғақ+бір-жылдық жайылымдық үйбидайық)	73,5	53,6	2,72	жақсы

Кестеден белгілі болғандай көп жылдық бұршақты-астықты шөп қоспаларының ең жоғарғы макроагрегат 4-ші шөп қоспасы танабында қалыптасады екен (73,5%). Суға берік топырақ агрегаты 52,7-53,6% аралығында болды.

Кесте 3 – Көпжылдық бұршақ - астықты шөп қоспаларының 6-шы жылғы жайылымдық өнімі, ц/га (2015 ж.)

Шөп қоспалары	Барлығы
1 -ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+кылтықсызарпабас+жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	325,6
2-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+мүйізбас шөп+кылтықсызарпабас+жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	375,7

3-ші шөп қоспасы (Эспарцет+мүйізбас шөп+қылтықсызарпабас +жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	352,2
4-ші шөп қоспасы (Жоңышқа+эспарцет+мүйізбас шөп+қылтықсызарпабас + жиматарғақ+біржылдық жайылымдық үйбидайық)	384,6

Қорытынды

Қорыта келгенде көп жылдық бұршақты-астықты шөп қоспалары топырақтың агрофизикалық және гранулометриялық қасиетін жақсартты. Бұршақты-астықты шөп қоспалары 6-шы жылы 5 рет орылды, әр гектардан 325,6-384,6 ц/га жайылымдық көк шөп жиналды.

Әдебиеттер

1. Кутузова А.А. Пути увеличения производства кормового белка на сенокосах и пастбищах. //В сб. «Резервы увеличения производства растительного белка», М. 1990.- с.3-10.
2. Әубәкіров Қ.Ә., Атақұлов Т.А. ж.т.б. Мал азығын интенсивтендірудің өзекті мәселелері //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Қазақстанның аграрлық секторындағы инновация» Алматы, 200.- 285 с.
3. Иванов Н.В. Продуктивность травостоев с лядвенцем рогатым в условиях Нечерноземья. //4-ая Международная научно-практическая конференция «Интродукция нетрадиционных и редких сельскохозяйственных растений». Ульяновск, 24-28 июнь, 2002г. Материалы конференции т.1.- С. 186-188
4. Зыков Ю.Д. Проблема растительного белка в Казахстане //Алматы «Бастау» 1990.-47 стр.
5. Асанов К.А., Денисов В.М. Кормовая база Южного Казахстана //Алматы, 1981.- С.33-43.

Шаухарова Д.Е., Жоламанов Қ.К.

ВЛИЯНИЯ БОБОВО-ЗЛАКОВЫХ ТРАВосмЕСЕЙ НА АГРОФИЗИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ПОЧВЫ И ИХ ПРОДУКТИВНОСТЬ В УСЛОВИЯХ ОРОШЕНИЯ ПРЕДГОРНОЙ ЗОНЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приводятся результаты исследований влияния бобово-злаковых травосмесей на агрофизические показатели почвы и их продуктивность в условиях орошения предгорной зоны Алматинской области.

Shauharova D., Zholamanov K.

INFLUENCE LEGUMES-GRASS FAMILY GRASS MIXTURES ON AGROPHYSICAL INDICATORS AND FERTILITY OF THE SOIL IN THE CONDITIONS OF AN IRRIGATION OF A FOOTHILL ZONE OF ALMATY REGION

To the article the results researches influence are driven leguminous-cereal grassmixtures on the agrophysical indexes of soil and their productivity in the conditions of irrigation foothill zone of the Almaty area.

ЛЕСНЫЕ, ЗЕМЕЛЬНЫЕ И ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ

ӘОЖ 630.266

Абжанов Т.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АСТАНА ҚАЛАСЫН КӨГАЛДАНДЫРУДА СӘНДІК АҒАШ ЖӘНЕ БҰТАЛЫ ИНТРОДУЦЕНТ ӨСІМДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Интродукциялау мәселесінде басты көрсеткіш болып іріктелетін өсімдіктердің жаңа орта жағдайына бейімделуге деген тұрақтылығы және тез өсу көрсеткіштері болып саналады. Сонымен қатар келесі ұрпағының сол жердің табиғат жағдайына тұрақталатындай түрлерін таңдау. Екпе ормандар өсіру және қаланы көгалдандыру жұмыстарында сыртқы орта жағдайына тұрақты және жоғарғы өнімділікті өсімдік түрлерін іріктеу және оларды еңгізу маңызды мәселе болып табылады. Сол арқылы қала өсімдіктерінің сыртқы орта жағдайына тұрақты өсімдіктердің тигізетін әсерін зерттеу және оларды кеңінен қолдануға жағдай жасау қажет.

Кілт сөздер: интродукция, вегетация, генеротив, фенология, репродукция.

Зерттеу жұмыстарының өзектілігі

Интродукция дегеніміз – Бұл ағаш және бұталы өсімдіктерді бұрын өспеген жаңа аумақтарға көшіріп отырғызу, сол арқылы аймақтың өсімдік флорасының аясын кеңейтіп, жаңа өсімдік түрлерінің ассортиментімен толықтыру. Көшіріп отырғызылатын өсімдіктердің өз өсу ортасынан тыс, жаңа аймақтарға бейімделуін отандық және шет елдік көптеген ғылымдар зерттеген. Көп жағдайда олардың өсу жағдайы ұқсас аудандарға көшіріп отырғызу және бейімдеуге болатыны көрсетілген. Ал кейбір ғалымдардың зерттеу жұмыстарында кейбір өсімдіктердің жаңа топырақ климаттық жағдайға нашар бейімделетіні анықталған [1].

Интродукциялау мәселесінде басты көрсеткіш болып іріктелетін өсімдіктердің жаңа орта жағдайына бейімделуге деген тұрақтылығы және тез өсу көрсеткіштері болып саналады. Сонымен қатар келесі ұрпағының сол жердің табиғат жағдайына тұрақталатындай түрлерін таңдау. Екпе ормандар өсіру және қаланы көгалдандыру жұмыстарында сыртқы орта жағдайына тұрақты және жоғарғы өнімділікті өсімдік түрлерін іріктеу және оларды еңгізу маңызды мәселе болып табылады. Сол арқылы қала өсімдіктерінің сыртқы орта жағдайына тұрақты өсімдіктердің тигізетін әсерін зерттеу және оларды кеңінен қолдануға жағдай жасау қажет.

Интродуценттердің физиологиялық даму көрсеткіштерін зерттеу арқылы, олардың топырақ климаттық жағдайына бейімделу дәрежесін анықтауға болады. Сонымен қатар физиологиялық даму жағдайының өзгеруіне қарай және олардың даму жағдайын ескере отырып барынша тұрақты, интродукциялау өндірісінде болашағы жоғары өсімдік түрлерін іріктеуге мүмкіндік береді. Астана қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуының жоғары қарқыны Астана қонақтары мен Астаналықтардың демалуы үшін экологиялық таза, жасыл алқаптар құру бойынша жұмыстарды орындауды талап етеді. Сонымен қатар жоғары эстетикалық және санитарлық – гигиеналық сапаларға ие, төзімді, сүректіңдерін өсіру және қалыптастыру қажет.

Сәулетшілер мен экологтардың ортақ ойы – елордамыз жасыл желекке орануы тиіс. Бұл бағытта бірінші қадамдар жасалынып үлгірді. Соңғы бес жылдың ішінде қалада алты бақ, жиырма шақты саябақ пен елорданың әкімшілік орталығында сулы жасыл

бульварлар пайда болды. Сәулет біртумасын құруды қала тұрғызушылармен қатар, «жасыл» сәулеткерлері де қолға алды. Астананы гүлдендіру жұмысына қазіргі заманның дизайнерлері де кірісіп, елорда бақтары мен саябақтарын барынша көркейту жүзеге асырылады. Ақбұлақ өзенінің бойынан француз стиліндегі «Арай» саябақ құрылысы жүргізіледі. Мұнда ағаштарды симметриялы түрде орналастыру жобаланған. Астананың шағын жасыл аймақтарында интродуцент ағаштарын енгізу көзделіп отыр: емен жапырақ тектес магония, куриль шайы, матсудан талы, маньчжур жаңғағы, сүйір жапырақты үйеңкі және т.б. көптеген ағаш түрлері енгізіліп жатыр. Жергілікті өсімдіктерге қарағанда, мұндай экзотикалық түрлердің ерекше күтімді қажет ететіні анық. Жоспар бойынша жылына он саябақ құрылысын бітіру жолға қойылды. Ал әрбір жаңа нысанның толығымен бітуі үшін, қазынадан 30-45 миллион теңге бөлінуі тиіс [2].

Қалалар мен елді мекендерді көгалдандыру кезінде, оның айналасында қорғаныштық алқа ағаштар құру үшін сонымен қатар демалыс аймақтарын қалыптастыру үшін ағаш және бұталы өсімдіктердің кең ассортиментін қолдануға болады. Ол үшін басқа аймақтардың әр түрлі өсімдік түрлерін интродуценттеу арқылы жүзеге асыруға болады. Солтүстік Қазақстан аймақтарында интродуценттерді еңгізу жолдары XVIII-XIX ғғ. жүзеге асырыла бастады. Қазіргі уақытта «ҚазОШҒЗИ» ЖШС – мен жүргізілген зерттеу жұмыстар нәтежесінде Солтүстік Америка, Қиыр Шығыс, Сібір, Еуропа, Кіші және Орта Азия және т.б. елдердің өсімдіктерін интродуценттеуге болатыны анықталған. Олардың ішінде аллеяларға топтасып өсіруге және т.б. мақсатта қолдануға болатын экзотикалық өсімдік түрлерін көрсетуге болады. Бұлар мәңгі жасыл майқарағай ағаштарының жекелеген түрлері. Сонымен қатар шырша ағашының жекеленген түрлерінде, бейімдеуге болатынын көрсетті.

Ғылыми жаңалығы

Соңғы жылдары табиғатты қорғау мәселесі, соның ішінде өсімдік ресурстарын қорғау өзекті мәселеге айналды. Заман ағымына сәйкес техникалық дамудың әсері терең сезіле бастады. Әсіресе қала жағдайында улы газдар, шаң, тозаңдар және т.б. қалдықтар, қала тұрғындарына, сонымен қатар жасыл өсімдіктеріге де зиянды әсерін тигізуде. Қарқынды дамып келе жатқан Астана қаласының жасыл экспозициясы ағаш-бұталы өсімдіктердің шектеулі түрлерімен ғана берілген. Қала көшелерін қоршаған ортаның ластануына, шаң-тозаңға төзімді, әрі тұрақты жаңа өсімдік түрлерімен байыту заман талабына сәйкес қажеттілік туғызады.

Осы мәселені шешу мақсатында жаңа өсімдік түрлерін бейімдеу жұмыстарын жүргізу қолға алынып жатыр. Бірақ қажетті ағаш және бұталы өсімдіктермен қала көшелерін көркейту, топырақ климаттық жағдайларының қолайсыздығына байланысты көп қиындықтар туғызады. Сондықтан Астана қаласының топырақ климаттық жағдайына бейімделетін жаңа өсімдік түрлерін таңдау, сонымен қатар бейімделіп жатқан интродуцент ағаш және бұталы өсімдіктердің физиологиялық даму жағдайына бақылау жұмыстарын жүргізу жүзеге асырылатын болады. Соның нәтежесінде топырақ климаттық жағдайына төзімді сәндік пішіндегі аязға және ыстыққа төзімді интродуцент өсімдіктер көгалдандыру жұмыстарында іс жүзінде еңгізілмек. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында отандық ғалымдардың, шетел ғалымдарының зылыми зерттеу жұмыстары талданып, сараланып жаңа интродуценттерді еңгізумен қатар, олардың тұрақтылығын артыруға, күтім жұмыстарын жүргізуге бағытталған шаралар атқарылады.

Өсімдіктердің интродукциясы әр түрлі мақсаттағы жасанды түрде құрылатын фитоценоздардың өнімділігін артыру үшін, үлкен қор болып саналады. Сондықтан қаланы көгалдандырумен қатар сирек кездесетін, жоғалып бара жатқан түрлерді де, сақтауға шаралар жасау қажет. Оларды табиғатқа қайтару үшін дендро саябақ, сынақ алаңдары, батаникалық бақтар құрылып олар көбейтілуі қажет. Сондықтан зерттеу барысында аталған мәселелер қарастырылатын болады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты

Астана қаласының топырақ климаттық жағдайына төзімді, сәндік пішіндегі тез өсетін қоршаған орта әсеріне тұрақты, жоғары өнім бере алатын құнды ағаш және бұталы өсімдік түрлерін таңдау, сақтау және бейімдеу арқылы толықтыру. Жаңадан бейімделіп жатқан ағаш бұталы өсімдік түрлеріне зерттеу жасау, көгалдандыру және екпе жұмыстарына қолдану мақсатында барынша тұрақты түрлерін анықтау, жаңа түрлерін еңгізу, жергілікті түрлерден сәндік пішіндегі түрлерін іріктеу және көгалдандыруға ұсыну.

Зерттеу жұмысының қарастыратын негізгі міндеттері

- Астана қаласын көгалдандыруға барынша құнды, сәндік және төзімді ағаш және бұталы өсімдік түрлерінің тізімін қалыптастыру;

- Астана қаласында көгалдандыруға ұсынылатын интродуценттерді сынау жұмыстарын жүргізу;

- Астана қаласындағы интродуценттелген өсімдіктердің физиологиялық дамуы және биоморфологиялық көрсеткіштері бойынша салыстыру, бағамын жүргізу;

- Астана қаласы жағдайында жақсы интродуценттелетін сәндік-бұталы өсімдік түрлерін іріктеу;

- Астана қаласының топырақ климаттық жағдайына төзімді жергілікті ағаш, бұталы өсімдік түрлерін таңдау және оларды бейімдеу бойынша ұсынылатын технологиялар.

Зерттеу материалдары мен тәсілдері

Интродуценттерде зерттеу барысында олардың қысқа төзімділігі, құрғақшылыққа және аязға төзімділігіне баға беріліп, олардың гүлдену және жеміс беруі аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы белгілі шкалалармен анықталады.

Қысқа төзімділігін бағалау Н.А. Болотовтың шкаласы бойынша жүзеге асырылады. Келесі кезеңдерде қысқа төзімді ағаш және бұталы өсімдік түрлеріне бақылау жүргізу және іріктеу жұмыстары қолға алынады.

Көктемде немесе жаздың басында жапырақтар толық шыққаннан кейін сынақ алаңдарында қыстан шыққан өсімдіктерге бақылау жұмыстары жүргізіледі. Бақылау жұмыстарын жүргізу барысында, зақымдалған және қурап қалған өсімдіктердің саны анықталып, өсімдіктердің зақымдалу сипаты мен көлемі анықталады. Сүректің үсікке шалдығуы, аяздан жарылуы (шытынауы), қабығының күйіп кетуі, вегетативтік және генеративтік бүршіктерінің үсіп кетуі анықталады. Вегетациялық кезең басталғаннан бастап, оларға фенологиялық бақылаулар жүргізіледі. Фенологиялық бақылау жүргізудің мақсаты вегетациялық кезең ұзақтылығын анықтау және ағаш-бұталы өсімдік түрлерінің жергілікті ауа-райы факторларына олардың даму сатысының сәйкестігін анықтау.

Олардың фенологиялық фазаларын анықтау, келесідей жолдармен жүзеге асырылады. Өсімдік бүршіктерінің ісінуі күндізгі уақытта бақыланады, ал бүршіктері жабық өсімдіктерде, қозғалуы басталған кезде бақыланады. Басқа өсімдік түрлерінде болса, бүршік қабыршықтарының ұзына бойына ашыла бастаған кезде бақыланады. Бүршік жаруын қадағалау қабыршықтарын бір-бірінен ажырап кеткенге дейін бақыланады, ары қарай бүршік астынан жапырақтың жасыл ұшы көрінгенге дейін бақылануы жүзеге асырылады. Қарағай ағашында болса, бүршік астынан цилиндр пішіндегі қалқаны көрінгенге дейін қадағаланады. Ары қарай жапырақтану үрдісін бақылау жүзеге асырылады.

Одан кейін жас жапырақтары шығып, қалыпты пішінге келгенге дейін бақылау жұмыстарын жүргізу қажет және бақылау жұмыстары жапырақтың өсуі тоқтағанға дейін жүргізіледі. Күзгі уақытта жапырақ түсінің өзгеруі 10% көлемін алғаннан бастап 50% -ға дейін боялуына қарай бақылау жүргізіледі. Ары қарай зерттеу жұмыстары жапырақтың түсуі кезінде жүргізіледі. Жапырақтың 25%-дан кем болмағанда басталып, олардың толық түсіп болуына дейін бақылау жүргізіледі. Егер жапырақтың әлі жасыл күйінде

үсікке шалдыққа, жапырақ түсуінің толық басталған кезде, піспеген бүршіктері үсікке шалынуы мүмкін. Бұл жағдайда қажетті белгі қоямыз.

Зерттеу жұмыстары бақыланатын өсімдік түрлерінде хаустары пайда болғанда жүргізіледі. 1-ші бақылау жұмыстары, алғашқы хауыздың пайда болғаннан бастап жүзеге асырылады, келесі жұмыстар 50% хаус пайда болғанда жүреді. Бөрік басының әр түрлі бөліктерінде хаустардың шығуы жөнінде белгі қойылады. Ары қарай зерттеу жұмыстары ағаш-бұталы өсімдіктердің гүлденуі, жемістердің пісуі және түсуі т.б., жұмыстар жоғарда аталған жұмыстармен ұқсас жүзеге асырылады. Өсу кезінің ұзақтылығы бүршіктерінің ісінуі басталғаннан бастап анықталады және вегетациялық кезеңінің ұзақтылығы болса, бүршіктерінің ашылуы басталғаннан жапырақтары толық сарғайғанға дейін жүргізіледі. Бейімделудің сәтті болуы және оның бейімделу бағымы және коэффициенті бойынша анықталады. Алдымен өсуіне қысқа, құрғақшылыққа төзімділігі, ауруларға және зиянкестерге төзімділігі репродукциялық мүмкіншіліктері бес баллдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

А.Я.Огородниковтың формуласы бойынша биімделу коэффициенті анықталады: $K=S_2/S_1$; мұндағы S_1 – жетуі мүмкін баллдың жиынтығы, S_2 – нақты баллдың жиынтығы.

Бейімделетін ағаш бұталы өсімдіктердің өсіруге және күтуге кететін шығындар арқылы оның экономикалық бағымы беріледі. Сонымен қатар олардың реакрациялық, санитарлық - гигиеналық, ландшафтық, архитектуралық қасиеттері сияқты пайдасы анықталып олардың экологиялық бағымы беріледі.

Қорытынды

Астана қаласының климаттық жағдайдарына тұрақты интродуценттерді зерттеу нәтежесінде ағаш-бұталы өсімдіктердің өскін, қанағаттанарлық және курап қалған ағаш түрлері анықталады. Қысқа және құрғақшылық төзімділігі бойынша өсу дәрежесі жақсы көрсеткіш берген, жеміс беруі сақталатын сәндік қасиеттері жоғары өсімдіктер іріктеліп анықталады. Олардың топырақ климаттық жағдайына тұрақтылығы ұзақ, өмір сүруі басты көрсеткіш болып алынады.

Вегетативтік және генеротивтік балл көрсеткіштері анықталады. Сонымен қатар сыналатын интродуцент ағаш-бұталы өсімдіктердің аталған топырақ климаттық жағдайына бейімделудің коэффициенттері анықталатын болады. Зерттеу жұмыстарының нәтежесінде, Астана қаласын көгалдандыруға сәндік пішіндегі топырақ климаттық жағдайларына төзімді интродуцент түрлері іріктеліп алынатын болады.

Әдебиеттер

1. Грибанов Л.Н. Некоторые вопросы биологии возобновления сосны и хозяйства в степных борах Казахстана. Труды института водного и лесного хозяйства. Алма-Ата. 1956. Т.1 С. 155-182.

2. Молчанов А.А., Смирнов В.В. Методика изучения прироста древесных растений. - М.: Наука, 1967. - 90 с.

Абжанов Т.С.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТРОДУЦИРОВАННЫХ ДРЕВЕСНЫХ И КУСТАРНИКОВЫХ РАСТЕНИЙ В ОЗЕЛЕНЕНИИ ГОРОДА АСТАНЫ

Выбранный в качестве ключевого показателя вопроса о введении новых средних растений быстро адаптироваться к условиям стабильности и роста. В то же время, то же место следующего поколения от условий окружающей среды тұрақталатндай типов на выбор. Рост лесов и улучшение городской работы в условиях высокой

производительностью и селекции растений и реализации является важным вопросом. Растения экологической ситуации в городе по тем же растений, используемых для исследования и воздействия их нужно создать условия.

Ключевые слова: интродукция, вегетация, генеротив, фенология, репродукция.

Abzhanov T.

USE OF EXOTIC SPECIES ARBOREAL AND KUSTARNIKOVYH PLANTS IN LANDSCAPING OF ASTANA CITY

Chosen in Quality of a key pokazatelya matter about the introduction of new Middle plants Quick adaptirovatsya terms of stability and growth. In the same time, at the same place sledwyuşçego generation from Ambient conditions turaqталатндау types on choice. Shut Height Lesov and improvement of the city in terms of High proïzvoditelnostyu and selekcii plants and an efficient implementation vajnimvoprosom. Plants along the ecological situation in the city, the less and eat plants, ispolzwe mix for research and Their Impact Last Post new terms.

Keywords: introduction, vegetation, generotiv, phenological, reproduction.

УДК 333.93

Амангелді А.Ж., Шонбаева Г.А.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

К ВОПРОСУ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЕ ВОДНЫМИ РЕСУРСАМИ БАССЕЙНА РЕКИ СЫРДАРЬИ

Аннотация

В статье изучены вопросы использования водных ресурсов отраслями в низовьях реки Сырдарья. Удовлетворение потребностей населения, развивающихся отраслей экономики в воде будет решаться только за счет экономного использования располагаемых водных ресурсов. Это обстоятельство требует проведения значительной работы по рационализации использования вод, освоения водосберегающих технологий, внедрения прогрессивных норм расходования воды.

Ключевые слова: река Сырдарья, водопотребители, сток, водные ресурсы, низовье реки, водохозяйственные бассейны

Введение

Одной из важных и масштабных проблем в современных условиях является экологически безопасная организация рационального использования водных ресурсов.

Интенсивное использование вод реки Сырдарья, а также нерациональное орошение земель привели к падению уровня и усыханию Аральского моря, вследствие чего резко ухудшилась экологическая обстановка Приаралья.

В современных условиях вода является главным фактором, определяющим устойчивость сельского хозяйства, промышленности, энергетики и других отраслей экономики, окружающей природной среды. Еще большую роль вода имеет в поддержании санитарно-эпидемиологической безопасности. По данным Всемирной организации здравоохранения нехватка и загрязнение воды являются основными причинами глобального ухудшения здоровья населения развивающихся стран.

Основными потребителями водных ресурсов р. Сырдарьи в низовьях являются: Малый Арал, орошаемое земледелие, хозяйственно-экологические системы дельты, приречные озерные системы и пойменные сенокосные угодья.

Материалы и методы исследования

Состав и мощность водопотребителей в низовьях реки Сырдарья характеризуются следующим образом :

- Малый Арал (3,0 тыс. км²);
- орошаемое земледелие на площади 300 тыс. га, в т. ч. 75 тыс. га в Южно-Казахстанской и 225 тыс. га в Кызылординской областях;
- хозяйственно-экологические системы от Шардары до Казалинска, включающие озёра, обводняемые пастбища, пойменные сенокосные и растительные угодья (250 тыс. га);
- дельта р. Сырдарьи с озерно-сенокосными, рыбохозяйственными, водно-болотными и тугайными угодьями (250-300 тыс. га) [1].

Кроме хозяйственного потребления в расчётах необходимо учитывать потери воды по руслу р. Сырдарьи, Шардаринскому водохранилищу, на холостые сбросы в Большой Арал и

Во многих регионах Республики Казахстан остро стоят проблемы, обусловленные природно-хозяйственными условиями. Это ограниченность, сезонная и территориальная неравномерность водных ресурсов. Как известно, территория Казахстана расположена в нижнем течении основных трансграничных водных бассейнов, и это серьезно влияет на ее водообеспеченность. Почти половина объема ресурсов поверхностных вод страны поступает из сопредельных территорий (КНР, Узбекистан, Кыргызстан, Российская Федерация). Такая недостаточность воды во всех речных бассейнах (кроме Иртышского) привела к тому, что водные ресурсы полностью вовлечены в хозяйственное использование и исчерпаны. Так что при существующем уровне водопотребления в ближайшее время будет постоянный недостаток в водных ресурсах. Это в конечном итоге препятствует решению социально-экономических задач.

В настоящее время исключительно важное значение в решении вопросов водоснабжения приобретает межгосударственное сотрудничество по совместному использованию трансграничных рек, бассейнов Аральского и Каспийского морей. Успешно работает Межгосударственная координационная водохозяйственная комиссия государств Центральной Азии и Казахстанско-Российская комиссия по проблемам регулирования использования и охраны водных ресурсов межгосударственных источников. Наше государство ориентируется главным образом на организационные и быстрореализуемые меры по устойчивому развитию, которые необходимо осуществить для решения проблем, связанных с водой.

Поскольку спрос на воду возрастает в соответствии с увеличивающимися потребностями, требуется осуществление целенаправленной политики в области регулирования использования водных ресурсов, интегрированной с различными аспектами водообеспечения населения, отраслей экономики и природных комплексов. Необходимость этого обусловлена тем, что использование водных ресурсов, как правило, связано с множеством противоречий, возникающих на межотраслевом, территориальном и межгосударственном уровнях.

Республика Казахстан, располагаясь в глубине Евразийского материка имеет территорию в 2,72 млн. км², граничит на севере с Россией, на юге с Кыргызстаном, Туркменистаном и Узбекистаном, на востоке с Китаем. Наибольшая протяженность с севера на юг -- 2000 км, с запада на восток -- 3000 км, общая протяженность границ более 15 тыс. км. В административно-территориальном отношении она представлена 14

областями со столицей г. Астана. Численность населения 16 млн. чел., из них 48% проживает в сельской местности [2].

Существующая водообеспеченность является сдерживающим фактором освоения богатых минерально-сырьевых, топливно-энергетических и земельных ресурсов. Известно, что в Казахстане сосредоточены значительные запасы нефти, газа, угля, фосфоритов, железных руд и цветных металлов. Здесь находятся большие площади пашен и пастбищ, пригодных для хозяйственного освоения.

Устойчивое развитие экономики определяется наличием и состоянием водных ресурсов. Оценка условий развития производства в том или ином районе начинается, прежде всего, с оценки водных ресурсов, которые по своему значению приближаются к топливно-энергетическим, составляющим, как известно, основу базовых отраслей экономики.

Привлечение дополнительных водных ресурсов путем переброски из других районов дело довольно отдаленного будущего, поэтому удовлетворение потребностей населения, развивающихся отраслей экономики в воде будет решаться только за счет экономного использования располагаемых водных ресурсов. Это обстоятельство требует проведения значительной работы по рационализации использования вод, осуществления долговременных программ по их экономии, освоения водосберегающих технологий, всемерного сокращения затрат воды на единицу продукции, внедрения прогрессивных норм расходования воды.

Правовой основой осуществления водохозяйственной политики являются Водный кодекс Республики Казахстан, а также соответствующие этому Закону правительственные акты, регулирующие вопросы водного хозяйства и управления водными ресурсами. Многоцелевой характер использования водных ресурсов делает необходимым установление приоритетов водопользования. Первоочередным является удовлетворение потребности населения в питьевой воде, резервирование в этих целях запасов подземных вод. Предусматриваются нормативная надежность водообеспечения других отраслей экономики и ограничения на использование воды в маловодные годы.

Ведение водного хозяйства, использование водных ресурсов в стране до недавнего времени определялось хозяйственно-экономическими интересами без учета социальных и экологических последствий экстенсивного водопользования.

Бассейны рек рассматриваются в качестве основы построения органов государственного управления водными ресурсами. Этот принцип исходит из единства этих ресурсов и многостороннего характера их использования: экономического, экологического, культурно-оздоровительного. В отличие от земли, ее недр и лесов, воды, как правило, не поддаются локальному формированию и использованию. Поскольку многие речные бассейны охватывают территории нескольких областей и районов, решение тех или иных вопросов водопользования в пределах одного и того же бассейна не может решаться, исходя только из местных условий и интересов. Бассейновый принцип управления водными ресурсами позволяет обеспечить их рациональное регулирование и распределение между потребителями, устранить возникающие противоречия на межотраслевом уровне.

Результаты исследований

В республике созданы восемь бассейновых водохозяйственных объединений: Балхаш-Алакольское, Урало-Каспийское, Шу-Таласское, Арало-Сырдарьинское, Нура-Сарыуское, Тобол-Тургайское, Иртышское и Ишимское, охватывающих зоной деятельности основные речные бассейны. В задачи этих объединений входит управление использованием водных ресурсов в бассейне, включая распределение их между водопользователями, разработка планов заборов и подачи воды, выдача разрешений на специальное водопользование, когда забор воды осуществляется с применением гидротехнических сооружений, определение лимитов водопотребления и режимов работы

водохранилищ, оперативный контроль за их соблюдением, составление оперативных водохозяйственных планов по бассейну, организация государственного учета использования вод [3].

На сегодняшний день рациональное использование и освоение водно-энергетических ресурсов бассейна реки Сырдарьи остаются наиболее сложными региональными проблемами. Всем сегодня известно, какую важную роль и задачи играют водотоки реки Сырдарьи.

Водные отношения между государствами Центральной Азии регулируются Межгосударственной координационной водохозяйственной комиссией по использованию водных ресурсов рекбассейна Аральского моря на основе отдельных Межправительственных соглашений.

В целях регулирования зимнего водопритока и защиты объектов отраслей экономики от зимних наводнений в низовьях реки Сырдарья построен Коксарайский контррегулятор.

Для сохранения Северной части Аральского моря разработан проект «Регулирование русла реки Сырдарьи и сохранение Северной части Аральского моря» (далее – РРССАМ).

При этом реализация первой фазы РРССАМ уже завершена, что позволило поднять уровень малого Арала на 4 метра (с 38 м до 42 м), наполнить 8 озер в объеме 316 млн. м³, снизить минерализацию с 23 г/л до 12,2 г/л, а также увеличить улов рыб до 4,2 тонн.

В настоящее время разработано технико-экономическое обоснование второй фазы РРССАМ, реализация которой предусматривает увеличение пропускной способности русла реки до 600-650 м³/с, что существенно снизит риск затопления населенных пунктов, а также позволит обеспечить водой озерные системы дельты Аральского моря и в целом улучшить социально-экономическую ситуацию в Приаралье.

Выводы

Вопросы рационального использования и эффективного управления водными ресурсами являются приоритетными направлениями в решении социально-экономических задач и находятся на постоянном контроле Правительства.

Литература

1. Карлыханов О.К., Кеншимов А.К., Рябцев А.Д. К гидроэкологической ситуации в низовьях Сырдарьи. /Водное хозяйство Казахстана. – Астана: 2008, №3(19). – с.24-29.
2. Мустафаев Ж.С., Козыкеева А.Т. Экологические проблемы бассейна Аральского моря.- Тараз, 2009. – 354 с.
3. Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии: Обзор.-Алматы, 2004.-132 с.

УДК 639.11

Матенов Е., Абаева К.Т., Байбатшанов М.К., Кеулимжаев Н.О.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**АЛМАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚОРЫҒЫ АУМАҒЫНДАҒЫ МАРАЛДАРДЫҢ
САНЫН МОЛАЙТУ ЖОЛДАРЫ**

Аннотация

Мақалада Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағындағы маралдардың санын молайту жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: Алматы мемлекеттік табиғи қорығы, сүтқоректілер, марал, экологиялық фактор

Кіріспе

Алматы мемлекеттік табиғи қорығы Алатаудың орталық бөлігіне орналасқан. Жалпы көлемі 71700 га. Алматы қорығы ең алғаш Кіші Алматы өзені аймағында 1931 жылы ұйымдастырылып жер көлемі 13000 га жерді қамтыған. 1935 жылы ақпан айында қорыққа мемлекеттік деген дәреже берілді. Соғыстан кейінгі жылдары 1951 жылы қыркүйек айында қорық таратылып, 10 жылдан кейін 1961 жылы қорық қайта құрылды. Алматы қорығы екінші рет Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 31.07.1961 жылы № 524 қаулысы негізінде Алматы облысының Шелек және Кеген аудандары жерінде 128 мың гектар алқапта ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта қорық Іле Алатауының орталық бөлігінде теңіз деңгейінен 1200 м - 5017 метрге дейінгі биіктікте жалпы алқабы 71700 га Талғар және Есік аудандарын алып жатыр. Ең жоғарғы шың - Талғар шыңы - 4978,8 метр. Қорық шекарасы Оң және Сол Талғар өзенінен өтіп, Түрген және Есік өзендерін бөліп тұратын қыраттармен өтеді. Таудың теріскей жағында ескен шырша орманы саялы келеді де, олардың арасында шетен, тал, үшқат, қара ырғыз және бүлдірген өседі. Бұл ағаштардың кепкен жемістері осында қыстап қалатын құстар мен аңдар үшін жақсы азық болып табылады. Қорықта сүтқоректілердің 39, құстардың 177, бауырымен жорғалаушылардың 7, қосмекенділердің 1 және жәндіктердің 900-ден астам түрлері кездеседі. Хайуанаттардың 22 – түрі мемлекетіміздің Қызыл кітабіне енген. Олар мыналар: ілбіс, ақ тырнақты тянь-шань қоңыр аюы, түркістан сілеусіні, тас сусары, құстардан бүркіт, сақалтай, бидайық, орақтұмсық, құмай, үкі, көк құс, қара ләйлек, лашын, бақалтақ бүркіт.

Мемлекеттік табиғи қорық жүйесі түрлерінің бір болып, бай өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау, ғылыми-зерттеулерді және экологиялық – ағарту қызметтерін дамыту болып табылады.

Биосфера негізі ретінде биологиялық және ландшафтық алуантүрлілікті сақтаудағы ЕҚТА-дың қазіргі қызметін түсіндіру, бірінші кезекте қоғамда олар туралы түсінікті қалыптастыру, сонымен қатар аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы орнын белгілеу. Қорықтағы жануарлар дүниесі де бай. Омыртқасыздардың нақты саны белгісіз, бірақ түрлері көп екені айқын. Қазіргі таңда 8 классқа жатқызылған 900 астам түрі ғана (80%) анықталған. Қорық аумағында омыртқалылардың 222 түрі мекендейді, қосмекенділердің 1 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 5 түрі кездеседі. Олар аймақтағы осы жануарлар дүниесінің 21,4% құрайды. Құстардың 177 түрі қорық аумағында мекендейді (Қазақстандағы әуе құстарының 36 %). Осылардың 103 түрі ұя салатындар. Сүтқоректілердің 39 түрі бар. Олар Іле-Алатауындағы сүтқоректілердің 85% құрайды.

Бұғы тұқымдасына жататын марал Алматы мемлекеттік табиғи қорығында кең тараған. Олар бұл аймақтың орманды және таулы аудандарында тіршілік етеді. Марал - бұғы тұқымдасының ішіндегі ең ірісі болып келеді. Дене тұрқысы 227-244 см, салмағы 178-416 кг болады. Маралдың дәрілік шикізат беретін мүйізі еркегінде ғана болады. Негізгі қоректері -250 түрлі шөптесін және бұталы өсімдіктер. Олардың 25-30-дай сүйсініп жейтін өсімдіктер түрлері. Маралдар шағын табын құрып, тіршілік етеді. Таулы өңірдің ашық беткейлерін, орман ішін мекендейді. Шағылысуы 09 - бастап, қазан айының бірінші жартысына дейін созылады. Салқынды жақсы көреді. Қыс, көктем, күз айларында күндіз де жайылымға шығатын болса, жаз айларында маралдар қансорғыш насекомдардың шығуына байланысты тек кешке немесе түнде (жайылуға) азықтануға шығады. Маралдардың белсенділігі әр жыл мезгілінде олардың қорегіне, климаттық жағдайына және де маралға қатысты барлық жағдайға байланысты әртүрлі болады. Маралдар ақпан – наурыз айларында мүйіз тастайды. Бұл аңдардың мүйіз тастауына байланысты, мүйіздері терімен жалғасқан (ал, мүйіз тастамайтын аңдарда сүйекпен жалғасқан). Маралдардың мүйізі көбіне алты бұтақты болып келеді. Ересек маралдар мүйіздерін біртіндеп тастаса, ал жас маралдар бір мезгілде мүйізін бірдей түсіреді. Мүйіз

түсісімен оның түбірі қанданады да, біраз уақыт өткен соң яғни бір – екі күн өтісімен ісінеді. Маралдар күй талғамайтын жануар, яғни қоршаған ортаға бейімділігіне байланысты жылы қораны қажет етпейтін жануарлар қатарына жатады. Бұл аң адамның жанында мекендей алады және адамның қолымен өңделген ландшафттарға бейімділігі жоғары. Негізгі жаулары- қасқыр, сілеусін, бұралқы иттер.

1-кесте. Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағындағы 2009-2014 жылдар аралығындағы есепке алынған жануарлар саны

Түрдің атауы	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Марал	66	69	70	68	65	63
Сібір елігі	796	800	805	785	763	729
Сібір тау ешкісі	780	780	784	784	786	784
Қабан	47	48	45	46	45	40
Қасқыр	13	13	13	15	11	15
Қар барысы	24	24	24	22	22	24
Тянь-шань қоңыр аюы	22	25	23	23	24	27
Түркістан сілеусіні	16	16	16	14	14	16

Кесте нәтижелерін талдаған кезде саны азайып кеткен қар барысының, тянь-шань қоңыр аюының, түркістан сілеусінің 2014 жылы көбейгені анықталды. Ал маралдың сан басының азаюына көптеген әсерлер бар. Жалпы марал - бұғы тұқымдасының ішіндегі ең ірісі болып келеді. Дене тұрқысы 227-244 см, салмағы 178-416 кг болады. Маралдың дәрілік шикізат беретін мүйізі еркегінде ғана болады. Негізгі қоректері -250 түрлі шөптесін және бұталы өсімдіктер. Олардың 25-30-дай сүйсініп жейтін өсімдіктер түрлері. Маралдар шағын табын құрып, тіршілік етеді. Таулы өңірдің ашық беткейлерін, орман ішін мекендейді. Шағылысуы 09 - бастап, қазан айының бірінші жартысына дейін созылады. Салқынды жақсы көреді. Қыс, көктем, күз айларында күндіз де жайылымға шығатын болса, жаз айларында маралдар қансорғыш насекомдардың шығуына байланысты тек кешке немесе түнде (жайылуға) азықтануға шығады. Маралдардың белсенділігі әр жыл мезгілінде олардың қорегіне, климаттық жағдайына және де маралға қатысты барлық жағдайға байланысты әртүрлі болады. Маралдар ақпан – наурыз айларында мүйіз тастайды. Бұл аңдардың мүйіз тастауына байланысты, мүйіздері терімен жалғасқан (ал, мүйіз тастамайтын аңдарда сүйекпен жалғасқан). Маралдардың мүйізі көбіне алты бұтақты болып келеді. Ересек маралдар мүйіздерін біртіндеп тастаса, ал жас маралдар бір мезгілде мүйізін бірдей түсіреді. Мүйіз түсісімен оның түбірі қанданады да, біраз уақыт өткен соң яғни бір – екі күн өтісімен ісінеді. Маралдар күй талғамайтын жануар, яғни қоршаған ортаға бейімділігіне байланысты жылы қораны қажет етпейтін жануарлар қатарына жатады. Бұл аң адамның жанында мекендей алады және адамның қолымен өңделген ландшафттарға бейімділігі жоғары. Негізгі жаулары- қасқыр, сілеусін, бұралқы иттер.

Маралдарды өсірудің қазіргі жүйесі мен құрылымы жылдар бойы ғылыми және жаттығу тәжірибесі жиналып, қазіргі уақытта іске асырылуда. Марал шаруашылығының дамудың бастапқы кезеңін (Менард, 1930) үш әдіспен анықтады. Үй маралы кең таралып, (Юст, 1929), (Менард, 1930) жайғасуы үшін орындары таңдауында аралап есепке алу, шықпайтын жақсы шөбі бар шабындықтардың жақын болуы, қыстыгүні қатып қалатын емес бұлақ суының бар болуы, жердің сапасы - қурап қалған тасты жер.

Жылдың тең жартысында дерлік мерзімде жайылымдар маралдарды аса арзан және қоректік заттары мол жемдермен қамтамасыз етеді. Маралдардың тіршілігіне қажетті маңызды кезеңдері жайылымдарда өтетін болғандықтан, (яғни төлдердің өсуі, мауығуы, бұзаудануы, әрі мүйіздерінің өсуі) жануарларға жылы ауа райы кезінде қоректік заттар

айтарлықтай қажет. Маралды өсірудің заманауи технологиялары көптеген жылдар бойы қалыптасқан тәжірибені қолданып, жайылымдарда жаю жүйесіне негізделген. Маралдың бір жылдық жемдік балансында жайылымдық жемдер 80-85% құрайды. Жануарлардың биотопта қалыпты жайылуы үшін және толыққанды жаздық жеммен қамтамасыз етілуі үшін дақты бұғалар мен маралдарға 1.5-1 га жер қажет етілетіндігі анықталды.

Жалпы жануарларды еркіндік пен еркінсіздікте өсіру уақытында оларға биотехниялық шараларды жүргізудің маңызы зор болмақ. Бұл биотехниялық шара біріншіден маралдың санын молайту бағытында болса, екіншісі олардың өнімділік қасиеттеріне бағыттаған. Маралдардың санның өнімділігінің де дұрыс болу үшін оларда дұрыс қоректендіру және де минералды заттармен қамтамасыз ету керек. Маралдар қыста тұздалған пішенді жақсы жейтіндігін тәжірибе көрсетіп отыр. Олар жалпақ жапырақты шөптесін өсімдіктері көп шалғынды орман пішенін жақсы жейді, ал дәнді шөптерді нашар жейді. Батпақта өсетін шөптер мен өлең шөпті өте нашар жейтіні белгілі болды. Жоңышқа мен бөде пішенді жақсы жейді. Пішенді шілденің ортасына дейін шабу қажет. Пішенді қоректендіру орындарынан алыста дайындағанда, оны маялайды және әрбір маяға 3-5 кг тұз себеді немесе тұзды ерітінді бүркеді. Кейде пішенді баулайды да, ағаш пен бұталарға жайып тастайды Бірақ бұл тәсілмен қоректендіргенде, пішеннің бір бөлігі қар астында шіріп кетеді, сондықтан пішенді қоректендіру астауларына салған тиімді. Пішенді призма пішінді бесік-науаларға салады. Бесік-науаның екі жағына астаулар орнатылып, оларға тамыржемістер, концентраттар, сүрлем мен тұз салынады. Көптеген аңшының шаруашылықтарында марал қоректендіруде жалпақ жапырақты ағаштар мен бұталардан жасалған сыпырғылар дайындалады. Көбінесе жапырағы бар жөке, шаған, үйеңкі, шамшат, емен, қайың, жабайы жемісті ағаштар, көктерек, шетен, таңқурай өркендерінен дайындалады. Сыпырғыларды жаздың басында (15.06 дейін), бұтақтарда қоректік заттар көп кезінде және жапырақтар сабақта жақсы бекігенде дайындайды. Қаражидек пен мойылдың өркендері зиянды. Сыпырғыларды көлеңкеде, сырғауылға немесе жіпке іліп кептіреді. Кептіру кезінде 10 пайыздық тұз ерітіндісіне сулайды. Тұяқтыларды қар түсісімен қоректендіре бастайды.

Минералды заттар - барлық жануарлар қорегінің маңызды бөлігі. Тұяқты жануарлар азықпен бірге минералды заттардың, әсіресе натрий тұзының жеткіліксіз болуынан зардап шегеді. Натрий тұзының қажеттілігі марал үшін әр жыл мезгілдеріне байланысты әртүрлі болып келеді. Олар натрий тұзын көктемде және жазда көп қажет етеді. Жаздың соңы мен күздің басында жыныс белсенділігінің өсуіне байланысты, көбінесе аталықтары тұзастауларды пайдаланады. Ғалымдардың деректері бойынша, тұзастауларға жиі келетін аталық маралдардың мүйізі жылдамырақ өсіп, ерте түлейді екен. Көбінесе тұз астауларға тұз кесектері, ұнтақталған тұз немесе тұзды брикеттер салынады.

Қорық аумағындағы марал және өзге де жан-жануарларды күзету 24 мемлекеттік инспекторлардың күшімен іске асырылады, оның ішіне бөлім бастығы мен инженерлерде кіреді. Мемлекеттік инспекторлар өз айналымдарын күзетуде мініс аттарын пайдаланады. Қорықтың негізгі бөлігінде бір мемлекеттік инспекторға айналымдардың орташа көлемі 5 мың га-дан келеді. Қыс мезгілінде қалың қар және қолайсыз ауа райынан күзету жұмыстары қиындайды. Қорықтың алыс, қиын жерлері мемлекеттік инспекторлардың құрамынан жасақталған жедел топ мемлекеттік инспекторларымен күзетіледі. Сонымен бірге жедел топ Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының аумағында ішкі істер қызметкерлерімен бірлескен тексерістерге қатысады.

Әдебиеттер

1. Алматы мемлекеттік табиғи қорығының 2014 жылғы жылдық есебі 40 бет
2. Бекенов А, Есжанов Б.Е, Махмутов С. «Қазақстанның сүтқоректілері» Алматы, Ғылым, 1995.-280 б.

3. Федосенко А.К. «Марал», (экология, поведение хозяйственное значение), Алматы, Наука. 1980.-200 б.

4. Есмұханбетов Д.Н., Байбатшанов М.К. Іле алатауы жағдайында пантылық марал шаруашылығын дамыту өзекті мәселе // Ғылыми теориялық және практикалық журнал №3/2009 Алматы, 2009. 54-57 беттер.

Матенов Е. Абаева К.Т, Байбатшанов М.К., Кеулимжаев Н.О.

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЧИСЛЕННОСТИ МАРАЛОВ НА ТЕРРИТОРИИ АЛМАТИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРИРОДНОГО ЗАПОВЕДНИКА

В статье рассмотрены пути повышения численности маралов на территории алматинского государственного природного заповедника

Ключевые слова: Алматинский государственный природный заповедник, млекопитающие, марал, экологические факторы

Matehov E., Abaeva K.T., Baibatshanov M.K., Keulimzhaev N.

WAYS TO INCREASE NUMBER MARALS IN ALMATY STATE NATURE RESERVE

The article discusses ways of increasing the number of red deer on the territory of Almaty State Nature Reserve.

Keywords: Almaty state natural reserve, mammals, maral, environmental factors

ӘОЖ: 332.33

Нұрмахамбетов О.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕКЕ GPS – НАВИГАТОР ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕЖЕЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында жер телімін межелеуде жеке GPS-навигатордың пайдалану ерекшеліктері қарастырылып, жер телімін межелеудің артықшылықтары жазылған.

Кілт сөздер: жерді межелеу, GPS навигатор, жер телімі, геодезиялық жұмыстар, геодезиялық аспаптар, техникалық және технологиялық мүмкіндіктер, жерге орналастыру жұмыстары, межелік белгілердің координаталарын анықтау.

Кіріспе

Кадастрлық жұмыстардың жерлерді мақсатты пайдалануға байланысты жүргізілетін көптеген түрлерінің құрамына межелеу де кіреді. Жерлерді межелеу меншік иелері жерлерінің нақтылы шекаралары мен аудандарын айқындау, дәлдеу немесе қайта қалпына келтіру жөніндегі бірқатар қажетті геодезиялық, камералдық және заңдылық жұмыстарды дер кезінде жүргізуді көздейді. Осы жұмыстардың жүргізілуі нәтижесінде жер телімінің құжатын заңдастыруға байланысты жерлерді іргелес пайдаланушылармен

заңдарда қабылданған тәртіп бойынша мүдделі заңды немесе жеке тұлғалармен келісушілік жұмыстары жасалынады. Жер телімінде межелеу жұмыстары жүргізілмеген жағдайда, ол жердің нақтылы орны, шекарасы және мөлшері елді мекеннің жергілікті жерінде белгілі болғанына қарамастан, кез-келген тұлғаның жері заңды түрде жекешеленген деп саналмайды. Сондықтан жер телімі иесінде бекітілген межелік жоспары болуы қажет, ол жер телімі ауданы өзгертін кезде, яғни бөлінетін немесе біріктірілетін мезгілде осы құжат болмаған жағдайда, оларды жүргізуге мүмкіндік тумайды. Жер телімінің межелік планы мемлекеттік құрылымдармен бекітілген болса, онда ол жер туралы барлық дауды шешуге қажетті құжат болып саналады. Жерге орналастыру жұмыстарының кез келген түрлерін жүргізгенде жер телімін межелеу қажет. Осы жұмыстар жүргізілгенде жергілікті жерде жер телімінің ауданы және шекарасы анықталған соң межелік жоспар қағаз және электронды түрде ресімделеді [1].

Жер телімін межелеу мынандай жұмыстардан тұрады:

- жер телімі шекарасын келістіру;
 - пландық түсірулік негіздеуді жасау;
 - жергілікті жердегі межелік белгілердің координаталарын анықтау және оларды жер бетінде бекіту;
 - межелік белгілердің координаталары бойынша жер телімінің ауданын анықтау;
 - межелеу құжатын жергілікті жерге орналасыру органдарына тапсыру.
- Жоғарыдағы айтылған жұмыстарды жүргізуде жер телімін межелеуде пункттердің координаталарын анықтау әдістерін таңдауға тура келеді. Осы жұмыстарды жүргізудегі жер теліміндегі межелік белгілердің координаталарын анықтауда қазіргі кезде ғаламдық навигациялық спутниктік жүйені және электронды тахеометрді пайдалану тиімді болуда [2].

GPS (ағылшын тілінен Global Positioning System) - глобалді орын анықтау (позиционирлеу) жүйесі деген мағынаны білдіреді. Жоба бастапқыда әскери – соғыс мақсатында жасалынып, АҚШ әскери мекемесінде іске асырылды. Жобаның негізгі мақсаты жердегі әр түрлі жылжымалы және статикалық объектілердің орнын жоғары дәлдікпен анықтау болып табылады.

GPS өлшемі бойынша жер айналуының нақты параметрлерін алуға болатындығы көрсетілген. Спутниктік лазерлік қашықтық өлшеуіш бағасымен келісілген геоцентрикалық координат шығару фактісі ерекше қызығушылық туғызды. GPS навигаторлардың қызметіне келер болсақ, ол навигацияда глобалді позиционирлеу жүйесін (GPS) қолдану арқылы технологиялар жоғары қарқынмен дамып, жаңартылуда. Глобалді позиционирлеу жүйесі – бұл объектінің орналасуын он шақты метрден кем емес дәлдікпен, яғни оның енін, ұзындығын, биіктігін, және бағыты мен қозғалыс жылдамдығын анықтайтын жоғары дәлділік жүйе. GPS-тің құрамына бір жүйеге жинақталған жердегі бақылау станциялары кіреді. Спутниктерден сигнал алып, және алынған ақпараттарды есептеп, қорыту арқылы өзінің орнын анықтайтын жеке GPS қабылдағыштар болады. GPS спутниктік жүйенің құрамына кем дегенде әр түрлі орбиталарда орналасқан 24 станциялар кіреді. Бір спутниктің айналу мерзімі жуықтап алғанда 12 сағатқа тең. Спутниктер жерге өзінің дәрежесі туралы, шынайы уақытты, шынайы күнді, барлық спутниктердің орбитальді мәліметтерін, барлық баяндаманың жіберілген ағындағы уақытын тұрақты жіберіп тұрады. GPS–қабылдағыш спутниктерден алынған ақпараттар арқылы әр спутникке дейінгі аралықты анықтап және өзінің координатасын есептейді. GPS негізгі жүйесін алты негізгі пункттерге бөлуге болады:

- 1) спутниктік трилатерация – жүйе негізі;
- 2) спутниктік дальнометрия – спутникке дейінгі арақашықтықты өлшеу;
- 3) дәл уақытша байланыстыру – қабылдағышта және спутниктегі сағаттағы не үшін келісім бойынша қояды және не үшін 4-космостық аппарат қажет;

4) спутниктердің орналасуы – ғарыштағы спутниктердің дәл орналасуын анықтау;
5) қателіктерді түзету – тропосфера және ионосферадағы енгілетін қателіктерді ескеру;

6) уақытша дәл байланыстыру [3].

Қазіргі уақытта GPS жүйесі навигациялық және картографиялық мақсаттарда жиі қолданылады. Инженер-геодезист геодезиялық аспаптарды таңдау үшін және оларды оңтайлы қолданып, қажет болған жағдайда ақаулықтарын жоя білуі керек, сондықтан олардың құрылымын жетік меңгерулері шарт, сонымен қатар, жаңа жоғары өнімді геодезиялық құралдардың өңдеуіне қатысулары шарт.

Қазіргі геодезиялық құралдарға қойылатын шарттар келесідей талаптармен анықталады:

- геодезиялық өлшемдердің еңбек өнімділігінің жоғарылату қажеттілігімен және экономиканың даму қарқынымен;

- геодезиялық жұмыстарды автоматтандыру өзектілігі және үлкен масштабтағы түсірістер;

- құралдарды эксплуатациялау, тасымалдау және сақтау шарттарымен;

- зауыт-аспап жасап шығарушылардың техникалық және технологиялық мүмкіндіктермен;

- тұтынушылардың сұраныстарымен.

Заманауи геодезиялық құралдар еңбектің жоғарғы өнімділігін далалық жағдайларда тасымалдау және эксплуатациялаудың жоғары сенімділігін, сонымен қатар өлшеу опрецияларының оңай және ыңғайлылығын қамтамасыз етуі керек.

Соңғы 15 жыл ішінде Қазақстанда GPS технологиясын қолдану геодезияда және навигацияда үнемі дамып отырды. GPS-қабылдағыш модельдерін ерекшеліктері бойынша 4 топқа бөледі: жеке GPS қабылдағыштар, көліктегі, теңіздегі, және авиациялық GPS қабылдағыштар. Қазір Қазақстанда көп пайдаланылатын GPS- қабылдағыш модельдерінің ішіндегі ең көп қолданылатыны жеке GPS қабылдағыштар. Олардың негізгі ерекшелігі, ол өлшеу процесстерін жеңілдетіп, барлығын бір аспапқа жинау болып табылады. GPS жүйесін 2 классқа бөледі: навигациялық қабылдағыштар, және геодезиялық дәлдік жүйелері. GPS жүйесі 5 жүйеден тұрады: GPS-қабылдағыштар, мәліметтерді жергілікті және глобалды жүйеде қабылдау және компьютерлік жүйеден тұрады. Бұл жүйе бақылаудың дәлдігін және анықтығын жоғарылатады [4].

Патогенные свойства культур *C. perfringens* тип А изучали на морских свинках массой 300-350 г. Для этого суточную культуру, выращенную на среде Китта-Тароцци, вводили подкожно в области брюшной стенки двум морским свинкам в дозе 1,0 мл. За животными устанавливали наблюдение, павших вскрывали, отмечали патологоанатомическую картину и делали высевы на питательные среды. Все 24 морские свинки, зараженные культурами *C. perfringens* тип А, погибали в течение 24-48 часов. Патологоанатомическая картина в местах инъекции культуры *C. perfringens* тип А была характерной: кожа отслоилась от мускулатуры газами. Мышцы были серого цвета имели вид «вареного мяса». Кишечник был наполнен газами, кровеносные сосуды инъецированы. В брюшной полости имелось незначительное количество трансудата. Паренхиматозные органы без видимых изменений. В мазках из мышц пораженной области, окрашенных по Граму, было обнаружено большое количество грамположительных толстых коротких палочек. При посевах на среду Китта-Тароцци и глюкозо-кровоной агар наблюдали характерный для *C. perfringens* тип А рост. Таким образом, при изучении биологических свойств 12 культур *C. perfringens* тип А, выделенных из пораженных органов животных нами установлено, что все они обладали протеолитическими, токсическими и патогенными свойствами и имеют определенное значение в этиологии и патогенезе клостридиоза животных.

Литература

1. Кириллов Л.В. Предупреждение инфекционных болезней анаэробной этиологии/ Л.В. Кириллов // Ветеринария. 2001.- № 1.
2. Микробиология и иммунология: учебник / Толысбаев Б.Т., Бияшев К.Б.- Алматы, 2008.
3. Инфекционные болезни животных / Бессарабов Б.Ф., Воронин Е.С. и др.; Под ред. Сидорчука А.А. - М.: Колос, 2007.
4. Лазарев Б.Н. Ботулизм: этиология, эпидемиология, клиника, диагностика, лечение и профилактика / Б.Н. Лазарев, Г.Д. Родин, А.Ф. Юрин. Волгоград, 1980.

Санбаев Б.Ж., Ермагамбетова С.Е., Киркимбаева Ж.С.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАНУАРЛАРЫНАН БӨЛІНІП АЛЫНҒАН КЛОСТРИДИОЗДАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аталған мақалада жануарлардан бөлініп алынған клостриялардың биологиялық қасиеттерін зерттеу. Биологиялық қасиеттерін анықтап, клостридиялардың өсінділік және ферментативтік қасиеттерін анықтау.

Кілт сөздер: уыттылық, энтеротоксемия, зардаптылық, ферментативті қасиеті, өсіру.

Sanbaev B.Zh., Yermagambetova S.Y., Kirkimbaeva Zh.S.

BIOLOGICAL PROPERTIES CLOSTRIDIA ISOLATED FROM ANIMALS IN FARMS ALMATY REGION

This paper presents data on the results of the study of biological properties of clostridia isolated from animals. Determination of biological properties culturing Clostridium determining clostridial enzymatic properties.

Key words: virulence, enterotoxemia, pathogenicity, enzymatic properties, cultivation.

ТЕХНОЛОГИЯ ПРОИЗВОДСТВА И ПЕРЕРАБОТКИ ПРОДУКЦИИ

ӘОЖ 636.1.11., 637.146.23'61

Аппиев Қ., Мұқашев А., Бердалина А., Исхан Қ.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті
ЖШС «Қазақ-неміс «Қутуз» ғылыми зерттеу институты*

ТӨЛ СУСЫНЫМЫЗ – ҚЫМЫЗ

Кілттік сөздер: көшім тұқымы, сақа бие, құлын бие, қысырақ бие, жабы типі, қымыз, қор.

Кіріспе

Ата-бабамыздан мұра боп қалған ұлттық тағамдарымыз бен сусындарымыз, яғни ұлттық өнімдеріміз қазіргі кезде кеңінен дәріптеліп, қазақ халқының ұлттық өнімі ретінде әлемдік сауда нарығына шығарылуда. Қымыздың адам ағзасына аса шипалы екенін ғалым академиктеріміз ұзақ жылдар бойы үзбей дәріптеп келіп, бие сүтінің пайдалы тұстары мен емдік қасиеттерін кең көлемде сөз етеді.

Қымыз – жылқы сүтінен алынатын қышқыл сүт өнімі. Қазақтар жыл маусымына қарай қымызды уыз қымыз, жазғы, күзгі, қысқы қымыз деп атаған. Бие сүтінің ерекшелігі жылқы малының жеген шөбіне және биенің жасына байланысты болғандығы белгілі.

Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Осыған орай, оның аталуы да алуан түрлі.

Өзіндік зерттеулердің нәтижелері және оларды талдау

Қымыз адам тағамында ерекше орын алатын өнім екені белгілі. Қымыздың тағамдық және биологиялық құндылығы оның химиялық құрамына және химиялық заттардың адам организміне сіңірілуіне аса қолайлы байланысты болатындығынан. Қымыздың адам денсаулығына пайдалылығын халқымыз ерте заманнан ақ білген. Қазіргі кезде қымыздың адамға әл-қуат беретін көптеген ауруға, әсіресе туберкулезге емдік қасиетін дүние жүзінде кеңінен пайдаланады. Сонымен қымыздың тағамдық, әсіресе емдік қасиеті басқа мал сүттеріне қарағанда әлде қайда жоғары екендігі көрінеді. Әрине қымыздың бұл қасиеттері, оны дайындау технологиясына, санитарлық гигиеналық және ветеринариялық-санитариялық сараптау жағдайына тікелей байланысты.

Қымызды зерттеу барсында үй жағдайында жабылған қымызға жүргізілген сезімдік тексерулері бойынша 3-сынамада қымыздың түсі сарғыш реңді, өзіне тән қышқыл иісі бар, дәмі қышқыл әрі өткір, консистенциясы біркелкі сұйықтық, тазалығы I класты болды. Сонымен қатар, өндірістік жағдайда жабылған қымыз да өзіне тән иісі бар, газды дәмі қышқылтым, консистенциясы біркелкі. Биохимиялық зерттеулер бойынша үй жағдайында жабылған қымыздың тығыздығы - $1,015^0\text{А}$, ал өндірістік жағдайда жабылған қымыздікі – $1,018$ болды. Егер қымыз құрамына су қосылса тығыздығы төмендеп, ал каймағы алынған сүт қосылса көтеріліп кетеді. Біздің зерттеулерімізде қымыз сапалы. Қышқылдылығы - 131^0T және 128^0T болды. Мемлекеттік стандарт талабы бойынша қышқылдылығы $60-80^0\text{T}$ болатын қымызды жуас, $81-100^0\text{T}$ қымызды орта, $101-120^0\text{T}$ қымызды күшті деп атайды. Осы мәліметтерге сүйенсек ұзақ сақталу мерзімі бойынша жабылған қымыз бен өндірістік жағдайда жабылған қымыз да күшті қымызға жатады екен.

Үй жағдайында жабылған қымыздың майлылығы – $1,81\%$, спирт мөлшері – $2,70\%$, тазалығы I класты, ал өндірістік жағдайда жабылған қымызға тоқталатын болсақ, спирт

мөлшері – 2,40%, майлылығы – 1,70% болды (1, 2, 3-кестелерде көрсетілген). Жүргізілген зерттеулер бойынша қымыз Мемлекеттік стандарт талабына сай, сапалы қымыз.

1-кесте. Үй жағдайында дайындалған қымыздың қасиеті

Шаруашылық	№ сынама	Көрсеткіштер			
		Қышқылдығы, °Т	Тығыздығы, г/см ³	Май мөлшері, %	Спирт мөлшері, %
«Жеңіс» АҚ	1	135	1,012	1,80	2,80
	2	130	1,020	1,81	2,70
	3	131	1,013	1,82	2,90
Орташа көрсеткіші		132±1,7	1,015±2,9	1,81±0,58	2,70±0,8

2-кесте. Өндірістік жағдайда дайындалған қымыздың қасиеті

Шаруашылық	№ сынама	Көрсеткіштер			
		Қышқылдығы, °Т	Тығыздығы, г/см ³	Май мөлшері, %	Спирт мөлшері, %
Сарыжайлау «Алтай»	1	128	1,015	1,80	2,30
	2	127	1,019	1,70	2,40
	3	129	1,020	1,60	2,50
Орташа көрсеткіші		127±0,58	1,018±1,7	1,70±0,58	2,40±0,58

3-кесте. Дайындау әдісі бойынша дайындалған қымыздарды салыстыру

Көрсеткіштер	Орташа көрсеткіші	
	«Жеңіс» АҚ	Сарыжайлау «Алтай»
1	2	3
Қышқылдығы, °Т	132±1,7	127±0,58
Тығыздығы, г/см ³	1,015±2,9	1,018±1,7
Май мөлшері, %	1,81±0,58	1,70±0,58
Спирт мөлшері, %	2,70±0,8	2,40±0,58

Төмендегі кестеде «Жеңіс» АҚ-ның, сонымен қатар әр аймақтың – Башқұр, Якут және Ресей қымыздарының құрамы мен қасиеті көрсетілген.

4-кесте. Әр аймақтың қымыз құрамы мен қасиеті

Көрсеткіштері	Қазақстан «Жеңіс» АҚ	Башқұр	Якут	Ресей
Май мөлшері, %	1,80	2,1	0,90	1,5
Ақзат, %	2,48	2,4	2,17	2
Құрғақ зат, %	6,6	-	-	7-8
Лактоза, %	1,2	2,3	3,8	2-3
Спирт мөлшері, %	2,70	1,06	-	1-2
Қышқылдығы, Т	130	120	105	-
рН мөлшері	3,8	3,46	-	-
Сүт қышқылы, %	1,386	1,017	-	0,6-0,9
Тығыздығы, г/см ³	1,000	-	1,024	1,015-1,020

Үй жағдайында әзірленген қымыздардың биохимиялық көрсеткіштері төмендегідей болды:

Тығыздығы – 1,015 г/см³ («Жеңіс АҚ») және 1,018 г/см³ («Алтай»);

Қышқылдылығы – 132°Т («Жеңіс АҚ») және 127°Т («Алтай»);

Май мөлшері – 1,81% («Жеңіс АҚ») және 1,70% («Алтай»);

Спирт мөлшері – 2,70% («Жеңіс АҚ») және 2,40% («Алтай»).

Зерттеуге алынған «Жеңіс» АҚ және «Алтай» қымыздары Мемстандарт талабына сай келді. Бірақ та дайындау технологиясы бойынша үй жағдайында жабылған қымыз пайдалы болып табылады. Себебі қымызға ешқандай химиялық заттар қосылмайды, ашу процесі өздігінен жүреді, сонымен қатар құрамы өзгермей, сол қалпында сақталады. Өйткені құрамының өзгеруіне ешқандай жағдай жасалмаған.

Қымыздың әсері бүкіл ағзаны өзгертеді. Физиологиялық және биохимиялық процесстер күшейіп, зат алмасуды қалпына келтіреді. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтімен ашытылады.

Әдетте сауылатын биелер: сақа бие, құлын бие, қысырақ бие деп үшке бөледі.

Бие сүтінің сапалылығы белгілі бір дәрежеде сүтті жылқы тұқымдары өсіретін географиялық аймаққа, ондағы жайылым жағдайына және т.б. жағдайларға байланысты. Енді бір ерекшелігі саумал биелерді 8 ай саууға болады, сонда бие басынан 1500-2000 литрге дейін сүт алынады.

Қазіргі таңда еліміздің жылқы шаруашылығындағы басты қызығушылық – сүт пен ет өнімдерін мол беретін, өндіріс шығыны аз қазақы жылқыны өсіру болып отыр. Қазақы жылқы, басқа жылқыларға қарағанда өзіне тән ерекшеліктерімен құнды. Өйткені жылқының бұл сорты жыл бойы жайылымда тебіндеп жайылуға бейімделген және ірілігімен, сүттілігімен бағаланады. Қоңдылығы жоғары жабы типті қазақы жылқының тірілей салмағы 450-530 кг-ға дейін жетеді. Биелері тәулігіне орташа есеппен 10-15 литр, ал ең үздіктері құлынының емген сүтімен есептегенде 21 л-ге дейін сүт береді.

Қазақстандағы табынды жылқы шаруашылығының сапасын арттыру мақсатында, жылқы шаруашылығын зерттейтін селекционер-ғалымдар өнімді бағыттағы қазақы жылқы тұқымдарының бірнешеуін шығарды. 1976 жылы көшім жылқы тұқымын, 1998 жылы мұғалжар жылқы тұқымын бекітті. Қазіргі таңда мұғалжар тұқымының ішінде өсіру ортасына және өнімдік деңгейіне байланысты төрт типке бөлінген жылқылар өсіріледі. Олар Қарағанды облысы, Шет ауданында «Шолақ Еспе» жылқы зауытында қожамберді типі, Қызылорда облысының Арал ауданында ЖШС «Құланды» жылқы зауытында өсіретін құланды типі, Ақтөбе облысының асылтұқымды шаруа қожалықтарында қайыңды және эмбі тип өсіріледі. Олардың сүттілігі орта есеппен 2200-2300 литр жылына. Сүтті-етті бағыттағы көшім тұқымы Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданындағы «Көшім», «Серғазиев», «Сабит» ЖШС жылқы зауыттарында шоғырланған. Биелерінің сүттілігі есеппен 2100-2200 литр жылына. Ал Шығыс Қазақстан облысында орналасқан «Қызылащы», «Сержан», «Саят» шаруа қожалықтары асыл тұқымды жабы жылқы тұқымдарын өсірсе, Павлодар облсында «Алтай Карпық Сайдалы Сарытоқа» асыл тұқымды жылқы зауытында қазақ жылқысының Селеті типі өсіріледі, биелерінің сүттілігі 2000-2100 литр жылына. Көшім, мұғалжар, жабы типті қазақ жылқысының тұқымдары, адай мен найман жылқыларының тұқымдық топтарының өнімдік сапасын жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары, жылқылардың ұнамды типтерін көбейту және жаңа жоғары өнімді типтер мен аталық іздер шығару негізінде таза тұқымды мал өсіру әдісімен жүргізілуде.

Демек сапалы, емдік қымыз беретін асыл тұқымды жылқыларымыз жетерлік. «Сауын саусаң, бие сау- боз қырау түспей суалмас» деген мақал тегін айтылмаса керек. Күтімі келіскен бие тіпті бір жылға дейін сүт береді. Халық арасында қымызды көңіл күй

сергектігі және ұзақ жасау сусыны деп текке атамаған. Қымыз– сапалытамақ өнімі ғана емес, сондай-ақ шипалы сусын.

Ертеректе, яғни XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қымыз – қазақ халқы ауқаттыларының бедел-абыройын, дәулетін, салтанатын, мырзалығын, дастархан байлығын білдірген.

Франция мен Германияда қымыз өнеркәсібінің қалай тамырланып келе жатқаны бұқаралық ақпарат құралдары деректері арқылы көпшілікке мәлім. Неміс халқының «Эквимед» компаниясы профессор Кенесхан Ыдырышұлы Дүйсембаевтың технологиясы бойынша бие сүтінен кішкентай нәрестелер үшін ана сүтінің орнына қолданылатын ғажайып қуаты бар тағамдар әзірлейді. Бүкіл саналы ғұмырын қымыз бен шұбат өндірудің ғылыми негізіне арнап келе жатқан атақты ғалымымыз, биология ғылымдарының докторы, профессор, Тарлан Платина сыйлығының иегері Зұлқайнар Сейітов мырза да қымыздың жетпістей түрін тапқан.

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов: «Бұл тек қана қымыз емес, халықтың рухы. Қымыз – тірі қан. Халқымыздың, керек болса, мемлекетіміздің асыл қаны» деген еді. Тектіден туған текті ұлдың осы айтқанында үлкен мән жатыр. Бұлай дейтініміз, Қазақстан Республикасы ЭКСРО – 2017 халықаралық көрмесін өткізгелі отыр. Үш айға дейін жалғасатын бұл көрмеге ғаламшардың түкпір-түкпірінен келетін қонақта қисап болмайды деп күтілуде. Нақтырақ айтсақ, оған әлемнің 100-ден аса мемлекеті қатысып, біздің елдің өзіндік брендтік өнім деп ұсынатын дүниелеріне назар аудармақшы. Келген қонақтарымызды ұлттық сусындармен қамтамасыз етіп, жылы ілтипатмен күтіп алсақ, абыройымыз асқақтай түсері даусыз. Бұл орайда ұлттық брендіміз болуға лайықты қымыздық мән беріп, көңіл бөлуіміз керек.

Ойымызды қорытындылай келе айтпағымыз, ата-бабадан мирас боп жеткен, қанмен сіңіп, сүтпен дарыған ұлттық тағамдарымыз, төл сусынымыз – қымызды мол көлемде сапалы да дәмді етіп өндіруге аса мән беруіміз қажет.

Әдебиеттер

1. З.С.Сейітов «Кумыс шубат», Алматы, 2005-288 б.
2. К.Дүйсембаев, З.Сейітов, Ә.Хасенов. «Қымыз», Алматы «Қайнар»1968.
3. В.Черепанова, А.Хасенов, З.Сейітов, К.Дүйсембаев, В.Белокобыленко, «Кумыс и шубат», Алма-ата, 1971, 188 б.
4. Исхан Қ.Ж., Бегімбетова Г.С. Жылқы шаруашылығы практикумы. Нұр-Принт – Баспасы, Алматы: 2013. – 120-123 б.

In this article presented data on the production of koumiss in homes and production conditions as well as dependence on the quality of koumiss made from mares milk growing in increasing different geographical zones of Kazakhstan.

We know that the Koumiss considered to be medical product for many diseases, especially for tuberculosis.

В данной статье приведены данные по производству кумыса в домашних и производственных условиях всяких консервантов, сохраняя все полезные свойства и национальные посуды для приготовления кумыса, а также зависимость качества кумыса, приготовленного из молока кобыл, выращиваемых на пастбищах различных географических зон Казахстана.

Известно, что кумыс считается лечебным продуктом при многих болезнях, особенно при туберкулезе.

Ахметова Ғ.М., Аманжолов Қ.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ЖӘНЕ ӘУЛИЕКӨЛ ЕТТІ ІРІ ҚАРА МАЛ ТҰҚЫМДАРЫ
БҰҚАШЫҚТАРЫНЫҢ СОЙЫС САЛМАҒЫНЫҢ ЖЕЛІНЕТІН БӨЛІГІНІҢ
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚУАТТЫЛЫҒЫ**

Кіріспе

Еттің сапасы мен май ұлпасының малдың денесінде пайда болу ерекшеліктері оның тұқымына, жынысына, жасына, азықтандыру деңгейімен типіне және малды өсіру технологиясына байланысты. Отандық ғалымдар еттің химиялық құрамының және май ұлпасының етті ірі қара малдың жас төлдерінің денесінде пайда болу динамикасы мен ерекшеліктерін зерттеген [1,2,3,4,5].

Бұл ғалымдар жас төлдердің ет өнімділігінің, май ұлпаларының қалыптасу заңдылықтарын және сойыс салмағының желінетін бөлігінің энергетикалық қуаттылығын анықтаған.

Біз тәжірибедегі бұқашықтардан алынған ұшаның сұрып еті мен іш майының нәрлілігін сараптау арқылы анықтадық (1-кесте).

1 кесте - Тәжірибедегі малдың сойыс салмағының желінетін бөлігінің энергетикалық қуаттылығы

Көрсеткіш	Бұқашықтар		
	Жергілікті жақсартылған мал	Әуликөл тұқымы	Қазақтың ақбас сиыры
n	3	3	3
Топтар	I	II	III
Малдың жасы, ай	15	15	15
1 кг сұрып еттің нәрлілігі, ккал	2365	2326	2492
1 кг іш майдың нәрлілігі, ккал	8519	8439	8732
Ұшадағы барлық сұрып еттің нәрлілігі, мың ккал	293,6	326,5	401,4
Барлық іш майдың нәрлілігі, мың ккал	40,9	61,6	92,5
Сойыс салмағындағы желінетін бөлігінің нәрлілігі, мың ккал	334,5	388,1	493,9
Сойыс салмағының желінетін бөлігінің энергетикалық қуаттылығы, кДж	1399,5	1623,8	2066,5
Сойыс салмағы нәрлілігіндегі іш майдың үлесі, %	12,23	15,87	18,73
Сойыс салмағы нәрлілігіндегі сұрып еттің үлесі, %	87,77	84,13	81,27

Барлық топтағы малдың іш майының құрамындағы ақуыздың мөлшері орташа есеппен 2% құрады.

1-кестеде көрсетілгендей, I-III тәжірибе топтарындағы 15 айлық бұқашықтардың 1 кг етінің нәрлілігі шамамен біркелкі болды 2326-2492 ккал, Бұл малдың біркелкі қондылықта болғандығын және еттерінің нәрлілігінің жоғары екендігін көрсетеді.


Бұл малдың тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты, III-ші тәжірибе тобындағы бұқашықтардың ет арасындағы майының көп болатындығын білдіреді.

Айта кететін бір жағдай, жергілікті жақсартылған мал мен қазақтың ақбас сиыры тұқымдары бұқашықтарының 1 кг іш майының нәрлілігі 8519-8732 ккал құрады, ал бұл әуликөл тұқымы бұқашықтарының I-II топтағы малдардан кештеу жетілетіндігін көрсетеді. Бақылау тобындағы 15 айлық бұқашықтардың ұшасындағы барлық сұрып еттің нәрлілігі II-III топтардағы бұқашықтармен салыстырғанда төмен болды (293,6 мың ккал). Бұл көрсеткіш әуликөл және қазақтың ақбас сиыры бұқашықтарының етінде 326,5 және 401,4 мың ккал құрады.

III топтағы 15 айлық қазақтың ақбас сиыры тұқымында барлық іш майдың нәрлілігі өзімен жасты I және II топтағы жергілікті мал мен әуликөл тұқымдарының бұқашықтарынан 51,6-30,9 мың ккал көп, немесе 55,78-33,40% артық. Қазақтың ақбас сиыры тұқымы бұқашықтарының тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты, олардың іш майының салмағы I-II топтардағы бұқашықтармен салыстырғанда едәуір артық болғандықтан, оның іш майының да нәрлілігі жоғары болды.

Малдың тұқымына байланысты, сойыс салмағындағы желінетін бөлігінің жалпы нәрлілігі әуликөл тұқымы бұқашықтарында 15 айлығында 388,1 мың ккал құрады, ал III топтағы қазақтың ақбас сиыры тұқымының бұқашықтарында бұл көрсеткіш 493,9 мың ккал болды. Мұның өзі, 15 айлық бұқашықтардан нәрлілігі жоғарғы ет өнімін алуға болатындығын білдіреді (1 сурет).

Бұқашықтардың ойыс салмағы нәрлілігіндегі іш майдың ең көп үлес салмағы III топтағы қазақтың ақбас сиыры тұқымының 15 айлық бұқашықтарында байқалды (18,73%). Сонымен бірге, II- тәжірибе тобындағы 15 айлық әуликөл бұқашықтарында бұл көрсеткіш 15,87% көрсетті. 15 айлық жергілікті малдың бұқашықтарында бұл көрсеткіш 12,23% болды.



1 сурет - Тәжірибедегі бұқашықтардың сойыс салмағының желінетін бөлігінің энергетикалық қуаттылығы, мың ккал

Қорытынды

Зерттеулердің нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып бұқашықтардың сойыс салмағының желінетін бөлігіндегі нәрлілігінің 18,73% III топтағы қазақтың ақбас сиыры тұқымының 15 айлық бұқашықтарында байқалды. Сонымен бірге, II- тәжірибе тобындағы 15 айлық әулікөл бұқашықтарында бұл көрсеткіш 15,87% құрады. 15 айлық жергілікті жақсартылған малдың бұқашықтарында бұл көрсеткіш 12,23% болды.

Әдебиеттер

1. Аманжолов К. - Особенности отложения жировой ткани у герфорд х симментальских помесей, Вопросы селекции и промышленной технологии в скотоводстве Казахстана. – Алма-Ата. 1981.-С.151-158.

2. Аманжолов К., Абжанов Р., Жумабаев М.Ж.. - Особенности отложения жировой ткани у бычков помесей казахская белоголовая х немецкая пятнистая, Информ. листок КАЗНИИТИ. – 1987.-№18.

3. Аманжолов К., Мелдебеков А.М.- Морфологический и химический состав мяса помесных бычков казахской белоголовой породы разных весовых категории, 70 лет на службе животноводства Кыргызстана// Тр. КыргНИИЖ.– Вып. 48.- Бишкек, 2001.-С.86-89.

4. Аманжолов К.- Динамика изменения массы и химического состава сортового разуба полутуш бычков казахской белоголовой породы, Вестник с.х. науки Казахстана. – Алматы, 2002.-№5.-С.59-58.

5. Аманжолов К., Сейтмуратов А.Жузенов Ш.- Качество мяса кастратов казахской белоголовой породы, Ж. «Вестник с.-х. науки Казахстана», - Алматы, -2009, №8,- С. 47-50.

В статье приведены материалы энергетической ёмкости съедобных частей туши подопытных бычков в возрасте 15-месяцев. Определены энергетическая ценность мякоти-мяса, внутреннего жира на основании изучения химического состава мяса, а также химического состава внутреннего жира. Определены соотношение энергетической ёмкости мякоти мяса и внутреннего жира, а также энергетическая ёмкость съедобной части убойной массы.

This article provides information on energy content of edible parts of experimental bull-calves' carcass at the age of 15 months. The energy value of flesh and visceral fat. The energy content of flesh / visceral fat ratio and also energy content for edible parts of slaughtered calves are defined.

ӘОЖ 636.084.085

Жазылбеков Н.Ә., Қалмағамбетов М.Б., Алматова Г.С.

Қазақ мал шаруашылығы және жеміс-өнімдері ҒЗИ

**ЖШС «БАЙСЕРКЕ-АГРО» АЗЫҚТАРЫНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ
ҚҰНАРЛЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Аңдатпа

Пішендеменің және сүрлемнің сапасына азықтық шөптердің проценттік арақатынасының және шабу уақытының әсері, жүгерінің пісу фазаларының және ұсақтау

көлемінің азықтық заттардың химиялық, макроминералдық құрамына және құнарлылығына әсері көрсетілген.

Кілт сөздер: сүтті мал шаруашылығы, мал азығы, азықтың химиялық құрамы, құнарлылық, пішендеме және сүрлем.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы маңызды сала болып есептеледі және Алматы сияқты өндірісі дамыған үлкен қалада сүт өндірісі әлеуметтік маңызға ие. Сүтті бағыттағы мал шаруашылығын ары қарай дамыту үшін қажетті шаралардың бірі құнарлылығы бойынша тұрақты және үйлестірілген азықтық қор (база) құру болып табылады. Берік азықтық қор дегеніміз азықтың үлкен қоры ғана емес, сонымен қатар жоғары құнарлылығы, әсіресе протеин және оның қантпен қатынасы. Сондай-ақ, нақты сүтті бағыттағы малдардың азықтық қорында ақуыз бен қанттың тапшылығы байқалуда, ал бұл сүт өнімділігіне әсер ететін негізгі азық элементтері екені белгілі. Малдардың өнімділігі негізгі үш шартпен байланысты: толыққұнды азықтандыру үшін азық өндіру мен азық даярлау; малдардың генетикасы; бағып-күту. Өндірістік шығын құрамында бірінші компонент өте жоғары маңызға ие және барлық шығынның 60%-ін құрайды. Берік азықтық қорды Алматы қаласының маңайында орналасқан ЖШС «Байсерке-Агро» шаруашылығында құру жоспарланып отыр.

Жүгері сүрлемін дайындау барысында біз азықтарды биотехнологиялық әдіспен сүрлеуге мүмкіндік беретін жаңа препаратты қолдандық. Майлы-қышқылды ашуды төмендетіп, сүтті-қышқылды ашуға және шикізаттағы негізгі қоректік заттардың жойылуын азайтатын және жоғарысапалы жүгері сүрлемін алуға мүмкіндік беретін биотехнологиялық әдістер негізінде дайындалған жаңа «Казбиосил» биоқоспасын (биоконсервант) РММ Қазақ микробиология және вирусология ғылыми-зерттеу институты ҚР ҒЖБМ жасап шығарған. Айта кететіні «Казбиосил» авторлары 2011 жылы ғылым және техника саласындағы ҚР Мемлекеттік Сыйлыққа лайықты деп табылды.

Авторлардың деректері бойынша [1] «Казбиосил» биоқоспалары азықтардағы құрғақ затты және қоректік заттардың сақталу деңгейін жоғарылатады. Агрохимиялық зертханалардың деректері бойынша «Казбиосил» қоспасымен жасалған жүгері сүрлемі бақылаудағы сүрлеммен салыстырғанда протеин 1,4%, каротин 13,2 мкг/кг және қант 0,12% артық болады. Құрамында В₁₂ дәрумені 0,22-0,43 мкг/г аралығында болды. Сүрленген азықтардың желінуі 25%, ал сүрленген сабан 90% жоғарылайды.

Сауын сиырларға қоспа қосылған жүгері сүрлемін бергенде майлылығы (0,05%-ға), ақуыз (0,05%), сүт қанты (0,03%) жоғары болғанда орташатәуліктік сүт өнімділігі 15-20% артады. Малды бордақылауда орташатәуліктік тірілей салмақ қосу 10-25% артады. Анасының құрсағында жатып қоспа қосылған жүгері сүрлемін жеген қозы жақсы салмақ жинайды және 3 айлық мерзімінде бақылаудағы қозыларға қарағанда 20% артық нәтиже көрсетеді. «Казбиосил» - бұл микроорганизмдердің абorigенді штамдары бар отандық биопрепарат, «Казахсил» азықтық консервантының жаңартылған түрі және Қазақстанның шаруашылықтарында 2008 жылдан бері, соның ішінде КС «Зинченко и К» (СҚО), ЖШС «Камышенское» (ШҚО) және т.б.

Жаңа «Казбиосил» биоқоспасын біз шаруашылықта жүгері сүрлемін дайындау барысында 1 тонна шикізатқа 20-дан 30-граммға дейін қолдану арқылы сынадық. Негізгі сүрлем жерүсті траншеяларында нұсқаулыққа сәйкес 1 тонна сүрлемдеуші массаға 30 г биоқоспа есебімен дайындалды. Сүрлемделген массада қоректілік құндылығын салыстырып тексеру үшін сүрлем жасағанға дейін және салынғанына 90 күн өткен соң үлгілер алынып, азық сапасы тексерілді. Ірі азықтарды дайындау барысында сүрленген пішеннен және сүрленген пішендемеден азық үлгілері алынып, ҚМШЖМАӨҒЗИ зоотехниялық талдау зертханасында химиялық талдау жүргізілді (1 кесте).

Кесте 1 – Шабу уақытына қарай пішендемеген салынатын жоңышқа пішенінің және көк шөптің (жоңышқа+қамыс) химиялық және макроминералды құрамы мен қоректілігі (табиғи ылғалдылықта 1 кг-на г есебімен)

Көрсеткіштер	Жоңышқа пішені		Бірінші шабылымдағы жоңышқа пішендемесі			Екінші шабылымдағы жоңышқа пішендемесі	
	Шаруашылықта өндірілген	Балқаш ауд.	жоңышқа 70%, қамыс 30%	жоңышқа 65% қамыс және т.б. 35%	жоңышқа 68% қамыс және т.б. 32%	жоңышқа 67%+түрлі шөптер 33%	жоңышқа 65% түрлі шөптер 35%
Азық өлшемі	0,51	0,45	0,38	0,31	0,33	0,29	0,28
Алмасатын қуат, МДж	7,08	6,03	6,4	6,1	5,93	4,53	3,98
Құрғақ зат, г	878	854	550	500	476	444	521
Шикі протеин, г	126,4	91,3	121,0	107,0	110,8	83,6	76,2
Қорытылатын протеин, г	89,7	74,4	69,7	58,3	62,4	56,7	53,8
Шикі май, г	23,2	22,0	35,0	42,0	36,1	31,6	29,6
Шикі өзек (клетчатка), г	272,3	284,6	256	275	256	256,8	301
Қант, г	281,0	415	60,0	45,6	48,7	43,6	44,6
Шикі күл, г	20,28	23,76	58	51,0	58,0	44,8	49,8
Белоксыз шырды зат, г	14,8	70,7	441	405	412	398	401
Кальций, г	9,08	8,44	10,0	9,8	8,9	8,6	8,8
Фосфор, г	4,53	3,30	3,1	4,0	3,4	3,2	3,19
Калий, г	4,74	6,17	5,74	3,67	4,71	4,21	3,91
Магний, г	2,47	7,20	3,72	3,23	3,19	2,67	2,81
Күкірт, г	1,68	3,75	2,35	2,21	3,05	3,0	3,1
Каротин, мг	33,2	29,5	38,2	36,3	35,6	32,6	31,8

Ірі азықтарды зертханада 16-17 көрсеткіш бойынша қоректілігін және химиялық құрамын талдаудан белгілі болғаны шаруашылықта өндірілген жоңышқа пішенінің 1 кг-да азық өлшемі 0,51; алмасатын қуат 7,08 МДж; құрғақ зат 878 г; шикі протеин 126,4 г; қорытылатын протеин 89,7 г; фосфор 4,53 г және каротин 33,2 мг болды, ал Балқаш ауданынан сатып алынғаны сәйкесінше: 0,45; 6,03; 854; 91,3; 74,4; 3,3 және 29,5 мг құрады. Зертханалық талдаудың нәтижесі бойынша шаруашылықта өндірілген жоңышқа пішені Балқаш ауданынан сатып алынғанмен салыстырғанда барлық көрсеткіштері артық нәтиже көрсетті және «Ірі азықтардың көлеміне қойылатын талаптар»-ға сәйкес І санатқа жатады [2]. Сатып алынған жоңышқа пішені алынған зертханалық талдау нәтижелеріне сәйкес ІІ санатқа жатқызылады. Біздің ойымызша Балқаш ауданының пішенге арналған жоңышқасы вегетацияның соңғы кезеңінде (гүлденудің соңында) шабылған, сондықтан азықтың сапасы төмендеген [3].

Пішенге салынған көк шөптің бастапқы химиялық құрамын және құнарлылығын зерттеу нәтижелері 1-кестеде келтірілген, мұнда бірінші шабылымды салу барысында траншеяның әр жерінен (3 үлгі) алынды және екінші шабылымға (2 үлгі) қарағанда құрамына әсері өте аз болды.

Сонымен қатар, екінші шабылымдағы жасыл жоңышқаның химиялық, макроминералдық құрамы және құнарлылығы бірінші шабылыммен салыстырғанда 20-25% төмендейді. Пішендемені салу кезеңінде бірінші (2201,2 т) және екінші (975,7 т) шабылымда, барлығы 3176,9 тонна салынғанда ҚМШЖМАӨҒЗИ ғалымдарының қатысуымен және пішендеме дайындаудың ғылыми-дәлелденген талаптарына сәйкес жүргізілді. Бірінші шабылымда салынған жоңышқа пішендемесінің негізгі құнарлы заттары (азық өлшемі, алмасатын энергия, құрғақ зат, протеин, май, кальций, фосфор, күкірт және каротин) екінші шабылымда салынған пішендемеден аз ғана айырмашылығы бар, бұл бұршақтұқымдастыр және әртүрлі азықтық шөптердің проценттік арақатынасына байланысты.

Ашанин А.И., Төреханов А.А. және Жазылбеков Н.Ә. [4] зерттеулерінің нәтижесі көрсеткендей сүрлемдеуге арналған жүгерінің ылғалдылығы 65-75% аралығында болуы керек. Өнімді жоғалтып алмау үшін сабағы биік дақылдар кескенде 12 см артық емес, шөптік өсімдіктер 5-7 см болуы керек.

Сүрлемнің сапасына және құнарлылығына әсер ететін шарттардың бірі дайындау мерзімі болып табылады. Зертханада жүргізілген химиялық талдаудың нәтижесі көрсеткендей жүгері үшін негізгі қоректік заттар толығы үшін сүрлемді ылғалдылығы 73-75% және дәндері балауса кезең болуы керек. Сонымен қатар вегетациялық кезеңі қысқа кезеңдерде немесе екінші қайта себу кезінде вегетацияның ерте кезеңінде де орып алуға болады. Жүгеріні пісу деңгейі сүтті кезеңде ору 1 га-дан 45% дейін, ал толық піскенде 22% дейін азықтық мөлшерін жоғалтуға әкеледі.

Сүрленетін жүгерінің сапасына әсер ететін маңызды технологиялық әдістердің бірі сүрленетін массаны оңтайлы дәрежеде ұсақтау болып табылады. Өте ұсақталған шикізаттың нығыздалу деңгейі жақсы болады және арасындағы ауа тез шығады. Ұсақталған массаны тиеу, түсіру және малдарға тарату оңай. Егер ұсақталу толық жүргізілмесе нығыздау дәрежесі төмендейді, дайындау үрдісі үшін қажет емес микроорганизмдер дамып сүрлемнің қышқылдануы ақырын жүреді. Сүрленетін шикізаттың ұсақталу дәрежесі сүрлемнің сапасына ғана емес оның желінуіне де әсер етеді. Сүрлемнің 1-ден 3 см-ге дейін ұсақталғанда ең көп желіну байқалды. Сүрлемді 1 см-ға дейін ұсақтағанда желіну деңгейі 95,2%, 1-ден 3 см-ге дейін ұсақталғанда – 98,6%, 3-тен 5 см-ге дейін - 97,2% құрады. Ұсақталу көлемін 5-10 см көтергенде желіну деңгейі 91,7% төмендеді. Сонымен, туралу 1 см-ден 5 см-ге дейін болғанда желіну көрсеткіштері жақын болды. Өлшеу нәтижесінен белгілі болғаны ЖШС «Байсерке-Агро» жағдайында сүрленетін жүгері массасының көлемі 2,5-4,5 см аралығында болды. Шикізатты ұсақтау дәрежесі энергия шығынына және өзіндік құнына да әсер етеді. Турауды 30-дан 10 мм-ге төмендеткенде энергия шығыны 1,7 есеге артты, ал комбайн өнімділігі 46,3% төмендеді. Тегістеу және нығыздау жұмыстары Т-150, К-700 типті тракторларымен және шынжыр табанды С-100, Т-75, Т-130 техникалармен жүргізілді.

Траншеяға салынған және нығыздалған сүрленетін массаның қалыңдығы күніне 80-120 см кем болмауы керек, бұл СО₂ жоғары концентрацияда (45-50%) сақтауға мүмкіндік береді. Егер алғашқы 6 күнде азықтық масса 40⁰С жетпесе, содан кейінгі күндері осы температура үстіңгі 0,5 м көлемінде ғана байқалса нығыздалу деңгейі жақсы деп есептеледі. Дайын өнімді алғашқы шикізатпен және малдардың жеу дәрежесін салыстыру үшін ҚазМШЖМАӨҒЗИ зоотехния және химиялық талдау зертханасына сүрленуші массадан 4 үлгі әкелінді.

Вегетация фазалары бойынша жүгері массасынан алынған үлгілердің химиялық талдауының нәтижесі жоғары құнарлылық балауызданып пісу фазасында екенін көрсетті (кесте 2).

Кесте 2 – Жүгерінің пісу фазалары бойына химиялық, макроминералдық құрамы және құнарлылығы (табиғи ылғалдылықта 1 кг-на г есебімен)

Көрсеткіштер	Пісудің сүтті-балауызды фазасындағы жүгері	Пісудің балауызды фазасындағы жүгері
Азық өлшемі	0,18	0,21
Алмасатын қуат, МДж	1,67	2,45
Құрғақ зат, г	216,6	233,7
Шикі протеин, г	18,8	21,7
Қорытылатын протеин, г	16,4	17,5
Шикі май, г	4,4	4,9
Шикі өзек (клетчатка), г	54,6	62,7
Қант, г	36,2	37,1
Шикі күл, г	17,8	18,3
Белоксыз шырынды зат, г	92,6	95,2
Кальций, г	0,91	1,06
Фосфор, г	0,38	0,43
Калий, г	2,68	3,11
Магний, г	2,71	3,18
Күкірт, г	2,1	3,0
Каротин, мг	21	19,6

Табиғи ылғалдылықта, балауызданып пісу фазасында жүгерінің 1 кг азық өлшемі 0,21, алмасатын қуат 2,45 МДж, шикі протеин 21,7, шикі май 62,7 г, фосфор 0,43 г, күкірт 3,0 г, қант 37,1 г және т.б. көрсетті, бұл пісудің сүтті-балауызды фазасымен салыстырғанда 3-7% артық.

17 көрсеткіш бойынша жүргізілген талдаудың нәтижесі Алматы облысының Талғар ауданындағы ЖШС «Байсерке-Агро» жағдайында жүгеріден сүрлем дайындаудың оңтайлы кезеңі, негізгі қоректік заттарды максималды жинақтайтын балауызданып пісу фазасы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Саданов А.К. и др. Свои препараты лучше. Дата 15.07.2011, Категория: Без категории интернет данные
2. Жазылбеков Н.А., Тореханов А.А., Кошен Б.М. Справочник по пищеварению и сбалансированному кормлению крупного рогатого скота – 2013г. – С. 121.
3. Жазылбеков Н.А., Кинеев М.А., Тореханов А.А., Ашанин А.И. и др. Кормление сельскохозяйственных животных, птицы и технология приготовления кормов. – 2008 г.- с. 69
4. Ашанин А.И., Тореханов А.А., Жазылбеков Н.А. Консервирование кормов и подготовка их к скармливанию Алматы, – 2008г. –С. 340

Показано влияние соотношении кормовых культур и сроков укоса на качество сенажа и сроса, влияние фаз спелости и размеров измельчения на химический, макроминеральный состав и питательность кормовых средств.

The influence of the ratio of forage crops and timing of mowing the quality of silage and slosa influence the phase of maturity and size of the chemical milling , makromineralny composition and nutritional fodder .

Қайрат Ә.Ж., Асанов Ш.Ш.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
Қазақ мал шаруашылығы және жеміс-өнімдері ҒЗИ*

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАЙ-КҮЙІ

Андатпа

Мақалада ауыл шаруашылығындағы жайылым жерлердің қазіргі кездегі алып жатқан өзгерістері туралы қозғалады. Республикамызда соңғы жылдары табиғи шабындықтар мен жайылым жерлерді дұрыс пайдаланбағандықтан өнімнің сапасы күрт төмендеуде. Қазақстан жеріндегі айта кетсек шөлейт және шөл аймақтарда жайылым жерлерді шектен тыс пайдаланудың салдарынан шабындық және жайылымдық жерлер тозып, эрозияға ұшырауда. Әсіресе ауыл маңайындағы жерлерде өте көп кездеседі. Қазіргі кезде республикамыздың ұлан байтақ жерін тоздырмай эрозияға ұшыратпай қалпынды ұстап қалу және оның өнімділігін ұзақ жылдар бойы сақтап қалу мүмкін болмай отыр. Осы мақаланы ғылыми айналымға қоса отырып мақала авторы тарапынан өзіндік пайымдаулар жасалуда.

Кілт сөздер: шабындық, жайылым, стратегия, құнарлылық, гумус қабаты, агроландшафт, топырақ классификациясы, экономика, ғылыми техника, минералдық заттар, экологиялық, инфрақұрылым.

Кіріспе

Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енді мақсат етіп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан - 2050» стратегиясында: Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге және инновациялық енгізу үшін жоғары әлеуетке ие. Ет өндірудің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны жүзеге асыруды белсендірек ету қажет. Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларынан, оның ішінде қой шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді талап етті [1].

Жалпы ауыл шаруашылығы – адам өмірінің ең бір ежелгі саласы. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Топырақтың экологиялық қасиеттері: қоректік заттарды жинау қабілеті, яғни құнарлығы, су сыйымдылығы, ылғал өткізгіштігі, ауа және жылу режимдері оның механикалық құрамымен, физикалық – химиялық қасиеттерімен тығыз байланыста болып келеді. Топырақ құнарлығын арттыруда органикалық тыңайтқыштардың рөлі өте зор.

Тыңайтқыштар топырақ құрамына кешенді әсер етеді, өсімдіктерді қажетті қоректік элементтермен толықтырады, топырақтың химиялық, агрохимиялық және физикалық қасиеттерін жақсартады, биологиялық белсенділігін арттырады.

Қазіргі уақытта ғылыми – техника заманы деуге болады. Халық санының өсуіне қарай қоғамдық өндірістің қоршаған ортаға тигізетін әсері артуда. Сондай-ақ кейбір жерлерде табиғаттың бір тұтас тепе-теңдігінің бұзылуынан табиғи қорлар азайып, қоршаған ортаның шамадан тыс ластануына алып келеді. Табиғи қорларды жоспарлы түрде тиімді жұмсамағандықтан, алдын – ала экологиялық және әлеуметтік болжамдар жасамағандықтан және шаруашылықты тиімсіз жүргізгендіктен кейбір табиғи қорлар

бітуге айналды. Табиғи апаттар мен адамдардың іс – әрекетінің салдарынан топырақтың құнарлы қабаты жойылуда. Мал жайылымдары эрозияға ұшырауда, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жойылуда. Ормандар мен тоғайлар өртенуде, топырақ, ауа мен су құбырлары шектен тыс ластануда.

Халық шаруашылығы салалары арасында жерді дұрыс үлестіруді, қоғамға керек ауыл шаруашылық өнімді толық алуды, топырақ құнарлығын сақтап қалу және жүйелі түрде жорғалатуды көздейді. Қазіргі уақытта Қазақстан аумағы бойынша Азиядағы үшінші ел. Ауыл шаруашылық аймақтарын қамтитын жер көлемі шамамен 272,5 млн гектар аумақты алып жатыр. Орманды дала, дала, шөлейт және шөлді төрт аймақтың үлесіне жалпы аумақтың 87,4 пайызы және ауыл шаруашылығы алқаптарының 88,3 пайызы алып жатыр.

Біздің республикамыз жер қорларына өте бай. Бірақ соңғы жылдары экономикалық дағдарыстарға байланысты жердің тиімсіз пайдаланудың салдарынан топырақ құнарлығы күннен – күнге нашарлап барады. Халықтың мал басы санының көбеюі, өндірістің өркендеуі тау – кен шикізаттарын көптеп өндіруге және ауыл шаруашылық жерлерді кеңінен пайдалануға байланысты жайылымдық жерлерде антропогендік әсердің ықпалы жоғарылап барады. Табиғатты пайдалануға бүгіндегі теріс іс – әрекет себептерінің нәтижесінде нәзік және жеңіл жараланатын жайылымдық жерлердің экологиясы құлдылана түсуде. Олардың қайта қалпына келуі баяу өтетінін есте сақтау керек [2].

Табиғи жайылым – табиғатты пайдаланудың агроландшафтардың климаттың өзгеруіне және жағымсыз процестердің әсеріне тұрақтылықтың және аумақтың экологиялық жағдайларының «тірі көрсеткіші». Жайылымдардың әр түрлі антропогендік факторлардың себептерінен қатты құлдылануына ағаштардың, бұталардың және жартылай бұталарды кесу және жаппай кесіп алу әрекеті орасан зор зиян тигізуде. Ағашты, бұталы өсімдіктердің жойылуы жайылымдық жерлердің экологиялық жүйелерінің құлдылануының бірінші себебі деп алуымызға болады.

Жер ресурстарын басқару Агенттігінің мәліметі бойынша бүгінде тозған жайылымдар көлемі 1339,9 мың гектар құрап отыр. Оның басым бөлігі ауыл айналасында, су көздері бар алқаптарда, яғни малдың көп топтанған жайылымдық жерлерде байқалуда. Бүгінгі күнге дейін жайылым жерлерде мал шаруашылығын дамытуға және жаюға төрт жүйесін анықтаған:

1 – түрі. Үй жануарларын жыл бойы барлық тиісті инфрақұрылымы бар шалғайдағы жайылымда ұстайды;

2 – түрі. Таңертең малдарды жайылымға айдап, кешке ауылға қайтару. Бұл жағдайда ауыл тұрғындары бірнеше топқа бөлініп малдарды кезекпен жаяды;

3 – түрі. Бұл жүйеде екінші түрге ұқсас, тек мұнда ауыл тұрғындары бақташы жалдайды;

4 – түрі. Бұл жерде үй жануарларын көктемнен күзге дейін жайылымда ұстап, әр бір үй малдарын қыс мезгілінде үйлеріне қораға ұстауға әкеледі;

Мал жаюдың шектен асуы топырақ жамылғысына кері әсер етеді: топырақ тығыздалады, ұсақ төмпешіктер пайда болады, топырақтың құрғауы күшеді. Өз кезегінде топырақтағы ылғал алмасуының орынсыз жүруіне әкеледі. Жайылымға мал шектен тыс жайылғанда жайылымдық экология жүйелерінің яғни жарық, жылу, өнімді ылғалдық қоры және минералдық заттар ауысуындағы архитектурасы бұзылады. Қоршаған орта қорларын толық пайдаланудың көп қысқаруына және өнімділігінің төмен түсуіне әкеліп соғады. Малды шектен тыс жаюдың әсерінен алдымен жайылымдық экология жүйесінің құрлысы – функционалдық байланысы да бұзылады. Ал оның арғы жағында топтаулар құрамынан мал азықтық өнімдерінің бағалы түрлері арқылы, жайылымдық бағалы өнімділігі мен нәрлілігі төмендейді, басым өсетін түрлердің тұқымынан жаңаруы нашарлайды. Дегенмен, елді мекендерде және су көздерінің іргесіндегі жақын жерлердегі

жайылымдардың тоқырау процестері күшеюде ол жайылымдарға малдың тығыз шоғырлануы себеп болып отырған жайы бар.

Жайылымды ұтымды пайдаланудағы экологиялық негізгі әсерлер төмендегі жайлармен түсіндіріледі: жылдың құрғақ мезгілінде топырақ бетін қопсыту жұмысын жүргізу; өсімдіктер төсеніштерін жасау және шөптік қосындыларда қарашіріктер пайда болуы тездету; топырақты қоректік заттармен байыту; тұқымдарды сіңіру; өсімдіктің қайта қалпына келуіне мүмкіндік туғызатын өсімдіктерді мал сілекейімен көз сабақтау; өрт қауіптерін төмендету; құрт – құмырсқа мен кемірушілерін санын азайту;

Келешекте егістік жерлерден мал азығын өндіру мынадай негізгі бағыттарды жүргізілуі тиісті: әр аймақта мал азығын құрылымын жетілдіру; мал азықтық дақылдарының өнімін көтеру; аралық аңыздық және тығыздалған егістіктерді шаруашылықтарға кеңінен енгізу; жасыл конвейрлерді кеңінен қолдану; егістіктен алынатын мал азықтарын жаңа технологиялар бойынша дайындау; мал азықтарды ғылыми жолға қою [4].

Жайылымның жоғары өнімділік жағдайын қамтамасыз ету үшін міндетті элементі жайылымдық мониторинг - жайылымдық қорларды басқару жүйесін құру керек. Салыстырмалы мониторингтің мына желісі ең тиімді болып табылады: қорықтық, табиғи жайылымдар, шаруашылықта қолданылатын, экологиясы картаға түсірілген жақсартылған жайылымдар. Жайылымдарды басқару тәсілдерін жасағанда ірі өлшемді карталарда экология жүйелерінің бұзылу мезгілін белгілеу, әлсін - әлсін картаға түсіріп отыруды жүргізу, алыстан бақылау тәсілдері және өсімдіктер мен топырақтың өзгерістерін шапшаң әуе сурет картасына түсіруді әбден жетілдіру қажеттігін ескерген дұрыс. Әрі ауыл шаруашылық жерлерін сапалық бағалау картасын жасау керек. Мысалы, әрбір шаруа қожалығы өзінің ауыл шаруашылық жерінің геоэкологиялық және экономикалық-географиялық сапалық бағалауын көрсететін мәліметтері жазбаша, немесе, картографиялық болуы шарт.

Жайылымдық экология жүйелерін ұтымды пайдалану жайылымдарды басқару жүйесін жетілдіру ретінде қарастырылады: жайылымдарды пайдалануда көп себептік мүмкіндік мөлшерлер есебімен жер қорының экологиясы бойынша бірыңғайландыру мен олардың көлемін белгілеу; өріс жүйелерін (олардың біркелкілігі мен мөлшерлілігі) анықтау; мониторинг және қорғау шаралары.

Жайылымды экологиямен байланыстыра отырып реттеп пайдалану толық желінетін азықпен қамтамасыз ететін, өсімдіктердің өсуі мен көбеюін, сонымен қатар ұзақ жылдық өнімділігін сақтауды қамтамасыз ететін өріс деңгейін қарастырады.

Ауыл шаруашылығында жерді тиімді пайдаланудың маңыздылығы ерекше. Сондықтан жерді пайдалануға алған кәсіпкерлер жерді дұрыс пайдаланбай, оны аздырып-тоздырып жіберсе немесе жер текке бос жатса, онда олардан жерді алып басқаларға беру керек. Қазақстан Республикасының жер туралы заңындағы 93-ші бапқа сәйкес жер иеленуші ауыл шаруашылық жерлерің құнарлығын төмендеуіне экологиялық жағдайының едәуір нашарлауына әкеп соғатын болса, жерді қалпына келтіру немесе жерді қалпына келтіруге кететін шығынды өтеу қарастырылған. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін жер төлемі меншік иесінен және жер пайдаланушыдан алып қойылуы мүмкін.

Қорытынды

Қорыта айтар болсақ, республикамыздың агроөнеркәсіп кешенін өркендетудің «Агробизнес 2020» бағдарлама аясында жасақталған жем-шөп өндіруді арттыруға арналған іскерлік жоспардың табысты іске асуына ғылым жетістіктері негізінде жасақталған «жасыл» технологиялар кең жол ашады деп санаймын.

Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалана отырып, қыстық мал азығы жемшөпті жоспарлап алдын-ала дайындап қою қажет. Жайылымдардың қайта жаңғыртып және ұдайы қалпына келіп отыруы қабілеттін тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін, оларды экологиялық және биологиялық тұрғыдан мүмкін болатындай көлемде ғана пайдалану қажет екенін дүниежүзінің түрлі табиғи аймақтарындағы жайылымдарда жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер көрсетіп отыр. Жайылымның мал азық сыйымдылығы мен оған жаятын мал басының сәйкес келуі – мал жаюдың негізгі ұтымды ұстанымы болып табылады. Бұл ұстанымды бұзу бүгіндей жайылымдық шаруашылықтың дамуына кері әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмалар негізінде, Халықаралық Қайта Құру және даму банкімен Бүкіләлемдік экологиялық қордың «Қуаң жерлерді қалпына келтіру» жобасы, «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында жақсара түсетініне сенемін.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан -2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспары. 12 желтоқсан 2012ж. №449.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының жердің шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі конвенциясы, Алматы 1996 23-25 б.

3. Андреев Н.Г. исследования по улучшению сенокосов и пастбищ. Вестник с. – х.наука Москва, 1965 №12.С. 16- 17

4. Әубәкіров Қ.Ә., Атақұлов Т., Ахмет А.Мал азығын өндіру Алматы, 2011, 145б.

ӘОЖ 636.1.11.619

Мұхаметкерім Е., Қалиханов С., Исхан Қ., Мұхантайқызы Г.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті
«Тарем» университеті ҚХР

ҚАЗАҚСТАНДА ӨСІРІЛЕТІН АҒЫЛШЫН ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Кілттік сөздер: «ағылшын», «таза қанды мініс», араб, варварий, түрк айғырлары, буденный, қостанай және жаңақырғыз жылқылары.

Кіріспе

Таза қанды мініс жылқысы - XVII ғасырдағы мініс бағытындағы өз жылқысының биелерін шығыс тектілі (араб, варварий, түрк) айғырларымен өндіре шағылыстыру арқылы, оның ат жарысындағы шабыстылығының ұшқырлық қабілетін үнемі жетілдіру нәтижесінде Англияда шығарылған. Олардың алынған ұрпақтарын, жылқының басқа тұқымымен араластырмай оның тек қарқындылық пен ұшқырлық сапасы жоғары ұрпақтарын «таза тұқымда» өсірген. Сондықтан ол «таза қанды мініс» жылқысы немесе «ағылшын» жылқысы деп-те аталады. Бұл таза қанды ағылшынның мініс жылқысы әлемдегі ең ұшқыр әрі жүйрік «жылқы тұқымы» болып саналады. Себебі, оның негізгі шығарылудағы алғашқы мақсаты - ат спортының жазықтағы атшабысына арналған болатын.

Міністік таза қанды ағылшын жылқысының тұлғасы ірілеу болып келеді, дене құрлысы дұрыс қалыптасқан, өзі қызу қанды әрі қызба мінезді. Басы орташа әрі жалаң, көздері жанарлы әрі үлкен, құлақтары өте қозғалғыш, мойны орташа әрі түзу, шоқтығы биік, арқасы қысқа және бір тегіс, белі кең, сауры етті, кеудесі еңкеу. Бірақ қабырғасының икемділігі жеткіліксіздеу болып келеді, сондықтан көп уақытта кейбіреулерінің кеудесі тарлау болып келеді. Жаурыны ұзын, бірақ тұлғасы қиғаш қойылған. Аяқтары мықты әрі жіңішке, сiңiрлерi берiк және жақсы байқалып тұрады, ал шашасында мiн жоқ. Аяқ құрлысында - бүкіш тізе, тік бақай, грифельше сүйектің басы өсіп кетуі сияқты кемшіліктері сиректеу болса-да кездесіп отырады.

Міністік таза қанды жылқысы жақсы күтімге және азықтандыруда өте талғампаз. Күтіп-бағуды ерекше көп тілейтін жылқы тұқымы болып саналады. Ол ауа-райы климатындағы суықты да ыстықты да көтере алмайды. Жақсы әрі сапалы пішенмен және құндылығы жоғары жеммен қорада азықтандырылуды және жақсы күтіп-бағуды қажет етеді.

Міністік таза қанды жылқысы шабыс жылқысы ретінде жоғары бағаланады. Ал қарқындылық қабілеттері ипподромда, яғни жазықтағы шабыс нәтижесінде ғана сыналып анықталады. Олардың негізгі түр-түстері жирен болып келеді. Таза қанды мініс жылқысы – қарқындылық сапасы жоғары жаңа тұқым шығаруға және алуға ыңғайлы тұқым. Бұл тұқымнан алынған бірінші ұрпақ буданы, әдетте, жартылай қанды жылқылар деп аталады. Буданы асырау және күтім жағдайына ағылшын жылқысына қарағанда оншама көп күтім талғамайды, қарқындылық қабілеті де жақсы болады. Өзі жүйрік әрі ұшқыр және төзімді болып келеді. Міністік таза қанды ағылшын жылқысын тұқым асылдандыру қажетіне шебер және ұтымды пайдалану нәтижесінде жылқының келесі тұқымдары шығарылған. Олар - буденный, костанай және жаңақырғыз жылқылары.

Қазіргі уақытта ағылшынның таза қанды мініс жылқысы ат спортының кәсібилік түріне яғни жазықтағы шабысына және классикалық түрлеріне және цирк ойындарына кеңінен пайдаланылады. Олардан алынған будандары да ат спортының басқа да түрлеріне пайдаланыла береді. Қазақстанда өсірілетін асыл тұқымды таза қанды ағылшынның мініс тұқымындағы жылқысының мал басының құрамының мәліметтері 1 кестеде берілген.

1 кесте. Қазақстанда өсірілетін ағылшын тұқымындағы жылқысының құрамы

Жылқы топтары	Барлығы	
	басы	%
Тұқымдық-айғырлар	21	11,5
Биелер	163	88,5
Барлығы	184	100,0

Қазіргі кездегі Қазақстанда өсірілетін асыл тұқымды таза қанды ағылшынның мініс тұқымындағы жылқыларының барлығы - 184 бас, оның ішіндегі айғырлары – 21 бас немесе 11,5%, биелері – 163 бас немесе 88,5%. Бұл мәліметтер Қазақстанда өсірілетін асыл тұқымды таза қанды мініс жылқысының қатаң есепке алынатына байланысты жүргізілген.

Қазақстанда өсірілетін таза қанды ағылшынның мініс тұқымындағы жылқылардың жылқы зауыттары мен басқа да шаруашылықтар мен жекелеген жекеменшік ат иелері бойынша бөлгендегі мал басының құрамдары 2 кестеде берілген.

2 кесте. Қазақстанда өсірілетін таза қанды ағылшынның мініс жылқыларының мал басының құрамы

Жылқы топтары	«Ажар» жылқы зауыты	«Азем» жылқы зауыты	«Бейбарс» жылқы зауыты	«Гладиолус» жылқы зауыты	«Байсерке-Агро» жылқы зауыты	Шаруашылықтар мен жекеменшіктер
Айғырлар	3	2	2	4	3	7
Биелер	17	16	15	30	30	55
Тайлары (бір жаста)	15	15	6	21	25	43
Құнандары (екі жаста)	13	7	5	9	17	39
Дөнендері (үш жаста)	11	7	11	5	9	51
Төрт жас және одан жоғары	14	8	8	7	6	67
Барлығы	73	55	47	76	90	262

Сонымен кестеде берілген мәліметтерде, Қазақстанда өсірілетін таза қанды ағылшынның мініс тұқымындағы жылқылардың құрамының барлығы – 603 бас, оның ішіндегі 341 басы жылқы зауыттарында, ал қалған 262 басы басқа да шаруашылықтар мен жекелеген жекеменшік ат иелерінде өсіріледі.

«Ажар» жылқы зауытында өсірілетін асыл тұқымды ағылшынның таза қанды мініс жылқысының барлығы - 73 бас, оның ішіндегі өндіруші тұқымдық-айғыры – 3 бас немесе 4,1%, биелері – 17 бас немесе 23,3%. Сонымен бірге ересек яғни төрт жас және одан жоғары жастағы жылқылар – 14 бас немесе 19,2%, оның ішіндегі: еркегі (айғыры) – 10 бас, ұрғашысы (биесі) – 4 бас, дөнендері – 11 бас немесе 15,0%, оның ішіндегі: еркегі (дөнені) – 5 бас, ұрғашысы (байталы) – 6 бас, құнандары – 13 бас немесе 17,8%, оның ішіндегі: еркегі (құнаны) – 6 бас, ұрғашысы (байталшасы) – 7 бас, тайлары – 15 бас немесе 20,6%, оның ішіндегі: еркегі (тайы) – 7 бас, ұрғашысы (тайыншасы) – 8 бас.

«Азем» жылқы зауытында өсірілетін асыл тұқымды ағылшынның таза қанды мініс жылқысының барлығы - 55 бас, оның ішіндегі өндіруші тұқымдық-айғыры – 2 бас немесе 1,9%, биелері – 16 бас немесе 29,0%. Ересек жылқылар яғни төрт және одан жоғары жастағылары – 8 бас немесе 14,5%, оның ішіндегі: еркегі (айғыры) – 5 бас, ұрғашысы (биесі) – 3 бас, дөнендері – 7 бас немесе 12,7%, оның ішіндегі: еркегі (дөнені) – 3 бас, ұрғашысы (байталы) – 4 бас, құнандары – 7 бас немесе 12,7%, оның ішіндегі: еркегі (құнаны) – 4 бас, ұрғашысы (байталшасы) – 3 бас, тайлары – 15 бас немесе 27,3%, оның ішіндегі: еркегі (тайы) – 7 бас, ұрғашысы (тайыншасы) – 8 бас.

«Бейбарс» жылқы зауытында өсірілетін асыл тұқымды таза қанды ағылшынның мініс жылқысының барлығы - 47 бас оның ішіндегі өндіруші тұқымдық-айғыры – 2 бас, немесе 4,3%, биелері – 15 бас немесе 31,9%. Сонымен бірге тайлары – 6 бас немесе 12,8%, құнандары - 5 бас немесе 10,7%, дөнендері - 11 бас немесе 2,3%, төрт және одан жоғары жастағы ересек жылқылары - 8 бас немесе 17,8%.

